

**ҚОСАЙ АЛТЫНБЕКОВ**

**Орхон жазбалары мен фольклордың  
арақатынасы**

**Монография**

**Шымкент  
2024**

ОӘЖ 380(075.8): 80  
ББК 83.3(0)3 я7  
А 46

Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институтының  
ғылыми кеңесінің шешімімен (іс қағазы № 1, 28.09.2015 жыл) баспаға  
ұсынылған

**Пікір жазғандар:**

**Ш.Ыбыраев** – ф.ғ.д, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық  
университетінің профессоры

**С.Бахадырова** – филология ғылымдарының докторы,  
Халықаралық гуманитарлық-техникалық университетінің профессоры

**Алтынбеков Қ.С.**

**ОРХОН ЖАЗБАЛАРЫ МЕН ФОЛЬКЛОРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ.**  
Монография. – Шымкент: «Әлем» баспасы, 2015. – 149 бет.

ISBN 9665-19-645-1

Орхон жазбалары мен фольклордың сабақтастығын, олардың арақатынасын айқындауға арналған бұл зерттеу еңбекте ежелгі жазба әдеби мұралардың, Орхон жазба ескерткіштерінің фольклорлық жанрлармен өзара байланысы фольклорлық тұрғыдан зерттелуі қарастырылған.

Монография жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына, филолог мамандарға, сонымен қатар халқымыздың ежелгі рухани мұрасын құрмет тұтатын, білгісі келетін оқырман қауымға арналған.

ОӘЖ 380(075.8): 80  
ББК 83.3(0)3 я7

ISBN 9665-19-645-1

© Алтынбеков Қ.С., 2024

© Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық институты

© «Әлем» баспасы, 2024

## КІРІСПЕ

Халқымыз адам өмірін, оның өткіншілігін сан ғасырлық адамзат тіршілігінің қас қағымдай ғана сәті екенін «қамшының сабындай» деп бейнелеп, адамның өлшеулі өмірін мәнді өткізуіне жетелейтін ойларының негізін фольклор мен сөз өнерінде молынан қалдырған.

Адамды ардақтап, елінің, халқының жарқын болашағы үшін ғұмырын сарп етіп, сол мақсатта жанын құрбан еткен ерлерді қадірлеу, адамгершілік асыл қасиеттерін құрметтеп, кейінгі ұрпақтарға үлгі ету – ежелгі замандардан келе жатқан халқымыздың алтын дінгекті дәстүрлерінің бірі. Бұл дәстүр халқымыздың фольклоры мен сөз өнерінде кең орын алған.

Осы дәстүрдің түркі халықтарының арғы ата-бабалары сақ, ғұн дәуірлерінен келе жатқандығына дәлел болатын сантүрлі деректерді келтіруге болады. Тарихтың дауылды кезеңдері мен уақыттың, заманның, табиғаттың тоздырғыш күштерінің сындарынан өтіп, ұрпақтан-ұрпаққа жетіп, асыл ойды сабақтастырып отырған да – фольклор мен сөз өнері. Халқымыздың «Өнер алды – қызыл тіл», «Бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ» деуі де сөздің сол құдіреті мен қасиетін құрметтеуден шыққаны анық.

Еліміздің егемендік алуы көне тарихымызға көз салып, сан ғасырлар бойы зерттелуін күтіп жатқан мәдени мұраларымызды танып-білуімізге мүмкіндік туғызып отыр.

Терең тамырлы тарихы бар фольклорымыз бен әдебиетіміздің ежелгі дәуірлердегі үлгілерін танып-білуіміздің басталғанына да біршама уақыт болды. Әйтсе де бұрын көркем сөз үлгісі, ауыз әдебиеті ретінде қарастырылып келген фольклордың теориясына, тарихына қатысты мәселелер соңғы кездері жаңаша көзқарас тұрғысынан зерттеле бастады. Фольклордың тарихи даму жолдары кезең-кезеңдерімен тұңғыш рет тарихи тұрғыдан қарастырылып, қарапайымдылықтан көркем сөз өнеріне – көркем фольклорға жеткенге дейінгі мәселелерді көрсетуге арналған монографиялық еңбекте [1] бұрын «халық әдебиеті», «фольклор» деп қатар қолданылып келген ұғымдарының да аражігі ашылып көрсетілді.

Академик С.Қасқабасов фольклорды тек сөз өнері тұрғысында қарастыру оның ұғымын тарылтатындығын айтады. Ғалым «Ежелгі замандарда пайда болған ырымдар мен ғұрыптар, діни ұғымдар мен мифтер – бір жағынан, фольклор, өйткені олар сол тұстағы адамдардың ауызша шығарып айтқан әңгімелері және іс жүзінде атқарған ырым кәделері» екендігін айта келіп, фольклор мен әдебиеттегі дәстүрдің басты ерекшеліктерін баса айтып көрсетеді [1, 25-б].

Халықтың өткен тарихын, тілін, салт-санасын, дүниетанымын, дінін, философиялық ойлары мен ұлттық болмысын, әдет-ғұрып, дәстүрі, тұрмыс-тіршілігі, қоғамдық-әлеуметтік қатынастарын танып-білуде фольклордың маңызы ұланғайыр екендігі белгілі. Сондықтан да халқымыздың түрі, жанры жағынан да бай фольклоры әр түрлі ғылым салаларының зерттеулеріне нысан болып, зерттеушілер назарын аударып келеді.

Әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдардың көркем әдеби туындылардың сыры мен сипатын айқындауда фольклорға назар аударып отыруында заңдылық бар. Олай болатыны, фольклор – көркем сөздің бастауы, қайнар көзі. Халықтың ауызша сөз өнері, ауызша әдебиеті фольклордан бастау алады десек, жазба көркем әдебиет сол ауызша жасалған көркем сөз өнерінің жемісі, жазу мәдениетінің пайда болуынан туған көркем сөз өнерінің жаңа қырынан көрінуі.

Көркем әдебиеттегі көркемдік дәстүр фольклордан бастау алатындығы белгілі. Қазақ әдебиеттану ғылымында әдебиеттің фольклормен өзара байланысы, олардың бір-біріне әсері, жекелеген шығармалар мен сөз шеберлері шығармашылығына әсері жөнінде жазылған еңбектер баршылық.

Ежелгі дәуірлердегі әдебиет үлгілеріндегі фольклордың көріністерін, олардың ерекшеліктерін айқындау әдебиетіміздің туу, қалыптасу, даму кезеңдеріндегі өзіндік ерекшеліктерін, әдеби процесті, халқымыздың көркемдік танымындағы дәстүрлі сабақтастықтарды тануда да мән-маңызы аз болмаса керек.

Түркі тектес халықтардың – сақ, ғұн, түркі халықтарының ежелгі дәуірлерде дүниеге келген рухани мұраларын тауып, зерттеп, оларды танып-білу, олардың кейінгі дәуірлердегі рухани процестерге тигізген әсерін, алатын орнын, мән-мазмұнын айқындау халқымыздың әлемдік өркениеттегі орнын да белгілемек.

Еліміздің тәуелсіздігін алуы, халқымыздың өзінің өткенін, тарихын, мәдениеті мен әдебиетінің бастауларын тануға бетбұрыстар жасауы, жаңа көзқарастар мен ғылымдағы жетістіктер әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарының да алдына жаңа міндеттер қояды. Солардың бір саласы – түркітану мәселесі.

Түркі тілдес халықтардың ертедегі жазба мұрасы Түркі қағанаты дәуіріне тән Орхон жазбалары деп аталып кеткен жазулардың құпиясы ашылып, мазмұны анықтала бастағанына да жүз жылдан аса уақыт өтіпті. Бұл жазбалар жөнінде осы кезге дейін көптеген зерттеулер жазылды десек те, аталған ескерткіштердің әлі де зерттеуді, айқындауды қажет ететін қырлары аз емес. Оны Орхон жазбаларының сипаты, жанры жөнінде жазылып келген әр түрлі

ойлар мен еңбектерден де аңғаруымызға болады. Ежелгі түркі ескерткіштерінің тарихи мәні, тілі, әдеби сипаты, көркемдік өрнегі туралы зерттеу еңбектер жазылып, пікірлер айтылып келсе де, Орхон жазуларының фольклормен арақатынасы, фольклорлық дәстүрмен байланысы, дәстүр сабақтастығының көріністері арнайы зерттеу нысаны бола қоймады.

Халықтың рухани мәдениетін, оның әр дәуірдегі деңгейін айқындауда әдебиет пен фольклордың алатын өзіндік үлкен орны бар екендігі белгілі. Қай кезде жазылса да көркем әдебиет өзі жазылған дәуірдің тарихы мен мәдениетін, тыныс-тіршілігін танытуда, оны бейнелеуде өзінен бұрынғы әдеби дәстүрге, фольклорға арқа сүйеп отырған.

Орхон жазба ескерткіштерінің фольклормен арақатынасын айқындау Түркі қағанаты дәуіріндегі сөз шеберлерінің фольклорлық, әдеби дәстүрлерді игеруін, олардың таным-түсініктерін, рухани сабақтастық жалғастығының деңгейін танып-білуімізге оң ықпалын тигізеді.

Қазақ көркем әдебиетінің тууы, пайда болуы соңғы бір-екі ғасырдың немесе қазақтың жеке өз алдына халық, ұлт болып қалыптасуы кезеңінен ғана басталмайтыны халқымыздың оқыған, зиялы азаматтарына белгілі болса да, халқымыздың тарихи санасын, ұлттық қадір-қасиеті мен салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын түпкілікті жоюға бағытталған отаршылдық саясаттағы іс-әрекеттер әдебиетіміздің тарихын оның бастау көздерімен байланыстыра зерттеп, шынайы, тиянақты танып-білуімізге кері әсерін тигізіп келгені қазіргі кезде айқындала түсті.

Орхон жазба ескерткіштерін танып білуде ХІХ ғасырдың соңындағы В.Т.Томсеннің, В.В.Радловтың ол құпия жазулардың сырын ашуы мен аудармалары, әдеби сипаты жөніндегі пікірлері маңызды еңбектер болғаны тарихтан мәлім.

Еуразияның сайын да ұланғайыр кеңістігінен көптеген көне түркі жазба ескерткіштерінің табылуы түркітанушылардың алдына, олардың сыр-сипатын, мазмұнын, жанрлық ерекшеліктерін, түрлерін анықтаумен қатар, олардың фольклорлық қырларын айқындау міндеттерін қойып отыр.

Орхон ескерткіштерінің өзіндік ерекшелігі, жанры, ондағы фольклорға тән белгілердің көріністері жөнінде айтылған, жазылған ой-пікірлер ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысындағы баспасөз беттері мен мұрағат деректерінде кездеседі. Кезінде Ф.Корш, П.А.Фалев, П.М.Мелиоранский, Л.Н.Бернштам сияқты ғалымдар да Орхон жазба ескерткіштерінің әдеби сипатына назар аударып, оларда фольклормен ұқсас ортақ белгілердің бар

екендігін, оларды салыстыра зерттеудің қажеттігі туралы ой-пікірлерін білдірген екен.

Орхон жазбаларының құпия сыры ашылып оқылған кезден ХХ ғасырдың 50-жылдарына дейінгі кезеңдердегі зерттеген ғалымдардың еңбектерінде олар тілдік, тарихи мұра ретінде ғана қарастырылып, әдеби сипатына, жанрлық ерекшелігіне, фольклормен байланысына арнайы мән берілмегендігін көреміз.

Орхон ескерткіштерінің фольклорлық сипатын алғаш аңғарып, ол жөнінде маңызды пікір айтушылар да қазақ ғалымдары болды. Кезінде ғұлама ғалым академиктер Ә.Марғұлан, М.Әуезовтер олардың эпостық жырларымен ұқсастық белгілеріне назар аудартқан. Олардың пікірлері бірқатар келелі, ойланатын мәселелерге қозғау салып қана қоймай, Орхон ескерткіштерінің қадір-қасиетін бағалауда да айрықша маңызды болды.

М.Әуезовтің: «...бұл күнге дейін оларды тіл тарихының ескерткіштері ретінде зерттеп жүр. Соған қоса ол фольклордың мейлінше көне үлгілерінің ескерткіштері емес пе? Сол жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желісі бар ғой» деген [2, 143-б] ерлік жырларына тән белгілерін көрсететін ой-пікірлері кеңес түркітану ғылымында жаңа ізденістерге жетекші ой салды деп айтуымызға болады. Бұл пікірлердің Орхон жазбаларының фольклорлық сипатын айқындауда әлі де маңызы артпаса, мәнін жойған жоқ.

Орхон ескерткіштерін арнайы зерттеу нысаны етіп еңбектенген орыс ғалымы И.В.Стеблева да кезінде «Күлтегін» жазбасының идеясы мен мазмұны, көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасай келіп, ақындық шабытпен жазылған туынды деп бағалап, жанрын айқындауға, оның фольклормен байланысына – жоқтаумен қатысына да назар аударған [3, 86-б].

Көрнекті ұстаз-ғалым Б.Кенжебаевтың жетекшілігімен М.Жолдасбековтің Орхон жазбаларын тақырыптық, жанрлық және көркемдік тұрғыдан саралап, арнайы қарастырып, жан-жақты сөз еткен зерттеу еңбектерінің («Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы», 1969 «Асыл арналар», 1987) бұл ескерткіштердің танылуындағы мәні үлкен болды. Ғалымның әдеби тұрғыдан арнайы зерттеуі, оларды қазақтың батырлық жырларымен жасаған салыстырулары жаңа ғылыми тұжырымдардың жасалуына жол ашты.

Өткен ғасырдың 60-жылдарынан кейінгі кезеңдерде Қ.Жұмалиев [4], Б.Кенжебаев [5], С.Аманжолов [6], Ғ.Мұсабаев [7], Ә.Қоңыратбаев [8, 9], Ғ.Айдаров [10], Х.Сүйіншәлиев [11], Қ.Өмірәлиев [12], М.Жолдасбеков [13], Н.Келімбетов [14, 15],

Т.Тебегенов [16] М.Мырзахметұлы [17], Н.Базылхан [18] сияқты ғалымдар да Орхон ескерткіштерін өздерінің зерттеп отырған ғылыми мәселесі, яғни тілі, әдебиет тарихы тұрғысынан қарастырса да, оның жанрлық ерекшелігі мен фольклор үлгілерімен байланысына соқпай өтпеді.

Бұдан Орхон ескерткіштерінің әдеби мәні мен сипаты, оның жанрлық ерекшелігі белгілі дәрежеде ғалымдардың зерттеу жұмыстарына арқау болғандығын көреміз.

Жоғарыда көрсетілген, әр қилы тұрғыдан жүргізілген зерттеулердегі ғалымдардың Орхон жазбаларының фольклорлық дәстүрге қатысы, жанры жайында айтылған ой-пікірлерінің де еңбегімізде алатын өзіндік орны болды. Осы реттен келгенде, зерттеу еңбегіміздің алғашқы тарауларында зерттеушілердің пікірлері Орхон жазбаларының жанры жөніндегі ой-тұжырымдарымен тығыз байланыста қарастырылады.

Орхон ескерткіштер жайындағы тілші, тарихшы және әр тұрғыдан қарастырған т.б. ғалымдардың ғылыми еңбектері, ой-пікірлерінің мән-маңызы біз үшін ерекше бағалы. Бұл зерттеулер алдағы атқарылар жұмыстарда қандай бағыт-бағдар ұстану керектігіне мол мүмкіндіктер берумен қатар Орхон жазбаларының сан қилы қырларын аша түсті.

Орхон ескерткіштерін қазақ тіліне аударып жариялау ісіндегі М.Жолдасбеков, Ғ.Айдаров, Қ.Өмірәлиев, Қ.Сартқожаұлы, ақын Қадыр Мырза Әли еңбектерінің маңызы ерекше болғандығы анық.

1970 жылдары орыс фольклортану ғылымында Н.Кравцов, Б.Путилов, В.Гацак еңбектерінде фольклорлық зерттеу әдістерін жетілдіру, кешенді түрде зерттеу, фольклордың тарихи поэтика жүйесі, әдебиет тарихын зерттеуде оның фольклормен байланыстарын, фольклорлық дәстүрге қатысын ескеру қажеттілігі мәселелері жөніндегі ой-пікірлері зерттеушілердің ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің фольклормен байланысына көңіл аударуына да белгілі дәрежеде әсерін тигізді.

Фольклортанушы ғалым Ә.Қоңыратбаев та ежелгі жазба әдебиет нұсқалары мен фольклорлық үлгілердің өзара байланысын айта келіп, оның фольклормен «өзара қарым-қатынасы қандай? Онда басқа дәуір суреттері бар ма?» деген мәселелерге назар аударудың маңызды екендігін сөз еткен. Ғалымның «Жазба әдебиетінің бастапқы үлгілері жанр синкретизмінде көрінеді. Ол кезде фольклор, эпос, аңыз, қисса, тарих жіктеліп, бөлінбеген» [8, 86-б] деген пікірінің Орхон ескерткіштеріне де қатыстылығы бар деп түсінеміз. Сонымен қатар ғалым Түркі қағанаты дәуірінде қағандардың қасында қобызшылар, жыр айтушылар ұстағанын айта келіп, «Күлтегін» жырын Иолығ тегін

ғана емес, басқа да ақындар жырлаған болуы мүмкін деген пікір білдірген [9, 78-б].

Кейінгі кездері академиктер Р.Бердібай [19, 20, 21], С.Қасқабасов [1], фольклортанушы ғалымдар Ш.Ыбыраев [22], Т.Қоңыратбай [23, 24], Б.Қорғанбеков [25, 26], А.Тұрғанбаев [27] еңбектерінде де Орхон жазбаларының фольклорға қатысы жөнінде бірқатар маңызды ойлар айтылды.

Түркітану мәселелерінде, қазақ эпостарын зерттеу бағытында да қарымды еңбек еткен ғалым Р.Бердібай: «Орхон жазулары қарасөзбен баяндалған, дастандар өлеңмен айтылады ғой» деп күдік келтіру қиын» дей келіп, түрік халықтары әдебиетінде өлеңнің қарасөзге көшуі, шежіренің эпикалық поэзияға айналуы жиі кездесіп отыратын құбылыс екендігіне «Қорқыт ата кітабы» сияқты мұралардан мысалдар келтіре отырып ойын дәйектейді [21, 84-б].

Ғалым осы еңбегінде Күлтегін жырындағы эпосқа тән мифтік түсінік, эпикалық сананың, эпикалық дәріптеудің белгілеріне тоқтала келіп, Орхон жазбаларының жазылуына ежелгі түркілердің алуан жанрлы фольклорлық мұрасының оларды нәрлендірген негіздердің бірі болғанын айтқан болатын.

Соңғы жылдары жарық көрген қазақ әдебиетінің тарихына арналған он томдықтың қазақ фольклорының тарихы қамтылған бірінші томында фольклортанушы көрнекті ғалым С.Қасқабасовтың түркілердің ежелгі дәуірлердегі фольклорының қалыптасуы, фольклорлық жанрлардың ерекшеліктері, олардың даму жолдары жан-жақты, жаңа көзқарас тұрғысынан қарастырылып сөз болды. Онда ғалым ежелгі дәуірлердегі фольклордың жай-күйін айта отырып фольклордың ежелгі әдебиетке, соның ішінде Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиетке қатысына, өзара байланысына, жалғастығына да тоқталған. Ғалым осы еңбекте: «Орхон-Енисей ескерткішіндегі мәтіндер – VII-VIII ғасырларда хатқа (тасқа) түскен фольклорлық шығармалар деуге толық негіз бар», - дей келіп, «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазбаларынан Түркі қағанаты кезіндегі фольклор туралы, сол шақтағы әдеби-көркем жүйе жайында толық мағлұмат алуға болатынын, бұл жазбаларда фольклорлық сипат айқын көрінетінін, «сол замандағы Түркі мемлекетінің тарихы, өмірі, мәдениеті, басқа елдермен қарым-қатынасы, басты-басты саяси, әскери оқиғалары жөнінде кең ақпарат» табуға болатынына тоқталып: «Бұл мәтіндер өзінің мазмұны мен стильдік, көркемдік қасиеттері жағынан ерте заманғы жырдың үлгісі болып есептеледі», - деп тұжырымдайды [1, Б. 319-320].

Сол сияқты Орхон жазбаларының фольклормен байланысы соңғы кездері ғалым Т.Қоңыратбай зерттеулерінде де едәуір орын алып



келеді. Ғалым Түркі қағанаты дәуіріндегі жазба ескерткіштердің фольклорлық сипаты арнайы ғылыми түрде зерттелмегенін, бұрынғы зерттеушілер еңбектерінде осыған орай ішінара ой-пікірлердің кездесетінін, Орхон жазбаларының түркі тайпаларының этникалық үрдісіне негізделген эпикалық туындылар екендігін айта келіп: «Жазбадағы өзге деректер де ешбір күмән тудырмайды. Бірақ мұндай тарихи мәліметтер жазбада баяндау, хикаялау тәсілімен проза үлгісінде берілген» деп жанрлық сипаты жөнінде көзқарасын білдіреді [23, 14-б]. Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштерінде оны поэзияға жақындататын белгілер – жоқтау, арнау, мақал-мәтел сияқты фольклорлық жанрлар үлгілердің кездесетіндігіне, қаһармандық жырларға тән мотивтерге, образдарға, олардың жасалу ерекшелігіне, жазбалардағы ежелгі түркілердің таным-түсініктерінің көріністеріне тоқтала келіп, «VI-VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштері – қазақ фольклорындағы батырлық ертегі, қаһармандық эпос жырларының көне үлгісі» [23, 20-б], - деп ой түйеді.

А.Бомбачи сияқты шетел ғалымдары да Орхон жазбаларының тарихи жылынамадан гөрі эпостық туындыға жақындығы жөнінде жазады. Ғалым Түрік қағанатының шығыс қанатында эпосқа жақын жазбалардың болғанын айта келіп, оларға мысал ретінде «Күлтегін», «Тоныкөк» жазбаларын келтіреді [28, 193-б].

Эпикалық жырлардағы секілді Орхон жазбалары ішінде «Күлтегін» мен «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары эпосқа тән баяндау стилі басымдығымен ерекшеленетіндігі жөнінде кезінде көрнекті қазақ ғалымдары – М.Әуезов «Олардың мазмұнында эпостық баяндау сазы басым» [29, 136-б] десе, Ә.Марғұлан да «эпостық әңгіме стилінде жазылған» [30, 117-б] деген пікірлерін білдірген болатын.

Фольклорлық жанрлар стилі Орхон жазбалары авторларының стиліне негіз болғандығы олардың халық поэзиясының дәстүрлерін игерушілігінен, көркемдік ойлау жүйесінен де байқалады.

Кезінде Л.Н.Бернштам «Күлтегін» ескерткішінің халық ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі жырлармен стилінің ұқсастығына көңіл бөліп: «Тексты Кюль-тегина и Могилян хана представляют собой в части стилистической довольно живой и увлекательной рассказ, носящий, однако, черты некоторого стандарта в отдельных выражениях. ...Это говорит об известной выработке стиля официального повествования, равно как стиля эпитафии» [31, С. 37-38], - деп көрсеткен.

Түркі қағанаты дәуіріндегі жазбалардың фольклормен байланысы жөнінде жазылған ой-пікірлер, еңбектер олардың фольклорлық қырларын толық ашып берді деп айта алмаймыз. Ежелгі түркілер мекен еткен жерлердегі тарихи, мәдени ескерткіштердің бойына

бүккен құпия сырларын тану, көне жазулардың фольклормен байланыс қырларын ашу, мазмұн-мәнін айқындау халқымыздың тарихының терең қойнауларына жетелері анық.

Орхон мұраларының айқындауды қажет ететін бір саласы **қысқа жазбалар** болып саналады.

Орхон ескерткіштерінің фольклормен байланысын зерттеуде, сонымен қатар сол кездері, кейінгі дәуірлердегі көлемді көркем туындылардың жаралуына белгілі дәрежеде әсері болған қысқа жазбалардың жанрлық сипаты туралы айтқан ғалымдардың пікірлері де біз үшін де аса маңызды. Сондықтан да осы мәселеге де тоқталып өткенді артық санамадық.

Монғолиядан табылған майда жазулардың мәтіні, таңбалардың оқылуы, аудармасы, тарихи-мәдени мәні жөнінде Б.Базылхан, Э.Трыарский, С.Г.Кляшторный, М.Шинэху сияқты ғалымдардың және өзінің мақалалары жарық көргенін айта келіп Қ.Сартқожаұлы әлі де ондаған майда жазулардың ғылыми айналымға енгізілмей отырғанын айтады [32, 88-б].

Көне түркі жазуымен жазылған Орхон шағын жазбалары мен Қазақстан, Орта Азия, т.б. ежелгі түркілер мекен еткен өлкелерден табылған, қазіргі кезде табылып жатқан жазбалардың жанрлық, т.б. ерекшеліктерін айқындап, жүйелеу мәселелері де түркітанушылар алдындағы кезегін күткен маңызды жұмыстардың бір саласы болып табылады. Ресей түркітанушыларының бұл бағытта ізденулерінде біршама табыстары бар деп айтуға болады. Мәселен, белгілі ғалым И.Л.Кызласов руникалық жазбалардың мәтінтануы жөнінде өзінің ой-пікірлерін айта келіп, ежелгі түркі жазуының Азияда кең тарағанын, олардың ерекшеліктері, танып-білудің маңызы жөніндегі ойларын жазады [33, С. 4-5].

Д.Д.Васильевтің есебі бойынша Прибайкалье және Лена бассейніндегі руникалық жазулар саны – 17 деп көрсетеді А.Дьяконов. Олардың ішінен ғалым мынадай: «Я благославил», «Я не наслаждался», «азские бусы», «Я умираю», т.б. сол сияқты жазбаларды мысалға келтіреді [34, С.12].

«Рунические письменности Евразийских степей» атты монографиялық еңбегінде И.Л.Кызласов С.Е.Маловтың «Самые трудные надписи для истолкования – это краткие надписи» [35, С. 13] деген пікірін мысалға келтіре отырып, тілшілер мен тарихшылардың – Енисей жазба ескерткіштерін А.М. Щербактың жазылған объектісіне қарай (әртүрлі сынтастарға) жартастар мен т.б. заттарға жазылуына қарай [36, С. 111-134], сондай-ақ Д.Д.Васильевтің жазбаларды мазмұнына қарай топтап бөлуін [37, С. 180-181] көне түркі жазба мұраларын жүйелеудің алғашқы тәжірибелері деп

көрсете келіп, Оңтүстік Енисей, Енисей қысқа мәтіндерінің жанрлық көптүрлілігі, оларды мазмұн ұқсастығына қарай топтастыру, өзіндік ерекшеліктерін аңғару мен жүйелеудің толғағы жеткен мәселе екені, оларды тану мен жүйелеудің жаңадан, кейіннен табылған жазуларды, ескерткіштерді талдауды жеңілдететіндігі туралы ойларын айтады.

Ғалым көне түркі жазуының қоғамдық қатынастарда кең қолданылғаны жөнінде: «...Эта письменность существовала не только ради создания надмогильных текстовых памятников, но и широко применялись в самых разнообразных сферах древней жизни» дей келіп: «Всюду создателям рунических надписи было необходимо соблюсти определенные требования, предъявляемые и их творением конкретными условиями и обстоятельствами, вкусами и нормами. Именно это явилось основой формирования различных стилей и жанров рунической «литературы» явленной наш в эпиграфических памятников» деген тұжырым жасайды [38, С. 203].

И.Л.Кызласов Оңтүстік Енисей, Енисей жазуларын мазмұнына қарай топтастырып 12 салаға бөліп, жүйелейді.

Ғалым қысқа жазбалардың да халықтың сол кездердегі түсінігі мен дүниетанымынан хабар беретіні жөнінде: «Рунические надписи могут быть краткими, но несущими определенную информацию о различных традициях и религиозных представлениях. Среди енисейских надписей, например, есть следующие высказывания тюрк», - дей келіп, әр түрлі нысандарға жазылған Енисей ескерткіштерінен мынандай мысалдар келтіреді: «Стань на восточной стороне межевым камнем витяз-эра! Слезун (этому) (прогитовщику!)» «Боже, снизиди до нас. Нужда и голод... исчезните. Бог мой, снизиди на Земле. Даруйте благодать. Когда уничтожается греховные, я стал богат». «Защищай» (Қаруға жазылған А.Қ.), «Потеряй дорогу. Отвратись. Низменное отделяй, болезни изгоняя» (Таудың жақпар тастарына жазылған), «Ассурій, удались» (Минусинск музейіндегі қола айнаға жазылған) [38, С. 217], [39, С. 181-203].

Орхон жазба ескерткіштерінің әлі де зерттеп, айқындауды қажет ететін мәселелері аз еместігін ғалымдар Н.Базылхан, Қ.Сартқожаұлы берген мынадай деректерден де байқауға болады. Ғалым Қ.Сартқожаұлы: «Бір ғана Тайхар-чулу жартасында 30-ға жуық байырғы түркі жазуы бар. Бұл жартас байырғы түріктердің өмір шежіресі тәрізді. Тәмір өзенінің оң жақ жағасында оқшау тұрған 20 метрге жуық жартастың батыс-оңтүстік, оңтүстік және шығыс жақ етегіне байырғы түріктер қайғы-мұңын, жұбаныш, қуанышын, өмірлік ұстанымын, жорық жолдарын, махаббат-сүйіспеншілігін жазып қалдырған», - дей келіп, олардың әр түрлі жағдайларға байланысты

қайта қалпына келтірілмейтіндей етіп өшіріліп жіберілгенін, бұдан басқа 100-ден астам киелі орын табылғандығын, «1975-1990 жж. аралығында «Күлтегін, Білге қаған, Тұй-ұқұқ, Күүлі-чор, Теркін, Тэс, МШУ сияқты үлкен ұстындардың жазуымен қатар, 31 жердегі 65 жазудың байырғы түркі мәтіндері көшіріліп, олар тексеріліп, бұрынғы қателері» түзетілгенін айтады [32, 235-б].

Қазірге кезде ежелгі түркілер мекен еткен жерлерден табылып, белгілі болып жатқан сандаған тарихи ескерткіштер мен көне түркі, т.б. алфавиттермен жазылған майда жазба ескерткіштер, таңбалар ғылыми айналымға енгізуді қажет етеді. Соның ішінде Түркі қағанаты дәуіріндегі жазбалар да ежелгі түркілердің сол кездердегі түсінігі мен дүниетанымынан көптеген мағлұматтар берері анық.

Әдебиеттану ғылымында Орхон ескерткіштерінің фольклормен байланысын айқындау мәселесі – маңызды да қажетті іс екендігі аз айтылып жүрген жоқ. Фольклор нәрімен сусындап, фольклор дәстүрінен тағлым алып, жазылған Орхон жазбалары авторларының көзқарастары өмірдің өзінен өрбіген, уақыт талабынан туындаған жайттар еді.

Ойымызды жинақтай айтқанда, ежелгі түркі жазуларын, соның ішінде Түрік қағанаты дәуіріндегі жазбаларды да, әлі де іздестіріп жинау, мәлім болғандарының мазмұнын айқындау, сыр-сипатын тану, жанрлық ерекшеліктеріне қарай жүйелей қарастыру, фольклорлық сипатын айқындау сияқты түркітанушылар тарапынан әлі де зерттелетін мәселелердің аз еместігін көрсетеді.

Бұл зерттеу еңбекте қарастырылған Орхон жазба мұраларының фольклормен байланысы, фольклорлық дәстүр жалғастығы бұрын арнайы кешенді түрде зерттеу нысаны ретінде қарастырылмаған болатын. Жұмыстың нәтижелерін орта мектеп пен жоғары оқу орындарында қазақ фольклорының тарихы, әдебиет тарихы бойынша дәрістерде, ежелгі дәуір әдебиетіне арналған арнайы курстарда, семинар сабақтарда пайдалануға болады. Сонымен қатар ғылыми ізденушілер мен ежелгі түркі әдеби мұраларына қызығушылығы бар оқырмандардың да қажетіне жарайды деп ойлаймыз

# I ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІ, ОЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР КӨРІНІСІ

## 1.1 Орхон жазбаларының қысқаша сипаттамасы мен мазмұны

2400 жылдан астам тарихы бар жазба мәдениетіміздің ежелгі дәуірлердегі үлгілерін танып-білуіміздің басталғанына 300 жылдай уақыт болса да, оларды елімізде тиянақты зерттеуге бет бұру мен оқу орындарында оқытыла бастауына жарты ғасырдың шамасы ғана болған екен. Бұл бір жағынан алып қарағанда аз уақыт та емес, әрине.

Түркі халықтарына ортақ ежелгі дәуірлердегі тарихи, рухани мұраларды танып-білу, зерттеу мақсатындағы іргелі жұмыстардың жүргізілуі еліміздің тәуелсіздік алуымен тікелей байланысты. Соңғы жылдары ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының қазақ әдебиетінің тарихына арналған он томдық зерттеу мен ежелгі дәуірлерден бастап қазіргі дәуіріміздегі әдебиетке дейінгі көркем әдебиет үлгілерін қамтитын жиырма томдық «Әдеби жәдігерліктер» деген атпен жарық көріп жатқан еңбектер де әдебиет тарихы жөніндегі танымымызды кеңейте түсетін сүбелі дүниелер.

Түркі қағанаты дәуірінде туған әдеби жазба ескерткіштер қазіргі кезде бізге белгілі болғандарынан әлдеқайда көп болуы әбден мүмкін. Ол дәуір жазбаларының тастан басқа да материалдарға жазылған үлгілері болғандығын көрсететін тарихи деректерді ғалымдар М.Мырзахмет [40, 196-б], С.Қаржаубай [32, 46-б] көрсетіп жазып жүр.

Орхон ескерткіштерінің тілін тереңірек танып білуде белгілі ғалым, тіл маманы Ғ.Айдаровтың арнайы зерттеу еңбектерінің маңызы аз болмады [10, 41]. Орхон жазба ескерткіштерінің қазіргі қазақ тіліне М.Жолдасбеков [13], Қ.Өмірәлиев [12], Ғ.Айдаров [10] сияқты ғалымдардың аудармалары мен көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлидің жасаған поэзиялық аудармасы, М.Жолдасбековтің «Көне түркі әдеби ескерткіштері және олардың қазақ әдебиетіне қатысы» (1969) деген тақырыпта жазған ғылыми еңбегі, т.б, зерттеу еңбектер бұл әдеби мұраларды қазақ оқырмандарының жақынырақ біліп, тереңдей тануына, рухани толысуына, жаңа ғылыми ой-пікірлердің туындап, тереңірек зерттеу нысанына айналуына негіз болып келеді.

Ғалымдар Мырзатай Жолдасбеков пен Қаржаубай Сартқожаұлы 2005 жылы «Күлтегін» баспасынан «Орхон ескерткішінің толық Атласын» жарыққа шығарды [42]. Орхон жазбаларының бұрын толық

танылмағандарының да басын қосып, бұл жаңа Атласты жасау ғылыми қажеттіліктен туындаған болатын.

Бұл Атласқа соңғы бір ғасырдан астам уақыт ішінде табылған көптеген жаңа ескерткіштер енгізіліп, сонымен қатар бұрынғы мәтіндер де жаңадан көшіріліп, транскрипциясы, жаңа аудармасымен, түсініктемесімен қоса ұсынылған. Қ.Сартқожаұлы аудармасын қазақ ғалымдарының бұрынырақта жасаған аудармаларымен салыстырғанымызда ғалымның жекелеген сөздер мен сөз тіркестеріндегі кейбір айырмашылықтарды және зерттеу негізіндегі толықтырулар мен нақтылаулар жасағандығын байқадық. Жалпы алғанда, аталған аудармаларда жырдың мазмұнын беруде бір-бірінен соншалықты үлкен айырма жоқ екенін байқауға болады.

Жалпы атпен Орхон ескерткіштері деп аталып жүрген жазбаларды зерттеушілер Түркі қағанатының екі дәуіріне төмендегіше бөліп қарастырады. Енді осыларға қысқаша тоқталып өтейік.

### **Алғашқы Түркі қағанаты заманындағы жазба ескерткіштер (б.з. 545 - 630 жж.)**

1. Күйіс-толғой кешеніндегі жазбалар.
2. Бұғыты кешеніндегі жазбалар

**Күйіс-толғой кешені.** Бұл кешен Монғолияның Бұлғын аймағының Күйіс-Толғой деген жерінде орналасқан. Ғалым Қ.Сартқожаұлының көрсетуінше 1975 жылы табылып, 1984 жылы сипаттамасы жасалынғанға дейін ол жөнінде арнайы ғылыми еңбектер жарияланбаған. Тас ұстындағы жазбаға ғалым: “жазу брахмидің кхашора жазуымен жазылған, сақталуы өте жақсы. Екінші ұстынның жазуы бұзылған.

Кешеннің жалпы сипаттамасы, ондағы шарбақтас, тасүйме (оба), сыртқы қоршау сияқты ерекшеліктер оны алғашқы Түркі қағанаты заманына (Б.з. 552-630) апаратын», - деп сипаттама береді [32, Б. 92-93].

**Бұғыты кешені.** Бұғыты кешені Қ.Сартқожаұлының көрсетуінше Орталық Монғолияның Аранхай аймағының Икі-тәмір (монғолша Их-Тамир) өлкесіндегі «Бұғыты» деп аталатын ескі қыстақтың жазығында орналасқан.

Алғаш рет монғол археолог ғалымы Ц.Доржсүрэн 1956 жылы тауып жариялаған. Сол сияқты монғол археологы Н.Сэр-оджав, Б.Ренчин бұл ескерткіш туралы алғаш рет зерттеу мақалаларында сөз еткен. Ұстынның үш бетіне соғды графикасымен байырғы соғды тіліндегі мәтін қашалып жазылған. Ал келесі төртінші бетіне кхашора әріпімен жазылған мәтіннің жартысынан астамы жойылған. 1970 жылы соғдытанушы В.А.Лившиц бұл ескерткішпен толық танысып,

ұстындағы соғды жазуымен жазылған мәтіннің эстампажын алып, жазуын көшіріп, ғылыми түсініктемесін берген.

Осы ғалымның көрсеткеніндей бұл кешен де Алғашқы Түркі қағанаты заманына жатады. Ұстынның төрт бетіндегі мәтіндер де бүлінген. Ұстынның бас жағына қасқырды еміп тұрған баланың бедері (барельеф) салынған. «Ол Күлтегін, Білге қаған, Қарабалғасун (Ордубалық) ұстындарының бас жағына сақтардың (скифтердің) хайуанат стилінің үлгісімен қашалған. Бұл ескерткіште де бөрі бейнесі тас бетіне түсірілгенде, басын – қасқырдың басына, денесін – айдаһарға, аяғын – жолбарысқа, иектің астындағы жүнін – арыстанға ұқсатып мифтік түрде бейнеленген». Ғалымның деректеріне қарағанда «Байырғы түркі заманында бөрінің мүсіні гранит тастан тұтас ойып жасалған. Орталық Моңғолияның Шивэт-улан ескерткішіне қойылған. Бөрі көне түріктердің киетегі (тотемі)» [32, 98-б].

«...байырғы түркілердің бала кезіндегі есімінен бөлек лауазымына қатысты атақ-шен де беріліп отырған. ...байырғы түркілер билеуші бір ғана киетегі болған бөріні ардақ тұтып, Қағанның оққағарынан бастап, Кіші ханға дейін бөрі атап, мәңгілік елдің аруақтарының рухын сақтап тұратын киелі орынға қойылар ескерткіштің (мәңгітас) басына бөрі бейнесін ойып қалдырып, оны бүкіл бүтін қағанаттың (империяның) киетегіне айналдырған... Өкініштісі, бұл жазуды оқып, ғылыми айналымға түсіруге мүмкіндік болмады. Оны әлем ғалымдарының үлесіне қалдырамыз», - дей келіп С.Қаржаубай 32 жолдан тұратын мәтіннің Санкт-Петербург ғалымы В.А.Лившиц көшіріп үлгерген 29 жолының фрагменттерінің оқуын, түсініктерін зерттеу еңбегінде береді [32, 100-б].

Қ.Сартқожаұлы: «Бұғыты мәтінде де Алғашқы түркі қағанаты заманындағы түркілердің ұстанған Тәңірлік діні туралы, оны қолдану ерекшелігі, тәңір мен қағанның байланысы, т.с.с. деректер қамтылған», – деп көрсете келіп, С.Г.Кляшторный, В.А.Лившицтердің «Соғды жазуы Алғашқы Түркі қағанатының ресми алфавиті болған» деген пікіріне қосылмайтындығын, сол дәуірде түркілердің соғды жазуымен қатар қытай иероглифімен де, брахми жазуымен де ескерткіштер қалдырғанын, V-VII ғасырлар аралығында осы жазулармен Орталық және Оңтүстік Азияда ресми қатынастар жасап, ел мен ел тұлғаларының тарихын жазып қалдырғанын айтады.

Бұғыты ескерткіші Алғашқы Түркі қағанатының, 551-582 жылдар аралығында түркі тарихы мен олардың ел тұлғалары, қоғамдық иерархиясы мен дүниетанымына байланысты деректер қалдыруымен құнды, түркітану ғылымы үшін де маңызды мұра болып саналады.

## Екінші түркі қағанаты дәуіріндегі жазба ескерткіштер (б.з. 682-744 жж.)

1. Онгин кешені жазбалары.
2. Күлтегін кешеніндегі жазбалар.
3. Білге қаған кешені жазбалары.
4. Туй-ұқұқ (Тоныкөк) кешені жазбасы.
5. Күүлi – Чор (Құла Шор) кешені жазбасы.

**Онгин кешені.** Тарихи деректердің көрсетуінше тұрған орны – Монғолияның Өвөрхангай аймағы, Уянга сұмыны орталығының шығыс оңтүстік жағында 17 км қашықтықта, Маньт-бүрд тауының солтүстік етегінде орналасқан. Аймақ орталығы Арвайхээр қаласынан 30 км. Уянга сұмынының жанынан шығысқа бет алып Таримал өзені ағады. Осы Таримал өзеніне Маньт-бүрд тауынан бас алған кішкентай Маньт бұлағы келіп құяды. Маньт бұлағы мен кешеннің арасы 300 м. Онгин кешені мен Таримал өзенінің арасы 5 км. Таримал өзені атақты Онгин дариясына құяды. Зерттеушілер бұл кешенді осы өзеннің атымен «Онгин ескерткіші» деп атаған [32, 126-б].

Бұл ескерткішті алғаш рет 1891 жылы тауып эстампажын алған Н.М.Ядринцев. В.В.Радлов кешендегі жазбаларды 1895, 1896 жылдары аударып жариялаған. Одан кейін Х.Оркун, С.Е.Маловтар аударған. Қазақ тіліндегі аудармаларын Ғ.Айдаров, Қ.Сартқожаұлы жасаған.

Кезінде В.В.Радлов, С.Е.Маловтар бұл кешенді Елтеріс қағанға арналып жасалған деп, ал А.Н.Бернштам Қапаған қағандікі деп, Т.Клосон Алп Элетміштікі деген пікірлер айтқан екен. Ал ғалым С.Қаржаубай олардың пікірлеріне қосылмайтындығын білдіре келіп, кешен иесі – 716 жылы қайтыс болған Баға Теңіркен шад. Кешенді орнатып, жазба мәтіндерді ұстынға түсірген оның ұлы деген пікір ұсынады.

Ескерткіш мәтініне келер болсақ, онда Бумын қағаннан бергі кезеңдердегі түркілердің тарихындағы елеулі тарихи оқиғалар, яғни Ұлы бабалары Бумынның қағандық құрғаны, одан кейінгі кездегі елдің ыдырауы, Елтеріс, Қапаған қағандардың тұсында қайтадан іргелі елге айналғаны, олар қайтыс болғаннан кейінгі ел ішінде орын алған бүліншілік, ел бірлігі үшін Білге қағанға қызмет еткені, соның арқасында атақ даңққа ие болғаны, әкесі қайтыс болғаннан кейін кешенді орнатқаны айтылады.

Мәтіннің жазылу стилінде, тарихи оқиғалардың баяндалуында, жорықтар мен ерлік іс-әрекеттерді сипатталуында, айтушының (автордың) оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруінде Күлтегін, Тоныкөк ескерткіштерімен ұқсас ортақ көріністер баршылық.



**Күлтегін кешеніндегі жазбалар.** Бұл жазбаның Орхон ескерткіштерінің ішінде зерттеушілер назарын көбірек аударып зерттеу нысаны болғаны белгілі. Жазбаларды зерттеушілер ХХ ғасырдың соңына дейін сол алғашқы зерттеуші ғалымдар – В.Томсен, В.В.Радловтардың эстампаждарының, оқуының, транскрипциясының, аудармасының (1894) негізінде зерттеу, талдаулар жүргізіп келді. 1931 жылы Х.Н.Оркун түрік тіліне, 1951 жылы С.Е.Малов орыс тіліне, Т.Текин 1969 жылы ағылшын тіліне аударған. И.Стеблева 1965 жылы поэтикалық аудармасын жасап жариялады.

XIX ғасырдың соңында Күлтегін ұстынындағы қытай мәтіні де танылып, оқылып, аудармасы жасалынды.

Күлтегін жазбасын Ғ.Айдаров, Ғ.Мұсабаев, М.Жолдасбеков, Қ.Мырзалиев (поэтикалық), Қ.Өмірәлиев, Қ.Сартқожаұлы сияқты ғалымдар қазақ тіліне аударып жариялады.

Бұл жазба ескерткіштердің қайта оқылып танылуында өзіндік орны бар ғалым Қ.Сартқожаұлы Күлтегін ескерткішінің мәтіні жөнінде: «Бұл ескерткіштің бір ғана ұстынына қашап түсірілген мәтінді ең алғаш зерттеген ғалым В.В.Радлов шартты түрде «кіші жазу», «үлкен жазу» деген тақырып қойып, бір ұстындағы жалғыз мәтінді екі бөліп, екі мәтін етіп жіберген. Ал, белгілі ғалым В.Томсен бұндай тақырып қоймаған. Біз осы қателікті түзету үшін «кіші, үлкен» деген атаудан бас тарттық» дей келіп, мәтіннің оқылуының басын ескерткіштің батыс бетінен бастап В.Томсеннің жіктеуімен береді. Ол өзінің бұлай жасау себебін тарихи танымдарға негіздей түсіндіреді. Сонымен қатар ғалым ескерткіштің шығыс беті мен сол жақ қырындағы жазуларды да аударып ұсынды. Қ.Сартқожаұлы аудармасын бұрынырақта жасаған аудармаларымен салыстырғанда ғалымның жекелеген сөздер мен сөз тіркестеріндегі кейбір айырмашылықтарды, зерттеу негізіндегі толықтырулар мен нақтылаулар жасағандығын байқауға болады. Жалпы алғанда жырдың мазмұнын беруде бір-бірінен соншалықты үлкен айырма жоқ.

**Білге қаған кешені жазбалары.** Бұл кешеннің тұрғызылған жері зерттеу еңбектерде Күлтегін кешенінің оң жағында 500 м жерде деп көрсетіледі. Кешеннің жалпы құрылысы, зерттелуі Күлтегін кешенімен бірдей. Жазу жазылған ескерткіш ұстынның 1-бетінде 41 жол, 2-3-беттердің әрқайсысында 15 жолдан 30 жол түркі мәтіні қашалып жазылған [32, 187-б].

Білге қаған жазбасы мәтінінің батыс бетіндегі 3-24-жолдарда, оң жақ бетіндегі 1-8-жолдарда Күлтегін кешеніндегі жазбалардың біраз мәтін жолдары сол күйінде қайталанып берілген. Мәтіннің қазақ тіліне аудармасын Ғ.Айдаров, С.Қаржаубай жасап жариялады.

**Тонькөк (Туй-үкүк) кешені жазбалары.** (Туй-үкүк – Қ.Сартқожаұлының түсіндіруінше абыз атағын білдіреді). Тұрған орны – Орталық Монғолия, Төв аймағының Баян-зүрх сұмыны. Улан-Батордан 60 км қашықтықта.

Бұл ескерткішті алғаш рет Е.Н.Клеменц 1897 жылы тауып жария еткен. 1898 жылы Клеменцтің эстампажын пайдалана отырып В.В.Радлов алғаш оқып, транскрипциясын жасап, 1899 жылы неміс тіліндегі аудармасын ұсынған. Бұдан кейін В.Томсен, Х.Оркун, С.Малов, 1979 жылы ғалым Қ.Сартқожаұлы да оқып шығып транскрипциясын аудармасымен жариялады. Сонымен қатар қазақ тіліне ғалымдар М.Жолдасбеков, Қ.Өмірәлиев, Ғ.Айдаровтар жолма-жол ғылыми аудармасын, ақын Қадыр Мырза Әли поэтикалық аудармасын жасады.

Кешендегі жазба мәтін екі тас бағанаға қашалып жазылған. Бірінші бағанға «1-36 жол мәтін шегілген. Екінші бағана... 37-62 жолдың мәтіндері қашалған. ...Мәтін әріптері жақсы сақталған» [32, 211-б].

**Күүлі – Чор (Құла Шор) кешені жазбасы.** «Тұрған орны: Орталық Монғолияның Төв аймағының Дэлгерхан сұмынының батыс солтүстік бағытында 40 км қашықтықта «Ихэ-көшөті» деген жерге орналасқан. Ұланбатыр қаласынан 200 км. Батысында тау жоталары, оң жағында кішкентай су аңғары, сол жақ беті ашық дала», - деп сипаттама береді Қ.Сартқожаұлы. Кешен Екінші Түркі қағанатының оң қанатының көсемі Күүлі – Чорға (Құла Шор) арналған. Ол «Түркі қағанатының негізін қалаушы Құтлығ Ел-теріс қаған және оның жан серігі болған Бойла баға Тархан Туй-үкүк, Қапаған, Білге қаған, бас қолбасшы Күлтегіндермен ұзақ жылдар бойы қызметтес болып түркі қағанатының тәуелсіздігін қамтамасыз етуге саналы өмірін арнаған адам деп айтылады» [3, 226-б]. Ержүрек батырлығымен көзге түскен. Қағанат пен халық арасында Ышбара Біліге Күллі-чор деген атпен әйгілі болған қоғам қайраткері. Шығу тегі Сегіз-оғыз (найман) тайпасынан [42, 228-б]. Бұл ескерткіш шамамен 721 жылы жазылған деп есептеледі.

Кешенді 1912 жылы поляк В.Л.Котвич алғаш тауып, орыс ғалымы А.Н.Самойловичпен бірге аудармасын жасап жариялаған. 1962 жылы поляк зерттеушісі Э.Тыярский екінші рет Ихэ-көшөтінде болып, ескерткіштің сипаттамасын, мәтін көшірмесін жасап, ағылшын ғалымы Г.Клосонмен бірлесе отырып жаңа аудармасын ұсынған. С.Е.Малов орыс тіліне 1959 жылы аударса, қазақ ғалымдары Ғ.Айдаров, Қ.Сартқожаұлы қазақ тіліне аударып жариялады. Қ.Сартқожаұлы 1976-1986 жылдар аралығында Ихэ-көшөтінде 5 рет

болып, ұстындағы мәтінді қолмен көшіріп, кешеннің жалпы толық сипаттамасын жасағанын айтады [32, 226-б].

Жазулы ұстынның 1-3-беттеріне 29 жол мәтін қашалып жазылған.

Күүлі – Чор жазбасында оның аналық әулеттен шығып жиен абыз (чықан Туй-ұқұқ) атағын алғаны, 80 жас жасап дүниеден өткені, Түркі қағанатын нығайтуға көп еңбек сіңіргені, балалық шағындағы, т.б. ерліктері жазылған [32, 228-б]. Оның ерлік істері мен батырлығын сипаттауда Күлтегінді жазбасындағы бейнелеумен ұқсастықтар бар.

Белгілі фольклортанушы, түркітанушы ғалым Р.Бердібай: «VI-VIII ғасырларда тасқа жазылған Орхон ескерткіштерінің дүниежүзілік өркениет тарихынан алатын орны үлкен. Орхон жазуларында Түрік қағанаты дәуіріндегі елдің білім, дүниетанымы, ғаламның жаралуы, түрік халықтарының тарихы мен тағдыры, ұлысаралық қарым-қатынастары, жеңістері мен өкініштері, отаншылдық, ерлік, бірлік, намыс туралы түсінігі, наным-сенімі, тәуелсіздік аңсары, осы жолда халқына фидайы қызмет еткен Күлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк тәрізді ұлы қаһармандардың бастан кешкендерінің баяны берілген. Сонымен қатар бұл жазулар түрік халықтарының бұдан бір жарым мың жыл бұрынғы биік мәдениетінің, көркемдік дәстүрінің жарқын куәлігі» [43, 25-б], - деп баға берген осы рухани мұралардың әдеби сипаты, жанрлық ерекшелігі жөнінде әр кездерде айтылып, жазылған пікірлер де назар аударуды қажет етеді.

Біз Орхон жазбаларын талдау, мысалдар келтіру барысында әр кездегі аудармаларды салыстыра отырып пайдаландық.

Фольклортанушы ғалым Т.Қоңыратбай жазғанындай көне түркі жазба ескерткіштері «қазақ фольклоры мен әдебиеті және тарихының бастау алатын үлкен бір сағасы» да [23, 46-б] болып саналады.

Алғашқы, яғни XIX ғасырдың соңындағы аудармаларынан соң-ақ (В.В. Радловтың (1895 жылғы), В.Т.Томсеннің (1896 жылғы) басталған бұл ескерткіштердің әдеби сипаты, жанры туралы пікірлер осы күнге дейін әр түрлі айтылып келеді.

Фольклорлық жанрлар – сандаған ғасырлардың туындысы. Халықтың ежелгі замандардан бастау алған сана-сезімінің, дүниетанымының, тарихи кезеңдерінің, әдет-ғұрыптары мен қоғамдық салт-сана, қарым-қатынастарының негізінде пайда болып, заманалардың әр дәуір, кезеңдерінде ұшталып, жетіліп, ұрпақтан-ұрпаққа ауысып, олардың ой, сезім, талғам таразысынан өтіп белгілі бір пішіндерге түскен ұжымдық еңбектің туындылары. Сондықтан да ол өзінің тұрақты, қалыптасқан басты белгілерін, ерекшеліктерін сақтап отырады. Ал, көркем әдеби туынды жеке адамның (жазушы, ақын, жырау) шығармашылық еңбегі, яғни автордың өзіндік таным-түсінігінің, қоғамдық-әлеуметтік қарым-қатынастар мен тарихи

оқиғаларға, құбылыстарға деген өзіндік көзқарасы мен танымының, оған берген бағасының көркем оймен көмкеріліп, ауызша немесе жазба түрде жасалған өзіне тән ерекшелігі бар өнер туындысы.

Фольклор бұрынырақтағы зерттеулерде көрсетіліп жүргендей тек қана сөз өнері емес. Фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов көрсеткендей оның негізгі үш сипаты бар. Фольклор сөз өнері болуымен қатар, ол – дүниетаным және көне мәдениет, тұрмыстың бір бөлшегі [1, 20-б]

Әдебиетіміздің тарихындағы әр дәуірдің көрнекті суреткерлері өзінің шығармашылық еңбегінде фольклордан нәр алып, оны өзінше игеріп, фольклордың түрлі жанрлары мен көркемдік әдіс-тәсілдерін шығармаларында мүмкіншілігіне, таным-түсінік, шеберлігіне орай тиісінше пайдаланып отырған. Бұл құбылысты біз жалпы атпен Орхон ескерткіштері деп аталып кеткен Түркі қағанаты дәуіріндегі әдеби мұралар мен түркі тектес халықтар мекен еткен Еуразияның өзге де өлкелерінен табылған жазба ескерткіштерден байқаймыз.

Рулық заманда туып, басында тек қана утилитарлық-тәжірибелік және танымдық қызмет атқарған алғашқы фольклор үлгілерінің тәрбиелік және көркемдік мақсатты көздейтін шығармаларға айналуы – нағыз көркем фольклор дәрежесіне көтерілуі мемлекеттік қоғамдар тұсына сәйкес келеді екен. «Соның өзінде де фольклор қаншалықты көркем болғанымен, онда сол ежелгі рулық замандағы салттар мен ғұрыптар, діни нанымдар мен ұғымдар бірде көркемдеуіш құрал, бірде бейнелі сөз, бірде әсіреленген образ түрінде көрініс тауып, шығармаға поэтикалық, эстетикалық, эмоциялық реңк беріп тұрады» [1, 32-б].

Қай дәуірде болса да фольклор мен көркем әдебиет өзара байланыста болып отырған. Олардың тарихи өзара байланысы әдебиет тарихын зерттеуші ғалымдар мен фольклортанушылардың назарын аударып келе жатқан құбылыс екендігі белгілі. Бұл байланыс әлем әдебиеті дамуының заңдылығын да байқатады. Өзара күрделі ұқсастықтарымен қатар елеулі айырмашылықтары да бар бұл құбылыстардың мәні мен өзгешеліктерін білу халықтың рухани даму жолдарын, мәдени ілгерілеуіміздің бағыт-бағдарын аңдауымыз үшін де қажет.

*Алдымен фольклор мен көркем әдебиеттің байланысында қандай заңдылық бар? Көркем әдебиеттегі фольклорлық дәстүр неден, қандай белгілермен, қалай көрінеді?* деген мәселелерге тоқталып көрейік.

Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, фольклор мен әдебиеттің арасындағы өзара әсер ету процесі барлық уақытта бірдей болмаған. Бір дәуірлерде бұл байланыс қарқынды, белсенді жүріп, бірде

бәсеңдеп отырған. Осыған сәйкес әрбір ұлттық фольклор мен әдебиет өздерінің қатынас жүйесін, яғни жалпы заңдылықтардан туындаған өзіндік даму процесін қалыптастырған.

Осы орайда Р.Бердібайдың мына ойын келтіре кеткенді жөн көрдік. Ғалым: «Көркем сөз шығармаларының даму, жетілу, жаңа сапаға көшу тарихы фольклор мен жазба әдебиеттің өзара байланысы мен бір-біріне ықпалының замандар бойы үзілмей желі тартып келгенін дәлелдейді. Түрлі халықтарда тарихи-элеуметтік жағдайларына қарай кейде осы арна қатарласа дамыған, бір кезде осылардың біреуі алдыңғы шепке шығып отырған. Сонымен қатар, осы екі көркемдік ағынның жалпы даму бағытында ортақ үлкен заңдылықтар бар. Ол ауызша әдебиет дәстүрлерінің бірте-бірте жазбаша дәстүрге ауысу, ұласу тенденциясы», - деп жазады [44, 21-б].

Осы мағынадағы ой-пікірлер фольклор мен көркем әдебиеттің өзара байланысына назар аударып, ол жөнінде зерттеу еңбектер жазып жүрген У.Далгаттың еңбектерінде де жазылып жүр. Онда ғалым: «Процесс фольклоризации протекал весьма сложно. С одной стороны, фольклор непосредственно влиял на авторское произведение, вносил в него те или иные диалектные изменения, в иных случаях допуская нарушения рифм к строфики, вариативность стихотворного текста который при устной форме бытование неминуемо терял свою первоначальную каноничность. С другой стороны, письменная поэзия, подвергавшаяся фольклоризации, сама воздействовала на устную народную поэзию, на её традиционно устойчивые изобразительные средства и образы, придавая последним историческую конкретность и другие качества. Она привносила в фольклор литературную лексику и фразеологию, способствуя тем самым его «литературному преобразованию», - [45, С.80] деп көрсетеді. Ғалым: «Фольклорные элементы в составе художественного произведения должны одновременно рассматриваться и самостоятельностью (в своем первоначальном значении), и главным образом с точки зрения того преобразования, которому они подвергаются в конкретной литературной системе», - дей келіп, бұл жағдай жазушының стиліне, әдеби шеберлігіне, көркем шығарманың құрылымына, т.б. жағдайларға байланысты болған фольклорлық элементтердің өзгеру деңгейін анықтаудың өте маңызды екендігіне назар аударады [46, С. 10].

Кезінде ғалым М.Ғабдуллин де фольклор туралы, оның өзінен кейін туған көркем әдебиетке әсері, олардағы сюжет құру, образ жасау, тіл байлығын пайдалана білудің маңызы, фольклордың көркем әдебиетке негіз болғандығы жөніндегі ойларын жазып көрсетсе [47,

34-б], бұл мәселе жөнінде осы мәнде айтылған т.б. ой-пікірлерге көптеген мысалдар келтіруге болады.

Әдебиет пен фольклордың байланысын арнайы зерттеп жүрген ғалымдар олардың әр түрлі типтерін көрсетіп жүр. Мәселен, ғалым У.Б.Далгат:

1. Тура байланыс (Прямая связь);
2. Қарсы әсер байланысы (оппозиция);
3. Үндес байланыс (Созвучная связь) [46, С. 33-50, 69-70] деп жүйелей қарастырса, ғалым Д.Н.Медриш бұл байланыстың мынадай белгілерін атап көрсетеді:

1. Фольклорлық стиль (фольклорная стилизация);
2. Интерпретация;
3. Әдебиеттің халықтық мифологияға қайтып оралуы;
4. Сюжеттік байланыс;
5. Стильдік байланыс;
6. Тақырыптық байланыс [48, С. 15].

Ал белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов фольклор мен әдебиет арасындағы байланысты төрт типке бөліп, былайша жүйелейді:

1. Генетическая связь (генетикалық байланыс);
2. Оппозиция (оппозициялық немесе қарсы байланыс);
3. Созвучная связь (үндестік байланыс);
4. Обратная связь (кері байланыс).

Ғалым атап көрсеткендей *әдебиеттің фольклормен генетикалық байланысы* жазба әдебиеттің пайда болған кезеңіне тән болып келеді де, бұл кезеңде фольклордың жанрлық түрлері, сюжеті, образдары, тілі молынан пайдаланылады [49, С. 19-20].

*Оппозициялық байланыста* бірінші кезекке фольклорды игерумен қатар, оны өңдеу мен жаңартуға назар аудару алға шықса, *үндес байланыс* типінде көркем әдебиет өзінің жетілген, көркемдік биік дамуында фольклордан өзі мен уақытына қажетті идеяларды таба отырып халықтық-поэтикалық шығармашылыққа қайта оралады да, өз жетістіктерінің деңгейінде қайта өңдеп, ой елегінен өткізеді. Ал *кері байланыста* әдебиеттен фольклор тарихи нақтылық, психологизм, оқиғалар мен кейіпкерлердің әлеуметтік-таптық мәнін ашу сияқты жақтарын алады. Әдебиет те өз кезегінде фольклордың мазмұнын, тақырыбын, жанрлық түрлерін байытып фольклорлық дәстүрдің дамуына, жаңаруына игі әсерін тигізеді.

Ғалым бұл байланыстардың жалпылық, типологиялық сипатта болып келетіндігін, әдебиеттің даму деңгейіне, оның уақыт талабының кейбір кезеңдеріндегі міндеттеріне, қаламгердің шығармашылық ой-ниетіне, шеберлігіне байланысты аталған

байланыстардың әрқайсысы әр түрлі пішінде шығуы мүмкіндігін айтады [49, С. 19-20].

Орхон ескерткіштері мәтінімен және ол жөнінде айтылған, жазылған пікірлермен танысу барысында жоғарыда айтылған байланыстардың біразының бар екенін байқадық. Ондай байланыстардың болуының өзіндік заңдылықтары да бар. Көркем әдебиет өкілдерінің, қаламгерлердің көркем туынды жасау әрекетінде, яғни шығармашылық өнерінде оның таным-түсінігіне, тарихи-әлеуметтік жағдайларға орай фольклорлық дәстүрді қолдануының әрқайсысына тән өзіндік ерекшелігі болатыны белгілі.

Байқағанымыздай, көркем әдеби шығармадағы фольклорлық дәстүр көрінісі, көп жағдайда, көркем әдеби туынды жазуда ақын-жазушылардың фольклордағы негізгі идеялар мен сюжеттерінің негізінде шығарма жазуы мен фольклорлық жанрлар мен мотивтерді пайдалануынан, фольклорға тән айшықтарды, яғни тіл байлығын пайдалануынан аңғарылады екен.

Фольклордың Орхон жазба ескерткіштеріне қатысы жөнінде М.Әуезов, Ә.Марғұландардан бастап әр кездерде жазылған тұжырымды ой-пікірлер бұл мәселені одан әрі тереңдей, жан-жақты зерттеуге жетелейді.

Ғалым Ә.Қоңыратбаевтың: «көшпелі елдердің халық поэзиясы тайпалық шаруалар ортасында туған. Оның басы – Түрік қағанатының дәуірі» [9, 78-б], - деген пікірін, сол сияқты С.Қасқабасовтың: «Орхон-Енисей ескерткішіндегі мәтіндер – VII-VIII ғасырларда хатқа (тасқа) түскен фольклорлық шығармалар деуге толық негіз бар» деген [1, 320-б], Р.Бердібайдың: «Орхон жазулары дүниеге келген кезден көп бұрын түрік рулары мен тайпаларында кең дамыған, алуан жанрлы ауыз әдебиеті мұрасы болғанын, сол дәстүрдің «хат жазуға» тиісті дәрежеде әсер еткенін, демек, ауызша жыр, өлең жазба шығарманы нәрлендірген негіздің бірі болғандығы» жөніндегі ойларын [21, 81-б], осы мазмұн, сипаттағы Н.Келімбетовтің [50, 120-б], Т.Қоңыратбайдың: «Түркі қағанаты дәуірінен жеткен жазба ескерткіштерді сөз еткенде біз олардың тарихи-мәдени сипатымен қатар фольклорлық табиғатын да басты орынға қоямыз. Сол негізде оларды белгілі бір тарихи кезең – VI-VIII ғасырлардағы фольклор шығармаларының тасқа түскен үлгілері ретінде бағалаймыз» [24, 19-б] деп жазғанындай, т.б. осы сияқты ой-пікірлері, Орхон ескерткіштері кешендеріндегі фольклорлық айғақтар, жазбалардағы мифтік көріністер мен қаһармандық эпосқа тән белгілер, жоқтау үлгілері, шешендік арнау, толғаулардың, ырғақтың, мақал-мәтелдердің қолданылуы бізден осы мәселелердің жазбаларда көрініс табуының себептері мен мән-мазмұнын айқындауды қажет етеді.

Фольклордың басты сипатының бірі синкреттілігі екендігі белгілі. Фольклор синкреттілігін Е.М.Мелетинский идеологиялық және жанрлар синкретизмі деп екі салаға бөліп қарайды [51, С. 83].

Фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың көрсеткеніндей, «Идеологиялық синкретизм ең ежелгі дәуірлерде өнердің наным-сенім, мифтік түсініктерден ажырамай салттық, ритуалдық көзқарастармен байланысты өмір сүруін сипаттайды. Дін пайда болғанға дейін оның ролін мифтің атқарып келуі кездойсоқ емес. Бұл ретте фольклор табиғат пен қоғам туралы түсініктермен бөлінбеген, олармен тұтас жүр. Түркілердің тәңірлік дінінде осының ізі айқын. Ал, жанрлардың синкретизмі поэзияның, жалпы өнердің тегі мен түрлерінің бір-бірінен ажырамай, тұтас жүрген кезеңін қамтиды» [52, Б. 60-61].

## 1.2 Мифтер мен аңыздардың іздері

Эпосты фольклордың бірнеше жанрлық түрлерін, көне наным-сенім, ежелгі түсінік, дүниетанымдарды бойына жинаған көлемді әрі синкретті сипаттағы жанр десек, осы жанрға ұқсастық белгілері мол Орхон ескерткіштерінде де идеологиялық синкретизм көрінісі бар. Түркі қағанаты дәуіріндегі кешендерде, сол кезден жеткен жазба ескерткіштерде ежелгі дәуірдегі түркілердің наным-сенімдері, дүниетанымы біршама көрініс тапқан. Солардың бірі фольклорлық жанрлардың ең көне түрінің бірінен саналатын – мифтік танымның бейнеленуінен байқалады.

Орхон ескерткіштерінде *мифтік танымдар, мифтік сарындар* да үлкен орын алады.

Кеңес дәуіріндегі көркемөнерге қойылған социалистік реализм талабы, қоғамдық құбылыстарға, тарих пен өнер туындыларына таптық көзқарас тұрғысынан баға беру саясатының ежелгі әдет-ғұрып, салт-дәстүрлердің, кейбір фольклорлық жанрлардың тереңдей, түбегейлі зерттелуіне де кері әсерін тигізіп келгені белгілі.

Қазақ фольклортануында жинақталып жарық көруі мен зерттелуі кенжелеп келген жанрлардың бірі қазақ мифтері, мифологиялық туындылар десек, оған да сол құбылыстың, сонымен қатар жинақталмауының да белгілі деңгейде әсері болды. Қазақтың мифтік аңыз-әңгімелерінің бірқатары соңғы кезде ғана жинақталып жарық көруін, соны пікірлердің айтыла бастауын осыған байланысты деп түсінсек болады. Қазақтың көркем жазба әдебиетіндегі мифология мәселесі – мифтік сюжеттер, мифтік құбылулар, олардың жекелеген қаламгерлер шығармаларында қолданылуына назар аудару кейінгі кездері ғана қолға алына бастады.



Адам баласы өзі өмір сүріп отырған ортаны танып-білу жолында анимизм, тотемизм, мифология, монотеистік сияқты түрлі наным-сенімдерді, дүниетанымдарды басынан өткергені белгілі.

Қ.Сартқожаұлы «бөгү» деп атауды ұсынып жүрген, ғылыми әдебиеттерде тәңірлік немесе тәңіршілдік деп жазылып келе жатқан діннің (тенгрианство) ежелгі түркілерде қалыптасқанына дейін де оларда ежелгі наным-сенімдердің, таным-түсініктердің болғанына фольклорлық туындылар мен ежелгі жазба ескерткіштер мол деректер береді.

Алғашқы қауымға тән дүниетаным мен діни нанымдардың көрінісі болып саналатын анимизм, тотемизм, магия, сондай-ақ рулық қауымның тұсында қалыптасқан аруаққа табыну белгілері Түркі қағанаты дәуірінің киелі деп саналған кешендерінде, жазбаларында едәуір көрініс тапқан. Орхон жазбаларында көне мифтер таза күйінде болмаса да, көне заманғы мифке тән мифтік сана, уақыт, мифологиялық ұғымдардың іздері сақталған. Мысалы, оларды түркілердің жаратылуы жөніндегі ұғымның берілуінен, көркемдеу тәсілдеріндегі қолданыстарынан байқауға болады.

Миф жанрының басты ерекшелігі олардағы дүниенің «жаратылысы, ненің қалай, қайдан пайда болғандығы, оның себебі мен салдары, қоршаған ортаның сыр-сипаты туралы айтылатын наным-сенімдер, түсініктердің» бейнеленуінен [53, 3-б] байқалады.

С.Қасқабасов эпостың жанр болып қалыптасуында оған тірек болатын қайнар көздерінің бірі ретінде ертегі, өлең, тарихи жырлармен қатар мифті де атап көрсетеді. Енді Орхон ескерткіштеріндегі мифтердің көріністеріне тоқталып көрейік.

Ғалымның деректерге сүйеніп айтуынша «Түркі қағанаты тұсындағы мифология бізге толық жетпегендіктен, ол қандай болғанын дәл айтып, сипаттап беру қиын». Дегенмен де Түркі қағанаты кезінде де біршама циклденіп, «мемлекеттің тез ыдырауына байланысты айтарлықтай бір жүйеге түсіп үлгермеген» [54, 82-б]. Ғалымның ой-пікірлеріне ден қойсақ, Түркі қағанаты дәуірінде «Ежелгі мифтер мен нанымдар, сюжеттер мен мотивтер бірыңғай идеологиялық сипат алып, қағанды дәріптеу үшін біршама көркем қасиетке ие болды. Мұны Орхон-Енисей ескерткіштеріндегі жазбалардан айқын көреміз. Ол мәтіндерден көне түркі заманындағы мифологиялық ұғымдардың ежелгі мифтік түсініктермен байланысты екені байқалады. Аспанға табыну, оны Тәңір деп білу, Көк Тәңір деп құрметтеу, ал жерді Ұмай – әйел ретінде қастерлеу, жалпы, табиғатты қадірлеу сияқты ежелгі анимистік нанымның, сондай-ақ түркі жұртының бабасы – Көкбөрі деп, Ашинадан тарағаны туралы

тотемистік ұғымның іздері Құлтегін, Білге Қаған, Тоныкөк туралы жазуларда жақсы сақталған» [1, 319-б].

Жазбалардағы «Көк түрік», «Көкте түрік тәңірісі», «Көк тәңірі», «Жол тәңірі», «Жер-су тәңірі», «Тәңірі», «Ұмай», «Қасиетті жер-су» деген ұғымдар олардың тәңірлікке қатысты наным-сенімінен көрініс береді. Түркі қағанаты дәуіріндегі аспанды – еркек, жерді – әйел деп түсінетін мифтік ұғымның түркі халықтарында сақталғаны жөнінде И.В.Стеблева, Қ.Сартқожаұлы, Ш.Ыбыраев еңбектерінде де айтылады.

Қ.Сартқожаұлының көрсетуінше ежелгі түркі танымында әлем – аталық пен аналықтан тұрады. «Аталықтың көктегі символы – күн, аналықтікі – ай, жердегі аталықтың символы – тау, аналықтың символы – су. Бұлардың үстінде «Тәңір». Жаратушы күш біреу ғана; ол ұлы Тәңір деп түсінген» [32, 88-б]. Кейбір түркі халықтарының мифтерінде жердің иесі әйел құдай – Ұмай» [53, 3-б] болса, жазбаларда осы түсініктің ізі де едәуір көрініс тапқан.

Орхон жазбаларының ішінде көлемділері болып саналатын «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазуларында көне мифтердің бір түрі жасампаздық – әлемнің пайда болуы жөніндегі мифтің сілемі, түркі аңыз, дастандарында жиі кездесетін мифтік эпикалық уақыт пен кеңістік сарындарының көрінісі бар. Мысалы, «Күлтегін» жазуындағы:

Биікте көк тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында адам  
Баласы жаралған.

деген жолдар көне түркі тайпаларының үш әлем туралы ұғым-түсініктерімен байланысты болса, оны басқару үшін ата-бабалары Бумын қаған, Істеми қағандардың отырғаны, олардың Тәңірінің бұйыруымен түркі халқына иелік етті дейтін ұғымдар да мифтік дәуір ұғымдарынан елес береді.

С.Қасқабасов: «Тәңір образында мифтік ілкі ата – демиургтың көптеген қасиеттері сақталған», - дей келіп, «қазақтың көне мифіндегі болуға тиісті ілкі-ата – демиург бейнесі Тәңірі образымен алмастырылған. Ал, Тәңір аспанның әміршісі саналған. Яғни Тәңір – ең жоғарғы құдай, ол аспан мен жердегі тылсым мен тіршіліктің иесі», - дей келіп, сол көне замандағы, Түркі қағанаты дәуіріндегі мифтік ұғымдар қазақтың мифі мен діни нанымында ғана сақталып қоймай «ұлтымыздың көркем фольклоры мен классикалық әдебиетінде поэзиялық символға, көркем әдіске, метафораға» айналғанын айтады [54, 90-б].

Жасампаз қаһарман белгілерінің кейінгі дәуірлердегі мифологияда да сақталып отырғандығы жөнінде Е.М.Мелетинский де жазған [55].

Орхон жазбаларында үш әлем жөніндегі ежелгі түсініктің де көрінісі бар.

Ғалым С.Қасқабасовтың көрсетуінше «Аспан мен жердің телегей теңізден бөлініп жаралғаны туралы түсінік жаһанда үш әлем (аспан, жер, жер асты) бар деген сенім тудырған» [1, 234-б]. Бұл сенімнің қазақтарда да болғандығы жөнінде Ш.Уәлиханов та кезінде жазып көрсеткен болатын [56].

Ежелгі түркілердің дүниетанымы туралы жазған А.П.Абуовтің сөзіне құлақ түрсек, онда ежелгі түркілердің үш әлем туралы түсінігі жөнінде мынадай пікірлер айтылады: «Видение мира тюрками основывалось на трихотомической концепции деления мира на Верхний, Средний и Нижний. Существовала и совершенствовалась картина мироздания. Тюрки создавали свой мифы о сотворении, закономерностях жизни. Пространственно-временная модель определила основные мотивы мифологических сюжетов. Если в Верхнем мире единовластно правит Тенгри, Средний мир связан с именем Жер – Су и Умай. Подземным миром управляет Эрлик», - дей келіп: «В письменных памятниках тюрк отражается такие религиозные отправления, как жертвоприношение, почитание умерших каганов, обращение каганов к Тенгри с разными вопросами» [57, С. 216-217].

Орхон ескерткіштерін эпикалық дәстүр тұрғысынан сараптап, оларды түркі, шығыс фольклорлық мұраларымен типологиялық тұрғыдан салыстыра қарастыру да бұл мәселе жөніндегі түсінігімізді кеңейте түсері анық.

Хакастың «Алтин Ариг» эпосындағы бастамада эпикалық уақыт пен эпикалық мекен былайша көрсетіледі:

Когда земля создавалась  
Тогда же звезды рождались, говорят:  
На (всем) белом свете  
Народ начинал жить [58, С. 250].

Якуттардың ата-бабаларының космогониялық мифтері туралы зерттеу еңбегінде белгілі якут зерттеушісі А.Гоголев: «В эпоху возникновения героического эпоса (в среде южных предков саха), видимо, происходила генерализация основных мифологических сюжетов космогонического характера... По всей видимости эти исконные сюжеты, а не поздние мотивы, возникшие под влиянием, например христианской мифологии. Так, в книге бытия предлагается несколько иной вариант этого мифологического сюжета: “В начале

сотворил Бог небо и землю». Земля же была безвидна и пуста, тьма над бездною, и Дух божий носился над водой...» [59, С. 54], - деп Орхон жазбаларында көрініс табатын мифтік сарындардан деректер береді.

Дүние-әлемнің мифтегідей төменгі, ортаңғы және жоғары әлем деп үш бөліктен тұрады деп бейнеленуі эвендердің көне эпосында да кездеседі [60, С. 21].

Түркі-монғол халықтарының эпосы мен ертегілерінде түрлі дәрежеде сақталған мифтік дәуірдегі бұл түсініктің көрінісі қазақ фольклорының ішінде батырлық ертегілерде бейнеленген («Ер Төстік», «Күн астындағы Күнікей қыз» т.б.). Ондағы төменгі әлемнің көріністері сол ежелгі замандардағы мифтік сананың сілемдері болса, ортаңғы әлем жер бетінің көріністеріне сәйкес келіп, эпостың бас қаһарманының мекені ортаңғы әлем болып суреттеледі.

Қазақ фольклорлық үлгілерінде жиі кездесіп қолданылатын әлемнің төрт бұрыштылығы жөніндегі айтылатын сарын Орхон жазбаларында да бар. Ондағы «... Ілгері күнбатыста, оң жақта – күн ортада, кейін – күн батыста, сол жақта – түн ортасында. Соның ішіндегі халықтың көбі маған бағынды» секілді тіркестер де дүниені төрт бұрышты деп есептеген ескі түсініктің көрінісі. Ежелгі мотив бұл жерде түркілердің мекен еткен жерінің кеңдігін, қағанаттың күш-дәрежесін бейнелеу мақсатында пайдаланылған.

Ертедегі адамдардың дүниені төрт бұрышты деп ойлағаны жөнінде фольклортанушы ғалым С.Қасқабасовтың пікірі төмендегіше болып келеді: «Алғашқы қоғамдағы мифтік ұғым бойынша космос тек жоғарыдан төмен қарай құрылған вертикальді үш әлем түрінде ғана емес, сондай-ақ тегіс жатқан, яғни горизантальді әлем ретінде де суреттеледі. ...Қазақтың «дүниенің төрт бұрышы» деген сөзі осы мифтік ұғымға меңзейді [54, 82-б].

Сол сияқты ғалым Р.Бердібай да ғаламның пайда болуы туралы ұғымның көне дәуірлерден бері халықтың фольклорында, ауыз әдебиетінде, ертегілерде, эпостарда көрініс тауып келе жатқанын көрсете келіп, түркі халықтарының эпикалық мұраларынан – хақас, бурят, тува (тобалар) халықтарының қаһармандық дастандары мен батырлық ертегілерінен деректер, мысалдар келтіреді. Ғалым: «Қазақ жырлары мен ертегілерінде ұшырайтын «баяғы өткен заманда», «дүниенің төрт бұрышы» деп келетін тіркестер, сөз жоқ, әлгіндей архаикалық заман түсініктерінің бертінгі кездегі сілемі болып табылады. Мифтік сарын қазақ фольклорында аспан әлемі (космологиялық) аңыздарында көбірек сақталған...», - деп көрсеткенді [43, 27-б].

Ежелгі дәуірлерде түркілермен көршілес, аралас-құралас қатар өмір сүрген халықтардың мифтерімен түркі мифтерін салыстыра зерттеу де түркі мифтерінің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға септігін тигізетіні анық.

Зерттеуші М.Алпамысұлы әлемнің жаратылысы туралы түркі халықтары мифологиялық түсініктері мен ежелгі қытайлықтардың мифтерінде ұқсастық байқалатындығы, Қытай жазбаларындағы ежелгі түркі мифтері, олар жөнінде Қытай ғалымы Яобаушұанның пікірін, т.б. бірталай маңызды деректерді бере келіп, оның мән-маңызы жөніндегі ойларын ортаға салады [61, Б. 180-181].

Н.Рахмонов: «Однако, очень сильна тенденция отношения к иранским народам мифов о сотворении мира, встречающихся в древнетюркских памятниках», - дей келіп көне түркі ескерткіштерінде кездесетін әлемнің жаратылысы туралы мифтерді иран халқына байланыстыра айтатын ағымның бар екенін, олардың бұл ойларына дәлел ретінде ирандықтардың Түркі қағанаты территориясына сауда жасау байланыстарымен, сонымен бірге Орта Азия түріктерінің иран тілдес халықтармен тығыз байланыста болғандықтарын негіз ететіндіктерін айтады [62, С. 5-6].

Манихейлік діннің Шығыс Түркістан тұрғындарына әсері болғаны белгілі. Манихейлік мазмұндағы көптеген мәтіндер бұл өлкедегі діни ағымдар болғанын дәлелдейді. Әйтсе де әлемнің жаралуы жөніндегі мифтер барлық халықтарда бар екендігін есте ұстауымыз қажет.

Мифтерде ұлттық характер көрініс табатынын ескерсек, түркі мифтерінде де белгілі дәрежеде түркі халықтарының өзіндік ерекшеліктерінің бейнеленуі заңды. Ислам дінінің түркі еліне келуі олардың ежелгі таным-түсініктерінің фольклорлық мұраларында, жазба ескерткіштерінде сақталуына да өзгерістер енгізгені белгілі.

Орхон ескерткіштеріндегі, сондай-ақ көрші елдердің фольклорындағы, ежелгі жазбаларындағы деректер фольклортану ғылымында зерттелуі кенжелеп қолға алынған түркілік мифтерді айқындауда мотивтерді салыстыра қарастыру оң нәтижелер береді деп ойлаймыз.

Қазақ мифтерінің бір саласы – адамдардың жаралуы жайлы айтылатын антропогондық мифтер. Ертегі, аңыз, әпсана, эпикалық жыр сияқты түрлерінің бәрінде дерлік айрықша орын алатын *ғажайып туу мотивінің де* түп-төркіні мифтерден бастау алады [53, 8-б].

Бұл мотив әлем халықтарының фольклорында бар. Ғажайып туу мотивіне А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп сияқты ғалымдар назар аударып, ол жөніндегі пікірлерін жазған болатын. Бұл құбылыстың

қазақ фольклорындағы көрінісі С.Қасқабасов, Б.Әзібаева, Ш.Ыбыраев зерттеулерінде қарастырылды.

Эпикалық фольклорлық туындыларда жиі көрініс табатын мотивтердің бірі – кейіпкердің ғажайып тууының түрлерін ғалым С.Қасқабасов: «тотем-бабаның баласы, аталар әруағының жәрдемі, мұсылман әулие-әнбиелердің, пірлердің көмегі және баланың төтенше жағдайда (әкесі үйде жоқта) тууы» [66, 240-б], - деп топтастыра көрсетеді.

Түркі қағанаты дәуірі жазба ескерткіштерінде тотемизмнің – фольклорлық ғажайып туу мотивінің де көрінісі бар. Ол жазбаларда қағандар Тәңірінің қалаулысы, Көктен жаралды деп көрсетіледі. Қағандардың, батырлардың Тәңірден жаралуы туралы ұғым ежелгі түсінік – көктен, күн нұрынан жаралуы жөніндегі көне танымның бір көрінісі. Бұл жерде ежелгі ғажайып туу мотиві қолданылған.

Орхон жазбаларында ел билеушінің ерекше жаралатыны жайындағы ежелгі наным «Тәңір текті, Тәңірден жаралған Түрк Білге қаған. Бұл шақта отырдым» деген түрде айқын бейнеленген. С.Қасқабасов осы сияқты ел билеуші патшалар мен қағандардың жай адамнан тумай, құдайдың құдіретімен ерекше жағдайда туатыны туралы ұғым көптеген халықтардың мифтерінде, тіпті, орта ғасырдағы аңыздар мен шежірелерде де кездесетіндігіне дәйекті мысалдар келтіреді. Ғалым «Бұл – ғайыптан туу мотиві ежелгі тотемизмнің өзгерген түрі» дей келіп, бұл құбылыстың қазақтың көркем фольклорында да кездесетіндігіне мысал ретінде Алпамыстың, Қобыландының, Ер Төстіктердің дүниеге келуінің бейнеленуін, «бұл көне наным өзгертілген, мұсылманданған түрінде де бас қаһарманды дәріптеудің бір амалына айналып кеткенін» жазады [1, 321-б].

Түркітанушы ғалымдар В.Бутанаев [63, С. 81-89], С.Ю.Неклюдов [64, С.48-49], И.В.Пухов [65, С.48-54] еңбектерінде Саян–Алтай (Хакас, Тува т.б.) ежелгі қаһармандық эпикалық аңыздарында (эпостарында), сондай-ақ олонхолары (эпос) мен «Гэсэрдін» монғол, тибет, бурят версияларында батырдың көктен, жоғарғы әлемнен жіберілуі мен оның туғаннан соңғы ерлігіне дейін, жер бетіне бейбітшілік пен бақыт орнатқаны, ата-анасының аспан ретінде айтылатындығы жөнінде деректер келтіреді.

Кейіпкерді ерекшелей көрсету үшін ертегі, дастан, әсіресе, батырлық эпоста идеализацияланған, барлық жағынан жетілдірілген кейіпкер – батыр бейнесінің шығу төркіні – ғажайып туу мотиві жөнінде Ш.Ыбыраев: «Асылында, батыр бейнесінің шығу төркіні фольклордағы ілкі ата немесе мәдени қаһарманнан тарайды. ...мифтік санадан басталады. Мифтік дәуірде кейіпкердің ғажайып

туылатынына сену бар. Ал енді осы мотив мифтің сюжеттік желісін (фабуласын) өзіне мұра етіп алған ертегіде де сақталған» дей келіп, эпос поэтикасының да батырдың керемет тууын қажет ететіндігі, әрі бұл мотив батырдың айрықша жаратылысын, өзгелерге ұқсамайтын дара бітімін куәландыратын шындық ретінде алынатындығын, көптің бірі атқара алмайтын істі тумысынан тотем бабалар, әруақтар, пірлер назарында жүрген батырлар ғана атқара алатындығын, батырдың жаратылысында киелілік бар, ол іске тәңірі, құдайлар араласқан деген түсініктермен орайластығын айтады [52, 230-б].

Қаһарманның ерекше туылысы жайындағы мотив (сюжет), әсіресе көне эпостарда дәстүрлі түрде сақталып, басты қаһарманды дәріптеу, оның ерлігін аша түсу үшін қолданылады, яғни қаһарманның алдағы ерліктерді жасауына дайындығын көрсетуге бағытталған.

Фольклорлық шығармаларда кейіпкердің туылуына ерекше мән беріле бейнеленетіндігінің бір көрінісі – Тәңірден, күн нұрынан жарату – көне жанрларда да, кейінгі қазақ фольклорында кездесіп отыратын мотив. Мысалы, «Оғыз қаған» эпосындағы кейіпкерлер жаратылысы, Шыңғыс ханның күн нұрынан жаралуы, Едігенің пері қызынан тууы, т.б. Мұндай мотивтер қаһарманды дәріптеудің ең биік үлгісі – батырдың тууынан өлуіне дейінгі өмірін қамтитын классикалық эпостарда да қолданылады [66, 23-б]. Бұл мотивтің жыр бастамаларында мифологиялық түрде ғажайып тууымен басталуын «Ер Едіге» жырынан да көруге болады.

Осы сияқты құбылыс, яғни алғашқы патшаның көктен келуі, өлгеннен кейін қайтадан көкке (аспанға) кететіні, сондықтан да олардың қабірі белгісіз болатыны туралы аңыз Тибетте де бар екен [67].

Тарихшы Ә.Т.Төлеубаев «Ғұндар мемлекеті – түркі мемлекеттігінің бастауы» атты мақаласында: «Ғұндардың патшасын қытай деректері шәниуй деп атайды. Шәниуй деген ұлан байтақтықтың, кеңдіктің бейнесі... шындығында да, ғұндар шәниуйді «Аспанның перзенті», «Тәңірдің перзенті» деп атаған», - деп көрсетеді [68, 262-б].

Күннің нұрлы сәулесінен болашақ батырдың жаралу мотивін ежелгі эпикалық мұралардың бірі болып саналатын «Оғыз қаған» эпосынан да кездестіреміз [69, Б. 69-70].

Ғалым Н.Я Бичурин көне түркілер жөніндегі аңыз-эпсаналарға, көне Қытай жазбаларына сүйене отырып түркі тайпаларының Көк Тәңірге табынып, жақсылықты да, жамандықты да көктен, яғни аспаннан күтетіні туралы жазады [70, С. 230].

Ежелгі түркі аңыз-эпсаналарында бақытты болатын адамның төбесінен нұр-шұғыла жауатыны туралы айтылады. Қазіргі кезде жарық көріп жатқан көптеген тарихи, танымдық еңбектерде жазылып, қоғамдық іс-әрекеттерде көрініс тауып жүргеніндей, «... түріктердің арғы ата-бабасы саналатын сақтар мен ғұндардың Көк Тәңірісіне табынып, көк бөріні тотем тұтқаны, көк түсті киелі санағаны, көк түсті байрақтарын желпілдеткені тарихтан жақсы мәлім» [14, Б. 29-30].

Бұл дәстүр түркі халықтарының қаһармандық жырларында да орын алған. Қазақтың батырлық жырларында халық қамын ойлап, елді жаудан қорғайтын қаһармандар жарық нұрдан жаралған болып келеді. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырының бір нұсқасында мынадай жыр жолдары бар. Ондағы:

Шеттен келген дұшпаннан  
Ел аймаған сақтайтын,  
Асыл нұрдан жаралған  
Қыдырбай шалдың еркесі  
Қара қыпшақ Қобыланды,  
Балаңыздың аты бар [71, 18-б], -

деген сияқты нұрдан жаралу мотиві де осыған орайлас болып шығады.

Осы құбылыс түркі халықтарының қаһармандық жырларында да бар. Мысалы, қырғыздың «Манас» эпосында болашақ батыр Манас та жолына нұр төгілген, ал өзін көкжал бөрі қоршап қорғап жүрген қаһарман болып былайша:

Арқасында баланың  
Қара көк жалы көрінді:  
Қара шағыр қабыланы  
Қапталында шабынды.  
Көсеу құйрық көк арыстан  
Оң жағында қабынды.  
Нұр төгіліп жолына  
Бөрі ойлаған баланың  
Манас деп аты табылды [72, 18-б], -

деп бейнеленеді.

Кейінгі дәуірлердегі көркем фольклорда «көне сюжеттер мен мотивтер, ескі ұғымдар жаңаша пайымдалып, заман талабына сай жырланып», «Олар енді, негізінен, көркемдік міндет атқарды да, эпосты, бүкіл фольклорды эстетикалық тұрғыдан түрлендірді» [1, 237-б].

Қазақ мифтерінің ең көне түрлерінің бірі – жан-жануарлар туралы мифтер. «Тотемизм – адам, яки ру-тайпа белгілі бір



жануардан, өсімдіктен, немесе желден, күн сәулесінен, я болмаса басқа бір ғажайып нәрседен туады деп илану және сол бабасының керемет қасиеттері ұрпағына дариды деп түсіну» [1, 21-б] болса, фольклорда кең көрініс табатын бұл дәстүр түркілердің Түркі қағанаты дәуіріндегі киелі кешендерінен, сол дәуір аңыздарынан, Орхон жазбаларында көкбөріге қатысты жайттардан байқалады. Түркі тайпаларының көне ұғым-түсініктерін көрсететін белгілерінің бірі *бөрі тотемі* екендігі белгілі. Көкбөрі – түркілердің ежелгі тотемдік мифі.

Аңыздық деректерге қарағанда ежелгі түркілер өздерін көкбөріден тарағанбыз деп түсінген. Ертедегі мифтік ұғымның бір мысалын қазақтың «Ақ қасқыр» ертегісінен де аңғаруға болады. Ежелгі түркілердің өздерін көкбөріден тарататындығы жайындағы ежелгі аңыз-әңгімелерді кезінде тарихшы Н.Я.Бичурин көне Қытай жазбаларынан алып жариялаған.

Осы аңыздардың негізінде туған поэзия тілімен жырланған «Көк бөрі» атты дастан болғаны туралы Н.Келімбетов деректер келтіреді. Ғалым «Көк бөрі» дастанындағы аңыздар көне дәуірдің тарихи шындығынан алыс емес екенін ескерте отырып, «осы аңыздар мен тарихи шындықтың арасын ажыратып алу қиын» екендігін жазса [14, 52-б], ғалым А.Қыраубайқызы Көкбөрі аңызын «тарихи оқиғалардың елесі» деп көрсетеді [73, 15-б]. Ғалым келтірген деректерге сүйенсек, «Түрік байрақтарына бөрінің басы алтынмен әшекейленіп салынған» [14, 220-б]. «Бұларды «Ашина» әулеті, яғни «*бөрі тектілер*» деп атап кетіпті. Көк түріктер осы әулеттен өрбіпті. Олар бөрі шетінен мықты, қайсар, батыр болғаны үшін, көрші отырған тайпалар Ашина әулетін – «түрік – түкюлер» (түркіттер) деп атап кетіпті» [14, 54-б].

Ежелгі дәуірлердегі түркілердің өздерінің шығу тегін көк бөрімен байланыстыратындығы, оны қасиетті санайтындығы жөніндегі осы ежелгі түсінігінің ізі Орхон киелі кешендерінде де бейнеленіп көрініс тапқан.

Түркі қағанаты заманына жататын ұстын ескерткіштерде, мысалы, Алғашқы Түркі қағанаты дәуірінде жасалған Бұғыты кешеніндегі «ұстынның бас жағына қасқырды еміп тұрған баланың бедері (барельеф) салынған». Осы сияқты Күлтегін, Білге қаған, Қарабалғасун (Ордубалық) ескерткіштерінде де бөрі бейнесін тас бетіне түсіргенде, басын – қасқырдың басына, денесін – айдаһарға, аяғын – жолбарысқа, иектің астындағы жүнін – арыстанға ұқсатып мифтік түрде бейнелеген [32, 98-б].

Тарихи деректерге қарағанда байырғы түркі заманында бөрінің мүсіні гранит тастан да тұтас ойылып жасалған. «...байырғы түркілердің бала кезіндегі есімінен бөлек лауазымына қатысты атақ-

шен де беріліп отырған. Ол тұлға тарихи шежірелер мен эпсаналарда осы атақ-шенімен аталады. Таспар қаған інісі Жұтанды кіші хандыққа көтеріп, батыс түркіге жібергенде Бөрі-хан Жұтан деген атақ-лауазым берген. Міне, осылайша байырғы түркілер билеуші бір ғана киетегі болған бөріні ардақ тұтып, Қағанның оққағарынан бастап, Кіші ханға дейін бөрі атап, мәңгілік елдің аруақтарының рухын сақтап тұратын киелі орынға қойылар ескерткіштің (мәңгітас) басына бөрі бейнесін ойып қалдырып, оны бүкіл бүтін қағанаттың (империяның) киетегіне айналдырған» [32, 98-б]. Егер фольклордың тағы бір сипаты – «тұрмыстың бөлшегі, адам тіршілігінің өн бойында қолданылып, әр саласында пайдаланылатын дүние» [1, 23-б] екендігін ескерсек, бұл келтірілген деректер де Түркі қағанаты дәуірі фольклоры жөніндегі танымымызды кеңейте түседі.

Ежелгі түркілердің бұл түсінігі олардың Көкбөрі туралы аңыздарымен қатар «Оғыз қаған» сияқты ежелгі эпосында да сақталған. Мысалы, «Оғыз қаған» эпосында Оғыз қаған Үрім қағанға қарсы соғысқа аттанған кезде оның әскерін көктен түскен көк бөрі бастап жүреді.

Ол эпоста былайша беріледі: «Шатырларын түсіріп, шөк болып ұйықтап кетті. Таңертең болғанда Оғыз қағанның шатырына күндей бір жарық кірді. Ол жарықтан көк түкті, көк жалды бір еркек бөрі шықты. Осы бөрі Оғуз қағанға сөз беріп тұрып, былай деді:

Ай, ай Оғуз қаған!

Урум үстіне сен аттанар боласың!

Ай, ай Оғуз қаған!

Қызметінде мен жүрер боламын! –

деп айтты. Бұдан соң Оғуз қаған шатырын түргізіп, (жүріп) кетті. (Бір уақытта) қарады, (қараса) әскердің алдын бастап көк түкті, көк жалды, үлкен бір еркек бөрі шауып барады екен. (Оғуз да әскерімен) ол бөрінің артынан соңына түсіп, шаба жөнелді» [69, 72-б].

Сонымен қатар «Оғыз қаған» эпосындағы Оғыздың дүниеге келуі, батырлық бейнесі, оның ерлікке толы жорықтары мен «Күлтегін» жырынан ортақ ұқсастықтарды аңғаруға болады.

Осы сияқты көріністердің қазақ ауыз әдебиетінде де жиі ұшырасуы кездейсоқ ұқсастық емес, ол сандаған ғасырлық тарихы мен тағдыры тығыз байланысып жатқан түркі тайпалар туыстығының байланыстылығынан туындайтын құбылыстар болып саналады. Бұдан ежелгі түркілердің қасқырды кешендердегі тастан жасалған ескерткіштерде бейнелеуі, көк бөрі туралы аңыздары мен «Оғыз қаған» эпосы арасында, сондай-ақ түркі тектес халықтар мен қазақтың батырлық жырлары, т.б. әдебиет үлгілері арасында дәстүрлі көркемдік байланыстың, сабақтастықтың бар екендігі байқалады.

Орхон жазбаларында түркі әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін жазбагер:

Тәңірі қуат берген соң

Әкем қағанның әскері бөрідей бопты,-

деп оларды бөріге теңейді. Әрине, бұл жерде бөрі тотем ретінде бейнеленіп тұрмағаны анық. Қазақта ер жігіттің күшіне, ерлігіне риза болғанында «бөрім», «нарым» деп сүйсініп айтуы мен эпостарда батырдың ерлік іс-әрекетін бөріге теңеуінде жақындық белгілер бар. Осы құбылыс Орхон жазбаларында да сол мәндес болып келеді.

Эпитет пен метафораның хронологиялық жолмен туып, даму процесін қарастырған А.Н.Веселовский мен В.М.Жирмунский пікірлеріне сүйенсек, мифтік ұғымдар кейін келе ауыспалы, астарлы мағынаға ие болып, поэтикалық тілдің құрамына қосылады да, әр түрлі көркемдік тәсілдердің – эпитет, теңеу, метафоралардың қызметін атқара бастайды. Түркі қағанаты дәуірінде ежелгі түркілердің көк бөріге байланысты түсінігі – «алғашқы қауымға тән мифтік сананың жемісі көркем құралға айналды, бейнелілікке және метафораға негіз болды» [1, 24-б].

Бұл дәстүр кейінгі көркем фольклорда да кеңінен қолданылып отырған. Қазақтың батырлық жырларында да жауға қарсы әскер бастаған батырларды көк бөріге теңей сипаттау кең көрініс тапқан. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Қобыланды батыр өзінің қарсыласы Шошай хан туралы:

Көк шекпенді көк бөрі –

Қызылбастан хан Шошай, –

дейді. «Алпамыс», «Қобыланды» жырларындағы:

Қойға тиген қасқырдай

Сойып кетіп барады; («Қобыланды»)

Қойға тиген бөрідей

Талқандап қуып бөледі, («Алпамыс»)

деген жолдар сияқты бейнелеулер басқа да батырлық жырларда жиі кездеседі. Бұл ұқсастықтарды «Күлтегін» жазбасындағы:

Әкем қағанның қосыны бөрідей

Жаулары қойдай болыпты,

деген жолдармен салыстыра қарасақ, өзара байланыстың бар екендігі айқындала түседі. Осыған орай М.Жолдасбеков: «Ұнамды кейіпкерлерді бөріге теңеу түркі халқы бөріден тараған деген аңыздан шықса керек. Өзінің түп тегі санаған халық бөріні ерекше қасиеттеген. Қасқырбек, Бөрібек, Бөлтірік, Бөрібай тәрізді кісі аттарының өте көп болуы осыдан» [74, 83-б], - деп көрсетеді.

Бұл көркемдік дәстүр қырғыз халқының эпосы «Манаста» да көрініс тапқан. Онда Манастың келбеті мен күш-қайраты:

Көкірегі кең, шалқақ төс,  
Жауырыны кең, бекем бел.  
Айбаты басым, зәрі күш  
Піл мүшелі көрінед.  
Жолбарыс мойын, сом білек.  
Бөрі құлақ, ер жүрек  
Бөлекше түрі бар екен, -

деп сипатталып беріледі.

Сонымен қатар түрік тайпалары ежелден өз туына бөрінің бейнесін тоқып салатын, соғысқа шыққанда атының басына бөрінің бас терісін қаптап алатын болған.

Сүйінбай ақынның өлеңіндегі:

Бөрілі байрақ астында —  
Бөгеліп көрген жан емен!  
Бөрідей жортып кеткенде,  
Бөлініп қалған жан емен!

Бөрілі найза ұстаса,  
Түйремей кеткен жан емен!  
Бөрілі байрақ құласа,  
Күйремей кеткен жан емен

Бөрі басы – ұраным,  
Бөрілі менің байрағым.  
Бөрілі байрақ көтерсе,  
Қозып кетер қайдағым!

деген жолдар да сол ертеден келе жатқан дәстүрден көрініс береді.

Сол сияқты «Иттің иесі болса, бөрінің Тәңірісі бар» деген мақалдан да қазақ халқының бөріні қасиеттей қарағанын байқауымызға болады.

Бұл символика (көк түс, көк бөрі) түркілердің ұлттық этнопсихологиясына мықтап сіңіп, халықтық дәстүрге айналған [32, Б. 38-39]. «Көк түрік», «көк тәңірі», «көктің ұлы», «көк бөрі» сияқты ұғымдар мен туымыздың көк түсті болуының арасында дәстүрлі таным-түсініктердің осылайша өзара сабақтасып жатқанын көруімізге болады.

Орхон ескерткіштерінің фольклорлық жанрлармен байланысының, дәстүр жалғастығының бір қыры олардың *ежелгі аңыз-әңгімелермен* сабақтастығынан да байқалады.

Түркілердің ерлік эпостарының өмірге келуінде тарихи тұлғалар жайындағы аңыздардың ерекше орын алғаны анық. Зерттеушілердің

пікірінше, сол көне дәуірдің өзінде-ақ қазіргі Қазақстан мен Орта Азия жерінде ғұмыр кешкен тарихи тұлғалар туралы, елдің тәуелсіздігі үшін күрескен, негізгі идеясы ел-жұртын сыртқы жаудан сақтап қалу үшін айқасқан батырлардың ерлік істерін мадақтайтын, халықты ынтымақ, бірлікке үндейтін ғажайып аңыз- әңгімелері, дастандары аз болмаған.

Қазақ халқының арғы ата-бабалары болып саналатын түркілердің әлемдік мәдениетке қосқан үлесі туралы кезінде академик Ә.Марғұлан: «Қазақ халқына көп ғасырдан бері мұра болып келе жатқан ғажайып аңыздарды, мазмұны ертегіге айналған терең мифтерді, жан күйін көкке сермейтін асқақ ерлік жырларын, фәлсафалық қария сөздерін тереңнен алып қарасақ, онда бүкіл дүние мәдениетіне қосылатын бір үлкен сәулетті сыр бар екені көрінеді. Бұл жойқын шығармалардың ту баста келіп шығуының өзі бір жарқын дүние» [32, 5-б], - деп көрсеткен болатын.

Халқының тәуелсіздігі үшін күрескен ерлердің батырлық, ерліктерін көркем сөзге арқау ету дәстүрінің түркі халықтарында ерте замандардан бастау алатындығына ежелгі сақтар, ғұндар туралы айтылатын қытай, грек сияқты өзге халықтардың ежелгі дәуірлерде хатқа түскен жазбаларындағы Тұмар патшайым (Томирис), Шырақ батыр (Ширақ), Мөде батыр туралы аңыз-әңгімелер мен т.б. деректер де дәлел болады.

Ғұлама ғалым Ә.Марғұлан да кезінде «Түркі, монғол тайпаларының ертегі мен эпосының түп-тегі сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, көк түріктер заманынан басталып, X-XVIII ғасырларға дейін үздіксіз дамуда болған» деген пікір білдірген [30, 117-б]. Р.Бердібай, А.Егеубай сияқты ғалымдар да жыр мен аңыздағы ерлік дәстүрінің бастауының сақ, ғұндар дәуірінен саға тартатынын айтады.

Сақ, ғұн дәуірлеріндегі тарихи тұлғалар – Тұмар патшайым (Томирис), Шырақ батыр (Ширақ), Мөде батырлардың елінің тәуелсіздігі үшін жанын құрбан етуге даяр болған ерліктерін баяндайтын аңыз-әңгімелердің де батырлық жырлардың қалыптасып, дамуы мен Орхон жырларына әсері болғанына күмән келтірмейміз.

Ерлікті мадақтайтын ежелгі аңыз-әңгіме, жырлардың Түркі қағанаты дәуірі әдебиетіне әсері, сабақтастығы жөнінде ғалым Н.Келімбетов: «Күлтегін» және «Тоныкөк» сияқты ғажайып дастандардың ғайыптан, өзінен-өзі өмірге келуі мүмкін емес. Демек, бұл дастандарды жазған Йоллығтегін өзінен бұрынғы түркі поэзиясының көркем сөз дәстүрін жақсы меңгерген ақын. Басқаша айтсақ, Йоллығтегін сақтар мен ғұндар дәуірінің «Алып Ер Тоңға», «Оғыз қаған», «Аттила», «Шу», «Көк бөрі», «Ергенекон» сияқты дастандарды үлгі тұтқан» [14, 11-б] деген тұжырымды пікір айтады.

Түрік ғалымы Н.С.Банарлы өзінің «Түрік әдебиетінің тарихы» атты зерттеу еңбегінің түрік әдебиетінің исламға дейінгі дәуірін қарастырған бөлімінде «Алып Ер Тұңға», «Шу батыр», «Оғыз қаған», «Атилла», «Көк Түрік», «Көк бөрі» («Bozkurt»), «Ергенеқон», т.б. ежелгі аңыз-әңгіме, жыр-дастандардың қысқаша мазмұндарын келтірген [75, Б. 11-39]. Онда ғалым бұл туындылардың біразының жалпы сюжеттік желісі мен жеке үзінділері ғана сақталғанын да ескертеді.

Сол сияқты Ниһал Атсыздың «Түрік әдебиеті тарихы» [76, Б. 35-75], Шүкрү Елсіннің «Халық әдебиетіне кіріспе» («Halk edebiyatina giris») [77, Б. 73-98] еңбектерінде де «Алып Ер Тұңға», «Шу батыр», «Ергенеқон», «Оғыз қаған» аңыз-әңгіме, жырларының қысқаша мазмұндары берілген. Сақ, ғұндар дәуірінен жеткен аңыз-әңгіме, жырлардың мәтіндері бізге толық түрінде жетпегендіктен олардың Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиетпен байланыс қырларын толық мәнінде айқындай алмасaq та, олардың арасында дәстүр сабақтастығының барын аңғаруымызға болады.

Орта ғасыр ғалымы Махмұт Қашқаридың «Түрік сөздігінде» сөздіктегі сөздердің мағынасын айқындау мақсатында көптеген әртүрлі фольклор үлгілері келтіріледі. Солардың ішінде ежелгі ерлік, жорық жырлары үзінділері, аңыз әңгімелер де бар. Солардың бірі – Шу батырға байланысты аңыз.

Н.Келімбетов «Шу батыр» дастанынан үзінділер аударып, мысалдар келтіре келіп: «Шу батыр» дастаны – қазіргі түркі тектес халықтардың арғы тегі саналатын, көне тарихқа біздің заманымыздан бұрынғы ежелгі дәуірлерден сақ және ғұн тайпаларының шежіресін аңызға айналған тарихи деректер бойынша жыр еткен ерлік эпосы [14, Б. 25-27]. ...Сақтар дәуірі ауыз әдебиетінің ғажайып үлгісі болып табылатын Шу батыр жайындағы дастан өзінен кейінгі түркі жазба әдебиетінің қалыптасуына зор әсер етті» [1, 31-б] деген пікір айтады.

Ғалым осы еңбегінде «Шу батыр» дастаны мен «Күлтегін» жырын салыстыра келіп екі батырдың да (Шу батыр, Күлтегін. А.Қ.) шайқас алдында Көк Тәңірден демеу, күш-қуат, медеу сұрауын, екеуінің де «Аш халықты – тоқ еткенін, аз халықты – көп еткенін» мақтаныш етіп айтатынын, екеуін де оқ өтпейтін, қылыш кеспейтін етіп бейнелейтінін, «Шу батыр» дастанында да Орхон жазбаларындағыдай, т.б. орта ғасыр жазба әдеби ескерткіштеріндегідей мазмұндас, сарындас кейбір мақал-мәтелдер, қанатты сөздер («Жау жағадан тартқанда – бөрі етекпен тартады», «Көз қорқақ – қол батыр», «Тіл – тас жарады, тас жармаса бас жарады», «Сабыр түбі – сары алтын», «Ат жемейтін ащы шөптің шыққанынан гөрі шықпағаны жақсы. Ал, әке-шешесіне қайырымы

жоқ баланың туғанынан гөрі тумағаны жақсы», т.б.) ұшырасып отыратынын, ежелгі түркі тайпаларының сан ғасырлық ауыз әдебиеті мен түркі халықтары жазба әдебиетінің алғашқы үлгілері арасындағы мазмұн, форма, стиль бірлігінің бар екені жөніндегі ойларын жазған [14, Б. 32-33].

Осы сияқты ежелгі түркі эпикалық туындыларының бірі – «Ергенекон» дастаны.

Халқымыздың ең қымбатты да ардақ тұтқан қасиеттілерінің бірі – ата-бабасының табаны тиген, сүйегі жатқан, кіндік қаны тамған жері, атамекені, туған өлкесі. Киелі мекен санаған туған жерді дұшпанға алдырмау, қызғыштай қорып оған жау аяғын тигізбеу, ол үшін ерлікпен күресіп жанын қию халқымыздың ежелден келе жатқан қымбат дәстүрлерінің бірі. Осы дәстүрді ардақтау халқымыздың фольклорындағы көптеген жанрлық түрлеріне, көркем туындыларына арқау болып отырған.

Ғалым А.Қыраубайқызының сөзімен айтсақ: «Қазақ үшін намысына тиетін сөздің ең үлкені – оң жақта әлпештеген қызының жау қолында кетуі, ата-баба моласының аяқ асты болуы, өз елін тастап, басқаның қолтығына кіруі. Бұрынғы қазақтар осы үш нәрседен қатты сақтанған... «Басқа елде сұлтан болғанша, өз елінде ұлтан бол» деуі, Абайдың «Өлген мола, туған жер жібермейді» деуі де содан» [73, 19-б].

Ежелгі түркілердің ата-бабаларының сүйегі жатқан туған өлкесін ерекше құрметтеп, өсіп-өнген жерді қасиетті санап тағзым етіп бас иіп, оны қорғау үшін жан аямай күресу дәстүрінің көрінісін «Ергенекон» дастанынан да көруге болады.

Зерттеушілердің пікірлеріне сүйенсек, түркі халықтарының шығу тегін, түрлі тайпалық топтарға бірігуін, көне кәсібін, өмір сүру салтын аңыз-эпсаналар мен жекелеген тарихи деректер бойынша жыр еткен, бізге толық күйінде жетпеген «Ергенекон» дастаны – ғұндар мемлекеттік бірлестігі ыдырап, Көк Түріктердің алғашқы мемлекеті – Түрік қағанаты құрылған кезеңге дейінгі аралықта 450 жыл ішінде болған оқиғаларды қамтитын, түркі халықтарының ата-тегін түрлі аңыз-эпсаналар бойынша жыр еткен ежелгі түркі фольклоры үлгілерінің бірінен саналады. Бұл туралы деректер ғұлама ғалым Ә.Марғұлан жазбаларында да кездеседі.

Енді «Ергенекон» дастанының сюжеттік желісіне негіз болған аңыз-эпсаналар мен тарихи деректерге тоқталып көрейік. Ол жөнінде ғалым Н.Келімбетов мынадай ойлар айтады: «Бізге қытай, иран, грек тарихшылары арқылы жеткен аңыз бойынша, ғұндар өз жауларынан жеңіліп, халқы түгел дерлік қырылып, жалғыз бір бала аман қалыпты. Жау әскері оны өлтіруге қимай шөбі шүйгін бір көл жағасына тастап

кетіпті. Баланы Көркем көл (Ыстық көл) маңайында жүрген бір бөрі асырайды. Аңшылар соңынан түсе берген соң әлгі бөрі баланы алып, Алтай тауына қарай кетіп қалады.

Бөрінің баланы асырап алған жері Ергенекон деп аталады» [14, 58-б].

Түркілердің ата-тегі туралы айтылатын бұл әпсана жөнінде академик Ә.Марғұлан мынадай ойлар айтқан екен: «Ең таңсығы Ергенекон алабы, жан-жағын биік таулар қоршап алған кең алқап, қандай жау болса да таудан асып түсе алмайтын мықты бекініс, іші толған байлық, шөбі, суы орасан көп. Бөрінің қаншығы осы арада бекініп, баладан он ұл көтереді. Соның бірі ғұн ұрпағы – Ашина. Түрік қағанатын бірінші рет басқарған ғұн ұрпағы Шене (бөрі) — ақылды, кемеңгер, ойшыл кісі болған, Тоныкөкке ұқсас. Өзінің ерекшелігін білдіру үшін ордасының қақпасына бөрі басты сурет салынған ту байлатып қойған» [78, 8-б] дей келіп ғалым бұл дастанда айтылатын дәуір оқиғаларының тарихи шындығы жайында да: «...біздің заманымыздан үш ғасыр бұрын – Қытай өкіметі ғұндарға қарсы жойқын соғыс ашып, алты жүз жыл өткенде оларды қиратып бітірген. Бостандықты жақсы көретін ғұндар Алтай тауының, Жетісудың төңірегіне жиналып, суармалы егін егіп, тау-кен жұмысымен шұғылданады..., 350 жыл өткен соң ғұндардың қалғандары жаңадан көтеріліп, VI ғасырдың орта кезінде Түрік қағанатын құрады. Түріктердің бұрынғы аталары Күнбатыс теңізінің жоғарғы жағында тұратын. Олар ғұндардың бір ұлы тайпасы еді» [78, 8-б], - деп тарихи негіздерінен деректер келтіреді.

Бұл дастанда Ергенекон елінің әміршісі, алып батыры Бөрте Шене (бөрі) Орхон жазбасындағы Білге қағанша қарамағындағы халқына:

– «Уа, қасиетті Көк Бөрі ананың ержүрек оғландары (ұландары) мен әулеті! Менің айтар сөзімді пайымда, жақсылап ұғып ал! Біздің ата-бабаларымызға қадым замандардан бері осы Ергенекон жері құтты мекен болған. Арада көп жылдар өтті. Көк Тәңірі бізді қолдап, өстік, өндік, көбейдік. Бұл үшін киелі Ергенекон жеріне бәріміз бас иіп, тағзым етейік. ...Табғаштарды жерімізден қуып шығарайық. Сөйтіп, кек қайтарайық, жер қайтарайық!» - деп үндеу – сөз айтады.

Одан әрі қарай дастанда Бөрте Шене сөзін күллі халықтың қалай қолдағаны, алыс сапарға әзірлік, биік таулардан көштің шыға алмай тұйыққа тірелгені, сонда бір темірші ұстаның жетпіс түйе терісінен үлкен көрік жасағаны, сол арқылы темір тау бөктеріне көмір жағып, ақыры тауды ерітіп салынған жолмен керуеннің өткені, туған жерге жеткені, төрт жүз жылдан кейін табғаштардан кек қайтарғаны, «Түрік қағанаты» атты мемлекет құрғаны жырланады [14, Б. 56-57].



Бұл дастан (аңыз) мен Орхон ескерткіштерінде кездесетін ортақ ұқсастық, сабақтастық ретінде олардағы Көк Тәңірін, көк бөріні құрмет тұтуының көрініс табуын, сонымен қатар өсіп-өнген жерді қасиетті санау, ол үшін жан аямай күресу, қорғау жөніндегі негізгі ойлары, көркемдеу тәсілдеріндегі арнау сөз үлгілерінің кездесулерін, т.б. ерекшеліктерді айтуымызға болады.

Осы дәстүр, яғни туған жерді қасиетті де киелі мекен ретінде құрметтеу белгісі Орхон ескерткіштерінде де қасиетті қонысы – Өтүкен туралы айтылып, кеңінен көрініс табады. Ежелгі түркілердің туған жерді қасиетті деп құрметтеулерінде де ежелгі мифтік ұғым көріністері бар [1, 237-б].

Енді осы айтылған мәселелердің Орхон ескерткіштері жазбаларындағы көріністерінен мысалдар келтірейік.

Орхон өзені бойында Күлтегін кешенін орнатқан жердегі ұстын таста Білге қағанның: «Бұрын да қасиетті, киелі жер еді, енді міне, оның үстіне киесі асқақтады» деген сөзі қашалып жазылған.

Сол сияқты «Күлтегін» жазбасында тағы да:

О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы, бардың.  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың,  
Барған жерден не пайда таптың? [79, 117-б], -

дей келіп:

Өтүкен қойнауында отырса,  
(онда) елде мұң жоқ [74, 44-б]

Өтүкен қойнауының нағыз иесі жоқ еді,  
Бірақ ел тұтатын жер осы  
Өтүкен қойнауы еді [74, 44-б].

Өтүкен жерінде отырып  
(Қазынаға) керуен жіберсең,  
Еш мұңың жоқ.  
Өтүкен қойнауында отырсаң,  
Мәңгі елдігіңді сақтайсың сен,  
Онда түркі халқы тоқ [74, 45-б].

деп, Өтүкен қойнауын асқақтата жырға қосып, бірнеше мәрте қайталай еске алып отырады.

Ал «Тоныкөк» жырында Түркі қағанатының кемеңгер ақылшы шешені, қол бастаған көсемі Тоныкөк өздерінің Өтүкен қойнауына қалай келгені, түркілердің сол жерге қалайша топтасқаны жөнінде:

Қағаным, мен өзім – білге  
Тоныкөк.

Өтінген өтінішімді тыңдады:  
Көңіліндегіше баста, - деді.  
...Өтүкен қойнауына бастадым [79, 132-б].

Түркі халқы Өтүкен жеріне  
Келді дегенді,  
Мен өзім – Тоныкөк  
Өтүкен жеріне енді дегенді есітіп,  
Түстік халықтар, батыстық, терістік,  
Шығыстық халықтар келді [79, 132-б] –

деп деректер береді.

Тағы да сол «Тоныкөк» жазбасында:

Тәңірі Ұмай, қасиетті жер-су  
Жеңіс берген екен.  
Көп (екен) деп неге қашамыз,  
Азбыз деп неге қорқамыз.  
Неге басындырамыз? [79, 138-б]

деген жолдар құлпытасқа ойылып жазылған.

Міне, жазбаларда осылайша бейнеленгеніндей ежелгі түркілерді олардың сенімінде Тәңірімен қатар Қасиетті жер-су (Өтүкен) да демеп отырады. Орхон жазбаларында осылайша мәңгі тасқа қашалып жазылған сөздеріндегідей түркілердің Өтүкенді құтты мекен, киелі жер ретінде құрметтейтіні, сонымен қатар ежелгі таным-түсініктерінің ізі де көрініс тапқан.

Хандық дәуірдегі Асан қайғының халыққа жайлы мекен, жақсы қоныс іздеуі туралы эпсана мен қазақ халқының шұрайлы өлке – Жиделі-Байсынды армандап іздеуінде ежелгі түркілердің Өтүкен туралы ой-толғам, танымдарымен астасып жатқандығын байқауға болады. Ол жөнінде профессор Б.Рахымов: «Шөбі шүйгін жер, ешбір жау алмайтын қоныс, адамы жүзге келмей өлмейтін мекенді табу кейін де жалғасты. «Ақтабан шұбырынды кезіндегі Өтеген батыр мен Олжабай батырлардың жырдағы қоныс іздеуі, бүкіл қазақ жерін шарлауы, оның шежірелей беруі соның дәлелі» [80, 33-б], - деп көрсетеді.

Бұл құбылыс «Алпамыс батыр» жырында Жиделі-Байсын суреттерін бейнелеуінен де аңғарылады.

Жырда Жиделі Байсын былайша мадақтай:

Байсын деген өзені,  
Жиделі байтақ қаласы.  
Жаз – жайлауға, қыс – қыстауға,  
Жер еді артық саясы...  
Байбөрі деген бай шықты,

Тоқсан мың екен қарасы.  
Мұрындық, ноқта тимеген,  
Түйешілер мінбеген  
Сексен мың екен маясы.  
Шұрқырап жатқан бір жылқы,  
Есебі жоқ көп жылқы  
Жиделі-Байсын даласы [81, 88-б]

деп бейнеленеді.

Кейінгі дәуірлерде халық мәңгі алаңсыз мекендейтін шөбі шүйгін жер, жау аяғы жетпейтін қоныс, адамы жүзге келмей өлмейтін мекен іздеу Қорқыттың Жерұйықты, Асан қайғының Жиделі Байсынды іздеуіне, халықтың арманы көрініс тапқан аңыз-эпсаналарына ұласқан. Елдің мәңгілігін сақтау, тәуелсіздік аңсары ел мен жер үшін күрескен ерлерін ардақтаған ерлік, қаһармандық жырларында, қазақ хандығы дәуірлердегі жыраулар мен ақындар шығармаларында да дәстүрлі жалғастығын тапты.

Ежелгі түркілердің ұғым-түсінігі бойынша Тәңірі мен Ұмай ана түркілерді айрықша жаратқандықтан, ол ешқашан да ешкімге құл мен күң болмауға тиіс деп саналған. Сол сенім мен мақсат жолында жан аямас ерліктерін көрсетіп, сол ерліктерін «Күлтегін», «Тоныкөк», «Құла Шор», «Тариат», Талас, Орхон, Селенгі ескерткіштерінде «мәңгі тасқа» жазған.

Құнарлы жердің ғана нәрлі өнім, жеміс беретіні сияқты кейінгі дәуірлерде өркен жайып дамыған ұланғайыр жырларымыздың бастау көздері болып саналатын көркем сөз үлгілерінің жоғарыда аталғандарынан да көп болғанына шүбә келтірмейміз.

Ежелгі мифтер, сақ, ғұн дәуірлеріндегі ежелгі түркі аңыз-әңгімелеріндегі басты идеялар мен сарындар, көркемдік тәсілдер эпикалық дәстүрдің кейінгі дәуірлерде орнығуы мен дамуына, Түрік қағанаты тұсында жазылған ерлік жырларының тууына, жазба әдебиетіне де үлгі болғаны анық. Олардағы ізгі идеялар мен таным-түсініктер, көркем бейнелеулер тәсілдерінің кейбір үлгілері Орхон жырларында, кейінгі дәуірлердегі қазақтың қаһармандық жырларында да дәстүр жалғастығымен сабақтасты.

### **1.3 Эпос сарындары**

Эпикалық туындылар үлгілері түрінде тасқа түскен Орхон жазбаларының жанрлық ерекшелігін айқындаудың да өзіндік тарихы бар.

Көп жылдар бойы Орхон ескерткіштерінің жанры туралы өзара қарама-қайшы екі түрлі көзқарас орын алып, біршама уақыт

әдебиетшілер, тілшілер, тарихшылар, т.б. ғалымдардың арасында алуан түрлі пікір таластарын тудырып келгендігі белгілі. Олардың бірінде – «Күлтегін» және «Тоныкөк» жазба ескерткіштері көркем әдебиетке, соның ішінде поэзияға еш қатысы жоқ, Түркі қағанатының дәлме-дәл жазылған тарихы деп қаралса, екінші көзқараста – бұл жазба мұраларда поэзиялық туындыға тән барлық белгілері бар, ежелгі түркілердің өзіндік әдеби дәстүріне негізделген көркем туынды деп танылды.

Көркем әдеби туынды екендігі қазіргі кезде әбден айқындалған бұл ескерткіштерді тарихи еңбектер санатына қосқан ғалым А.М Щербак «...Это надписи по своему характеру не являются поэтическими произведениями» [82, С. 145-б] дей келіп, тарихи деректер жиынтығы деген тұжырым жасады. Белгілі түркітанушы Л.Н.Гумилев те тарихи шежіре ретінде қарастырып отырса да, оның әдеби туынды екенін жоққа шығармай, Орхон ескерткіштерін жанры жағынан көркем публицистикаға да жақындығы жөнінде ой-пікір білдірген екен. Сондай-ақ, ғалым Күлтегін ескерткішіндегі деректердің барлығының бірдей тарихи шындықпен сәйкес келе бермейтіндігін, тарихи деректердің толық еместігін де ескертеді. Жазбадағы Күлтегін батырдың мадақталатын бөлімін оның тірі кезінде-ақ туған әдеби шығарма, құлпытасқа лайықталып пайдаланылған үгіттік өсиет сарындағы үндеу мәтіндері деген пікір айтқан [83, Б. 335-336].

Айта кететін бір жайт – «Күлтегін» жырының басында айтылатын:

Биікте көк тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда  
Екеуінің арасында адам баласы жаралған  
Адам баласы үстінде ата-тегім

Бумын қаған, Істемі қаған отырған [79, 110-б], -

деген жолдарға сүйене отырып, ғалымның түріктерде (түркілерде) «дүниенің бастауы дәл біздің жыл санауымыздың VI ғасыры деп белгіленген. Демек, оның тұсында дүниенің жаратылғанына не бары 200 жыл ғана болған. ...Шыңғысхан монғолдары түріктер жөнінде ешнәрсе білмегені сияқты хұндардың ұрпақтары – түріктер де өздерінің ата-бабалары жөнінде ешнәрсе білмеген» [83, 340-б] деген пікірді айтуын жазбалардың көркем әдебиетке тән ерекшелігін, олардың фольклормен байланысын, фольклорлық дәстүрді ескермегендігінен деп түсінеміз.

Осы сияқты Орхон жазба ескерткіштерінен тарихи нақты деректерді іздеуді С.Кляшторный еңбектерінен де кездестіруге болады.

А.Щербактың бір кезде Орхон ескерткіштерін қысқаша тарихи деректер деп танып, прозалық туынды деген кесімді шешімі де бұл бағыттағы зерттеулердің одан әрі өрбуіне кедергі келтірмеді.

Ә.Марғұлан «Түркі, монғол тайпаларының ертегі мен эпосының түп-тегі сақ, ғұн, үйсін, қыпшақ, көк түріктер заманынан басталып, Х-ХVIII ғасырларға дейін үздіксіз дамуда болған» дей келіп: «VI – VIII ғасырлардағы халық фольклорында эпостық поэзияның Орхон ескерткіштерінде жазылып қалдырған ең ертедегі ақындық тәсілдері мен дәстүрлері белгілене бастаған. Бұл поэзияның элементтерін Күлтегін мен Білге хан басындағы құлпытастарда жазылған жазулардан көруге болады. Бұл жазулардың тексті эпостық әңгіме стилінде жазылған» [30, 117-б], - деп көрсетеді.

Ғұлама ғалым М.Әуезов те кезінде бұл жазуларда эпостық аңыздардың шағын да ықшам фабулалық желілері бар екенін айтқанды. Жазушы-ғалым: «Олардың мазмұнында эпостық баяндау сазы басым. Тіпті сол жазулардың бірталайында Күлтегіннің ежелгі жырлардағыдай жеңілуді білмейтін батыр болғандығы баяндалады. Ол жазуларда хронологиялық тәртіп те бар. Күлтегіннің он алты жастан қырық жеті жасына дейін, яғни өлгенге дейінгі өміріндегі ерлік қимылдары баян етіледі. Мұнда батырдың жас шағынан бастап, өмірінің ақырына дейінгі ерліктерін жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрылысында ұқсастық бар» деген пікір айтқан [84, 136-б].

XX ғасырдың 2-жартысына дейін Орхон жазба ескерткіштерінің жанрлық сипатына қатысты толымды да тиянақты пікір кеңестік саясаттың әсерінен кеңестік түркологияда айтылған жоқ десек те болады. Кезінде орыс ғалымы И.В.Стеблева Орхон жазбалары жөнінде «В жанравом отношении их можно рассматривать как историко-героические поэмы» [3, С. 8] деген тұжырымға тоқталып, тұтастай поэзиялық туынды ретінде қарастырып, оларды таза поэзияның үлгілері деп таныған. Ол жөніндегі ой-пікірлерін алғаш рет 1963 жылы «Народы Азии и Африки» журналында жариялаған «Орхон – Енисей түріктерінің поэзиясы» атты мақаласында мәлімдейді. Кейін осы тұжырымдарының негізінде арнайы ғылыми зерттеу еңбегін жазды. Ол кейінгі дәуірлердегі классикалық әдебиеттің өркен жаюына ықпал еткен поэтикалық жырлардың қалыптасуы мен дамуына Орхон жазба поэзиясының да әсері болғаны жөнінде қорытынды жасайды. Ғалымның кейбір тұжырымдарына Қ.Өмірәлиев, М.Жолдасбеков, М.Мырзахметұлы сияқты т.б. қазақ ғалымдары тарапынан біршама сын пікірлер айтылды.

И.В.Стеблеваның шығарманың табиғатын, құрылысын, стилін негізінен сақтағанымен ескерткіштегі ұйқасты жолдарды төрт жолды

бір шумақ өлеңге бағындырып, тұтастай поэзия деген тұжырымын, т.б. ойларының кейбір кемшін тұстарын ғалым М.Жолдасбеков Орхон ескерткіштерін зерттеген өзінің іргелі зерттеу еңбегінде [13] нақтылы дәлелдермен көрсетті.

Әйтсе де И.В.Стеблеваның Орхон ескерткіштерін көркем туынды – поэзия ретінде қарастырған еңбегі, тұжырым-ойлары ол ескерткіштерді әдеби мұра ретінде қарастыруға, жаңа ғылыми тұжырымдардың жасалуына біршама негіз болды.

Қазақ әдебиеті тарихының ежелгі дәуірлердегі мұраларының зерттелуі қазақ ғылымында кенжелеп қолға алынғандығы белгілі жайт. Ол жөнінде ғалым Б.Кенжебаев «Қазақ әдебиеті тарихын дәуірлеу мәселелері» атты мақаласында (1955) бұл мәселені қолға алуға 40-жылдары саяси идеологияға байланысты мүмкіншілік болмағанын, 50-жылдары ғалымның бұл пікірін С.Е.Маловтың қолдап, «бұл мәселені қазақ ғалымдары алдында тұрған күрделі проблема» деп айтқанын, М.Әуезов, Ә.Марғұлан сияқты ғалымдарымыздың «ауызекі әңгімеде қолдап жүргенін», бұндай қолдаулардың бұл проблеманың шешілуіне, концепцияның орнығуына аздық еткенін жазған болатын.

Ол жөнінде ғалымның өзі «Әдебиет тарихын зерттеудің кейбір мәселелері» атты мақаласында (1984) «Қазақ әдебиетінің тарихы қайдан басталады?» деген мәселе төңірегінде... өмірімізді сарп етіппіз. Қайтесің, ғылым балаңдығы. Ұлттық психологиямыздың өзгешелігі» [85, Б. 50-51] деп қынжыла жазады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында Орхон жазба ескерткіштерінің, яғни «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазба ескерткіштерінің әдеби жанры туралы талас пікірлер – поэзиялық немесе прозалық шығарма екендігі жөніндегі мәселе әлі де белгілі бір шешімін тапты деп айта алмаймыз. Енді осы пікірлердің біразына тоқталып өтейік.

Орхон жазба ескерткіштерін әдебиет нұсқасы деп атап, алғашқы болып қазақ ғылымында ғылыми еңбек жазған М.Жолдасбеков: «Көне түркі руналарын өлең жолына түсіріп, ақындық өнердің үлгісі деп танып, алғаш рет композициялық, жанрлық, стильдік тұрғыдан тексерген И.Стеблеваның монографиясындағы батыл да бағалы тұжырымдарды ескеру қажет», - дей келіп, ғалым жазбаны аударуда автордың рухын, стилін сақтауды мақсат еткенін, сондай-ақ, жазудың әрбір жолын, ұйқасын, буын санын өзгертпеуге тырысқанын, ескерткіштің тек қана өлеңге құрылмағанын, арасында қарасөз араласып келетін «Алпамыс», «Қобыланды» секілді эпикалық жырларды еске салатынын айтады. Ғалым шығармадағы эпостарға тән белгілер, мотивтерді мысалға келтіре отырып, Күлтегіннің ерлік жорықтары қазақтың төл жырларының кейбіреуіне арқау болуы

мүмкін деген пікір білдіреді. Орхон ескерткіштеріне эпостың шығу төркінін анықтауға септігін тигізетін құнды материал ретінде де қарап, «Қазақ халқындағы бай жыр дәстүрдің негізі сол Орхон ескерткіштері – түркі халықтары тарихының көне деректерінің әсерлі желісін жеткізген, эпикалық шығармалардың шағын фабулалық өрістерін қамтыған *тарихи ерлік жырлардың ең әдепкі үлгілері*» [13, 86-б] деп тұжырымдайды.

Ғалым Ә.Қоңыратбаев та кезінде Орхон жазбаларын *жазба эпос* деп пайымдаса [8, 86-б], Т.Қоңыратбаев «*қаһармандық эпос жырларының көне үлгісі*» [23, 20-б], - деп көрсетеді.

Ал фольклортанушы С.Қасқабасовтың пікіріне ден қойсақ, «*Бұл мәтіндер өзінің мазмұны мен стильдік көркемдік қасиеттері жағынан ерте заманғы жырдың үлгісі болып есептеледі*» [1, 319-б].

Ежелгі дәуірлердегі түркі әдебиетін зерттеуге өзіндік үлесін қосып жүрген ғалым Н.Келімбетов те «Күлтегін», «Білге қаған» және «Тоныкөк» жазба ескерткіштерін жылнама шежіре емес, қазақтың ерлік пен елдікті жырлаған *қаһармандық жырларының алғашқы үлгілері, тарихи тақырыпқа жазылған дастандар*» [14, 94-б], «сол дәуірдің өзіне тән поэзиялық дәстүрімен жазылған әдебиет үлгілері деген түйін жасаймыз» [50, 98-б], - дейді.

Осы сияқты пікірді Х.Сүйіншәлиев те айтады. Ғалым Орхон жазуының негізгі түрлері құлпытастарға ойылып жазылған жазба түрінде сақталғанын айта келіп: «...әсіресе түркі қағандары – Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк басына қойған құлпытастарға өте мәнерлі жазу қолданған. Бұларды тасқа жазылған кітап деуге әбден болады» [11, 26-б], - деп бағалайды.

Белгілі түрколог А.Аманжолов «Түркі филологиясы және жазу тарихы» атты еңбегінде Орхон ескерткіштерінің жазуы, тіліне кеңінен тоқтала келіп, олардың идея, сюжет, мазмұн, стиліне қатысты ойларын да жазған. Бұл ескерткіштердің әдеби сипаты, мазмұны жөнінде: «Орхон ескерткіштеріне тән мазмұн ... оқиғаның басты қаһарманы эпос кейіпкерлері деңгейіндегі хан мен ханзадалар әулетін, оларға мирас болған билік пен жеңімпаздық рухты мадақтауға арналады. Сондықтан, олар жауын тас-талқан етіп жеңіп, басын идіріп, тізесін бүктіріп құрту, жою деген стандартты шешімдегі фольклорлық шығармаға тән сюжетте келеді» [86, 141-б], - дей келіп, оларға сын көзбен қарап, тарихи шындықты мәліметтерге қарай отырып анықтауды, кешенді түрде зерттеудің қажеттігін ескертеді. Мәтіндегі кейбір оқиғалардың тарихи деректерге сәйкес келе бермейтіні жөнінде, тарихи деректер, белгілі бір оқиға сілемдері сақталғанымен, олардың әсірелей суреттеліп «*тарихи шығармаға*

*бейімдей жазылған туынды*» [86, Б. 86-87] екендігі жөнінде пікір білдіреді.

Ал ғалым Т.Тебегенов «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазбаларын «поэзиялық-эпикалық шығармалар» дей келіп, оларда «түркі халықтары шежіресінің лирикалық және қаһармандық-эпостық баяндау түрінде жырланғанын» айтады [16.28-б].

Орхон ескерткіштерін тілдік тұрғыдан зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым Ғ.Айдаров та олардың жанры жөнінде де ой-пікірін білдірген екен. Ғалым: «Орхон-енисей ескерткіштерін поэзия түрінде жазылды дегенді мақұлдай беруге болмайды. Ол дәуірдегі фольклордың, әдебиеттің, ауызша поэзияның сипаты қандай болды деген сұраққа жауап бере алмайды», - дей тұрса да [10, 29-б], «орхон ескерткіштері VI-VIII ғасырлардағы түркі тайпаларының тарихынан, мәдениетінен, әдебиетінен әдет-ғұрпы мен күн көру тұрмысынан, дәстүр, сатсанасына толып жатқан құнды деректер беретін *тарихи әңгімелер* болып есептелінеді». «...поэзия да, творчестволық өлең немесе жыр да емес, кейбір зерттеушілер айтқандай, поэма да емес, ол түрік қағандары мен бектерінің бастарынан кешкен ерлік жорықтарын баяндайтын *көркем тарихи шығарма, баяндау үлгісіндегі тарихи әңгімелер*» [10, Б. 29-32] деп, олардың әдебиетке белгілі дәрежеде қатысы бар екенін де жоққа шығармайды.

Осындай тұжырымға келген Қ.Өмірәлиевтің пікірлері де төмендегіше болып келеді. Ғалым «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштерінде «поэзияға тән, соған жақын үзіктер», фольклорлық үлгілердің бар екендігін айта отырып, Орхон ескерткіштерін «...өз дәуірінің мәдени бірден-бір тілдік мұрасы. Бірақ олар тұтас күйінде бір стильде туған поэзия емес... VIII ғасыр ескерткіші «Күлтегін» мен «Тоныкөк» тұтас алғанда «мен» арқылы баяндалатын шежіре, қағандар мен алыптардың қаған қасындағы Асанқайғы, Бұқар сипаттас шешендердің (білгелердің) жорықтары мен ел басқару ісін баяндайтын шежіре» [12, 18-б], «...түрік тайпаларының сол тұстағы атақты қағандары мен батырлары Білге (қаған), Елтеріс (қаған), Күл (тегін), Тон (ұқық) т.б. жорық жолдары – ішкі бәсекесі, сырт елдерге шеруі, тәуелсіз ел болу жолындағы күресі әңгімеленетін тарихи шежіре» [12, 30-б]. «...*поэзия да емес, түрк қағандары мен батырларының ерлік жорықтарын баяндайтын шежіре ғана*» [12, 37-б]. ... «Тонұқық», «Күлтегін», «Могилян» сияқты ескерткіштер – жазба әдеби нұсқалар. *Олар хан жарлықтары мен шежіренің алғашқы үлгі нұсқалары*» [12, 45-б] деп бағалаған.

Ал белгілі ғалым Р.Бердібай олардың жанры жөнінде: «Зерттеушілердің көбі Орхон-Енисей жәдігерлерінің тарихтық, шежірелік сипатын баса көрсетеді. Мұнда VI-VIII ғасырлардағы түркі



мемлекетінің ішкі, тысқы жағдайлары, бірлесіп қуатты елге айналған тұстары да, ыдырап, берекесі кетіп, айлалы жаудың тұзағына түскен, құрып кетуге жақындаған кезеңдері де айтылған. *Бұл жағынан алғанда жазбаларды тарихи проза деп санау орынды*» [43, 407-б], - деген пікір айтқан.

Осы сипаттағы ойлар ғалым М.Мырзахметұлы еңбектерінде де айтылады. Ғалым жоғарыда аталған көне түркі жазба ескерткіштерін поэзия жанрына жатқызу жөнсіз дегендей ой-пікір білдіреді. «Шындығына келсек, ол *проза жанрының өзіндік бір қайталанбас соны түріне жатпағы керек*. Өйткені ол проза жанрына жатуы себепті, онда көне түріктік «көг» өлең уәзініне сай өлең өрнектері, яғни буын, бунақ, ұйқас, шумақ түрлері мен нағыз ақындық тілдің сөз образдарымен кестеленуі керек емес пе?» [17, Б. 124-125], «VI-VIII ғасырларда дүниеге келген ойма жазу ескерткіштерінде Алып Ер Тоңа жырындағы түрік өлең өлшемдері немесе «көг» уәзіні дәстүрлік жалғастық сақталу керек еді. Бірақ бұл дәстүр сақталмаған. Мұның себебі неде?», - дей келіп ғалым ойма жазу ескерткіштерінің шежіре тарих түрінде хатқа түскен *қара сөз жанры* болуында жатса керек деген тұжырым жасайды.

Осы жерде ғалым өлең өлшемі ретінде айтып отырған «көг» сөзінің ұғымын айқындап алу қажеттігі туындайды.

Махмұт Қашқаридің «Түрік сөздігінде» (А.Егеубаев аудармасы) «көг» сөзіне былайша түсінік беріледі:

«KYG. күг: жырдың нәші, сазы, әуез. Бұ иыр не күг үзе ол – Бұл жыр қандай әуезде?

KYG. күг: күй, саз. Ер күгленді – Адам күйленді, яғни әуезді сөзбен әндетті [87, 186-б].

KYGLEДІ. күгледі: күйледі, күй-әуез айтты (Күй шертті). Ер күйледі, яғни мұнды әуенмен әндетті [87, 406-б].

Біздің түсінігімізше, М.Қашқари бұл жерде өлең өлшемін емес, жырдың орындалуындағы сазына, әуезіне қатысты түсінік берген сияқты (күг сөзі қазіргі тіліміздегі күй, саз сөздерінің мағыналарына жақын).

Осыған орай ежелгі түркі жырларының орындалуында сөз бен әуеннің бірлікте болып белгілі бір сазбен орындалатыны жөнінде айтқан ғалым Ғ.Мұсабаевтың пікірлерін орынды санаймыз [7].

Бұл жерде ғалым М.Мырзахметұлының өлең өлшемі ретінде келтіріп отырған «көг» уәзінінің Орхон жазбаларында сақталмауына қарап оларды біржақты проза жанрына жатқызуымыздың қисыны келе қояр ма екен?

Алып Ер Тоңа туралы XI ғасырда хатқа түскен жыр үзінділерінің о баста дәл осы ежелгі дәстүрлі деп көрсетіліп отырған түркі жыр

жасау өлшемімен туғанын дәйектейтін нақты деректердің жоқ екенін есте ұстағанымыз жөн. Орхон жазбалары мен М.Қашқари жазбаларының жазылу арасындағы үш жүз жылдай уақыт аралығында бұл айтылып отырған өлең өлшемін Абай сияқты ұлы сөз өнері шеберлерінің бірі тудырып орнықтыруы мүмкін екенін де ескеруіміз керек.

Эпостанушы ғалым Б.Қорғанбеков: «...алтай тілдік тобына жататын халықтар поэзиясында силлабикалық өлшемнің қатаң тәртібі байқалмайды. Онда кідірістерді өлең ырғағы мен тармақтары емес, айтушы демінің жету мүмкіндігі анықтайды. Бұл, әсіресе, саха поэзиясынан анық көрінеді. Мұнда сөздің буын саны емес, интонациялық қабілеті маңыздырақ. ... Демек, көне түркі жазбалары да (ғалым бұл жерде Орхон ескерткіштеріне де қатысты айтып отыр. А.Қ) саха өлеңі сияқты аллитерациялық-интонациялық поэзия үлгісі болуы ықтимал. ...силлабикалық жүйенің қатаң тәртіпке түсуі ең ескі эпикалық формулалардың ырғақтық-синтаксистік қалыбын өзгертіп жіберген. Ал көне өлең жүйесін өзгертпеген саха фольклоры оны сақтап қала алған» [25, Б. 155-157], - деген пікірін еске алғанымыз да орынды сияқты.

Орхон жазба ескерткіштері жөнінде жазылған еңбектерді қарап шыққанымызда, жоғарыда көрсетіліп өткендей, бұл ескерткіштің жанрлық ерекшелігі туралы көптеген ғалымдардың ертелі-кеш айтқан ой-пікірлері әр түрлі сипатта болғанын, әлі де айқындай түсетін мәселенің бар екендігін көрсетеді.

Байқағанымыздай, «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазбалары өзінің жанры жағынан батырлық жырларға жақындығы жөніндегі пікірлердің басымырақ екендігі жоғарыдағы дәйек сөздерден белгілі болды.

Ғалым Б.Кенжебаевтың ежелгі жырлардың өлшемі туралы: «Тегі жырда өлеңдегідей өлшемнің, ұйқастың мәні соншалықты күшті емес. Жыр көп ретте сөз буынына, сөз ұйқасына емес, ой түйдегіне, ой ұйқасына қарай қиысады. «...біздің бұрынғы белгілі жырларымыздың қай-қайсысының болсын көп жері осылай келеді [5, Б. 93-94] деген, сол сияқты М.Жолдасбековтің ежелгі эпикалық мұраның «біркелкі өлеңнен ғана тұруы шарт емес» [13, 69-б.] деген пікірлерінің негіздеріне, туындылар мәтіндеріне сүйене отырып, біз де Орхон жазбаларын ежелгі жыр өлшемі дәстүрінде айтылған жырлардың тасқа жазып түсірілген нұсқалары, көркем әдебиет үлгілері, эпикалық туындылар ретінде танымыз.

Осы жанрлық ерекшелігіндегі эпостық жырлармен ұқсастығы, қасиет, белгілері олардағы ортақ стиль мен образдардың жасалу, көркемдеу тәсілдерінен де көрінеді.

Фольклорлық эпикалық туындылардың әдетте басталуы мен аяқталуының да баяндаушы сөздермен келіп отыратыны белгілі. Орхон жазбаларында тарихи жағдайлардың баяндалып, үндеу-арнау түрінде келуі, жоқтаумен аяқталуы, т.б. сол сияқты ортақ композициялық құрылымның болуы да ол жазбалар авторларының эпикалық дәстүрді, белгілі бір стильді, тәсілді ұстанғандығын көрсетеді.

Эпикалық жырларда адамның көңі-күйін, күйініш-сүйінішін суреттеп беруден гөрі болған жайды, кейіпкерлердің әрекетін баяндап айту жағы басым келетіндігі белгілі. Әйтсе де эпикалық қаһармандық шығармалардың тек қана баяндаудан тұрмайтындығы, онда әр түрлі шағын жанрлардың араласып, синтезделіп келетіндігі, солардың табиғатына сәйкес сан алуан көркемдік тәсілдердің де қолданылып отырғандығы мәлім.

Әрине, Орхон жырлары мен батырлық жырлардың өзара ұқсастығын айтқанда, оларды бірдей деп, бір қалыпқа салып теңдестіруден аулақпыз. Орхон жазбаларында олардың авторларының халықтық ауыз әдебиеті дәстүріне сүйенгендігімен қатар өзіндік ерекшеліктері де кең көрініс тапқан.

Көрнекті ғалым З.Ахметовтің: «Стиль – жазушының өмір шындығын танып-білу, сезіну қабілетін, бейнелеу шеберлігін, өзіндік суреткерлік тұлға-бітімін танытатын даралық өзгешелігі, жазу мәнері, қолтаңбасы» [88, 186-б] деп көрсеткеніндей, Орхон жазбаларында да олардың авторларының өзіндік қолтаңбалары көрініс тапқан.

Жазушы стилінің белгілі тарихи дәуірдегі көркемдік, стильдік ізденістермен жалғасып жататындығын, әдебиетке тән көркемдік түр жүйесі, стильдік өзгешеліктер тарихи-қоғамдық жағдайға байланысты, заманның әлеуметтік, эстетикалық мақсат-талаптарына сәйкес қалыптасатындығын ескерсек, Орхон жазбаларының стиліне өзіне дейінгі дәуірлерде кең тараған фольклор мен сол кездегі әдеби дәстүрдің, тарихи-қоғамдық, әлеуметтік жағдайлардың, оны жазбагерлердің тарихи деректер негізінде беруге талаптанғанының да белгілі дәрежеде әсер еткені анық.

Орхон жазбаларының ұзақ уақыт сандаған сөз шеберлерінің өңдеп, толықтыруынан өткен фольклорлық туынды емес екендігі белгілі. Жазба ескерткіштерде олардың авторларының сөз шебері ретіндегі өзіндік ақындық, жазушылық деңгейі, фольклорлық дәстүрлерді пайдалана отырып жазудағы мақсат-мұраттары, ғалым Ж.Дәдебаев көрсеткендей шығарма авторларының «сөз иесінің өмір құбылыстарын таңдап-талғауында, сараптап-саралауында шығармашылық талап жатқаны... шығармашылық еңбектің ерекшеліктері көрініс тапқаны, ...жазушы еңбектерінің сатылары мен

ерекшеліктері, сөз иесінің өмір шындығынан өнер туындысын жасау туралы ойлары... әдеби ескерткіш авторының өмір шындықтарын, тарихи оқиғаларды жинақтау, суреттеу даралығы, образ жасау, мінез даралау шеберлігі» [89, 10-б] байқалады.

Эпикалық жырлар стилінің қалыптасуында ортақ, сарындас тақырыптардың бір үлгіде баяндалуы, ортақ сөз айшықтарының тұрақталып қалыптасуы, сол «тұрақтанған қалыпты сақтай отырып, айтудың дәстүрлі шарттылығы туып», ол біртіндеп стильге айналады екен [90, 164-б].

Ғалым А.Бомбачи Орхон жазбаларында тарихи хикая, саяси риторика, эпизм стильдерінің аралас жүргенін жазады [84, С. 193]. Бұдан байқайтынымыз – ежелгі түркі дәуірі сөз шеберлерінің өз дәуірінің тарихи шындығын негізгі арқау ете отырып қалыптасқан ежелгі фольклорлық жанрлар дәстүрін пайдаланғаны, бейнеленіп отырған оқиғаларға саяси-әлеуметтік тұрғыдан мән бергені де айқын аңғарылады.

Орхон жазбаларында тарихи мәліметтерді баяндау, хикаялау тәсілімен проза үлгісінде беруі жағынан, сондай-ақ тарихи оқиғаларды, жорықтар мен ерлік іс-әрекеттерді сипаттауынан, айтушының (автордың) оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруінен «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазба ескерткіштері мен алғашқы түркі қағанатына жататын «Бұғыты» жазбасында, сонымен қатар «Онгин ескерткіші» мәтінінде, Екінші Түркі қағанатының оң қанатының көсемі болған Күүлі – Чорға (Құла Шор) арналған ескерткіштер мәтіндерінде жазылу стилінде ұқсас, ортақ көріністер баршылық. Мысалы, «Онгин ескерткіші» мәтінінде «Түркі халқы өлмесін, жітпесін (шаршамасын) деп, жұлыс-керіс (бүліншілік) болмасын деп жоғарыда Тәңірі жарылқады», ... «Біз азбыз деп қорықпаймыз», «ісін, күшін берді» деген т.б. сол сияқты сөз тіркестері кейде қайталана қолданылып отырады. Ескерткіштегі жазба мәтінінің соңындағы ескерткішті орнатқан баласының әкесі жөніндегі айтқан сөздерінен де [32, Б. 145-146] «Күлтегін» ескерткішіндегі Білге қағанның жоқтау сөздерімен ұқсастықты байқауға болады.

Ышбара Біліге Күллі-чорға арналған ескерткіш мәтінінде оның Түркі қағанатын нығайтуға көп еңбек сіңіргені, балалық шағындағы ерлік істері, ел қорғаудағы жорықтары т.б. ерліктері баяндалған [32, 228-б]. Күллі-чордың ерлік істері мен батырлығын сипаттауда, жалпы жазба стилінде де «Күлтегін» жырымен ұқсастықтар аз емес.

Орхон жазбаларынан шығарма авторларының Түркі қағанаты тарихындағы тарихи маңызды оқиғаларды, елдің болашағына

қатысты ойларын өсиет етіп жазуды ниет еткен талғамы айқын аңғарылады.

Қазақтың эпикалық қаһармандық жырларының да белгілі бір әуен, саз, мақаммен орындалуына орай оларда қазіргі жазба поэзиямыздағыдай буын мен ұйқастың келісті пішіні сақтала бермеген. Бұл жөнінде кезінде ғалым Б.Кенжебаев [5. Б. 93-94], Орхон ескерткіштерінің көркемдік сипатын айқындау барысында қазақтың батырлық жырларымен салыстырулар жасаған ғалым М.Жолдасбековтер жан-жақты сөз еткен [74].

Түркі қағанаты дәуірінде жазылған Орхон ескерткіштерінің ішіндегі «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларының қаһармандық жырларға жақындығы, эпикалық жыр дәстүрінде жазылған мұра санатына қосатын ойлар кейінгі кездегі зерттеуші ғалымдардың еңбектерінде молырақ көрініс тауып келеді. Зерттеуші ғалымдардың көбісі бұл ескерткіштерді фольклорлық дәстүр аясында жазылған туындылар, эпостық жырға жақын деп таниды. Бұл сипаттағы зерттеулердегі ой-пікірлер Орхон жазба ескерткіштерінің жазба әдебиетінің дәстүрінен гөрі, фольклорлық дәстүр негізінде таңбаланған тарихи-әдеби мұралар екендігіне көз жеткізе түскендей болады.

Біз еңбегіміздің бұл тарауында, негізінде, ежелгі түркі дәуірінің жазба мұрасы Орхон жазба ескерткіштері мен қазақтың батырлық жырларының шығу төркіні, олардағы идея бірлігі мен тақырып ортақтығы мәселесі жөнінде айтылған ой-пікірлерге көңіл аударып, көркемдік дәстүр жалғастығын айқындауға мүмкіндігімізше әрекет жасадық.

Жанрлық жақындығы тұрғысынан Орхон жазба ескерткіштерін қазақтың батырлық жырларымен салыстыра қарасақ, олардағы мотивтер – негізгі идеялар бірлігімен қатар, бас кейіпкердің айрықша идеализациялануы, дәріптелуі, батыр мен тұлпар образының қатар келуі, батырдың алғашқы ерлік жасап көзге түсуі, қайталаулардың жиі ұшырасуы, сондай-ақ, шешендік сөз, арнау, толғау, жоқтау, мақал-мәтелдер сияқты фольклор жанрларының эпикалық туынды бойында кездесуі (бұл мәселелер келесі тарауларда арнайы қарастырылады), сонымен қатар эпикалық баяндаулардың ортақтығы, ежелгі таным-түсініктердің аралас жүруі, т.б. сол сияқты белгі, құбылыстардың ортақтығы байқалады. Олардағы эпикалық дәстүр көріністеріне назар аударып, салыстырулар жасау әдебиетіміздің сан ғасырлық қалыптасу, даму жолындағы идеялық, көркемдік ізденістердің қырларын аша түсері анық.

Эпостық дәстүрі ерекше дамыған қазақ халқының фольклорлық мұрасы мен Орхон ескерткіштерін салыстыра зерттеу мәселесін

жалпы әдеби процесімізден бөліп қарауға болмайды. Ғалым М.Жолдасбеков атап көрсеткендей, халқымыздың тарихи өткенінен, рухани өсуінен мол мағлұмат беретін шығарманы терең зерттей түссек, онда бұл шығармалар эпикалық мәдениетіміздің көп сырларын ашуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар «...эпостарымыздың жасалу процесін, оған қоса ғасырлар құрдымынан бүгінге дейін үзілмей жалғасып келе жатқан жанды дәстүрді дәлелдей алатын боламыз. Қазақтың ұшан-теңіз эпикалық жыр дәстүрінің қайнар бұлағын, оның сарқылмас көзін ендігі жерде біз солардан іздеуге тиіспіз» [74, Б. 72-73].

Дәуірлер сүзгісінен, көркемсөз зергерлерінің өңдеу, жетілдіруінен, халқымыздың ой саралау, талғам, қабылдаулардан өтіп дәстүрлі жалғастығын тауып біздің дәуірімізге жеткен фольклорлық туындыларымыздың үлкен бір саласы – қаһармандық жырлар.

Батырлық эпостар мен Орхон жырларындағы ортақ белгілердің жиі кездесуі олардың өзара байланысының болу себептерін айқындауды қажет етеді, яғни олардың шығу тегіне, тарихи, әлеуметтік негіздеріне назар аударуға жетелейді. Олардың арасындағы ортақ ұқсастықтар болуының себебі мен сырларын алдымен олардың шығу төркінімен қарайластыра іздестірсек болады.

Өмірден өткен ерлерді құрметтеу, елдің бірлігі мен тыныштығын, тәуелсіздігін, адамгершілік қасиеттерді ардақ тұту идеялары, әсіресе, батырлық жырлар мен жоқтау жырларда кеңінен көрініс тапқан.

Қазақтың қаһармандық эпостары сандаған ғасырлардың жемісі екендігі белгілі. Енді осы жырлардың пайда болуы жөнінде бұрын-соңды айтылған пікірлерге назар аударып көрейік.

Батырлық жырлардың шығу тегі, олардың ежелгі жазба ескерткіштермен арасындағы дәстүр сабақтасты, өзара ұқсастығы мен байланысын сөз еткенде, бұл мәселелерге назар аударып, ол жөнінде біршама қалам тартқан Ә.Марғұлан, М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбеков, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, Н.Келімбетов, Т.Қоңыратбай, т.б. сол сияқты ғалымдардың айтқан ой-пікірлерін ескеріп отырғанды жөн деп білеміз.

Ә.Марғұланның пікіріне қарағанда, қазақтың қаһармандық жырларының шығу тегі сақ, ғұн, үйсін, қаңлы заманынан басталып, қандай ерлік жырлары жырланса да, оларға болған тарихи оқиға, тарихи фактілер арқау болған [78, 352-б].

Ғалым Т.Қоңыратбай атап көрсеткендей «Эпос – тарих жаңғырығы, ел естелігінің жарқын бір көрінісі» [91, 56-б] болып табылады.

Түркі халықтарында эпикалық дәстүрдің біздің жыл санауымыздан әлдеқайда бұрын болғаны жөнінде айтқан академик

Ә.Марғұланның: «Сахарадағы эпикалық жырдың өркендеп тарауы сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірінен басталады. Бұл біздің дәуірімізге дейінгі V ғасыр» деген пікірі [78, 62-б], сол сияқты Р.Бердібайдың: «Мөденің кезеңі ғұн тарихында ерлік жырын шығарудың бір жарқын дәуірі» [5, 9-б] деген ойлары түркілік эпостардың бастауларын түркі тектес халықтардың ежелгі тарихымен орайластыра қарастыруға жетелейді.

Эпикалық қаһармандық жырлардың шығу төркінінің көне замандардан бастау алатыны жөнінде осы сияқты ой-пікірлерді кезінде көптеген ғалымдардың айтып кеткендігі белгілі.

Ең ежелгі замандарда қалыптасқан, ежелгі таным-түсініктер молынан сақталған көне эпостардың кейінгі дәуірлердегі эпикалық дәстүрге, әсіресе, батырлық жырларға тигізген әсер-ықпалы аз болмағандығы анық. Бұл мәселе ғалымдар Р.Бердібай мен Ш.Ыбыраев еңбектерінде арнайы қарастырылып жүр. Р.Бердібай атап көрсеткендей архаикалық эпостың дәстүрі уақыт өте келе қаншалық өзгерістерге ұшырайтынын, қаһармандық идеал мен адамдардың тарихи түсінігіне орай көне эпос оқиғалары жаңа сипаттарға көшетінін, мұнда бір кезеңнің емес, тарихи түрлі дәуірдің наным-сенімі, түсінігі көрініс беретін полистадиялық сипатын, түрлі тарихи дәуірлердің ұғым өлшемдері қатарласа келуін, эпоста әр заманның шындығы елес беретінін анықтау да күрделі мәселе болып саналады [43, 60-б].

«Қаһармандық эпос өзіне дейінгі көне эпостың бай эпикалық тәжірибесін, жалпы ауыз әдебиетінің ең көркем тәсілдерін, жеткен биігін өз бойына сіңіру арқылы қалыптасты» [52, 75-б]. Қоғамдағы, адамдар өміріндегі өзгерістер эпостық шығармаларға да жаңа талаптар қоя бастайды. Олар елдің еркіндігі, халықтың мүддесі мен бірлігі үшін жүргізілген күресті жаңа дәуірдің түсінігіне лайықты бейнелеуге тиіс болды. Солай бола тұрса да көне эпостың кейбір белгілері кейінгі эпостарда толық болмағанымен белгілі бір дәрежеде сақталған.

Эпос елдің өткен тарихын дәлме-дәл көрсетуді емес, жанара, толыса отырып, сол өткен дәуірлердегі халықтың ерлік рухын қайта тірілтуді көздейді. [92, 194-б]. Ол жөнінде Б.Н.Путилов: «Героический эпос классического типа возникает путем преобразования, переработки и развития традиций архаической эпика, которая, «умерая» в эпосе героическом, оставляет свои многочисленные следы. Классический эпос «наследует» архаическую, эпическую сюжетику, трансформируя ее в соответствии с новыми идеалами и новыми принципами историзма» [93, С. 60], - дейді.

Ең ежелгі эпостарда тотемдік алғашқы ата-бабалар маңызды роль атқарса, батырлық жырларда Бабай Түкті Шашты Әзиз, Қыдыр, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, кәміл пірлер, Арыстанбаб, т.б. көмекке келеді. Орхон жырларында Тәңірі, Ұмай ана, Жер, Су жәрдем беріп отырады. Бұлар – әр дәуірлердегі таным-түсінік, діни көзқарастардың әсерінен өзгерістерге ұшыраған архаикалық дәуірлерден бері келе жатқан көне бейне – жебеушілер (покровитель).

Зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, эпостың көркемдік дәстүрі, жанрлық белгісі рулық қоғамда қалыптасқан, әрі қаһарманды бейнелеудің көркемдік тәсілі де сол кезде-ақ берік орнығады. Ал онан бергі заманда эпос жалпы халықтық мазмұнға ауысқанда сол бұрынғы дәстүрге тікелей арқа сүйейді. Сөйтіп онда көпқабаттылық қалыптасады. Ежелгі жазба ескерткіштердегі сияқты фольклорлық туындылардағы табиғат күшіне жан бітіріп, оны тірі адамдай ойлатып, сөйлетіп қою да сол мифпен – тотемдік, анимистикалық ұғымдармен байланысты болған түсініктер.

Көне эпостарда, әдетте, әйелдердің барлық мәселеде жетекші роль атқаратындығын айта келіп, Ш.Ыбыраев «Қиыр Шығыс халықтары жырларында қаһарманды ерлікке баулитын, садақ, жебе жасап беретін, бақсылықты үйрететін – оның апайы, не болмаса қарындасы» болатыны туралы жазады және бұл тақырыптың елеулі орын алатынын, бұл мазмұндағы сюжеттердің кең таралуы анаеркі (матриархат) дәуірінің көрінісі екендігін айтады [52, Б. 68-69].

Көне эпостағы әйел бейнесінің батырлық жырлардағы әйелдер мен Орхон жазба ескерткіштеріндегі Ұмай ана бейнесіне де белгілі дәрежеде қатысы бар екендігі, олардың кейбір белгілері сақталып, сапалық өзгеріске ұшырағаны байқалады. Оның өзінде де эпос сюжетінен басты орын алмай, екінші кезекке ысырылғанына қазақтың батырлық жырларындағы әйелдер бейнесі мен Ұмай ана бейнесі дәлел бола алады.

Батырлық жырлардағы болашақты болжау, батырға үнемі қамқор болуы («Қобыланды» жырында Құртқа батырға ат таңдап береді, алдағы жорықтардың немен аяқталып, Қобыландының қашан және қандай жағдайда еліне оралатындығын болжауы, т.б. сол сияқты), Түркі қағанаты дәуіріндегі Ұмай ананың ерекше күш иесі, түркілердің, батырлардың қамқоршысы, желеп-жебеуші болып қолдап, қорғап жүруі сол көне эпостардағы әйелдер бейнесінің кейінгі жіктелген, ұзақ дамудың нәтижесінен өткен түрі десек болады.

Қаһармандық жырлардың шағын жанрлардан бастау алып эпикалық туындыға айналатындығы жөніндегі пікірді кезінде М.Әуезов те айтқан екен. Ғалым: «Халық арасында әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды



алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына негіз қалауы ықтимал» [94, 35-б] дейді. Шындығында да түркілерде, әсіресе, қазақ халқында еліне еңбегі сіңген, белгілі адамдар қайтыс болғанда оған жоқтау шығарып, елеулі істерін есте сақтап ерлік істерін аңыз етіп айтып жүру дәстүрінің ерекше сақталғандығын еске алсақ, эпикалық поэзия дәстүрінде де оның ізін қалдырмауы мүмкін емес. Ғұлама қаламгер осы құбылысты, яғни батырлық жырлардың шығу тегіне қатысты осы мәселені айқын аңғарған.

Осы мазмұндағы ой Н.Келімбетов зерттеуінде былайша сабақтасады: «Ежелгі түркі жұртында қалың қол бастап, халқын сыртқы жаудан қорғаған дарабоз батырлары қайтыс болғанда бүкіл ел болып күңіреніп, аза тұтқан, жүрек тебіренерліктей қасіретті жырлар айтатын дәстүрі болған. Бір адамның қайғысы бүкіл елдің қайғысына айналған. Сол арқылы ел қорғаудың киелі, қасиетті іс екені күллі қауымға жария етілген» дей келіп, ғалым «Ер Тоңа» дастанының негізі оны жоқтаудан ірге тартатыны жөніндегі пікірлерін айтады [50, 99-б].

Қазақ эпосының тууы жайында академик Қ.Жұмалиев: «Қай елдің эпосы болмасын, белгілі бір тарихи оқиғаның ізін баса туғанға ұқсайды және ол бір күн не бір жылдың ғана жемісі емес, халықтың басынан өткізген талай заман, талай ғасыр, талай тартыстардың нәтижесі... Қазақтың осы күнгі ұзақ эпостарының бастамалары ерте замандағы патриархалдық рулық құрылыс кезінде: үйсін, қаңлы, қоңырат, керей, қыпшақ замандарында әр рудың өз істерін ерлікке айналдырып жыр еткен қысқа көлемді жырлар жатуы, кейін олар ұмытылса да есте сақталынып қалған аңыздардың негізінде ұзақ жыр, поэмалардың туу мүмкін» [4, 25-б] - деп көрсетеді.

Белгілі ғалым Х.Сүйіншәлиев те осы мазмұнда ой түйіп: «Көне түркі елі соғыста ерлікпен қаза тапқан батырларына арнап жоқтау, жыр шығаруды ерте заманнан бастап дәстүрге, ғадетке айналдырған ғой, міне осы дәстүрлері бойынша олар тарихи дәуірдің әрбір кезеңдерінде тамаша эпос шығарып, қалдырған» [11, 35-б], - дейді.

Осы сипаттағы пікірлер халқымыздың фольклоры мен әдебиеті тарихын зерттеген Е.Ысмайлов, Б.Кенжебаев, М.Ғабдуллин сияқты т.б. көрнекті ғалымдарымыздың еңбектерінде де көрініс тапқан болатын. Қаһармандық жырларды ғалым М.Мырзахмет айтқандай «...тарихтың қазақ халқының елін, жерін қорғау жолындағы арпалыстың дем берер рухани қажеттілігі тудырды. Батырлар жыры – бір күннің, бір уақыттың жемісі емес, туған халқымыздың сан ғасыр бойы елі үшін, жері үшін алысқан қанды күресінің тәуелсіздік туын аңсаған рухының жемісі» [40, 20-б] болып саналады.

Байырғы мифтерден, батырлық ертегілерден, жоқтау, қоштасу сияқты ежелгі жанрлардан бастау алған батырлық жырлар өзінің эпостық туындыға айналу жолында көптеген шығармашылық процестерді бастан өткерді, яғни фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың тұжырымдай жазып көрсеткеніндей: «Қаһармандық эпос өзіне дейінгі көне эпостың бай эпикалық тәжірибесін, жалпы ауыз әдебиетінің ең көркем тәсілдерін, жеткен биігін өз бойына сіңіру арқылы қалыптасты» [52, 75-б].

Бұл келтірілген пікірлер қазақтың қаһармандық эпостарының сонау ежелгі сақ, ғұн дәуірлерінен негіз алып, тарихи жағдайларға орай қалыптасып, дамыған, дәстүрлі жанрлардың өңделіп, толықтырылып әр қырынан жетілдірілген жаңа пішіндегі көріністері деп айтуымызға толық негіз болады.

Жоғарыдағы келтірілген пікірлердің ежелгі жазбалардың ішінде көрнектілерінен саналатын Орхон ескерткіштеріне де қатысы бар. Тек қана Күлтегін ғана емес сол сияқты белгілі қоғам қайраткерлері, батырлары қайтыс болғанда оларды Түркі қағанаты дәуірі сөз шеберлерінің де көне дәуірлерден қалыптасқан дәстүр бойынша жоқтап, олардың еліне еткен қажырлы іс, еңбектерін, ерлікке толы батырлық жорықтарын жыр еткеніне күмән келтіре алмаймыз.

Қазақ ғалымдарының көбісі VI-VIII ғасырлардағы түркі жазба ескерткіштерін қазақ фольклорындағы қаһармандық эпос жанрының көне үлгісі ретінде де бағалайды.

Әрине, оларды – Орхон ескерткіштерін тарихи шығармаға тән белгілері мол болуы себепті де таза фольклорлық туынды деп айта алмаймыз. М.Жолдасбековтің: «Әдетте ертеде жасалған ежелгі мұраларда тарих, мәдениет, әдебиет белгілерінің араласа жүретіні анық» деп көрсеткеніндей [74, 108-б], Орхон жазба ескерткіштерін тек фольклорлық туынды ретінде танып бағалауымыз біржақтылық болып шығады.

Екі мың жылдан аса тарихы бар эпикалық дәстүрдің осы уақыт аралығында эпикалық үлгіде жазылған көркем әдеби сипаттағы Орхон жырлары сияқты туындыларда да ізін қалдыруы табиғи заңды құбылыс. Түркі халықтарында эпикалық дәстүрдің ежелгі дәуірлердің өзінде-ақ болғандығына осы Орхон ескерткіштеріндегі эпикалық үрдіс те дәлел болады.

Орхон ескерткіштерінде халық тарихының көптеген құнды деректері де, халықтың сол кездегі ұғым, нанымының, салт-дәстүрінің көріністері де, шежірелік сипат, ежелгі әдебиет белгілері, фольклорлық мотивтер де мол.

Әрбір елдің тарихы, оның мәдениет, әдебиетінің шежіресі жалаң ойдан жасалмайды, осындай ежелгі жазба мұраларға, шежірелерге сүйеніп жасалады [74, 108-б].

Орхон жырларының ауызша түрде пайда болуы туралы айтқан ғалымдардың болжамды ой-пікірлері ол жазбаларды VI-VIII ғасырлардағы фольклор шығармаларының тасқа түскен үлгілері ретінде де қарастыруымызға жетелейді. Әрине, олардың бәрі фольклорлық қалпын сақтай бермегендігі анық. Жазып отырған әрбір қаламгердің өзіндік шығармашылық ерекшелігінің сақталуы заңды. Дегенімен бұл жазбаларда кездесетін түрлі көркемдік жүйелердің кейінгі эпикалық дәстүрге арқау болғаны да ешбір күмән тудырмайды.

Халықтың ел қорғау жолында өмірін қиған аяулы батырының қазасына арналған, олардың тіршіліктегі істеген ерліктерін жыр еткен ежелгі жоқтау өлеңінен бастау алып эпикалық туындыға айналу құбылысы Күлтегін жырында да көрініс тапқан. Ғалымдар М.Әуезов, Ә.Қоңыратбаев, М.Жолдасбековтердің жазғандарындай, Орхон жырларының кейбір үлгілерінің кезінде ел ішінде кеңінен жайылған ұзақ жыр нұсқалары болуы мүмкін.

Бұл жерде ескеретін бір жайт бар. Қазіргідей емес, ойды түрлі материалдарға толықтай жазбаша түсірудің мүмкіндігі шектеулі кезінде, әрі жазуды түсіретін материалдың ерекшелігіне баланысты Орхон жырларының толық түрде жазбаға түспеуі де әбден мүмкін. М.Жолдасбеков көрсеткендей «соншалықты қырғын жасап, қырғидай тиіп жүрген Күлтегіннің айқас үстіндегі сұсты кейпін, қайтпас қаһарын, үрдіс қимылдарын бір ғана жолға сыйғызу мүмкін бе?» [74, 243-б].

Осы орайда, сонымен қатар «Егер мұндай ескерткіштер қара тастан ойылып, қашалып тұрып жасалса, сол жырлардың ауызша айтылып, таралған әрі бұдан да толық нұсқасы болмауы мүмкін бе?» деген Мұхтар Әуезовтің сөзін де [94, 94-б] еске алуымыз керек.

Осы сияқты ойды кезінде ғалым Ә.Қоңыратбаев та: «Күлтегін жырын Иолығ тегін ғана емес, тайпа аңыздары жырласа да ғажап емес» дей келіп, қағандар жанында қобызшы, жыр айтушылар ұстағандығы, көшпелілердің халық поэзиясы тайпалық шаруалар ортасында туғандығы, оның басы – Түрік қағанатының дәуірі деген пікірлер айтқан екен [9, 78-б].

Қазақтың бірнеше күн қатарынан жырлайтын эпостарымен салыстырғанда көлемі едәуір аз көрінетін тасқа жазылған бұл жырлардағы ықшам жолдар бергі эпостарымыздағы майдан көріністерін, жеңілген халықтың басына туған ауыр күндерді көз алдымызға елестете алады. Жырдағы:

Күлтегін Байырқылық ақ айғырына мініп  
Шабуылға ұмтылды,  
Бір ерін оққа ұшырды,  
Екі ерін найзаға ілді.  
Сол шабуылда байырқылық ақ айғырдың белі  
мертікті.  
Қырғыз қағанын өлтірдік,  
Елін алдық,

деген жолдарда көптеген оқиғалардың жинақтай баяндалып берілуі осы ойымызға дәлел болады.

Орхон ескерткіштері мен қазақтың батырлық жырларының мазмұны мен пішінінде (форма) ортақ дәстүрлі элементтер аз емес. Олардың идеясы мен тақырыбынан, қаһармандар образдарының жасалу ерекшелігінен, сондай-ақ композициясы мен стилінен, поэтикалық көріністерінен де дәстүрлі ортақ қолданыстардың бар екендігін көруімізге болады.

Батырлық жырлардағы басты қаһармандар елдің бірлігі үшін, ыдыраушылығына қарсы күреседі. Бұл – тұрақты мотив. Ғалым Р.Бердібай көрсеткендей «Қаһармандық эпостың ең басты белгілерінің бірі – ...Сырт жаулардан елдің азаттығын, бүтіндігін қорғау, осы мақсат жолында қандай қаһарлы дұшпанға да қарсы өз жұртының тәуелсіздігі үшін ересен ерліктер көрсету батырлық эпос атаулының жетекші идеясы болып табылады» [21, 79-б].

Орхон жазба ескерткіштері мен қазақтың батырлық жырларын бір-біріне жақындастырып туыстастыратын басты белгілердің бірі осы – идея бірлігі.

Орхан жазбаларының да негізгі идеясы – қазақтың қаһармандық жырларындағыдай өз елін, өз жерін шет басқыншылардан, сыртқы жаулардан қорғау, елдің тәуелсіздігі үшін күреске үндеу, елді бірлікке шақыру, ата-баба дәстүрін сақтау, қара бастың қамы емес, халықтың мұрат-мақсаты үшін күрескен, ел қорғаған батырларды ардақтау болып саналады.

Түркі қағанаты дәуірі туындыларынан сол дәуір жазбагерлерінің өзінен бұрынғы фольклор үлгілерін шеберлікпен пайдалана білгендігі байқалады. Осылайша сан ғасырлар бойы ауызша айтып келген фольклорлық жанр үлгілері жазба әдебиетте өзінің идеялық, көркемдік жалғастығын тапқан.

Орхон жазбалары мен батырлық жырлардың арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығына көңіл аударған ғалым М.Жолдасбеков: «Осы уақытқа дейін қазақ эпосының тууы жайындағы қорытындылар тұспалдап қана айтылып келсе, Тоныкөк, Күлтегінге арналған жырлардың зерттелуімен байланысты, бұл

мәселені нақты дәлелдермен топшылауға мүмкіндік алатын боламыз» [74, 73-б] дей келіп, Орхон жырларын қазақ эпостарының кейбір үлгілерімен салыстырады.

Ғалым «Алпамыс» эпосының Түркі қағанаты дәуіріне жалғас шыққандығына жырдағы:

... Тақтай тастың бетінде  
Жазылған таста хат жатыр.  
Іші толған тамаша  
Талай-талай кен жатыр.  
Түсінбеген түсінсін,  
Болмаған мұнда сөз жатыр [81, 246-б]

деген жолдарды дәлел ретінде келтіре отырып, бұл жолдарды эпостың шығу төркінін анықтауға септігін тигізетін құнды материал ретінде қарайды. Сонымен қатар ғалым «Қобыланды», «Алпамыс» эпостарында жеке рулар мен Алпамыстың, Қобыландының және басқа да бірді-екілі басты кейіпкерлердің атауы, есімі ғана сақталғандығы болмаса, ондағы суреттелген оқиға халықтың бертіндегі басынан кешкен дәуірлік кезеңдеріне, оқиғаларына сәйкес бүтіндей өзгеріп кеткендігін» айта келіп, «Алпамыстың» ең алғашқы нұсқасында тастағы жазудың мазмұны толық болған деу керек, амал не, ғасырлар өткен сайын ол жазулар ұмытылып осы күндері «сол жазулардың ішінде» не бір болмаған сөз бар еді» деген тәрізді елесі ғана қалған. ...Жылдар өткен сайын ауызекі таралатын жырлар әр жыраудың тұсында өзгеріске ұшырай береді» [74, Б. 82-83] деп жазады. Ғалымның пікірінше «қазақ халқындағы бай жыр дәстүрінің негізі сол Орхон ескерткіштерінде қаланған» [74, 87-б].

Қаһармандық жырлар мен Орхон жазбаларын жақындастыра түсетін белгінің тағы бірі – тақырып бірлігі.

Орхон жазба ескерткіштеріндегі эпикалық дәстүрге Түркі қағанатының тарихындағы елеулі, маңызды оқиғалардың, Елгеріс қаған, Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк сияқты тарихи тұлғалардың арқау болғаны анық. Йоллығтегін мен Тоныкөк жазған елін егемендік пен азаттыққа, ерлік пен бірлікке үндейтін бұл жазбаларда бұдан сандаған ғасыр бұрын Түрік мемлекетінде болған сан қилы ерлікке толы оқиғаларынан беретін деректер мол. Бұл жазба мұраларда батырлардың ерлік істерімен қатар олардың өміріне қатысты тарихи мәліметтер де қамтылып отырады.

Әйтсе де, олардағы басты негізгі ерекшелік – тұлғалардың өмір жолдарын олардың ерлік жорықтарымен байланыстыра баяндауында.

Батырлық жырлар мен Орхон жазба ескерткіштері арасындағы дәстүрлі байланыстарды мотивтер арқылы айқындауға болады. Эпос белгілі бір мотивтерді өзінің идеялық мұратына орай бағындырып

пайдаланады. Кейбір жағдайларда ескі мотивтер шығарманың мақсатын күшейте түсу үшін пайдаланылып отырған. Батырлық жырларда замана, қоғамдық көзқарастың өзгеруіне байланысты байырғы мотивтер, эпизодтар жаңаша көмкеріліп қолданылады.

Қазақтың батырлық жырлары мен Орхон жазбаларындағы ортақ мотивтердің бірі батырлардың туысынан, өмірге келуінің бейнеленуінен де көрінеді. Қазақ эпостарында көне дәуірден елес беретін эпизодтар, мотивтер, сюжеттік өрістер сақталып отыратындығы жөніндегі ой-пікірлер М.Әуезов, Ә.Марғұлан, М.Ғабдуллин, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраев, т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде көрсетілген.

Бұл дәстүрлілік белгі жөнінде кезінде М.Әуезов: «Қиял батыры бет алды туылмайды. ...оның туысы басқа болу керек. Жаратылысында жай адамның шығысынан бөлек бір көмескілік, жаттық болуға тиісті. Туысын жасырын сыр билеген өзгешелік болу керек», - деген пікір айтады [96, 57-б]. Қаһармандық жырлардағы бұл эпостық дәстүр – болашақ батырлардың дүниеге келуі, ата-тегін мадақтау, бұрынғы батырлар өнегесін айту, ғибрат етуден байқалады.

Мысалы, қаһармандық шығармаларда кейіпкердің туу тарихына ерекше мән беріледі. Батырды дүниеге әкелген де, атын қойған да, желеп-жебейтін тәңірі, киелі иесі – тотем-бабалар, әруақтар, әулиелер, пірлері болып бейнеленеді. Олар жалғыз жүрген батырдың ісіне араласып, батырды әрқашан желеп-жебеп отырады.

Батырлық жыр бастамасының бір ерекшелігі батырдың жай адамның бірі ғана емес екендігін дәлелдеу үшін оның туылысын ерекше етіп, шыққан тегін мықты етіп көрсетілуі болса, бұл құбылыс Орхон ескерткіштерінде де сақталған. Оларда Білге қаған, Күлтегіндердің ата-бабалары Бумын, Істемі, Елтерістердің жаратылысына, яғни Тәңірінің қалауымен туылғанына, олардың ел үшін атқарған іс-әрекеттерін баяндағанда тәңірінің қолдауымен жеңістерге жетіп отыратынына назар аударылады. Ел билеуші қағанды, батырды Тәңірінің жіберуімен болған дегенге саятын ой берік көрініс тауып отырады. Мұндай ұғым Күлтегін жазуында:

Әкем Елтеріс қағанды,  
Шешем Елбіге қатынды,  
Тәңір төбесіне ұстап  
Жоғары көтерген екен [79, 113-б]

деп берілсе, «Мойын-Чор» жазбасында «Күн, құл болған менің халқыма Тәңірі – Жер қуат берді. (Оларды) сонда жеңдім» деген түрде көрініс тапқан [97, 202-б].

Бұл жөнінде ғалым Ш.Ыбыраев: «Тәңір қолдағандықтан қаған да, батыр да, түркі халқы да жеңіске жетіп отыруы – Орхон, Енесей

жазбаларының тұрақты мотиві. Демек қағанның тәңірлік жаратылысы алдымен өзіміздің байырғы төл тарихымыздан мықтап орын алған дүниетаным болып шықты», - деп көрсетеді [52, 232-б].

Қазақтың батырлық эпостарында ислам дінінің әсері едәуір көрініс тапқандығы белгілі. Ежелгі тәңірі түсінігі қазақ эпостарының тілінде құдай, пірлер, т.б. деп аталады. Мысалы, батырлар қиын жағдайға тап болғанда батырлардың тууына себепкер болған Бабай Түкті Шашты Әзиз, Қыдыр, Ғайып Ерен Қырық Шілтен, кәміл пірлер, Арыстанбаб, т.б. оларға жәрдем береді. Бұл жерде ежелгі архаикалық дәуірлерден бері келе жатқан көне бейне жебеушілердің ислам дінінің келуіне байланысты өзгеріске ұшырағанын, олардың атқаратын қызметінің сақталғанын көреміз.

«Негізгі кейіпкердің тууы, ғажайып өсуі, қасиетті күштер желеп-жебеп жүру сияқты эпизодтардың эпикалық сюжетке маңызды роль атқаруы көне эпосқа да, батырлық жырларға да тән» [52, 76-б] болса, бұл Орхон ескерткіштерінде кейіпкерлердің Тәңіріне сиынуынан көрінеді. Екеуіне ортақ құбылыс – батырға дем берушілердің болуы. Батырлық жырлардағы батырдың іс-әрекетінде оны дүниеге келтірген киелі күш – тәңірі, әруақтар, пірлер, желеп-жебеуші әулиелердің араласуы ежелгі түркілер танымынан бастау алып, осылайша мотивке айналған деуімізге болады. Көне жазба ескерткіштер мен эпостардағы байқалған бұл процестердің тамыры түркі мифтерімен тікелей байланысты.

Бұдан шығатын қорытынды – бұл құбылыс эпостық жырлардың қатарында есте жоқ ескі заманның да, ислам діні енгеннен кейінгі дәуірлердің де шындығы аралас-құралас жүргенін аңғартады. Қоғам дамуындағы өзгерістер, тіршіліктің жаңа мүдделері жырдағы дәстүрлі құбылыстардың оқиғалық жүйесіне де өз жаңалығын қосып, құбылып отыратындығын көрсетеді. Әйтсе де, ежелгі дәстүрлі мотив сақталып отырған. Оның сақталып отыруының тағы бір себебі эпосты тыңдаушылардың батырға, оның тууы мен қалай өскендігіне, өміріне қатысты т.б. мәліметтерді білуге деген ықыласы да болса керек.

Осы мәселенің эпостағы ғұмырнамалық тұтастануды туғызуға алып келу мүмкіндігі жөнінде айта келіп С.Қасқабасов: «Тыңдаушылардың осындай ықыласын білген жыршылар, сөз жоқ, бар мүмкіндігінше, олардың талабына жауап беруге тырысқан. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін олар фольклор поэтикасының бар қуатын, ол аз болса көне мифология, ескі нанымдарды пайдаланған, оған қоса дайын тұрған сюжеттерді, мотивтерді, көркем құралдарды қолданған, сөйтіп батырдың өмірін бір жүйеге түсіріп, әдемілеп, әсірелеп, жыр шумақтарымен баяндап берген. Соның нәтижесінде жыр – батырдың жай өмірбаяны емес, ол туралы поэзиялық

ғұмырнама болып шыққан», - деп көрсетеді [66, 22-б]. Бұдан батырлық жырлар мен Күлтегін жыры авторларының да осы дәстүрлі тәсілді ұстанғаны байқалады.

Батырлық жырлар мен Орхон жазбаларындағы тағы бір ортақ дәстүр сабақтастығы олардың аяқталуынан да көрінеді. Елінің тәуелсіздігі үшін күрескен батыр сыртқы жауға қарсы аттанып, сандаған қиындықтарды басынан өткізіп ақыры елге жеңіспен оралады. Осы ерекшелікті те олардың арасындағы дәстүр жалғастығының басты белгісінің бірі ретінде қарастыруға болады.

Қорыта айтқанда, ежелгі эпикалық дәстүрдің Орхон жазбаларының жазылуына әсер еткені сияқты, Түркі қағанаты дәуіріндегі жазба ескерткіштердің де қазақтың батырлық жырларының дамуында өзіндік орны болды. «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырлары мен кейінгі дәуірлердегі қазақ фольклорындағы батырлық жырлардың арасындағы сабақтастық олардың жанрлық, идеялық-көркемдік сипаттарындағы басты белгілерінен айқын аңғарылады.

#### **1.4 Сюжеттер мен мотивтер**

Эпикалық жырлардағы типологиялық ұқсастықтар ең әуелі олардағы сюжеттер мен мотивтерден байқалатындығы белгілі.

Осы жерде мотив ұғымына тоқтала кетсек, ғалымдар мотивті белгілі бір құбылыстардың қайталанып келуі деп қарайды.

Ғалым А.Ісімақова «ұқсас сюжеттік сарындарды өз дәуірінен, нақтылы шығармалардағы көркемдік шешімнен, ұлттық әдеби процестен бөліп алып, жеке қарастыру ұтымды бола бермейтінін, көптеген әдеби мотивтер мифологиямен бірге адамзат мәдениетінің рухани қазынасына келіп қосылғанын» [88, 143-б] айтады.

Фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың пікіріне сүйенсек, «Мотив – сюжет аясында өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы. ...мотивтің қызметі бүтіннің бөлшегі ғана болумен шектелмей, ол – оқиғаларды, ситуацияларды белгілі бір тәртіппен қиюластыруға қатысатын сюжеттің ең төменгі жинақтаушы және оқиғаларды ұйымдастырушы бөлігі, ғылыми ой-тұжырымның нәтижесінде пайда болған категория емес, реалды этнографиялық негізі бар көркемдік ойлаудың бөлшегі» болып табылады. Мағынасы жағынан бір-біріне сәйкес келетін мотивтердің баяндалу тәсілі, формасы әр эпоста әр басқа болуымен қатар, кейбір мотивтердің мағынасы бір-бірінен



алшақ болғанымен, сюжеттегі атқаратын қызметі бойынша бірыңғай болуы ықтималдығын айтады ғалым [52, Б. 245-251].

Ғалым Б.Н.Путилов мотивтерді семантикалық қызметі мен типіне қарай мотив-ситуация, мотив-сөз (мотив-речь) және мотив-әрекет (мотив-действие) жіктейді [98, 141-б]. Ш.Ыбыраевтың пікірінше бұл мотивтер сюжет құрайтын мотивтер ретінде оқиғалар тізбегінің негізгі жүгін арқалайды да, мотивтің мотив-суреттеу (мотив-описание) және сонымен қатар мотив-мінездеме (мотив-характеристика) сияқты түрлері сюжеттің өрбу кезеңдерімен тікелей байланысып жатпағанымен, олардың қызметі әлеуметтік фон, жағдай мен орта көрінісін көптеп әдіптеуімен, декорациялық қызметімен ерекшеленеді. Ғалымның көрсетуінше кейбір семантикалық мағынасы жағынан ұқсас мотивтер дәуірі және жанры жағынан бір-біріне сәйкес емес шығармаларда, мысалы, миф, ертегі, көне эпос, батырлық жыр, лиро-эпос, т.б. кездеседі. Әйтсе де мотивтердің сюжетке қарай көркемделуі, нақтылы өрнектелуі әр түрлі жанрда, әр шығармада бірдей бола бермейді. Яғни, мотивті «кез-келген сюжеттің, тақырып пен идеяның, кеңірек алсақ жанрдың өлшем-пішініне, мақсатына икемдеп қолдануға таптырмайтын даяр шағын типтік оқиға» [52, Б. 244-245] ретінде де қарастыруымызға болады екен.

Н.Келімбетов қазақтың эпикалық дастандарының, батырлық жырларының бастауларын тек Түркі қағанат дәуірінен ғана емес, одан да ертеректе дүниеге келген көркем сөз үлгілерімен байланыстыра қарайды. Ғалым: «Біздің жыл санауымыздан бұрынғы ғұндар дәуірінде өмірге келген түрлі аңыз-әфсаналар, мақал-мәтелдер, тұрмыс-салт жырлары, лирикалық өлеңдер және батырлық эпосы әлі күнге дейін толық зерттеле қойған жоқ», - дей келіп, «...біздің заманымыздан бұрынғы III-I ғасырларда, яғни ғұндар империясының мейлінше күшейіп тұрған дәуірінде айтыла бастаған ежелгі түркі тайпаларының батырлық жырлары толық сақталмай, бүгінгі күнге қысқа-қысқа үзінді күйінде немесе қысқаша сюжеті ғана жеткенін» айтса [14, Б. 10-13], осы мәселеге орай С.Қасқабасов: «Сақтар мен ғұндар кезінде туындаған фольклорлық сюжеттер мен мотивтер кейінгі замандарда да жалғасын тауып, жаңаша әңгімеленетін болған, сөйтіп, ескі сюжеттер негізінде соны шығармалар дүниеге келіп отырған және мұндай туындыларда бұрынғыға ұқсас немесе жаңадан қалыптасқан тақырыптар мен сарындар баяндалып отырған», - дей келіп, оның Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиетте де жалғастық тауып ұласқанын айтады [1, 319-б].

Орхон жазуларының танылуының алғашқы кезеңдерінен-ақ олардың мазмұны мен сюжеті зерттеушілердің назарында болып

келді. Мұнда бұл жазбалар тарихи еңбек пе әлде көркем туынды ма деген мәселеге қатысты жақтары да болды.

Фольклорлық мұралар мен ежелгі әдеби туындыларды салыстыра отырып, олардың өзара байланыстарын, бір-біріне әсерін айқындау арқылы біз көне түркі ескерткіштері мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасындағы көркемдік дәстүр жалғастығының үзілмей жалғасып келе жатқанын ғылыми негізде дәлелдей аламыз.

Орхон жазбаларын жалпы атпен ерлік жырларына жатқызуға болғанымен олардың әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері бар. Бірінде үндеу сипаты молырақ көрінсе, енді бірінде жоқтауға тән белгілер көрініс табады. Олардың көбісінен, батырлық жырлардың шығу төркіні жөнінде М.Әуезовтің көрсеткеніндей – жоқтаумен байланыстылығы айқын аңғарылып тұрады.

Көркем әдебиеттің заманына орай өзіндік қалыптасқан әдеби дәстүрі, жанрлық ерекшеліктері болатыны әдебиет тарихынан белгілі. Осы сияқты Орхон жазбалары да өз заманының белгілі бір әдеби талаптарына, сол дәуірдің әдеби дәстүріне орай жазылғандықтан композициялық құрылысының да өзіндік ерекшеліктері бар

«Күлтегін», «Білге қаған» жырларының жанрлық, көркемдік сипаты жағынан эпостық, батырлық жырлар жақындығы жөнінде айтылған ой-пікірлерге жоғарыда біршама тоқталдық. Зерттеуші ғалымдардың Орхон жазбаларының фольклорлық шығармаларға жақындығы жөніндегі ойлары енді олардың фольклорлық туындылар сюжетіне қатыстылығын, сабақтастық байланысын өзара салыстыра қарастыруға жетелейді.

Жалпылай алғанда Орхон жазбаларының сюжеттеріне тән ортақ белгі – түркі тайпаларының өзара тартысына, түрлі қақтығыстарына құрылумен, тайпа тарихымен қатар батырдың өмір жолына негізделуінде [23, 54-б].

Фольклорлық көлемді сюжетті жанрларға – ертегілер мен аңыздарға, эпостарға тән басты белгілердің бірі оларда дәстүрлі қалыптасқан тұрақты формулалардың болуы десек, солардың бірі олардың бастамаларынан көрініс береді. Эпикалық жырлар әдетте оқиғаның өтетін орны мен уақытын, негізгі қаһарманның өмірге келуін бейнелеуінен басталатыны белгілі, яғни шығармадағы айтылатын оқиғалардың уақыты мен ортасы жөнінде дерек беру эпикалық жанрлар бастамаларына тән құбылыс болып саналады. Бастамалар дәстүрі формулаларды қалыптастырады да, олар эпикалық туындылардың көркемдік қасиетін ашып тұрады.

Эпикалық шығармалардағы осындай бастамалар семантикалық қызмет атқаратын композициялық тәсіл болып есептелінеді.

Қаһармандық эпостардағы бастама, негізінде, қаһарманның өмір сүрген мекені мен іс-әрекетін көрсетуге қызмет етеді.

Әдетте эпостардың бастамаларында эпикалық уақыт пен мекенге қатысты қысқаша болса да көркем сипаттама беріледі. Оған мысалдарды қазақтың белгілі «Қобыланды», «Алпамыс», т.б. с.с. қаһармандық жырларынан, түркі халықтарының эпостарынан да көптеп келтіруге болады.

Ежелгі аңыз, дастандар, қаһармандық жырлар бастамалары мен Орхон жазбалары бастамаларында да ортақ белгі, ұқсастықтар бар.

Қазақтың батырлық жыры бастамасында «бұрынғы өткен заман» бейнесіне тоқталу, айрықша бір дәуір етіп көрсету, ерекше мән беру, сонымен қатар белгілі бір рудың (қыпшақ, қоңырат, т.б.) өкіліне жататын батырдың ата-аналарын, олардың байлықтарын жырлау, болашақ батырлардың ата-тегін мадақтау, бұрынғы батырлар өнегесін айту, ғибрат ету – кең таралған мотивтердің бірі, эпостық дәстүр болып саналады [99, Б. 268-269].

Бұл құбылыс мысалы, «Алпамыс батыр» жырының С.Мұқанов жариялаған нұсқасында:

Бұрынғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда  
Жиделі Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде  
Байбөрі деген бар екен,  
Байбөрі малға бай екен,  
Төрт түлігі сай екен [81, 7-б], -

деп берілсе, Майкөт, Сұлтанбек жыршылар жырлаған нұсқада:

Бұрынғы өткен заманда,  
Біздерге қалған хабарда...  
Байсын деген өзені,  
Жиделі байтақ қаласы.  
Жаз жайлауға қыс – қыстау  
Жер еді артық сағасы.  
...Байбөрі деген бай шықты  
Тоқсан мың екен қорасы.  
Атадан жалғыз ер еді,  
Еңіреген ердің бірі еді, -

деп жырланады [81, 87-б]. Сол сияқты Әбдірайым Байтұрсынов нұсқасында аздаған өзгеріспен былайша айтылады:

Бұрынғы өткен заманда,  
Дін мұсылман аманда,  
Жиделі Байсын жерінде,  
Қоңырат деген елінде

Байбөрі деген болыпты.  
Кедейліктен бай болып  
Төрт түлікке толықты... [81, 189-б]

Ал «Қобыланды батыр» жырының бастамасы былайша:

Кешегі өткен заманда,  
Қарақыпшақ Қобыланды –  
Атасы мұның Тоқтарбай,  
Халықтан асқан болды бай.  
Байлығында есеп жоқ.  
...Тоқтарбайдың дәулеті –  
Ішкені мас, жеген тоқ,  
Бай-кедейдің көңілі жай.  
Қыс қыстауы Қараспан,  
Қараспан көкке таласқан.  
Ат үйірінен адасқан,  
Қалың қыпшақ тізіліп,  
Қонса қоныс жарасқан [71, 17-б], -

деп беріледі.

Осы дәстүрдің қазақтың батырлық жырларындағы көрінісіне т.б. да жырлардан көптеген мысалдар келтіруге болар еді.

Қазақ эпостарының мәтін құрылымының ортақ және өзіндік ерекше сипатының бірі болып саналатын осы жыр бастамалары, басқа да түркі халықтарының эпостарына да тән. Мысалы, өзбектердің «Көроғлы» циклындағы «Интизор» эпосының бастамасы мынадай жолдармен:

Чамбил Чамбил булганда,  
Чамбилга Гуруғли бек булганда,  
Чамбилға одам тулганда...[100, 7-б] –

деп басталады.

Осы сияқты Хакастың «Алтин Ариг» эпосындағы бастамада эпикалық уақыт пен эпикалық мекен былайша көрсетіледі:

Когда земля создавалась  
Тогда же звезды рождались, говорят:  
На (всем) белом свете  
Народ начинал жить [58, С. 250].

Батырлық жырлардағы осы мотив – поэтикалық бастама Орхон жырларында да мекен мен эпикалық уақытты бейнелеуден басталады. «Білге қаған» мен «Күлтегін» жазба ескерткіштерінің бастамалары мазмұны жағынан бір-біріне өте ұқсас, жақын. Бұл құбылыс мысалы, «Күлтегін» жырында:

Биікте көк тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,

Екеуінің арасында адам баласы жаралған.  
Адам баласы үстінде ата-тегім  
Бумын қаған, Істемі қаған отырған.  
Отырып, түркі халқының ел-жұртын  
Қалыптастырған, иелік еткен.  
Төрт бұрыштағы халықты  
Көп алған, бейбіт еткен,  
Бастыны еңкейткен,  
Тізеліні бүктірген...  
Білге қағандар екен,  
Алып қағандар екен,  
Әміршілері де білге болған екен,  
Алып болған екен.  
Бектері де, халқы да сенімді екен.  
Сол үшін де елін сонша  
(ұзақ) билеген екен.  
Ел ұстап заң жасаған... - [79, 110-б].

деген түрде көрінсе, осы баяндау «Білге қаған» жазбасында да қайталанып беріледі [32, 201-б]. Бұл бастамадағы жазбагердің өткен заман бейнесіне тоқталып, оған мән беріп ерекше бір дәуір етіп көрсетуінен, батырдың ата-тегін мадақтауынан, олардың түркілерді біріктіріп ел еткен ерлік істерін өнеге етіп айту, ғибрат етуінен эпостық жырларда кең таралған дәстүрлі мотивтің қолданысын көреміз.

Сол сияқты «Мойын Шор» ескерткіші де «Тәңірде болмыш...» деп осындай тәсілмен басталады. Өткен заманды, ата-бабалар уақытын айрықша етіп көрсету «Онгин» жазбасы мәтінінде: «Ата-бабамыз Ямы қаған төрт бұрыштағылармен ұғысты (ынтымақтасты), жықты, таратты, басты» деп қысқаша түрде берілсе [32, 145-б], осы дәстүрлі бастаманы «Бұғыты» мәтінінің мазмұнынан да байқауға болады.

«Білге қаған» мен «Күлтегін», «Мойын Шор», «Онгин» жазба ескерткіштерінің бастамаларының мазмұны жағынан бір-біріне ұқсастықтары бола тұрса да, біршама айырмашылықтары да бар. Мысалы, «Күлтегін», «Білге қаған», «Мойын Шор» жазбалары бастамасында аңыздық эпикалық сарын байқалады. Эпикалық уақыт негізі етіп мифология алынып, жазба авторлары түркілердің ерте кездердегі тарихын айтпақ болғанда тарихи оқиғаларға мифтік түсініктерді енгізеді. Бұл жағдайда тарихи оқиғалар мен мифологиялық түсініктер бірін-бірі толықтырады. Бұндай эпикалық формула қызметін атқаратын бастама жолдардан көне түркілердің

әлем мен адамның жаратылуы туралы мифтік ұғым-түсініктері байқалады.

Қазақтың батырлық жырлары мен ежелгі жазбалардың бастамасында айтылатын батырлардың туысында, өмірге келуінде де дәстүрлілік белгілері бар. Ол болашақ батырдың туылуының жырлардағы дәстүрлілігі жөнінде кезінде М.Әуезов: «...толық жақсылар», сол замандағы түсінік бойынша “әшейін жабайы адам туысынан... басқа болу керек. Жаратылысында жай адамның шығысынан бөлек бір көмескілік, жаттық болуға тиіс. Туысын жасырын сыр билеген өзгешелік болу керек. Олардың жаратылысына табиғат, әулие, пері сияқтылар араласу керек», - деген пікір айтқан екен «Әдебиет тарихы» атты еңбегінің «Батырлар әңгімесі» деген тарауында [96, Б. 56-57.]

Осы сияқты Орхон жазбалары бастамаларында ел билеуші қағанды, батырды ерекше жаралған, Тәңірінің жіберуімен болған дегенге саятын ой көрініс тауып отырады. Қазақтың батырлық жырлары да тәңірге сиынудан басталып, жырларда батырларды олардың дүниеге келуіне себепкер болған әулие-әнбиелер желеп-жебеп жүрсе, Орхон жырларында да оларды жаратушы тәңіріне үлкен назар аударылады. Тәңірі түркілерді жаратумен қатар олардың елдігін сақтауға, батырлардың жеңіске жетуіне дем беріп отыратындығы жиі айтылады. Осыған орай «Тәңірден өтінді», «Тәңірге жалбарынды», «Тәңірі жарылқағандықтан» деген сөз тіркестері Түркі қағанаты дәуірі жазбаларында жиі қайталанып келіп отырады.

Бұл салыстырулар Орхон жазба ескерткіштер мен эпостардағы байқалған осы процестердің шығу тегі түркі мифтерімен байланысты екендігін көрсетеді.

Орхон жазба ескерткіштерінің бастамаларынан көптеген ортақ белгілермен қатар кейбір өзіндік ерекшеліктерді де байқауға болады. Мысалы, «Тоныкөк» жырының бастамасы тәңірді еске алудан емес, «Мен өзім білге Тоныкөк табғаш елінде тәрбиелендім...» деп өзі туралы деректер беруден, өзі туралы баяндаудан, өзін бейнелеуден басталады. Осыған орай Н.Рахмонов: «Тоныкөк» пен «Құла Шор» ескерткіштері бірден-ақ басынан бастап Тоныкөк пен Құла Шорға байланысты оқиғаларды айтудан басталады, сондықтан да бұл ескерткіштерді мемуарлық жанр элементтері бар шығарма ретінде қарастыруға болады» деген пікір білдіреді [101, 5-б].

Эпикалық шығармалардың аяқталуында да дәстүрлі формулалар болатыны белгілі. Қалыптасқан дәстүр бойынша, әдетте қаһармандық жырлар батырдың жауын жеңіп, елге тыныштық, бейбітшілік орнатуымен аяқталады. Мысалы, «Қобыланды батыр» жырында Қобыландының жорықта жүргенін пайдаланып, Алшағыр оның елін

шауып алады. Батырдың қалмақтан елді азат етіп, қорлық пен зорлықтан құтқарып, тозып кеткен елге берекені қайта дарытқаны:

Қалың қыпшақ жағалай  
Қараспан тауға қоныпты.  
Кемшілік көріп кәпірден  
...Бұрынғыдан екі есе  
Бақ-дәулетке жолықты.  
Қалмақтан алған көп олжа  
Бөліп берді еліне,  
Пақыр, кедей, кеміне,  
Кедейі байға теңеліп,  
Риза болды бәрі де  
Қобыланды сынды еріне [71, 81-б],

деп жырланады.

Тағы бір мысал – «Алпамыс батыр» жырынан: Алпамыс батыр елінде болмаған кезде Қоңырат елі ыдырап, тозып кетеді. Небір қиыншылықтарды көріп, ұзақ сапардан Алпамыс батыр еліне оралғанда: Ұлтан құлы бек болған, бабасы – жалшы, әкесі – құл, анасы мен қарындасы күң болған, ұлы Жәдігер – додаға, жесірі саудаға түскен жағдайдың үстінен түседі. Алпамыстың ел-жұртына бұрынғыша бейбіт күндерді қайта орнатқаны жырда:

Жиылған халық жылады,  
Тозып кеткен ел-жұртын  
Тегіс жиып алады.  
Тентегі мен телісін  
Түзетіп жөнге салады [81, 38-б],

деп бейнеленеді. Жырдың аяқталуындағы елге бейбітшілік орнататын осындай жағдай қаһармандық жырлардың барлығына тән сарын болып саналады.

Осы құбылысты, яғни батырлық жырдың аяқталуында қалыптасқан осы дәстүрлі бейнелеулерді Орхон жазбаларынан да кездестіреміз. Оған мысал ретінде Білге Қағанға арналған тас жазудағы: «Тәңірі жарылқағаны үшін, [мен де] өзімнің отырған иелігіме төрт бұрыштағы (тараптағы) халықты құрап ұйымдастырдым, [ел етіп] жараттым. Төрт тараптағы халықты бейбіт қылдым. Басы барды жүгіндіріп, тізеліні бүктірдім. Жоғарыда Тәңірі, төменде Жер жарылқағандығы үшін көз көріп, құлақ естімеген, халықтарымды ілгері – күншығысқа, сыртқа – түн ортасына дейін қоныстандырдым. ...Елімді мұңсыз қылдым. Жоғарыда Тәңірдің құдіретімен осылайша болды» дейтін жолдарды (Қ.Сартқожаұлының аудармасынан) [32, Б. 201-207] келтіруге болады.

Бұл құбылысты «Күлтегін» жырындағы Білге қағанның:

Сөйтіп тәңірі жарылқады.  
Өлімші халықты тірілттім.  
Жалаңаш халықты тонды,  
Кедей халықты бай қылдым.  
Аз халықты көп қылдым,  
Тату елге жақсылық қылдым,  
Төрт бұрыштағы халықты  
Бәрін бейбіт қылдым,  
Тату қылдым,  
Бәрі маған бағынды [79, 120-б],

дейтін арнау-үндеу сөзінен, сол сияқты «Тоныкөк» жырының соңындағы:

Бүкіл түркі халқына  
Қарулы жау келтірмедім,  
Атты әскер жолатпадым.  
Елтеріс қаған жауламаса,  
Оған еріп мен жауламасам,  
Елім, халқым жойылар еді.  
Оның әрекетінің нәтижесінде,  
Менің әрекетімнің нәтижесінде,  
Еліміз қайта ел болды,  
Халқымыз қайта халық болды [79, 141-б]

деп келетін жыр жолдарынан да көреміз.

Түркілердің алып, білге қағандары мен батырлары бір кездері әйелі – күң, ері – құл болып, тозып кеткен халықты ата-мекеніне қайта жинап қоныстандырады. Солардың ерліктерінің арқасында түркі халқының «кедейі бай, азы көп, құлы құлды, күң күңді болып» [79, Б. 116-117], ешкімге кіріптар болмайтын бейбіт өмір орнатқаны Орхон жазбаларындағы жырлардың соңында осылайша беріледі. Фольклорлық эпикалық туындылар мен Орхон жазбаларының бастамалары мен аяқталуындағы ұқсастықтардың болуы бұл ежелгі жазбалардың да фольклор дәстүріне сүйене отырып жазылғандығына дәлел болады.

Фольклорлық туындылар сюжетінің тұрақтылығымен ерекшеленетіндігі белгілі. Зерттеушілердің эпикалық туындылардың поэтикасы мен типологиясын қарастыруда алдымен сюжетке жүгінуі – сюжеттің көркем шығарманың негізгі өзегі, көп қырлы болуынан.

«Сюжеттің жалпы сырт көрінісі, оқиғалардың орналасу тәртібі мен қаңқасы /схемасы/ тұрақты ұлтаралық белгілерімен ерекшеленсе, әрбір нақтылы сюжеттің іштей өрілуі, әлеуметтік мән-мазмұны орта мен жағдайға, ұлттық психологияға, наным-сенімге, әдет-ғұрыпқа, қоғамдық тартысқа негізделеді» екен [52, 242-б].



Орхон жазба ескерткіштері сюжеттерінде ортақ ұқсастықтармен қатар айырмашылықтардың да бар екендігі байқалады.

Зерттеуші ғалымдар Орхон жазбалары ішінде бүлінушілікке көбірек ұшырағанына байланысты «Онгин» ескерткіші мәтініндегі көптеген сөздерді оқуға мүмкіншілік болмағанын айтады. Әйтсе де мәтін мазмұнының ұзын-ырғасы сақталған. Мәтін сюжеті «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк» ескерткіштері жазбаларындағыдай Бумынның қағандық құрған кезінен желі тартып, одан кейінгі кездегі елдің ыдырауы, Елтеріс, Қапаған қағандардың тұсында қайтадан іргелі елге айналғаны, олар қайтыс болғаннан кейінгі ел ішінде орын алған бүліншілік, кешен иесінің ел бірлігі үшін Білге қағанға қызмет еткені, соның арқасында атақ-даңққа ие болғаны, ол қайтыс болғаннан кейін кешен орнатылғаны айтылады. Бұл ескерткіш мәтінінің сюжеттік желісінен, мәтін бастамасы мен аяқталуынан, тарихи оқиғалардың баяндалуы мен жорықтар, ерлік іс-әрекеттерді сипатталуынан «Білге қаған», «Күлтегін» жырларымен ұқсас ортақ белгілердің бар екендігі айқын көрінеді.

Зерттеу еңбектерде даңқты түркі қағаны Елтеріс, Тоныкөк, Қапаған, Білге қаған, түркі әскерінің бас қолбасшы Күлтегіндермен бірге түркі қағанатының тәуелсіздігі үшін күрескен, бар өмірін арнаған адам деп айтылатын екінші Түркі қағанатының оң қанатының көсемі Күүлі – Чорға (Құла Шор) арналған кешен ескерткіштерінің көптеген бүлінушілікке ұшырағандығынан жазба мәтініндегі сөздердің біршама бөліктері өшіп, ескерткіш мәтінінің толық сақталып жетпегендігі аңғарылады. Бұл жазбада Күүлі – Чордың аналық әулеттен шығып жиен абыз (чықан Туй-ұқұқ) атағын алғаны, 80 жас жасап дүниеден өткені, Түркі қағанатын нығайтуға көп еңбек сіңіргені, балалық шағындағы, әскери жорықтардағы, аң аулаудағы, т.б. ерліктері, қайтыс болғаны, жерленуі, мүсінінің жасалуы, ескерткіш жазбаның жазылуы баяндалады [32, Б. 234-35]. Күүлі – Чор жазбасында оның ерлік істері мен батырлығының баяндалуында «Білге қаған», «Күлтегін» және «Тоныкөк» ескерткіштеріндегі ерлік, жорықтардың бейнеленуімен біршама ортақ ұқсастықтар бар.

Орхон жазбаларының көлемді де көрнектілерінің бірі болып саналатын «Тоныкөк» жырының сюжетіне Елтеріс, Қапаған, Білге қағандардың кеңесшісі, ел ақылшысы, жорықтарда әскер қолбасшысы болған Тоныкөктің түркілер табғаштарға тәуелді болған кезде табғаш елінде өскені, түрік халқының жойыла жаздап, Елтерістің арқасында қайта бірігіп жауға қарсы жиналып жорықтарға шыққаны, оның қол бастаған жорықтары баяндалатын оқиғалар арқау болған. «Тоныкөк» жыры сюжетінің басқа Орхон жазбаларымен салыстырғанда айырмашылық, өзгешелігі болғанымен, оқиғалардың бейнеленуі

жағынан ұқсас, мазмұндастығы байқалады. Н.Келімбетов «Тоныкөк» жазбасындағы оқиға желісін он төрт циклға бөліп қарастырады.

«Білге қаған», «Күлтегін» жырлары Орхон жазбаларының ішінде көлемдісі әрі мәтіндерінің жақсы сақталғаны болып саналады. Енді осы жазбалардың сюжеті, олардың фольклорға қатысы жөнінде ертелі-кеш айтылған пікірлерге тоқтала кетейік.

М.Әуезов кезінде Орхон жазбаларының мазмұнында батырдың жас шағынан бастап, өмірінің ақырына дейінгі ерліктерін жырлайтын батырлық дастандардың сюжеттік құрылысында ұқсастық бар екендігін айтқан [84, 136-б].

Л.Гумилев «Күлтегін» жырының үлкен жазбасында екі түрлі оқиғаны баяндайтынын анықтап, бірі – 550-718 жылдар арасындағы түркі тайпаларының тарихы, екіншісі – Күлтегін эпитафиясы деп көрсеткен болса, И.Кормушин үлкен жазуды алты сюжеттік желіге жіктеп, оларды «хикаялау циклі» деп атаған екен [102, 47-б].

«Білге қаған» мен «Күлтегін», «Тоныкөк» жырларындағы қамтылатын оқиғалардың мазмұны, тарихи шындыққа қатысы жөнінде ой-пікірлер М.Жолдасбеков, Н.Келімбетов, Т.Қоңыратбайлардың еңбектерінде біршама айтылды. Әйтсе де Орхон жазбалары сюжеттерінің фольклорлық сюжетке қатыстылығында айқындай түсетін мәселелер бар.

Орхон жазбаларының танылуына үлкен үлес қосқан ғалым М.Жолдасбеков оқиғалардың баяндауына қарай Күлтегін ескерткішін үлкен, кіші жазулар деп екіге бөліп қарастырып, кіші жазудың шағын 6 бөліктен, үлкен жазудың 5 бөліктен тұратындығын айта келіп: «Үлкен жазудағы оқиғалар кіші жазудағыдан гөрі әлде қайда кең, серпінді баяндалған. Айырмашылығы осында ғана», - деп көрсетеді [74, 97-б]. Сол сияқты Н.Келімбетов те «Күлтегін» жырын кіші және үлкен жазуларын екіге бөле қарастырып, олардың екеуін де: «әрқайсысы өз алдына дербес, әрі сюжеттік жағынан бір-бірімен тығыз байланысты сегіз циклдан тұрады. Әрбір цикл – мазмұны жағынан бір-бір хикая. Мұнда да әрбір цикл өз ішіне міндетті түрде үш элементті қамтиды – бастаушы (орысша «зачин»), осы циклдағы оқиғаның өрістеуі және түйіні», - деп жазады [50, 114-б]. Ғалым Күлтегіннің өмірі, ерлікке толы жорықтары жырланатын бөлімін алтыншы хикая ретінде қарастырып, оны он үш топтамадан (цикл) тұрады деп жүйелейді де: «Тегінде түркі халықтары ауыз әдебиетінде шығарма сюжетін баяндап айтып берудің қалыптасқан өзіндік жүйесі болған сияқты. Бұл дәстүр эпостық туындыларда ғана емес, сонымен бірге жазба әдебиетте де өз жалғасын тапқан», - дей келіп, «Оғыз қаған» эпосы мен «Күлтегін» жырының сюжеттік ерекшеліктеріне салыстырулар жасайды [14, 39-б].

Белгілі фольклортанушы ғалым Т.Қоңыратбай Орхон жазбалары түркі тайпаларының этникалық үрдісіне негізделген эпикалық туындылар болғандықтан олардың сюжеттік желісі мен құрылымында өзара жақындық, ұқсастық мол екендігін айта келіп, «Күлтегін» жазбасында баяндалатын оқиғаларды Бумын, Істемі қағандар дәуірінен бастап, ол қағандар өмірден өткеннен кейінгі кездегі табғаштарға тәуелді болған уақытын бір кезеңге, Елтеріс қағанның билік жүргізген кезін, жорықтарын – екінші, Білге қағанның тағы да ыдырай бастаған түркі тайпаларының тұтастығын қалпына келтіруін – үшінші, ал келесісін Күлтегіннің ерліктерін, оның қайтыс болғанын баяндауға арналған мәтін деп төрт сюжетке бөліп қарастырады [23, 53-б].

«Күлтегін» жыры сюжетінің кейінгі дәуірлердегі түркі эпосының сюжетімен ұқсастық белгілері бола тұрса да, біршама өзгешелігі бар. Олай болатыны, түркі халықтарының кейінгі дәуірлердегі эпостық жырлары талай ғасырлардағы жыршы, жыраулар жырлауынан, өңдеуінен өтіп іріктелген, екшелген мұралар.

Орхон жазбалары сюжетінің кейінгі дәуірлердегі түркі эпосының сюжетімен салыстыра қарағандағы өзгешелігін оның толық фольклорлық мұраға айналмағандығымен, сонымен қатар авторы белгілі, жазба әдебиеті үлгісі екендігімен түсіндіруге болады. «Күлтегін» жыры – ежелгі жазба әдебиет дәстүрі мен фольклор дәстүрі ортасындағы аралық мұра. Сондықтан да жырда фольклор дәстүрінің көрініс табуы заңды да. Осы жерде бұл жырдың ауызша айтылған толық нұсқалары болуы мүмкіндігі жөнінде айтқан М.Әуезов, М.Жолдасбековтердің ой-пікірлерін еске алуға тиіспіз.

Қазақтың батырлық жырларына тән негізгі сюжет пен көне түркі жазба ескерткіштері сюжетін мотивтер арқылы салыстыра қарасақ, оларда типологиялық ортақ белгілердің бар екендігін көруімізге болады. Мысалы, жыр басындағы мезгіл мен мекен, ру (тайпа, ата-ана, ата-баба) туралы баян, алғашқы ерлік (балаға ат қою), батырлар мінген аттың сипаты, батырлардың жаумен соғыстарының баяны, т.б. мотивтердің оларға ортақ екені байқалады.

Эпостағы композиция арқылы қиюласатын сюжеттің өрбу кезеңдерінен (экспозиция, байланыс, кульминация, шешім, т.б.) гөрі наным-сенім, әдет-ғұрып, әлеуметтік орта, тарихи жағдай көрінісін және осылардың даму жолын мотивке сүйеніп талдау тиімді тәсіл екендігін айтады Ш.Ыбыраев. Ғалым көрсеткендей, «мотив – кез-келген сюжеттің, тақырып пен идеяның, жанрдың өлшем-пішініне, мақсатына икемдеп қолдануға таптырмайтын даяр шағын типтік оқиға. Сонымен қатар өзінше дербестігі бар, оқиғасы іштей тұжырымдалып жинақталған бүтіннің бөлшегі, яғни толып жатқан

оқиғалар тізбегінен құралатын сюжеттің жекелеген қиындысы» [52, 243 б].

Бұдан шығатын қорытынды – эпикалық сюжет – тұтас ұғым болғандықтан оның ерекшеліктерін, тарихи өрілу жолын, жекелеген бөліктерінің алмасу, жаңару принциптерін мотивтер арқылы жан-жақты сипаттауға болады екен [52, 243 б].

Ш.Ыбыраев Б.Н.Путиловтің мотивтерді семантикалық қызметі мен типіне қарай *мотив-ситуация*, *мотив-сөз* (мотив-речь) және *мотив-әрекет* (мотив-действие) жіктейтіндігін, бұл көрсетілген сюжет құрайтын мотивтерді (сюжетообразующие мотивы) толықтыру, қосымша өрнектеу үшін жұмсалатын *мотив-суреттеу* (мотив-описание) және *мотив-мінездеме* (мотив-характеристика) сияқты түрлері бар екендігін, ол мотивтердің сюжеттің өрбу кезеңдерімен тікелей байланысып жатпағанымен шығармадағы кейіпкердің бітімін, тұлғасын, мінезін, батырдың өмір сүрген ортасын суреттеуде де өзіндік қызметі атқаратынын, декорациялық қызметімен өзгешеленетіндігін айтады.

Батырлық жырдың көбінесе экспозициясында, жыр соңында батырдың елге оралған кезіндегі оқиғасымен байланысты жайттарды, яғни сюжеттің өрбу кезеңдерінің тыныштық сәттерін – жыр қаһарманының белсенді іс-әрекетінен тыс, жүріс-тұрысын бейнелемейтін қозғалыссыз бөліктерін қамтитын мотив-ситуация да «Күлтегін» жырындағы көріністермен біршама сәйкес келеді.

Қазақтың батырлық жырларының біразында сюжеттің басталуына себепші болатын ситуация бірден көріне қоймайтыны сияқты «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында да батырлардың іс-әрекет, жорықтарын бейнелеуден бұрын түркілердің жай-күйіне, тегіне, мекеніне қатысты жайттарға, тарихи жағдайларына тоқталады. Бұл баяндауды батырлық жырлардағы қаһарманның тууын, ол шыққан ортаны бейнелейтін мотив-суреттемемен салыстыра қарастырсақ, оларда ортақ ұқсастықтың бар екендігін аңғаруға болады.

Батырлық жыр сюжетінде бірдей қызмет атқаратын мотив-суреттеме мен мотив-мінездемеде жырдың кім туралы болатындығы, басты қаһарманның кім екендігі деректермен анықталып, одан кейін сол қаһарманға лайық ситуация даярланатын құбылыс белгілері де Орхон жазбаларының біразына тән. Десек те, кейбір үлгілері, мәселен, Онгин, Тоныкөк жазбалары кейбір қазақ эпостарындағыдай («Ер Көкше», «Ер Қосай», «Ер Тарғын», «Құламерген», «Жоямерген», т.б.) бірден мотив-ситуациядан басталады.

Әдетте қазақтың батырлық жырларының жыр экспозициясы мотив-суреттеуден, мотив-мінездемеден басталып, мотив-ситуацияға

ауысады. Ғалым Ш.Ыбыраевтың көрсеткеніндей, «экспозиция өзінше бір тұтас эпизодқа айналып, батырдың шыққан ортасы, елі-жұрты, мекені, ғұмыр кешкен мезгілі, қаһарманның балалық шағы сияқты деректерді көркем тұрғыдан жинақтайды. Мұндайда мотивтің көлемі кейде ұзарып, іштей бірнеше ұсақ оқиғалардың тізбегіне айналады». Ғалымның көрсетуінше мотивтің сипаттамасын оның көлемі емес, сюжеттегі атқаратын қызметі, логикалық-семантикалық мәні айқындайды. Қазақтың кейбір эпостарында «бұл мотив бір-екі ауыз сөзбен ғана түйінделеді» [52, 255-б]. Батырлық жырлардағы осы мотив Күлтегін жырындағы түркілердің ата-бабаларының жаралуы, тарихының баяндалуы, мемлекет құруы, ел бірлігінің сақталып тұрған кезінің суреттелуінен көрінеді.

Эпостың басты қаһарманның негізгі іс-әрекеттерін, жорықтарын бейнелемей тұрып, оның балалық шағын, мінездемесін баяндаудан, яғни «іс-әрекеттің қозғалыссыз кезеңдерді жырлаумен басталатыны» сияқты «Күлтегін» жырында мотив-әрекеттің алдында батырға:

Әкем қаған өлгенде  
Інім Күлтегін жеті жаста қалды,  
Он жаста Ұмай текті шешем  
қатынның бағына  
Інім Күлтегін ер атағын алды [79, 120-б],

деп бірер ауыз сөзбен мотив-мінездеме беріледі.

Эпостың көбісінде сюжет мотив-суреттеу, мотив-мінездеме, мотив-ситуациядан осылайша басталып, осыдан кейін-ақ міндетті түрде қаһарманның іс-әрекетіне, белсенді қозғалысына ұласатынындай, «Күлтегін» жыры да жоғарыдағы жолдардан кейін:

Он алты жасқа (келгенде)  
Ағам қағанның ел-жұртын  
Сонша молайтты,  
Алты чуб, соғдаларға қарсы  
Аттандық, талқандадық.  
Табғаш, Оңтұқтықтың бес мың  
әскері келді,  
Соғыстық.

Күлтегін жауға жаяу ұмтылды [79, 120-б],

деп сюжеттің статикалық (қозғалыссыз) сәтінен динамикалық (қозғалысты) күйіне ауысады, яғни мотив-әрекетке өтеді.

Эпос экспозициясындағы мотив-ситуацияда енді болатын оқиғаның алғышарты, мотивировкасы даярланатын болса, бұл құбылысты «Күлтегін» жырында ел билеп, заң жасаған Бумын сияқты алып қағандар дүниеден өткеннен кейін қаған болған інілерінің ағасындай, ұлдарының әкесіндей болмауы, жалтақ, біліксіздігінен:

Бектерінің, халқының ымырасыздығынан,  
Табғаш халқының алдауына сенгендігінен.  
Арбауына көнгендігінен,  
Інілі-ағалының дауласқандығынан  
Бекті-халқының жауласқандығынан  
Түркі халқы елдігін жойды,

деп бейнеленетін жолдардан көруге болады. Бұл айтылған жайттар батырдың іс-әрекетке көшуіне себеп болады. Мұндай себеп – іс жүзінде сюжеттік байланыс (завязка) қызметін атқарады.

Әдетте мотив-әрекет батырдың жауға аттануы, қайта оралуы, жекпе-жекке шығуы, жау әскерімен соғысуы, т.б. белсенді қозғалысын бейнелейді, яғни сюжеттің динамикалық бөліктерін қамтиды. Осы сияқты «Күлтегін» жырындағы Күлтегіннің қайтыс болып жерленгені баяндалатын соңғы бөлігіне дейінгі кезіндегі бейнеленулер түгелдей мотив-әрекет болып шығады. Жалпылай алғанда, қаһармандық эпостарда іс-әрекеттің дамуы мен сюжеттің шарықтау шегінің осы мотив-әрекет арқылы берілуі типологиялық сипатта болып келеді. Сонымен қатар, тағы бір ерекшелік – мотив-әрекеттегі оқиғалар бірінен кейін бірі тізбектеліп беріледі.

Қаһармандық эпостарда көбінесе мотив-әрекет баяндау арқылы беріледі десек те, мотив-әрекетте бірыңғай баяндау ғана емес, кейіпкерлердің сөзі, монолог, диалог, суреттеу, мінездеу көп болмаса да аралас жүретіндігі белгілі. Бұл тәсілдер де Орхон жазбаларында кездесетін құбылыс.

Батырлық жырлардағы мотив-әрекетте батыр алдында қандай қауіп-қатер тұрса да, алдына қойған мақсатынан бас тартуды, жалтаруды білмейді. Орхон жырларындағы батырлардың ел тәуелсіздігі жолындағы жорықтарында жаудың олардан әлденеше есе көп болуы да, табиғат жайсыздықтары да кедергі бола алмайды. Күлтегін батыр кейде жауға жалғыз, жаяу да ұмтылады. Олай болатыны батыр үшін намыс, ел тәуелсіздігі бәрінен де қымбат.

Қорыта айтқанда, батырлық жырлар мен Орхон жырларының сюжетіндегі, композициясындағы ортақ мотивтер де олардың арасындағы дәстүрлі сабақтастықтың бар екендігін айқындай түседі.

## **1.5 Орта көлемді және шағын жанрлармен байланысы**

Фольклор мен ежелгі әдебиет үлгілерінің синкретті сипатта болатындығы белгілі. Бұл құбылыста жалпылық ортақ сипат бар екендігін басқа да халықтардың әдебиет тарихынан (орыс, араб, т.б.) көруімізге болады. Ғалым Д.С.Лихачев ежелгі орыс әдебиеті үлгілері жөнінде айтқанда, оның себеп, негіздерін: «...главная причина

смешения и неясного различения отдельных жанров в древнерусской литературе состояло в том, что основа для выделения жанра, наряду с другими признаками, служили не литературные особенности изложения, а сам предмет, тема, которой было посвящено произведения. В самом деле, жанровые определения Древней Руси очень часто соединялись определениями предмета повествования: «Видении», «житие», «хождение», «деяние», - деп көрсетеді [103, С. 58-б].

Жалпы ежелгі дәуірлерде туған көркем туындылар жанр синкреттілігімен ерекшеленетіндігін ескерсек, бұл құбылыс, яғни синкретизмнің екі түрі де толық болмағанымен белгілі бір дәрежеде Орхон ескерткіштерінде де сақталған.

Ш.Ыбыраевтың пікірінше, «идеологиялық синкретизм, ең ежелгі дәуірлерде өнердің наным-сенім, мифтік түсініктерден ажырамай салттық, ритуалдық көзқарастармен байланысты өмір сүруін сипаттайды. Түркілердің тәңірлік дінінде осының ізі айқын. Ал, жанрлардың синкретизмі поэзияның, жалпы өнердің тегі мен түрлерінің бір-бірінен ажырамай, тұтас жүрген кезеңін қамтиды» [52, Б. 60-61].

Фольклордың тағы бір сипаты, ғалым С.Қасқабасов жазып көрсеткендей, «тұрмыстың бөлшегі, адам тіршілігінің өн бойында қолданылып, әр саласында пайдаланылатын дүние», «тұрмыстық қызмет атқаратын ғұрыптық және үйлену салтына әрі жерлеу рәсіміне байланысты жанрлар жатады» [1, 23-б] деп санасақ, бұл жанрлардың ішіндегі кейбір түрлері, мәселен, жерлеу рәсіміне қатысты түрі Орхон жазбаларында кездеседі.

Идеологиялық синкретизмнің Орхон ескерткіштерінде түркілердің дүниетанымына, наным-сенімдеріне байланысты бейнеленген көріністеріне алдыңғы тарауларда біршама тоқталғандықтан, енді олардың өнердің басқа түрлерімен, фольклорлық жанрлармен ықпалдасуының, яғни жанрлық синкретизмнің көріністеріне назар аударып көрелік.

Фольклор мен әдебиет тарихын, теориясын зерттеуші ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, ежелгі әдеби туындылар айтылу барысында сазбен, әуенмен, ырғақпен бірлесіп, өнер түрлері қатар орындалып жүрген. Ежелгі дәуірлерде адам қуанышы мен шаттығын, қайғысы мен мұңын – көңіліндегі т.б. сезім толқындырын тек сөзімен ғана емес, әр түрлі іс-әрекеттерімен, мұңды, сазды әуенімен, зарлы үнімен де үндестіре білдіруді дәстүр еткен. Бұл құбылыстың көптеген халықтарға ортақ екендігіне, ежелгі түркілерде де болғандығына деректерді молынан келтіруге болады.

Түрлі кезең, дәуірлердің көріністерін бойына жинақтап, көп қабаттылық сипатқа ие болып, әр кезең, дәуірлердегі мотив, сюжеттермен толығып, тұтастанып көлемді жырға айналу барысында шағын жанрларды да бойына жинақтап отыру эпосқа тән белгілердің бірі болса, эпикалық дәстүрмен жазылған Орхон жазбаларында да бұл белгілердің сақталуы заңды құбылыс.

Дәуірлер сүзгісінен, көркемсөз зергерлерінің өңдеу, жетілдіруінен, халқымыздың ой саралау, талғам, қабылдаулардан өтіп дәстүрлі жалғастығын тауып біздің дәуірімізге жеткен фольклорлық туындыларымыздың үлкен бір саласы – қаһармандық жырлар.

«Фольклор – сөз өнері. Өнер болу үшін, ең әуелі, көркемдік қасиет және орындаушы мен тыңдаушы болуы керек. Фольклор – әрі әдебиет, әрі театр рөлін атқарды, оның шығарушылары әрі орындаушылары болды. Сондықтан фольклор өзіндік көркемдік әдіс, бейнелеу тәсілдер мен көркемдеуіш құралдар жасап, орнықтырды. Бұл процесте ол ежелден келе жатқан ұғымдар мен нанымдарды, мифтер мен басқа да ескі жанрларды пайдаланып, оларға басқа сипат дарытты, эстетикалық міндет артты» [1, 24-б.], - деп С.Қасқабасовтың көрсеткеніндей, Түркі қағанаты дәуірінде де фольклордың көркем сөз өнері деңгейінде болғанына, ғалым атап көрсеткен көркемдік қасиет, шығарушы, тыңдаушыларының болғанын да шамалауға болады.

Кезінде ғалым Ғ.Мұсабаев Түркі қағанаты дәуірінде де эпикалық дастан үлгісі болғанын, оның Орхон жазбаларына қатысын айта келіп, олардың бір ерекшелігі деп мәтіннің әнге құрылуын атап көрсеткенді. Ғалым: «Мейлі ол сарын әлде қара өлең болсын, белгілі бір әуенге құрылған. Ерте кездегі ән-өлең сөзі, музыкасы бөлінбейтін дәстүр түркі халықтарында біздің заманға дейінгі келгені анық», - деп жазған екен [7]. Осы ойды Ә.Қоңыратбаев: «Күл-Тегін» жырын Иолығ тегін ғана емес, тайпа ақындары жырласа да ғажап емес. Қағандар қобызшы, ақындар ұстаған», - деп сабақтайды [8, 78-б].

Ал, ғалым М.Жолдасбеков Орхон жырларының қандай әуенмен орындалғандығын бүгінде айқындаудың өте қиын екендігін, әйтсе де келешекте бұл бағытта да зерттеу жүргізілу керектігін ескертсе [74, 92-б], Т.Қоңыратбай: «Қарастырып отырған ескерткіштердің синкреттік сипатқа ие болып, белгілі бір музыкалық-эпикалық дәстүр аясында өмір сүргені де күмән тудырмауы тиіс. Ұйқас, ырғақ, жалпы көркем ой бар жерде поэзия мен музыка элементтерінің қатар жүретіні белгілі. Оны фольклортану ғылымындағы синкретизм теориясы дәлелдеген», - деген пікір білдіреді [23, 59-б].

«Күлтегін», т.б. Орхон жырларының ауызша түрде пайда болуы туралы айтылған ойларға ден қойсақ, онда олардың белгілі бір әуенге қатыстылығы болғанын шамалаймыз. Бірақ ол әуен немесе мақам



қандай сипатта болды деген мәселе жөнінде толымды ой айта алмаймыз. Бұл жөнінде Р.Бердібайдың: «Өкінішке қарай, фольклортану ғылымының құлашы осындай түрлі пән жетістіктерін меңгеру дәрежесіне көтеріле алған жоқ. Белгілі бір мәтінді жалаң оқып шығумен ғана күрделі ойлар түйю мүмкін емес. Басқасын былай қойғанда, қазақ жырларының сөздері жарияланып, олардың саздық (музыкалық) өрнегі мүлде тасада қалдырылып келе жатқанын зерттеу ісінің балаңдығына қосамыз. «Қазақ жырларының сақталуы мен дамуына ән-ырғақтың мәні қаншалық» деген мәселе өз зерттеушілерін күтіп тұр», - деп жазғанындай [43, 75-б], Орхон жырларының синкреттілік сипатының осы сияқты қырларының да зерттеліп, айқындай түсетін маңызды жақтары бар екендігін де айтқымыз келеді.

Өзге түркі халықтарындағы сияқты қазақ жырлары да ежелден белгілі бір сазбен орындалатын болған. Кезінде Л.Н.Бернштам «Күлтегін» жазбасының дәстүрлі жоқтау жырлармен стилінің ұқсастығына көңіл бөлген [31, С. 37-38]. Жанрлардың стильдік сипаты да олардың сазбен, әуенмен орындалу ерекшеліктерін айқындауға да негіз болуы мүмкін. Ойымызды жинақтай айтқанда, Орхон жазбаларының синкреттілік сипатын олардың сазға қатыстылығы да көрсетеді.

Орхон жазбаларының жанрлық синкреттілік сипатын олардағы көне тұрмыс-салт жырларының жоқтау сияқты, шешендік, арнау, мақал-мәтел сипатындағы сөз үлгілерінің қолданылуы да айқындайды.

Орхон ескерткіштері кешенінің фольклорлық сипатының бір ерекшелігі қайтыс болған адамды жерлеуге байланысты рәсімдердің орындалуынан да байқалады. Мысалы: ежелгі түркілердің қайтыс болған адамды аза тұтуы, қайғыға ортақтасып, ол дүниеге шығарып салуы, жерлеуге қатысты жоралғылардың орындалуы, дауыс салу (Күлтегін жазуында «Терістіктен дауыс көтерілді, дауыс естілді» деп жазылған), жоқтау айтылуы, Күлтегіннің мал-мүлкінің, иелігіндегі, тұтынған т.б. заттарының таратылып берілуі, тастан мүсін орнатуы, т.б. с.с..

Орхон жазбаларының бірқатарында (көбісінде деуге болады) тұрмыстық, утилитарлық қызмет атқаратын фольклор [1, 23-б] – *жоқтау* үлгілері де көрініс береді. Енді осыған тоқталып көрейік.

Қазақ отбасылық ғұрып фольклорын, тұрмыс-салт жырларын арнайы зерттеп жүрген ғалымдар Б.Абылқасымов [104] пен К.Матыжановтардың зерттеулерінде [105, 106, Б.143-167] жоқтау жырларының түркі халықтарында ежелден тұрмыс-салтымен бірге

келе жатқан көне жанр екендігі, ғұрыпқа қатысы жан-жақты сөз етіліп, оның ежелгі дәуірлерден бастау алатындығы көрсетілген.

Кезінде хатқа түсіріліп қалдырылмағандықтан ежелгі дәуірлердегі жоқтаудың, фольклорлық жоқтау үлгілерінің қандай сипатта болғанын толық айта алмаймыз. Солай бола тұрса да, олардың басты ерекшеліктері жөнінде сөз қозғауға болады.

Ежелгі сақтар мен ғұндарда да қол бастап, халқын сыртқы жаудан қорғаған батырлары қайтыс болғанда аза тұтып, қасіретті жоқтау жырларын айтатын дәстүр болған. Жоқтау дәстүрінің түркі халықтары тарихында сақ, ғұн дәуірлерінен бастау алатындығына Махмұт Қашқари сөздігіндегі «Алып Ер Тоңғаны жоқтау» жыры дәлел болады. Ғалым К.Матыжанов Махмұт Қашқари сөздігіндегі Н.Келімбетовтің «Алып Ер Тоңға» дастанның соңғы тарауы болса керек деп пайымдайтын жоқтауында ежелгі жоқтау үлгілерінің ұзын-ырғасы сақталғанын айта келіп: «...оның өзі көне түркі тілінде болғандықтан біздің пайдаланып жүргеніміз бүгінгі қазақ тіліне әркімдердің қотаруымен жеткен жаңғырма нұсқа», - деп, әйтсе де оларда қазақ жоқтауларына тән композициялық, мазмұндық сипаттардың сақталғандығын айтады [106, 158-б].

Академик Ә.Марғұланның пікіріне назар аударсақ, ежелгі көшпелі тайпалардың тіршілігіндегі «патриархал қауымның әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты дәстүрлері – қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп той жасау, сойыс қылу – бәрі бұрынғы көшпелі сақ, гун, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына дейін жеткен тарихи жоралар» [107, 26-б]. Ғалымның көрсетуінше ежелгі түркілерде жоқтау тек адамға ғана емес, басқа да қимастарының жоғалуына орай да туып отырған.

Жоқтау жыр айтудың да қайтыс болған адамның аруағына сиыну, жалбарыну, аза тұтып ырзалықпен шығарып салу, ас беру, бетін жырту сияқты ежелгі замандарда «жерге, суға, күнге, көкке табыну тұсында туған жосынның бірі» [108, 77-б] екендігі т.б. зерттеушілер еңбектерінде айтылып жүр. Сол сияқты ежелгі түркілерге ислам діні енгенге дейінгі дәуірлерде қайтыс болған адамды азалауының ерекшеліктері жөнінде тарихи еңбектер мен көне жоқтаулар да деректер береді. Ежелгі түркілерде «Өлген адамның жақындары жылап-сықтап, бетін тілгілеп, шашын жұлып, өлік жатқан жерді жеті рет айналатын болған» [106, 76-б]. Тарихшы Н.Я.Бичуриннің жазған деректеріне қарағанда ежелгі түркі тайпаларының әдет-ғұрпы бойынша, күйеуі қайтыс болған әйел жоқтау кезінде өзінің бетін пышақпен тіліп те жылайтын болған екен [70, С. 230]. Осы сияқты деректер түркі халықтарының ежелгі дәуірлерін зерттеген т.б.

ғалымдар еңбектерінде кездеседі. Бұл көрініс, ұғымдар белгісінің біразы қазақ эпостары мен жоқтау жырларында да көрініс тапқан.

Әдетте жоқтауларды тудырушылар сол қазаға ұшыраған жанның ет-бауыр жақындары, сондай-ақ ақын-жыраулар болған. Түрік қағанаты дәуірінің сөз шеберлері де белгілі қоғам қайраткерлері, батырлары қайтыс болғанда көне дәуірлерден қалыптасқан дәстүр бойынша жоқтап, олардың еліне еткен қажырлы іс-еңбектерін, ерлікке толы батырлық жорықтарын жырларына қосып отырған. Ғалым Т.Арынов көптеген халықтарда өз елінің батырлары мен елеулі ерлерінің атын ардақтап ескерткіш қою дәстүрінің бар екенін айта келіп: «Осы бір қастерлі дәстүр көшпенділер өмірінде басқа ешбір халыққа ұқсамайтын өзіндік бір бағытта, тосын бір жолда қалыптасты, дамыды», - дей келе, олардың өзіндік ерекшелігі ретінде тасқа қашалып сақталуын, оларда көбі дерлік жеке батырларға, ел басқарған, жорық жасаған сарбаздарға, солардың ерлігі, ерлікке толы өмірі суреттелуін және жоқтаумен сабақтас екендігін көрсетеді [110, Б. 6-9].

Жоқтау үлгілерінің қазақ эпостарының ішінде жиі кездесетіні сияқты құбылыс ежелгі түркі әдебиеті нұсқаларында да бар. Оған «Алып Ер Тұңға», «Күлтегін» жырлары дәлел болады. Б.Қорғанбековтің пікірінше: «Жоқтаудың эпос құрамында болуы эпостың танымдық мақсатта айтылуынан қалған бір белгі». Ғалымның ойынша «қаһармандық эпостың пайда болу процесінде жоқтау мен т.б. тұрмыс-салт жырлары екі түрлі функция атқаруы мүмкін. Олар кейіпкер сөзі ретінде цикл құрай бастаған эпос құрамына стихиялы түрде қосылады да, оның құрамында көпке дейін консервативті күйде өмір сүріп келеді. Екінші бір функция атқарған жоқтауларға индивидуалдық шығармашылық үстемдік етіп, көркемдік дамуға ие болады. Бұл көбіне батыр өлімінен кейінгі кезеңде айтылатын жоқтауларға тән» [26, Б. 90-91].

Эпикалық жырларда батырдың ерлігін, ел үшін жасаған жорықтарын, жан аямас күрестерін жырлай келіп жырдың соңын жоқтауға ұластыратыны кейінгі дәуірлердегі жоқтау үлгілерінде, тарихи жырларда сақталғандығына көптеп мысалдар келтіруге болады. Бұл құбылыс, яғни қаһармандық дастандарда жырды жоқтаумен аяқтаудың ежелгі дәуірден бастау алып қалыптасқан дәстүрінің болғандығын көрсетеді. Осы дәстүрдің Түркі қағанаты дәуірінде де сақталғандығына Орхон жазбалары дәлел болады.

Осы көне жанрдың ежелгі жазба әдебиетіміздің қалыптасып дамуындағы орны қандай деген мәселеге келетін болсақ, олардың басқа жанрларға қарағанда қаһармандық жырлардың тууына негіз

болғандығын, соған орай өзара жақындық байланысы бар екендігін байқаймыз.

«Күлтегін» жырындағы жоқтау үлгісін қазақ эпостарындағы жоқтау үлгілерімен салыстыра отырып, жоқтау жанрының қаһармандық эпос пен Орхон ескерткіштерінің шығу тегін, жасалуындағы (пайда болуы мен қалыптасуындағы) орнын да айқындауға болады.

Күлтегін ескерткішіндегі жоқтау үлгісіне қазақ ғалымдарының назар аударғандары аз емес. Кезінде Ә.Марғұлан да: «Жоқтау Орхон жазуларының түбегейлі аялғысы. Оның ең жарқын түрін Күлтегін, Бегре тас жазуынан көруге болады», - деген екен [107, 97-б]. Ал, ғалым И.В.Стеблева «Күлтегін» жазбасының қорытынды бөлімін талдай келіп, оның Білге қағанның жоқтауына ұласатынын айтады да: «В жанровом отношении это часть надписи представляет собой образец эпитафийной лирики» деген пікір білдіреді [111, С. 9].

Енді осы қаһармандық эпостарымыздың бастау негіздерінің бірі болып саналатын жоқтау жанрының өзіндік ерекшеліктері қандай деген мәселеге тоқтала кетейік. Халқымыздың рухани тарихында ерекше орын алған жоқтаудың табиғатына зер салсақ, онда қазақ халқының моральдық-этикалық болмысы, адамгершілік қасиеттерді – кісілікті, мінезділікті, батырлықты құрметтеп, сыйлауы айрықша танылады.

«Бұл жанрға тән тағы бір ерекшелік, мұнда қайтыс болған ел азаматының, мейлі ол кім болмасын өмірі шыншылдықпен, дәлдікпен, ...деректер өте қысқа болса да баяндалады» [110, 9-б], елге танымал тарихи тұлғаларды жоқтау үлгілерінде сол кезеңдегі ердің елдік, ерлік істері, өмірінің елеулі, мәнді кезеңдері айтылады.

Ежелгі түркілерде «Бір адамның қайғысы бүкіл елдің қайғысына айналған. Сол арқылы ел қорғаудың киелі, қасиетті іс екені күллі қауымға жария етілген» [50, 99-б].

Фольклорлық көркем жоқтаудың тағы өзіндік ерекшелігінің бірі – олар ірі ақындар, айтушылар қолынан өткендіктен көркемдік тілі жағынан эпостан кем түспейді. «Ондай жоқтауларда ақын, жыршы тарапынан айтылған бағалар да кездесіп отырған» [9, 54-б].

Орхон ескерткіштерінің фольклорлық дәстүр аясында жазылғанына назар аударған ғалымдар Т.Арынов, Ә.Қоңыратбаевтардың оларды жоқтау жанрына жақындастыруының себебінің бірі – ондағы жазбаларда жоқтау үлгілеріне тән белгілердің болуынан, сондай-ақ қаһармандық жырлар мен жоқтаулардың бір-бірімен өзектес болып, негізгі идеяның, көркемдік әдіс-тәсілдерінің жақындастығынан, ортақтығынан, басты кейіпкерлерінің, ондағы айтылатын ойлардың, оқиғалардың негізгі өзегіне айналатындығынан

болса керек. Назар аударсақ, шын мәнінде, батырлық жырлар мен жоқтау жырларды жақындастыра түсетін басты белгілердің бірі – олардың шығу тегінің бастауларында, айтылмақ ойлардың ортақтығында, яғни идеяларының жақындық, туыстық негіздерінде.

«Күлтегін» жырындағы Білге қағанның толғануы жоқтау жанрының үлгісін танытады. Онда Түркі қағанатының әскери қолбасшысы Күлтегін батыр қайтыс болғанда күллі Түркі қағанатының жұрты шексіз қайғыға батып, көрші елдердің де қайғыға ортақтасқаны едәуір көрініс тапқан.

Ғалым М.Жолдасбеков «Күлтегін» жырындағы жоқтау үлгісін:

Інім Күлтегін қаза болды,  
Өзім қайғырдым,  
Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды.  
Өзім қайғырдым.  
Тағдырды Тәңірі жасар,  
Адам баласының бәрі өлгелі туған.  
Қайғырғаным соншама:  
Көзге (ыстық) жас келер,  
Тағы да ойландым,  
Қатты қайғырдым,  
Екі шад, бүкіл жеткіншектерімнің,  
Ұландарым, бектерімнің, халқым(ның)  
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым [79, Б. 126-127],

деп аударса, ғалым Қ.Сартқожаұлы оны былайша: *«Аналар мен әйелдер күң болып өліктерің жатар еді. Бәрің де өлер едіңдер. Өзім қайғырдым (сағындым). Көрер көзім көрместей, Білгір ақылым білместей болды. Уақыт тәңірі жасар-ау, ал адам баласы күресу мен өлмекке туған. Осылайша қайғырдым. Көзге жас келсе, кетер-ау, көңілге ауыр шер келсе, ол да ұмытылар-ау деп қайғырдым. Қатты қайғырдым. Екі шад кіндіктес арқа туғандарым, ұрпақтарым, бектерім, халқымның көзі, қасына кірбің, мұң кірді-ау деп қайғырдым»* деп аударды [32, 177-б]. Осы сияқты Күлтегін ұстынының бақатасындағы бірталай сөздері оқылмайтын дәрежеге жеткен жазбалардың да Күлтегін қазасына байланысты айтылғанын шамалауға болады. Ол жазу жолдарындағы «Күлтегін... жылап-сықтадым, ... көзім, ...өлер» [32, 177-б] деген сөздердің де жоқтауға қатыстылығының бары байқалады.

Бұл жоқтау үлгісінен қазақ жоқтауларының композициясында жиі кездесетін ортақ көптеген белгілерді байқауға болатынын, ол белгілер бұл жазбалардың түркі халықтарының ішінде қазақ халқына

тікелей қатысты туынды екендігін дәлелдей түсетіндігі жөнінде қазақ ғалымдары өз ой-пікірлерін жазып жүр [13, 32, 23].

Әрине, «Күлтегін» жазбасындағы бұл мәтін таза көркем фольклорлық жоқтау үлгісі емес. Себебі ол араға ұзақ уақыт салып фольклорлық айналымға түсіп үлгере қойған жоқ. Сондықтан да ол таза көркем фольклорлық жоқтау бола алмайды.

Әдетте көркем шығарманың тілі, сөз бейнелілігі айтайын деген оймен, шығарма мазмұнымен тығыз байланысты болатындығы белгілі. Жоқтауда өлген адамның, мінезі, жақсы қасиеттері, ел-жұртқа, туыстарына жасаған жақсылықты іс-әрекеттері, үлгі-өнегесі, өмір жолы мұң-шер рухында баяндалып көркем де мәнерлі тілмен жырланады. Түркі халықтарының ескілікті жоқтаулары, негізінен дәстүрлі шер өлеңдеріне тән теңеу, салыстыруларға, әр түрлі айшықты сөздерге құрылуымен [108, 78-б]; көбіне өзінің тілі, өлшемі, көркемдік сипаты жағынан фольклор үлгісінде жасалып, тілінде стиліне тән асқақ метафора, теңеулердің молдығымен, әсерлілігімен де ерекшеленеді [9, Б. 54-55].

«Күлтегін» жырының мәтініндегі Білге қағанның Күлтегін қазасының тек өзіне ғана емес, жалпы елге ауыр қайғы болғанын толғана айтуынан, сол қайғының әсерінен болған өзінің көңіл-күй, жандүниесіндегі толқынысының («Көрер көзім көрместей, Білгір ақылым білместей») бейнеленуінен, батырсыз елдің болашағы қандай болмақ деген ауыр ойдың қайғыға түсіруінің, ойлана келіп тағдырға мойынсұнуының көрінісінен оның фольклорлық жоқтау жырларындағы негізгі оймен, мазмұнымен сабақтастығы айқын аңғарылады.

Онгин жазба ескерткішінің мәтіннің соңындағы ескерткішті орнатқан баласының әкесі туралы айтқан сөздерінен де Күлтегін ескерткішіндегі Білге қағанның жоқтау сөздерімен ұқсастық байқалады. Ұлының әкесіне деген құрмет сезімі оның «Білікті аташым», «Ұлы айбынды сарбаз, жақсы әке аташым өлді» [97, 167-б] деген эмоциялық сипаттағы сөздерінен аңғарылады.

Фольклорлық туындылардың орындалуы импровизацияның қатысумен іске асатын шығармашылық процесс болғандықтан олардың жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне байланысты қолданылатын соған лайық көркемдеу құралдары – тұрақты, дайын формулалар, эпитет, теңеулер болатындығы мәлім. Осыған сәйкес жоқтау өлеңдерінде де ауыз әдебиетіне тән ортақ тұстар, қайталаулар, трафаретке ұқсаған клишелер де жиі кездесуі заңдылық.

Күлтегінді жоқтау үлгісіндегі жолдардағы бейнелеу құралдарының қазақ жоқтауларындағымен ұқсастығымен бірге, оларда көпшілікке белгілі клишелер де бар. Мысалы:

Тағдырды тәңірі жасар,  
Адам баласы бәрі өлгелі туған [79, 126-б]

деген жолдар қазақ жоқтауларында:

Өлгеннің соңынан өлмек жоқ,  
Өлген қайтып келмек жоқ [96, 24-б]

деген, т.б. түрде тұтасып біткен структуралық блоктар ретінде жоқтаулардың көбісінде бар [108, 134-б].

Фольклортанушы Б.Уахатов көрсеткендей жоқтаулар – негізінен, осы сияқты клишелер «...тұрақты фразеологиялық тіркестерден тұрады. Соның негізінде жоқтаудың әр түрлі нұсқа, варианттары жасалады» [108, 136-б].

М.Жолдасбеков Күлтегін ескерткішіндегі жоқтау үлгісіндегі жолдарды «Қыз Жібек» жырындағы Төлегеннің Қособа түбіндегі зарлы қоштасуымен, «Қобыланды» жырындағы Аналықтың зарымен, «Алпамыс» жырындағы Байбөрінің перзентке зар болған зарлы өлеңдерімен салыстыра келіп, осы тәрізді перзентке зар болу, сол батырдың өлсе қазасын жоқтау – қазақ эпостарындағы негізгі мотивтердің бірі екендігін айтады [74, 78-б].

Жоқтау жырларының ежелден бастау алып жалғастық тауып отырғандығына ежелгі жырлар мен кейінгі қазақ эпостарындағы кейіпкерлер жандүниесіндегі сезімдерінің бейнеленуінен де көруімізге болады. Мысалы, Алып Ер Тоңға қазасына байланысты жырда жылап-сықтаудан, ауыр қайғы-қасіреттен адамдардың көздері көрмей қалады.

Бөрідей ерлер ұлысты,  
Бақырып жаға жұлысты,  
Дауыс салып жырлады,  
Суалды көзі жылады [112, 33-б]

Осы сияқты Орхон ескерткіштеріндегі жоқтау үлгісіндегі Күлтегінді жоқтайтын:

Көрер көзім көрместей,  
Білгір ақылым білместей болды.  
Ұландарымның, бектерім, халқым(ның),  
Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым,- [79, 126-б]

деген жолдар мен «Қобыланды батыр» жырындағы:

Жайықтың суы лай-ай,  
Көр болды көзім жылай-ай, [71, 31-б]

дейтін, сол сияқты «Алпамыстағы» Аналық зарының арасында,

Көретін көзім көр болды  
Бір перзентке асық боп  
Аққан жасым тыя алмай  
Көзімнің жасы төгіліп,

Жылап-еңіреп, егіліп,- [81, 27-б]

деп, ботадай боздап келе жатқан Байбөрі қасіретінің арасында олардың жан күйзелісін бейнелейтін ұқсастықтар мол.

Осындай құбылысты эпикалық жырлардың ең көнелерінің бірі деп есептелетін «Қозы Көрпеш – Баян сұлу» жырынан да көреміз.

Осы келтірілген үзінділердегі «Суалды көзі, жылады», «Көрер көзім көрместей», «Қасы-көзі өз болар деп қайғырдым», «Көр болды көзім жылай-ай», «Көретін көзім көр болды» деген тіркестердің бұл жанрда біршама тұрақты қолданыста болғандығына дәлел болады. Қазаға байланысты қайғыра жылау бейнеленуінің жоқтауларда басқаша түр, қолданыстарының болуы мүмкін. Әйтсе де жоғарыдағы келтірілген мысалдардағы қолданыстар тұрақтылығымен ерекшеленеді.

Қазақ жоқтауларында да өмірдің өткінші екендігі, тағдырдың болмысынан ешкімнің қашып құтыла алмайтындығы өмірдің әртүрлі құбылыстарымен салыстырыла отырылып, бейнелі де әсерлі жырланатындығы белгілі.

М.Қашқаридың «Түрік сөздігіндегі» «Алып Ер Тоңға» жоқтауында:

Алып Ер Тоңға өлді ме?  
Жаман дүние қалды ма?  
Замана өшін алды ма?  
Енді жүрек жыртылар!

Замана сәтін түзетті,  
Ұрысы құрды тұзақты;  
Бектер бегін аздырды,  
Қалай қашып құтылар?! [112, 333-б] –

деген жыр жолдарының ішкі мазмұнында «Күлтегін» жырындағы жоқтау сарындарымен іштей үндестік бар. Мысалы:

Інім Күлтегін қаза болды...  
Өзім қайғырдым.  
Тағдырды тәңірі жасар,  
Адам баласы бәрі өлгелі туған [79, 126-б]

(Уақыт тәңірі жасар-ау,  
Адам баласы  
күресу мен өлмекке жаралған.

Қ.Сартқожаұлы аудармасы) [32, 177-б]

деп жазылғандай тағдыр жазуынан ешкім қашып құтыла алмайды деген ой сабақтасып жатады. Сонымен қатар бұл жолдардан тағдырға



мойынсұну (фатализм) көрінісі – ежелгі танымға тән ұғым-түсініктер байқалады.

Қазақтың қайтыс болған адамды жылына дейін жоқтауы, оның басына ескерткіш белгі қоюы, киімін, тұтынған кейбір заттары мен мал-мүліктерін халыққа таратып беретін ғұрыптық дәстүрінің де ежелгі түркілерден келе жатқандығына, өте ұқсастығына Орхон жазба ескерткіштеріндегі деректер дәлел болады. Мысалы, Күлтегін жазбасының соңында: «Күлтегіннің алтынын, күмісін, ақығын, дүние-мүлкін, төрт мың жылқысын, қарасын айтуы бойынша тұйғыт бұларды [таратты]» деп жазылған (Қ.Сартқожаұлының аудармасында) [32, 179-б].

Адам өмірінің ол дүниеде де жалғасатындығы, жанды материалдық тұрғыдан түсініп, оның өлмей жанды нәрсеге айналып көкке ұшып кететіндігі туралы ежелгі ұғым түсініктің көрінісі Орхон жазбаларында да бар.

С.Қасқабасов былай деп жазады: «Өлім – алғашқы жағдайға қайтып келу. Қазақтың «кісі өлді» дегенді «қайтыс болды», «қайтты» деп айтуының түбінде осы түсінік жатыр. Ажал – ол да өмір, бірақ басқаша өмір. Өлген адам жоғалды деп саналмай, ол басқа бір өмірге көшті, алғашқы өзінің түріне қайтып келді деп түсінілген» [1, 125-б]. Осы ежелгі түсініктің ізі Орхон жазбаларында да сақталған. Оны, мысалы, «Күлтегін» жырындағы «Күлтегін о дүниге керек болды», «қой жылы [тоғызыншы айдың] он жетісі күні (о дүниеге) ұшты» [32, 177-б], «Қайғырған ұрпағыңызды да, тұйғындарыңызды да табындырып, сиындырдыңыз, ұшып кеттіңіз. Тәңірде тірлік, иелік кеше беріңіз» деген жолдар [32, 179-б] мен Білге қаған жазбасындағы «Білге қаған [дүниеден] ұшты. Жайлы болсын жоғары Тәңірде» [32, 207-б] деген жолдардан көреміз.

Бұл келтірілген мысалдардан ежелгі дәуірлердегі түсініктердің Түркі қағанаты дәуірінде Тәңірлік қағидаларға сай өзгеріске түсіп (аталар аруағына, олардың желеп-жебеп жүруіне деген сенім), қолданыс тапқанын байқауға болады.

Жоқтаудың тек адам қазасына ғана айтылмайтындығы, оның басқа да қимастарының жоғалуына, алыста қалаған еліне, жойылып кеткен қалаларға, т.б. жағдайларға байланысты да туатындығы жөнінде Х.Досмұхамедұлы [113, 18-б], Ә.Марғұлан еңбектерінде жазылған [78, 368-б].

Ғалым Т.Қоңыратбай көрсеткендей, «Күлтегін» ескерткішіндегі «жоқтау үлгісі мұнда түрік халқының тағдырымен тамырлас» болғандықтан түркі елінің өткен замандарындағы бақытты, іргелі ел болған кезін де аңсау, жоқтау жырда:

Тәтті сөз, асыл дүниесіне

көп алданып,  
Түркі халқы, қырылдың,  
Түркі халқы, жойылдың,

деген жолдардан көрініс тапқан. Бұндай жоқтау үлгісі де қазақтың батырлық жырларында кездесіп отыратын құбылыс.

«Алып Ер Тұңға», «Білге қаған», «Күлтегін» эпикалық жырларындағы сияқты батырдың ерлігін, ел үшін жасаған жорықтарын, жан аямас күрестерін жырлай келіп жырдың соңын жоқтауға ұластыру дәстүрі кейінгі дәуірлердегі тарихи жырларда да сақталған. Оған Нысанбай ақынның «Кенесары, Наурызбай» жыры да дәлел болады.

Халқымызда осы күнге дейін сақталып жеткен, адамы қайтыс болған азалы үйге «бауырымдап» баруы, жоқтау айтуы, аза өлеңдер жазуы (азанама) – сол ежелгі дәуірлерден сақталып жеткен дәстүрлердің бірі. Тіліміздегі «жоқтаусыз қалған», «жоқтаушысы бар» деген сөздердің де салмақты ұғымдары бар. Қаза болған адамға жоқтау айтпау, мейлі ол елге соншалықты танымал болмаса да, қазақ үшін, оның ең жақын адамдары үшін (әсіресе әйелдер үшін) арға, ұятқа тиетін жағдай болып саналады.

Бұл жоғарыда келтірілген деректер мен салыстырулар, пікірлер Орхон ескерткіштерінің ежелгі таным-түсініктермен, қазақ жоқтауларымен арасында дәстүрлі байланыстардың бар екенін көрсетеді.

Орхон жырларының жанрлық синкреттілігін, фольклормен байланысын айқындай түсетін белгілердің бірі – ол жазбаларда *арнау*, *толғау* үлгілерінің кездесетіндігі.

Арнау өлең түрлерінің, шешендік сөздердегі арнаудың, көркем шығармалардағы арнау сөздің шығу төркіні ең ежелгі дәуірлерден бастау алғанына күмән жоқ. Арнаудың шығуы адамдардың бір-бірімен, қоршаған ортамен, табиғатпен қарым-қатынас негізінде туғаны анық. Оның негіздері фольклордың ең көне үлгілері – арбау, жалбарыну, алғыс, қарғыс, бата, тілек, өсиет, т.б. сол сияқты ежелгі түрлерінен бастау алады. Бұл мазмұндағы шығармалардың түркі халықтарында тым ежелгі дәуірлерде-ақ қалыптасып орныққанына фольклорлық үлгілермен қатар ежелгі жазбалардағы үлгілер де дәлел болады.

Мәселен, профессор А.Аманжолов Батыс Қазақстаннан табылған қола айнадағы жазуды аударып, оның мағынасына «Тас қорғандай «Игі есендік» деген сөз актілекті бата сөз болып шығады» деп түсінік береді [86, 92-б]. Ғалым осы сияқты Есік қаласынан табылған күміс тостағандағы жазуды «Аға, саңа, очук! Без чөк! Бүкүн ічре азук» деп оқып, оны: «Аға саған (бұл) ошақ! (Ошағынан) безгендер тізенді бүк!

Халықта азық-түлік (мол болғай)!» деп аударарды [114, 5-б]. Осының алғашқысындағы арнау үлгісінде жазбагердің еліне, халқына арнаған ізгі ниеті көрініс тапса, келесісінде от басына береке, тыныштық, халқына ырыс, байлық тілеген ойлар бейнеленгендігін көруге болады.

Осы Есік жазуын басқа ғалымдардың да әр түрлі аударып жүргендігі белгілі. Мысалы, солардың бірі ғалым О.Бекжан ол жазуды «Із іл еР Чың: еЛ еС,-Ті ІТ,- БаШ ТоҚ еДГү, ЙЕР-СуБ АС Сел ЕТ, іЧ ТӨК» деп оқып, мағынасына былайша түсінік береді: «...сөйлеушінің «Із елінің ері Шың: Ел, есіт, еске сақта, ойлан, - деді, Бас тоғыстыру (біріктіру) игі, (сонда) Жер-Су өзен-көлді сел етер, ішер суды төгер» деген мағынасы ежелгі сақ бабаларымыздың ұрпақтарына қалдырып кеткен бұлтартпас айғақ куәлары арқылы толық дәлелденеді. Бұл сөйлемде өзен-көлдердің бас тоғыстыруы мысал ретінде алынғанымен, астарлы мағынамен ел бірлігі тұспалданады. Бұны сақ көсемі Шыңның елге өсиет ете нықтап айтуынан-ақ түсінуге болады» [115, Б. 69-70]. Ғалымның бұл аудармасынан да өсиетті арнау үлгісін аңғару қиын емес.

Осындай арнау сипатындағы көркем сөз үлгілерін Түркі қағанаты дәуіріндегі жазбалардан, Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінен көптеп кездестіреміз.

Көркем шығармалардағы арнау сөздің шығарма кейіпкерлеріне, тыңдарман, оқырмандарына, табиғат құбылысына, т.б. айтылатыны белгілі.

Орхон жазбаларында түркі халқына, оның алып бектеріне арнап айтылған жолдар баршылық. Ондай арнаулардың айтылуының тарихи негіздері де бар. Түркі қағанатының өз ішінде болған алауыздық, бақталастық олардың жауға жұмсар күш-қуат әлсіретіп отырған. Орхон жазбаларындағы негізгі идеясы елді бірлікке, бүтіндікке, жат жұрттықтардан тәуелсіздікке үндеу болғандықтан, олардағы айтылған арнау-өсиет сөздер, ғалым Р.Бердібайдың айтқанындай, бұрынғы ата-бабаларымыздың қай кезде де өзінің мәнін жоймайтын «имандай сыры, жан дауысы, кейінге қалдырған үлгі-өсиеті, асыл аманаты болып естіледі» [43, Б. 30-32].

«Онгин» ескерткішіндегі: «Елтеріс қағаннан айырылмадық, жаңылмадық. [Енді] Тәңірі Білге қағаннан да айырылмаймыз, азбаймыз» деген сөзін де арнау үлгісі ретінде қарауға болады [32, 9-б]. (Қ.Сартқожаұлының пікірінше кешен иесі – 716 жылы қайтыс болған Баға Теңіркен шад. Ғалым кешенді орнатып, жазба мәтіндерді ұстынға түсірген оның ұлы деген пікір айтады [32, Б. 138-146]).

Орхон жазбаларының көлемді, көркемдік сипаты жағынан айшықтылары болып саналатын «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырларында арнау сөз үлгілері аз емес.

Орхон ескерткішіндегі Білге қағанның:

Тәңірі текті Тәңіріден жаралған  
Түрк Білге қаған.  
Бұл шақта, отырдым (таққа),  
Сөзімді түгел естіндер!

Сол сияқты:

Тоғыз оғыз бектері, халқы !  
Бұл сөзімді мұқият тыңда, терең ұқ, -

деген жолдардан қазақ әдебиетінде ерекше дамыған шешендік сөздердің үлгісін көруге болады. Ғалым М.Жолдасбеков Орхон ескерткіштеріндегі риторикалық сұраққа негізделген шешендік арнауның түрлері аз еместігін айта келіп, оған жырдағы:

Түркі халқы, тыңдаңдар!  
Көктен тәңірі баспаса  
Төменде жер айрылмаса  
Ел-жұртыңды кім қорлайды?!

О, қасиетті Өтүкен қойнауының халқы!  
Біресе ілгері шаптың,  
Біресе кері шаптың,  
Барған жерде не пайда таптың? [74, 76-б].

деген жолдарды да мысал ретінде келтіреді.

Орхон жырларында риторикалық сұрақтарға құрылған:

Елді халық едім,  
Елім қазір қайда,  
Кімге ел-жұрт іздермін? десті.  
Қағанды халық едім,  
Қағаным қайда,  
Қандай қағанға күш-қуатымды беремін? – десті

деген, немесе,

Осы сөзімде өтірік бар ма?  
Түрк бектері, халқы, бұны тыңдаңдар!

деген жолдар шығармаға ерекше әуез, көтеріңкі леп беріп, жырдан асқақ ерлік сазын танытады [74, 96-б].

Осы сияқты жырдағы:

Түрік бектері, халқы,  
Бұны тыңдаңдар!  
Түркі халқын жиып,  
Ел болғандарыңды  
мұнда бастым.  
Жаңылып кешкендеріңді  
де мұнда бастым.

деген жолдарды да «арнау ретінде қабылдауға толық негіз бар» [23, 52-б].

Орхон жырларының бір ерекшелігі – олардың кіріспе, қорытынды бөлімдерінде лепті үнмен ғибрат айту, көтеріңкі сарынмен үндеу тастап, асқақтап сөйлеу сияқты дауыс ырғағы басым болады. Оған мысал ретінде Тоныкөктің бүкіл түркі еліне қарата айтқан мына бір монологын келтірсек болады:

– Мен, білге Тоныкөкпін.  
Алтын қойнауынан асып келдік,  
Ертіс өзенін кешіп келдік.  
Көп екен деп неге қашамыз?!  
Азбыз деп неге қорқамыз?! [116, 75-б].

Орхон жырларындағы осы тәрізді көпшілік қауым алдында көтеріңкі екпінмен үндеу тастап ақыл-өсиет айту, асқақтата сөйлеу, қарсыласына қарата үндеу тастап, сұрақ қою арқылы сес көрсету дәстүрі қазақтың батырлық жырларында да үлкен орын алатындығына мысалдарды көптеп келтіруге болады.

Мысалға «Қобыланды батыр» жырында Көбіктінің:

Ел иесіз дедің бе?  
Көл иесіз дедің бе?  
Жер иесіз дедің бе?  
Мал иесіз дедің бе?  
Жан иесіз дедің бе? - [71, 78-б]

деп Қобыландыға айтқан сөзінен, сол сияқты «Қамбар батыр» жырындағы:

– Қосай жетім қайдасың,  
Айдама менің малымды.  
Шулатпа кемпір-шалымды.  
Менің балам Қараман  
Теспей сорар қаныңды,  
Шырқыратып жаныңды [117, 94-б]

деген сияқты, т.б. қазақтың батырлық жырларында көптеп кездеседі.

Халықты жинап алып, оларға қарап үндеу – сөз айту дәстүрінің тек Орхон жазбаларында ғана емес, одан бұрынғы дәуірлердегі «Шу батыр», «Ергенекон» сияқты ежелгі түркі аңыз-дастандарында да орын алып отырғанын айтады Н.Келімбетов [14, Б. 58-59].

Арнау үлгісіндегі нақыл, бата, тілек сөздер «Қорқыт ата кітабында» да аз емес. Қорқыт атаның:

Қара тауларың құламасын,  
Саялы ағашың сынбасын,  
Қанаттарың қырқылмасын,  
Жүйрік атың сүрінбесін,

Ақ найзаң сынбасын,  
Қара болат қылышың кетілмесін,  
Ақ самайлы ананың жатқан жері бейіш болсын,  
Хақ жандырған шырағың сөнбесін,  
Қара жүрек қарақшыға кез етпесін,

деген алғыс сипатындағы, т.б. сөздерінен ежелгі арнау үлгілерінің кейінгі дәуірлердегі қазақ фольклорының әр түрлі жанрлық түрлерінде өзінің көркемдік дәстүр жалғастығын тапқанын байқауға болады.

Орхон жазбаларында көне фольклор жанрларының бірі болып саналатын, түркі тайпаларының өмір тәжірибесінен туған, жинақталған ойды білдіретін *мақал-мәтелдер үлгілері* де жиі кездеседі.

Ежелгі түркілердің халықтық поэтикалық әдеби үлгілерінің, оның ішінде шешендік сөз үлгілерінің, мақал-мәтелдерінің Орхон тас жазуларына түсуі кездейсоқ болған құбылыс емес. Түркі қағанаты заманындағы келешек ұрпақ тағдырын, елдің, халықтың болашағын ойлаған жазбагерлер өмір тәжірибесіне негізделген сан ғасырлар сөз шеберлері сүзгісінен өткен ой түйіндерін эпикалық шығармаларға да орайлы, қажетті жерінде қолданып отырған.

Ел қорғаған батырлар тұлғасын жасау барысында Иоллығ тегін, Тоныкөк сияқты сөз зергерлері ауыз әдебиетінің халық арасында кеңінен айтылатын бейнелі, тұақты сөз кестелерін молынан пайдаланған. Орхон жазбаларындағы мақал-мәтелге жуық тапқыр нақыл сөздер мен бейнелі сөз тіркестердің мол кездесіп отыратындығын сол жазулар тасқа түскенге дейінгі және сол дәуірдегі ауызша тараған мол поэзияның әсері деуімізге болады. Бұл жырлардағы мақал-мәтелдердің ежелгі түркілердің тұрмыс-тіршілігін, дүниетанымын танып білуімізде маңызы аз емес.

Орхон жазбаларында айтар ойды қысқа түрде, әрі бейнелі етіп жеткізу үшін қолданылатын кейбір сөз тіркестері жалпы сипаты – ішкі мазмұны мен құрылысы, қолданылған сөз кестесі жағынан фольклорлық туындыларда жиі кездесіп отыратын қолданыстарға, мақал-мәтелдерге жақындығымен ерекшеленеді.

Мысалы, «Күлтегін» жазбасында мынандай үлгілері бар:

Мұқият тыңда, терең ұқ [13, 40-б].

Жырақ болса, жаман сыйлық берер,  
Жақын болса, жақсы сыйлық берер [13, 41-б].

Немесе:

Аштықта тоқтықты түсінбейсің,  
Бір тойсаң, аштықты түсінбейсің [13, 42-б].

Бұл жолдардың да түркі тайпаларының тыныс-тіршілігінен туғаны анық

Төмендегі «Күлтегін» жырында кездесетін адам өмірінің өткіншілігін бейнелейтін мына:

Тағдырды тәңірі жасар,

Адам баласы бәрі өлгелі жаралған [79, 126-б].

деген мақал мәндес жолдардан, ғалым М.Жолдасбеков жазып көрсеткеніндей, «Талай тәжірибе негізінде қалыптасып барып тұрақты көркем сөз тіркесіне айналған бұл секілді мақал-мәтелдерден өмірдің өзінен туған ойлы тұжырымдарды, терең пайымдауды» аңғара алсақ [13, Б. 106-107], осы ой, танымның «Алпамыс батыр» жырындағы:

Жаман жақсы болса да

Жазудан адам қала ма? [81, 48-б]

деген, тағы сол сияқты:

Көптен қалып көнерген

Дүние, сарай мекені.

Мекенді аз күн отан қып

Нәубетпен барша өтеді [81, 190-б],

немесе:

Ажалсыз адам өлмейді,

Тағдырсыз қаза көрмейді [81, 206-б].

деген жыр жолдарымен іштей мазмұндас болып, сабақтасып жатқанын көреміз.

Орхон жазбаларында ерекше орын алатын, авторы түркі қағандарының ақылшы-кеңесшісі, әрі қол бастаған батыры да болған Тоныкөктің өзі деп саналынып жүрген «Тоныкөк» жырында да қайталанып келіп отыратын көркем фольклорда, авторлы ауыз әдебиетінде жиі қолданылатын тұрақты бейнелі, өсиет, нақыл, мақал-мәтелге жуық сөздер мол. Бұл жырда тапқырлыққа құрылған шешендік сөз үлгілерінің көптеп кездесуі кездейсоқ құбылыс емес. Деректерге сүйенсек Тоныкөк – ел мәселесін шешетін күрделі сәттерде билік айтып жол көрсетіп отырған қағандардың ақылшы биі, батыр әрі жырау.

Қазақ фольклорында, ауыз әдебиеті салаларының ішінде өзінің жанрлық табиғаты жағынан күрделісі болып саналатын шешендік сөздерді тудырып, дамытушы да сол билер мен жыраулар болған. Билер мен жыраулардың көп қасиеттерімен бір-біріне ұқсастығы бар. «Би» сөзінің де, «шешен» сөзінің де көне замандардан келе жатқандығы дау туғызбайды. Бұл жөнінде қазақ ғалымдарының зерттеулерінде біршама айтылған [73, 14-б], [118, Б. 82-83].

Билер мен жыраулардың хандардың қасында жүріп, қиын кездерде жол көрсетіп, ақыл айтып отырғандығы белгілі.

Тоныкөк сөзінде де қазақ би-шешендері мен жырауларының сөздеріндегі сияқты, ғалым Ж.Дәдебаевтың жазып көрсеткеніндей «терең логикалық жүйе, ойды қозғайтын, көңілді тербейтін даналық жатқаны дау туғызбайды. Онда қазақтың күні бүгінге дейінгі айтып келе жатқан қанатты сөздері мөлдіреп тұр» [89, 11-б].

Тоныкөктің философиялық ой-пікірлері өз тұсында бірнеше хандарға кеңесші, ақылшысы болған Қорқыт атаның нақыл сөздерімен, Қазақ хандығының іргетасын сақтап қалған Абылайдың ақылшысы болған Бұқар жыраудың дидактикалық-шешендік сөз үлгісіндегі толғауларымен астасып жатады.

Тоныкөк Түрік қағанатын сақтап қалу үшін ең алдымен елдің ішкі бірлігі керек екендігі жөніндегі ойын пернелеп, астармен нақыл – өсиет айту арқылы:

Жұқаны топтау – оңай.  
Жіңішкені үзу – оңай.  
Жұқа қалыңдаса,  
(Оны тек) алып таптайды.  
Жіңішке жуандаса,

(Оны тек) алып үзеді [79, 131-б], -

деп жеткізеді.

«Тоныкөк» жырындағы:

Түнде ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым  
Қызыл қанымды төктім  
Қара терімді ағыздым [79, Б. 140-141]

Күш-қуатымды аямадым.  
Мен өзім ұзақ жорықтарға да бастадым [79, 41-  
б]

деген жырау бейнесін аша түсетін ұйқасқа құрылған жолдар мен:

Қол қосылса, күш өсер [79, 136-б]

Өлімнен ұят күшті [79,138-б]

деген мақалдардың қазақтың қаһармандық жырларындағы, мысалы, «Ер Қосай» жырындағы:

Жау жағадан алғанда,  
Ит етекпен алғанда [117, 91-б],

сол сияқты «Алпамыс батыр» жырындағы:

Жауға барсаң кесерді ал,



Дауға барсаң шешенді ал [81, 115-б],

Далаға шықсаң жолдас ал,  
Жалғыз қиын тегінде [81, 128-б],

Ақсұңқар ұшар жем үшін,  
Туады ерлер ел үшін [81, 156-б].

деген жолдардың мақал үлгілерімен тектес, ерлік, батырлық ұғымдарымен байланысты туғандығы анық.

Орхон жазбаларындағы мақал-мәтелдердің көбісі фольклорлық мәтіндер. Олар бүгінде де қолданылып жүрген қазақ мақал-мәтелдерімен үндес.

Әдеби шығармаларда авторлардың фольклор мәтіндерін дәл сол күйінде қолданбай, өзгерістерге түсіріп отыратындығын ескерсек, Орхон жазбаларында да өзіндік ерекшеліктермен айтылуы, жазылуы, өзгешеліктерінің болуы заңды да.

М.Жолдасбеков қазақтың «Ашта жеген құйқаны тоқта ұмытпа», «Тоқтың жоқтығы бар, аштың тоқтығы бар», «Ат қадірін жоқ білмес, ас қадірін тоқ білмес» тәрізді мақалдарын «Күлтегін» жырындағы:

Аштықта тоқтықты түсінбейсің,  
Бір тойсаң, аштықты түсінбейсің [13, 42-б].

деген мақалдың дами келе бертінде ойы жағынан да, тіркесі жағынан да өзінің уақытына орай жетілген, дамыған, түрліше үлгілері деп таниды [13, 41-б].

Қазақ фольклорындағы:

«Аш адамның тоқпен ісі жоқ,  
Тоқ адамның ашпен ісі жоқ»

деген,

«Аш бала тоқ баламен ойнамайды,  
Тоқ бала аш болам деп ойламайды»,

сол сияқты:

«Бір тойған аштықты ұмытады»

деген мақалдардың да сол ежелгі мақалдардың мазмұнымен үндесіп жататынын байқауға болады. М.Жолдасбеков жырдағы «Іші ассыз, сырты тонсыз», «Түнде ұйықтамадым, күндіз тыным таппадым» дейтін тіркестермен қазақ фольклорында жиі кездесетін «аш-жалаңаш», «түн ұйқысын төрт бөліп» деген сөз тіркестерінің мағыналасығын, ұқсастығын айтады [13, 107-б].

Ғалым мақал-мәтелдің бірер жылда туа салмай, талай ғасырларды аттап барып бұлжымас қағидаға айналатындығын ескерте келіп, «Табы бірдің тәңірісі бар», «Сүңгінің жарасы бітер, тіл жарасы

бітпес», «Отыз тістен шыққан сөз отыз елге таралар», «Бара жерің – Балқан тау, ол да біздің барған тау», «Күштіде тәңірі жоқ», «Жазған құлда шаршау бар ма» деген сияқты күні бүгінге дейін тілімізде жиі қолданылып келе жатқан қазақ мақал-мәтелдерін түркі дәуірінен келе жатқан көне мұралар ретінде көрсетеді.

Орхон жазбаларында кездесетін осы аз ғана үлгілердің өзінен қазіргі кезде тілімізде жиі қолданылып жүрген қазақтың кейбір мақал-мәтелдерінің, Т.Қоңыратбайдың көрсеткеніндей, Түркі қағанаты дәуірінен саға тартатынын аңғарамыз [23, Б. 52-53].

Орхон жазбаларында мақалдармен қатар, айтар ойды тұспалдап қана білдіретін мәтелдерді де, кейбір лепті, өлеңді тіркестердің өткірлеген, ықшамдалған ұтымды түрлерін де көптеп кездестіруге болады.

Түркі халықтарының эпостық жырларында жиі қолданылып, жырға рең, көрік, әр беріп отыратын мұндай өсиет нақыл сөздер ертедегі жырларымыздың да ең басты құралдардың бірі болғаны анық.

Жоғарыда келтірілген салыстырулар, ой-пікірлер әр дәуірлердегі халық ойының, сөз саптау, тіл ұстартудың, сөйлеу мәдениетінің жетілуін, дамуын, өзінен бұрынғы көркем сөз, фольклор үлгілерін дамыта отырып, жаңаша үлгідегі шығармалар әкелу мүмкіндігін көрсетеді. «...ақындық өнер ұшқындары адамзаттың саналы өмірінің барша дәуірлерінде де көрініс беріп отырғанын» ескерсек [43, 437-б], әрбір дәуірдің шығарманы тудырушылары мен айтушылары өзінің мақсатына орай фольклорлық жанрлар үлгілерін, қалыптасқан ежелгі мотив-сарындарды екшеп алып, шығарма мақсатын күшейте, өткірлей түсуі үшін дамыта пайдаланып отырғандығын көруімізге болады.

### **Бірінші тарау бойынша тұжырым**

Бұл бөлімде Орхон жазбаларының ежелгі мифтермен, аңыз-әңгімелермен, қаһармандық эпоспен байланысына және олардағы жоқтау, арнау, мақал-мәтел, шешендік сөздер сияқты фольклорлық жанрлар көріністеріне назар аударып мынандай тұжырымдар жасадық:

Түркі қағанаты дәуірінде жазылған Орхон ескерткіштерінің ішіндегі «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк» жырлары – эпикалық жыр дәстүрінде жазылған мұралар.

Көне дәуірлердегі ұғым, таным-түсініктер, мифтер, сақтар, ғұндар кезінде туындаған фольклорлық сюжеттер мен мотивтер, тақырыптар Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиетте де жалғастық тапты. Эпосты фольклордың бірнеше жанрлық түрлерін, көне наным-

сенім, ежелгі түсінік, дүниетанымдарды бойына жинаған көлемді әрі синкретті сипаттағы жанр десек, осы жанрға тән ұқсастық белгілер Орхон жазбаларының көлемділері болып саналатын эпикалық сипаттағы «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазбаларында сақталған.

Соның бірі фольклорлық жанрлардың ең көне түрінің бірінен саналатын мифтің көріністерінен – мифтік сарындардың бейнеленуінен байқалады.

Орхон жазба ескерткіштерінде *мифтік сарындар* мәселен, дүниенің, түркілердің, олардың қағандары мен батырларының жаратылысы, жер-суға қатысты түсініктер, көкбөрі туралы көне мифтің ізі сақталған. Зерттеушілер бастауын көне дәуірлерге апарып жүрген «Оғыз қаған» дастанындағы ежелгі таным-түсініктер көріністері мен Оғыз батырдың дүниеге келуі, батырлық бейнесі, оның ерлікке толы жорықтары мен «Күлтегін» жырынан ортақ ұқсастықтарды да аңғаруға болады.

Сол сияқты ежелгі түркі аңыз-әңгімелер мен көне эпостардағы таным-түсініктер, көркем бейнелеулер тәсілдерінің үлгілері Орхон жырларында, кейінгі дәуірлердегі қазақтың батырлық жырларында дәстүрлі жалғастығын тапқан.

Орхон жазбаларында тәңірлік ұғымға қатысты наным-сенім көріністер түркілердің сол кездегі танымын көрсетумен қатар, ескі мотив – сарындар шығарманың мақсатын күшейте, өткірлей түсуі үшін де пайдаланылып отырған. Бұл дәстүр кейінгі қазақ фольклорында, түркі халықтарының қаһармандық жырларында да белгілі бір дәрежеде сақталған.

Эпос елдің өткен тарихын дәлме-дәл көрсетуді емес, жаңара, толыса отырып, сол өткен дәуірлердегі халықтың ерлік рухын қайта тірілтуді көздейтіндігі белгілі. Халықтың тәуелсіздігі үшін күрескен ерлердің батырлық, ерліктерін көркем сөзге арқау ету дәстүрінің түркі халықтарында ерте замандардан бастау алатынына сақ, ғұн дәуірлерінен жеткен аңыз-әңгімелер мен жыр, дастандар дәлел болады. Олар кейінгі фольклорлық батырлық жыр-дастандардың қалыптасып, дамуы мен Орхон жырлары сияқты жазба әдебиет үлгілеріне де үлкен әсер еткен. Йоллығтегін сияқты ежелгі дәуірдегі сөз зергерлері өзінен бұрынғы түркі поэзиясының көркем сөз дәстүрін жалғастырып отырған.

Ата-бабасының туып-өскен жері – атамекенді қорғау халқымыздың ежелден келе жатқан қымбат дәстүрлерінің бірі. Отанды қорғау үшін жан аямай күресуге үндеу дәстүрінің аңыздарда баяндалуы мен «Ергенекон», т.б. сол сияқты дастандардағы жырлануы Орхон ескерткіштерінде де кеңінен көрініс тапқан, яғни

елдің мәңгілігін сақтау, тәуелсіздік аңсары ел мен жер үшін күрескен ерлерін ардақтау ежелгі түркі дәуіріндегі жазба мұралар мен кейінгі дәуірдегі батырлық жырларда да дәстүрлі жалғастығын тапты.

Орхон жырларындағы эпикалық дәстүр көріністеріне назар аударып, ежелгі аңыз-әңгімелер, жыр-дастандармен салыстырулар жасау әдебиетіміздің сан ғасырлық қалыптасу, даму жолындағы идеялық, көркемдік ізденістердің қырларын аша түсері анық.

Ежелгі эпикалық дәстүрдің Орхон жазбаларының жазылуына әсер еткені сияқты, ежелгі жазба ескерткіштер де қазақтың батырлық жырларының дамуына өз кезегінде әсерін тигізген.

Ежелгі әдеби туындыларға синкреттілік тән болып келетіндігі белгілі. Синкретизм көрінісі әр дәуірлердегі ұғым, таным-түсініктер мен жанрлардың көлемді бір туынды бойына жинақталуынан, шығарманың айтылуынан, сазбен, әуенмен, ырғақпен бірлесіп, өнер түрлерінің қатар қолданылысынан байқалады.

Түрлі кезең, дәуірлердің көріністерін бойына жинақтап, көп қабаттылық сипатқа ие болып, әр кезең, дәуірлердегі мотив, сюжеттермен толығып, тұтастанып көлемді жырға айналу барысында шағын жанрларды да бойына жинақтап отыру эпосқа тән белгілердің бірі болса, эпикалық дәстүрмен жазылған Орхон жазбаларында да бұл белгілер сақталған.

Орхон жазбаларының синкреттілік сипатын ежелгі дәуірлердегі ұғым, таным-түсініктердің бейнеленуімен қатар, олардағы көне тұрмыс-салт жырларының жоқтау, шешендік, арнау, мақал-мәтел сипатындағы сөз үлгілерінің қолданылуы айқындайды. Ежелгі түркілердің халықтық поэтикалық әдеби үлгілерінің, оның ішінде жоқтау, шешендік сөз үлгілерінің, мақал-мәтелдердің Орхон тас жазуларына түсуі кездейсоқ болған құбылыс емес.

Көркем шығарманың тілі, сөз бейнелілігі айтайын деген оймен, шығарма мазмұнымен тығыз байланысты болатындығы белгілі. Білге қаған, Күлтегін, Тоныкөк жырлары тарихи эпосқа жақын болғандықтан, оларда эпосқа тән шындықты бейнелеудің әдіс-тәсілдері сақталған. Бұл салыстырулар негізінде келтірілген ұқсастықтар Орхон ескерткіштері мен фольклор арасындағы дәстүрлі байланыстардың бар екенін көрсетеді.

Орхон жазбаларындағы ежелгі фольклорлық туындылармен қатар өзіне тән ерекшеліктердің болуы әр дәуірлердегі халық ойының, сөз саптау, тіл ұстартудың, сөйлеу мәдениетінің жетілуін, дамуын, өзінен бұрынғы көркем сөз үлгілерін дамыта отырып, жаңаша үлгідегі шығармалар әкелу мүмкіндігін, әрбір дәуірдің шығарманы тудырушылары мен айтушылары өзінің мақсатына орай қалыптасқан

ежелгі мотив-сарындарды екшеп алып, шығарма мақсатын күшейте, өткірлей түсуі үшін дамыта пайдаланып отырғандығын көрсетеді.

Түркі қағанаты дәуірінде ел қорғау мәселесі, бірлікті айту, ерлікті жырлау алға шықты да, «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» сияқты көлемді – эпикалық туындыларда фольклорлық жанрлар тоғысып, ол жанрлар да жазбаларда осы мақсатта қызмет етті.

Тұжырымдай айтқанда, Орхон жырлары ежелгі дәуірлерде халықтың көркем танымындағы ізденістерінің негізінде фольклорлық жанрлар дәстүрлерін бойына сіңіре отырып жазылған көркем туындылар деуімізге келтірілген деректер мен дәйектер дәлел болады.

## 2 ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР ПОЭТИКАСЫ

### 2.1 Уақыт пен кеңістік

Батырлық жырлар мен Орхон ескерткіштерінің жанрлық жағынан жақындығы, ұқсастығы енді олардың көркемдік сипатындағы ортақ белгілерін де салыстыра қарауды қажет етеді.

Көркем жазба әдебиетпен салыстырғанда фольклордың өзіне тән бейнелеу әдісі, тұрақты көркемдеу тәсілі мен құралдары бар екендігі белгілі. Әдетте «Фольклор романтикалық типтендіру әдісін қолданып, кейіпкерлерді суреттеуде дәріптеу мен әсірелеу сияқты тәсілдерді пайдаланады» [1, 25-б]. Сонымен қатар оларда күрделі көркем жинақтаудың (типизация) алатын орны ерекше. Көркем жинақтауда, әдетте, іс-әрекетті, уақытты, арманды жинақтау орын алады.

Қазақ фольклортану ғылымында фольклордағы, оның ішінде эпикалық туындылардағы уақыт пен кеңістік мәселелері фольклортанушы ғалымдар – С.Қасқабасов, Р.Бердібай, Ш.Ыбыраевтардың еңбектерінде қарастырылып айтылатындықтан, Орхон жазбаларындағы уақыт пен кеңістік мәселелері жөнінде сөз қозғағанда осы ғалымдардың ой-пікірлеріне сүйене отырып талдаулар жасауға талпындық.

Фольклортанушы ғалым С.Қасқабасовтың жазып көрсеткеніндей эпос алуан түрлі тұтастанудан өту барысында, батырды дәріптеу мақсатында уақыт пен кеңістікті де өзіне қызмет еткізеді [66, 62-б].

Эпостық жанрдағы уақыт пен кеңістік категориясында қарастырылатын мәселенің бірі – шығарманың өз ішінде өрілетін, қаһарманды, оқиғаны белгілі бір мекенде және мезгіл аралығында бейнеленетін, көркемдік-поэтикалық қызмет атқаратын эпикалық уақыт пен кеңістіктің өзгешеліктерін арнайы қарастыру болса, бұл жөніндегі ғалым Ш.Ыбыраевтың пікірі мынандай: «...Эпикалық тексті тұтас алып, оның ішінде бірлікте бой көрсететін уақыт пен кеңістіктің ерекшеліктерін қарастыру *эпостың жанрлық болмысын, көркемдік кестесін сөз ету болып шығады*. Эпостың көркемдік заңдылықтарына икемделген уақыт пен кеңістік ұғымдары да типтендірілген. Олардың қолданылуы жанрлық дәстүрмен сабақтас» [52, 82-б].

Ғалым қазақ фольклорындағы уақыт пен кеңістік мәселелері арнайы зерттелмегеніне тоқтала келіп, бұл ұғымдардың дәстүрлі ұлттық сипаты алдымен осы фольклорда сақталғанын, көркемдік ойлаудың тарихын уақыт пен кеңістік туралы ұғымдардың қалыптасу тарихынан бөліп алуға болмайтынын, әдебиет пен өнердегі ырғақ, цикл, бейнелеу тәсілдері де уақыт пен кеңістік туралы түсініктердің тарихымен сабақтастығын айтады.

Осы еңбегінде ғалым көркем шығармадағы уақыт ұғымының жіктелу жолдары жанрдың құрылымынан, атқаратын қызметінен, орындалу (ауызша, жазбаша), ерекшелік, өзгешеліктерінен, сюжеттік-композициялық кестесінен туындайтындықтан, осыған орай ғылымда көркем сөз өнеріндегі уақыт түрлерінің жіктелуінде де ерекшеліктер бар екенін, Д.С.Лихачевтың әдебиеттегі, Б.Н.Путиловтың батырлық жырлардағы уақытты жіктеудегі өзіндік ерекшеліктерін ескерте келіп, Б.Н.Путиловтың көрсеткен баяндау уақыты мен Д.С.Лихачевтың автор, орындаушы уақыты дегенінің арасында жақындық бар екенін, баяндаушының бейнесі әрқашан автор, не орындаушымен бір болып шыға бермейтінін, орындаушы (жырлаушы) бұрыннан жырланып келе жатқан жырды айтушы ретінде де, болмаса сол жырды тұңғыш орындаушы (шығарушы) болып сөйлеуі мүмкін екендігін айта келіп, қазақ эпосындағы сюжеттен тыс жырлаушы уақытының болуын оның өзіндік ерекшелігі ретінде көрсетеді.

Орхон жазбаларында сюжеттік уақыттан тыс автор уақыты мен батырлық жырларды орындаушы, жырлаушы уақыттары арасында жақындық бар. Бұлай болуының себебі қаһармандық жырдың табиғатынан – эпикалық дәуірді беру дәстүріне орайлас келіп шығады, яғни жанрлық ерекшелігінен туындайды.

Енді фольклорлық эпикалық туындыларға қатысты айтылатын эпикалық дәстүр, эпикалық дәуір ұғымдарына тоқталып көрейік.

Ол жөнінде Ш.Ыбыраев былай дейді: «Дәстүр – ол тарихи қалыптасқан көркемдік жүйе (система), ал эпикалық дәуір осы жүйенің шындықпен арақатынасын белгілейтін мезгілдік категория. Белгілі бір тарихи кезеңді оңашалап жырға қосу дәстүрге айналғанда ол кезең эпикалық дәуір дәрежесіне көтеріле алады», – дей келіп, эпикалық дәуір жинақталған жалпы ұғым, тарихи дәуірдің эпикалық бейнесі екендігін, бұны ескермеу эпикалық дәстүрдің табиғатын түсінбеумен барабар болатынын, ондағы кісі аттарының, жер-су атауларының, жекелеген оқиғалардың орналасу тәртібін, шығу тарихын жеке-жеке қарастырып, шындыққа сәйкес емес ауытқуларды «қателік» деп түсіну іс жүзінде эпикалық дәуір дәстүрін мойындамау болып шығатынын айтады. Ғалым жазып көрсеткендей «Эпикалық дәуірдің өзгешелігі сонда – оны жырлау айрықша дәстүрге айналып, арғы-бергі замандардағы оқиғалар, тарихи тұлғалар, атаулар, мифтік және діни ұғымдар бір орталыққа топтастырылып, бір сүзгіден өткізіледі» [52, Б. 128-132].

С.Қасқабасов: «Мұнда уақыт пен кеңістік өзгеше көрінеді. Мәселен, эпикалық уақыт әдеттегіден басқаша, сондай-ақ кеңістік те болмыстағыға сәйкес бола бермейді, бұларда шарттылық, мақсатты қиял үлкен рөл атқарады», - деп жазса [1, 25-б], Ш.Ыбыраев эпикалық

дәуір уақыт ауқымының кеңдігімен ерекшеленетініне: «Өткен заман, батырлар дәуірі, мифтік және тарихи мезгіл, әлеуметтік және тұрмыстық ахуал, міне, осылардың бәрі топталып келіп ерекше бір дәуірдің бейнесін жасайды», - деп түсінік бере келіп: «Батырлық жырдағы «бұрынғы өткен заман» халық санасына терең ұялаған, ел-жұрт тарихындағы айрықша бір дәуір. Ол – қасиетті бабалар уақыты, батырлардың реалды түрде тарихта болған мерзімі. Сондықтан да бұл айрықша дәуір. Оның қадір-қасиеті бүтін шығарманың өн бойына тараған», - деп көрсетеді [52, 84-б].

Фольклорлық туындыларда тарихи оқиғалар типтендіріліп, жанрдың ерекшеліктеріне, бейнелеу мүмкіндіктеріне қарай икемделеді. Эпостағы бейнеленген оқиғалар тарихи шындықтың нақты көшірмесі емес, халықтық тұғыры (концепциясы), оның өз тарихына берген бағасы болып шығады. Олардың ішінде халықтың арман-тілегі де бірге жүреді. Р.Бердібайдың жазып көрсеткеніндей, «Эпостық туындыда тарихи оқиғалар мен эпикалық жинақтау белгілі дәрежеде алшақ кетеді, өмір шындығы эпос тігісіне айы, жылы аталып кірмей, тұрақты тип түрінде жаңғыра қосылады» [43, 61-б].

Эпикалық дәуір – жырда баяндалатын түрлі оқиғаларды, әлеуметтік ортаны, тұрмыс-тіршілікті, адамдар арасындағы қарым-қатынасты бейнелеудің эпикалық дәстүрге бағындырылған көрінісі. «Ол эпикалық дәстүрмен бірлікте жүретін ұғым» [52, 191-б].

Эпостық жырлардағы эпикалық дәуірдің, яғни мұндай идеалды кезеңнің өзінен бұрынғы да, кейінгі де дәуірлердегі оқиғаларды өз бойына сіңіріп отыруы тән болса, осы сияқты белгілер Орхон жырларында да бар. Мәселен, Орхон ескерткіштерінің ең көлемді де көрнектілері болып саналатын «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жазбаларында түркі аңыз, дастандарында жиі кездесетін мифтік, эпикалық уақыт пен кеңістікті жинақтау белгілері де көрініс тапқан. Мысалы, «Күлтегін» жазуындағы:

Биікте көк тәңірі,  
Төменде қара жер жаралғанда,  
Екеуінің арасында адам баласы жаралған.  
Адам баласы үстіне ата-тегім  
Бумын қаған, Істемі қаған отырған [79, 110-б]

деген жолдар мифтік дәуір ұғымынан көрініс берсе, сол сияқты, «Төрт бұрыштағы халықты көп алған, бәрін бейбіт еткен» деген тіркестер қазақтың батырлық жырларындағы батырдың елді қаумалаған жаулардан азат етіп бейбіт өмір келтіргенімен сабақтасып жатады. Сол сияқты жырдағы:

Ілгері – күн шығыста  
Оң жақта – күн ортада



Кейін – күн батыста,  
Сол жақта – түн ортасында [79], -

деген жолдар да дүниені төрт бұрышты деп есептеген ежелгі түркілердің таным-түсініктерін байқатады. Орхон жазбаларында жиі айтылатын бұл *төрт бұрыш, төрт тарап, түстік, шығыс, терістік, күн ортасы, күн батыс, түн ортасы* деген атаулар батырлық жырларда да аз қолданылмайтын мекендік ұғымдар. Орхон ескерткіштері мен қазақ фольклорында жиі кездесетін «дүниенің төрт бұрышы» деген ұғымды фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов Е.М.Мелетинскийдің өзге халықтардың мифтеріндегі кездесетін дүниені төрт бұрышты деген ұғымымен орайластыра, соған қатысты түсініктермен байланыстыра қарастырады. Осындай ұғымдардың түрік халықтары фольклорында ұзақ замандар бойында орын алып келгеніне мысалдарды көптеп келтіруге болады. Қаһармандық жырлар мен Орхон жырларындағы бұл ортақ көркемдік қолданыстар оларды бір-біріне жақындастыра түсетін дәстүр сабақтастығы құбылыстардың бірінен саналады.

Қаһармандық эпостағы кеңістік ұғымдарының мифтік санамен де сабақтастығы бар. Мифтік кеңістіктің *жоғары / төмен* құрылған тәртібі қаһармандық эпосқа тән болмаса да, бұл түсінік кеңістік ұғымдарын жинақтап көрсетуде эпикалық формула ретінде сақталып отыратындығы байқалады. Осы құбылыс та Орхон ескерткіштерінде эпикалық жинақтау түрінде көрініс тапқан. Мысалы, көркемдік қиялға ерік беру Түркі қағанатының иелігіндегі жерлерді сипаттауынан да көрініс тапқан. «Сондай-ақ Түрік қағандарының тарихын дүниенің жаралуынан бері келе жатқан етіп көрсету, жер-жаһанның тірегі секілдендіріп дәріптеу шежіренің емес, эпостың табиғатына тән» [43, 406-б].

Батырлық жырлар кеңістігінде бас қаһарманның жорықтағы жолында оған табиғи орта ешқашан кедергі бола алмайтындығы белгілі. Қазақ эпосында тұрақты түрде қайталанатын көріністің бірі – батырдың жау еліне жеткенде таудан асуы, не тауға шығуы. Мұның көне эпоспен байланысы бар. Көне эпостағы тау жаумен екі ортадағы шекара ғана емес, жаудың мекен-тұрағы, жаудың жүретін жері, болмаса қала, қамал салатын орны болады. Көне эпоста тау мен жау бір-біріне теңеседі. Ал классикалық жырларда тау мен жаудың қатар жүруінің әлеуметтік те себептері бар [52, Б. 141-142].

Ш.Ыбыраевтың пікіріне құлақ түрсек, эпоста әдетте көшпелілер өмірінің тіршілік кешкен ортасы кең дала, жазық жер болып беріледі де, тау мен су эпостада аса қауіпті, ситуациялы болып бейнеленеді. Ол жерде батыр міндетті түрде қиындық пен кедергіге ұшырайды. «Мифтік кеңістіктің *адамзаттық және адамзаттық емес* болып

бөлінуі эпоста *өзімдікі және жаудікі* деген жіктелуге әкелсе, осы ұғымдардың заттанған түрі *дала және тау* болып шығады». Ғалымның көрсетуінше «мекен ұғымының шеті қай заманда да өзен болуы эпос дәстүрінің мындаған жылдық тарихына қайшы келмеген» [52, Б. 144-146].

Орхон жазбаларындағы мезгіл мен мекенді бейнелеудегі орын алған сарындар ондағы эпикалық дәуірді көне дәуірге қарай ұзарта түседі. Түркі қағанаты дәуірінің жазбагерлері ежелден келе жатқан эпикалық дәстүрге сүйене отырып, байырғы замандардың түсініктерін де өздерінің шығармаларына енгізіп отырған. Эпикалық дәстүрге сәйкес ескілікті де, жаңалықты да тарихтың халықтық тұғырына лайық бейнелейді. Осыған орай бұл жазбаларда эпосқа тән көпқабаттылық та белгілі дәрежеде көрініс тапқандығын байқауымызға болады.

Эпос жанры халық тағдырындағы мәні зор ірі оқиғаларды қамтуымен қатар, кеңістігінің де ауқымдылығымен өзгешеленеді. Әрине, эпостың негізі тарихи шындық болғандықтан, ондағы жер-су атаулары, жалпы ел-жұрт, батырлар жүріп-тұрған жер бедері оларды реалды ұғымға жақындатады. Әйтсе де олар дәстүрлі эпос поэтикасының заңдылығына бағындырылады. Қаһармандық эпостағы кеңістік ұғымы оқиғамен, әрекетпен, нақтылы жер-су, мекенмен, табиғат көрінісімен бірлікте ғана көрініс табады. Кеңістіктің бұл бағыттағы қызметі уақыт өлшемдерімен қарайлас болып, оқиға тығыздалып, уақыт түйдектелген жерде кеңістік көріністері де осыған орай жылдам өтіп ауысып отырады екен.

Орхон жырларында мекендік ұғымды білдіретін жау мекені орналасқан таулар мен қалалар аттары жиі аталып отырады. *Ақтермел, Бенлігек, Алтын қойнауы, Темір қақпа, Сұңа, Болиы, Қадырхан, Табар, Тамағ шыңы, Құшлагақ, Чуш, Көгмен тауы, Шаңдуң қаласы, Тоғу кенті Теңіз өзені, Инжу, Түргі Иарғын көлі, Қара көл, Ану суы сияқты* тау, қала, су атауларының тарихи шындыққа қатысы барына күмән келтіре алмаймыз. Ұланғайыр өлкеге сандаған жорықтар жасаған түркілерге бұлардан да басқа жер-су атауларының белгілі болып, оларды талай шарлағаны анық. Жоғарыда аталған мекендердің дұшпандары мекен еткен жер ретінде бейнеленуінің бір ұшы эпостың дәстүрлі заңдылықтарына да байланысты болса керек.

Орхон жырларындағы мекендік атауларға қатысты өткен оқиғалардың тарихи шындыққа қаншалықты қатыстылығы әлі де зерттеулерді қажет етеді. Ғалым Ш.Ыбыраев жазып көрсеткендей: «Тарихи шындық пен эпикалық кеңістіктің ортасында шындықты игерудің эпикалық дәстүрі тұр. Бұл дәстүрдің поэтикамен қарайластығы даусыз» [52, 148-б].

Түркі қағанатының Бумын дәуірі қағанаттың ірге тасы қалануымен, іргелі ел болуымен түркілердің есінен шықпай келе жатқан заманы болды. Ол дәуірдің өзге кезеңдерден айрықша ерекшеленіп айтылуы Орхон жазба ескерткіштерінде жиі кездеседі.

Шындық негізі бар Түркі қағанатының сол бір заманы түркілердің табғаштарға бағынышты болып елдігін жоғалтқан күндерде халықтың аңсары ауған, кейінгі ұрпақтары ұғымында арманға айналған дәуір болды. Ежелгі түркілер үшін Бумын дәуірі барлық жақсылықтарды өз бойына жинақтаған армандайтын, қиялдайтын дәуірге айналды. Оған қиял, мифтік құбылыс, танымдар араласса да, кейінгі қағанат дәуіріндегі түркілер оны өткен заманның шындығы деп таныды.

Фольклорлық эпикалық шығармаларда эпикалық дәуір мен тарихи мерзімнің сәйкес келе бермейтіні белгілі. Орхон жырларында да сол эпикалық дәстүр тап сол эпостық жырлардағыдай болмаса да белгілі дәрежеде көрініс тапқан. Ғалымдардың зерттеу еңбектерінде көрсетіліп жүргендей жазбалардағы деректердің тарихи шындықпен сәйкес келе бермейтіндігі осыған дәлел болады. Түркі қағанаты дәуірінің тарихтағы болмыс-бітімі мен жырлардағы бейнеленуінде айырмашылықтардың, сәйкессіздіктердің бар екенін кезінде Л.Н.Гумилев сияқты ғалымдар да жазып көрсеткен болатын. Олай болатыны бұлардың бірі реалды шындық та, екіншісі оның көркем бейнесі екендігінен, яғни эпикалық дәуірдегі шарттылық пен идеализациялаудың болатындығынан деп түсінеміз. Эпос поэтикасының өзіндік ерекшелігіне орай эпикалық дәуір кейде тарихи шындыққа жақын келіп, кейде одан алшақтап отырады.

Эпикалық дәуір әр заманның қаһармандарын бойына жинақтайтындығын В.М.Жирмунский ноғайлы жырларына байланысты ойларында көрсеткен болатын [119, С. 501]. Осы сияқты «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында да Түркі қағанатының алғашқы қағаны Бумыннан бастап ел тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрескен бірнеше қағандардың ерліктері тарихына да тоқталып, деректер беріліп отырады.

Ертеректе болған ата-бабаларының ерлік істерін үлгі-өнеге тұту – эпосқа тән белгі. Сол ата-бабалар дәуірі жыршы, жырау үшін үлгі болып, олардың шабытына арқау болған. Жыршы, жыраулар эпосқа нақтылы ізі бар кезеңді өзіне дәуір етіп алып отырады. Олай болатыны – ол дәуірдің халықтың есінде естен кетпестей елеулі орнының болуында. Түркілердің алғаш рет бірігіп, ел болып қағанаттық құрған кезі олардың кейінгі дәуірлердегі заманы үшін үлгі де арман болған дәуірі болған еді.

Түркі қағанаты дәуіріндегі түркілердің өзара алауыздығы мен бірлігінің кемуі қағанаттың табыстарға елу жыл ісі мен күшін беріп, бағынышты болуына алып келгені тарихтан мәлім. Қаһармандық эпостың тарихта орын алған рулар арасындағы, батырлары мен хандарының арасындағы талас-тартыстан жоғары тұратындығы сияқты көк түрік жазбагерлері де Түркі қағанатының ыдырап, берекесінің кетуіне себепкер болған түркі бектерінің аты-жөнін атап, түсін түстеп жатпай, «кейінгілер», «ұлдары», «інілері» деп қана атап, олардың арасындағы тартыстарды бейнелеуге кең тоқталып жатпайды. Бірлікті мұрат тұтқан эпостың көбінесе татуласып біткен оқиғаны бейнелейтіндігіндей, Орхон жазбаларында да түбі бір түркілердің қайта бірігуі, сол мақсаттағы іс-әрекет, жорықтары сюжеттің негізгі арқауы болып алынады.

Эпостың тарихты сол күйінде көшірме түрінде бермейтіндігі сияқты Орхон жазбагерлері де түркілер тарихын егжей-тегжейімен беруді мақсат етпей, жалпы ел-жұрттың солай болса екен деген көзқарас концепциясына орай жырлағаны байқалады. Ғалым Ш.Ыбыраев көрсеткендей: «Эпикалық дәуірдегі көшпелі қоғамға халықтың өзі білетін кемшіліктері, әлеуметтік теңсіздіктер, ағайын арасындағы ұсақ-түйек келеңсіздіктер мен араздықтар, өз басының ғана қамын ойлаған батырлар тән емес. Ондайлар өмірде бар болғанымен жырда көбінесе айтылмайды, айтыла қалса айыпталады. Сондықтан тұтас көшпелі қоғам мен бейнеленіп отырған қоғамның арасына эпос айырма қояды. Эпос көшпелі қоғамды белгілі бір дәуір ішіне жинақтап, елдің мұрат тұтқан, осындай болса деген арман-тілегімен бірге әдіптейді. Жаманын жасырып, жақсысын асыруға саналы түрде барады» [52, 195-б].

Эпостық жырларда дәуір бейнесінің тарихи өмірге жақын келіп, жан-жақты көрінетін тұсы көбінесе эпос сюжетінің белсенді іс-әрекетті баяндамайтын, бас қаһарманның қозғалыссыз (статикалық) кезеңіне қатысты эпизодтарда басым болады. Мұндай жағдай, әсіресе, жыр экспозициясында, соңында шоғырланып көрінсе, осы құбылыс Орхон жырларының басында, соңында нақты деректердің берілуінен байқалады. Мысалы, «Білге қаған», «Күлтегін» жырларында олардың ата-бабаларының Түркі қағанатын құру тарихы, батырлардың қайтыс болған уақыты, жерлену салтанаты, ескерткіштердің қалай қойылғандығы, орнатылуы, мүсіншілер мен ою-өрнекшілердің алдырылуы, балбалдардың орнатылуы жөнінде айтылғанда тарихи шындыққа, нақтылықтарға орын беріледі.

Батырлық жырлардағы сюжеттің қимыл-қозғалысқа толы динамикалық бөліктерінде шарттылық басым болып, батырдың жауға жалғыз аттануы, жаумен жалғыз соғысуы, дұшпан елінде кездескен

небір қиындықтарды жеңіп шығуы сияқты оқиғаларды жырлағанда қиялға орын берілсе, осы құбылыс белгілерін Күлтегін жорықтарының бейнелеуінен байқауға болады.

Орхон жырларында бір кезде түркілердің қалай ыдыраушылыққа, қиыншылыққа тап болғаны жасырылмайды, елдің жоқшылық жағдайынан жыр хабар беріп отырады. Ол жазбаларда батырлық жырлардағыдай ел ішіндегі талас-тартыстар, құл мен күң, байлық пен жоқтық туралы айтылғанмен, олардың арасындағы қайшылықтар, қарым-қатынас сюжеттік тартысқа негізгі арқау болып алынбайды. Олардың арасында үйлесімділік болмаған жағдайда жарлыны байға теңеп, оларды үйлестіріп, жалпы көпшілікке қызмет ететін батырлардың іс-әрекеті негізгі желі болады. Жауды жеңіп еліне бейбіт өмір әкелген батыр бәрін үйлесімділікке келтіріп, «құл – құлды, күң – күнді болған» молшылықты заманға жеткізеді. Әдетте батырлық жырлардың соңында батыр жауды жеңіп, елде тыныштық орнатып, байлыққа кенелтеді. Жақсы заманға батырдың елі батырдың ерлігінің арқасында жетеді. Батырлық жырлардағы «аш-арықты тойындыру», «жарлыны байға теңеу» мотивінің Орхон жырларындағы бір көрінісі осындай. Осылайша дәуірді көтермелеу батырларды идеализациялаумен астасып жатады.

## 2.2 Тұтастану үдерісінің көрінісі

Фольклорды көркем жазба әдебиетпен салыстыра қарағанда байқалатыны, оның өзіне тән ерекшелігінің бірі – онда күрделі көркем жинақтаудың (типизация) үлкен орын алатындығы.

Фольклордағы жинақтау – өмірді, қаһарманды фольклорлық түсінікпен дәріптеуге қызмет етеді және тұтастану құбылысына негіз болады.

Тұтастануда тарихи оқиғалар, кейіпкердің өмір жолы мен іс-әрекеттері түгел жинақталып, біртұтас дүние құрап, қаһарманды, оның ұрпағын дәріптеуге бағытталады. Академик С.Қасқабасов көрсеткендей: «қазақ фольклорындағы тұтастану – батырды дәріптеу үшін қолданылатын көркем құрал, поэтиканың заңдылығы. Батырды көтермелей суреттеу – халық тілегі, ал жыршы – сол тілекті орындаушы. Сондықтан да эпос алуан түрлі тұтастанудан өтеді, сөйтіп өзінің батырды дәріптеу мақсатында уақыт пен кеңістікті де, тарих пен қиялды да қызмет еткізеді» [66, 62-б].

Ғалым С.Садырбаев қазақ эпосындағы тұтастану мәселесін арнайы қарастырып, В.М.Жирмунскийдің пікіріне сүйене отырып, тұтастанудың жалпы төрт түрі болатынын айтса [121, Б. 105-106], белгілі фольклортанушы ғалым С.Қасқабасов қазақ фольклорында

тұтастанудың бес түрі бар деп (сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи, географиялық) көрсетеді [66, 13-б].

Е.М.Мелетинский көлемі жағынан шағын жырлардың ұлттық эпикалық дәстүрдің аясында бірігіп эпопея құрайтыны, бөлек-бөлек жырлардың тұтастанатындығы жөнінде айтса [120, С. 109], фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраевтың көрсетуінше «Тұтастану тек эпос пішінінің (форма) өз-өзінен пайда болған заңдылығы емес, ол халықтың әлеуметтік және сыртқы саясаттағы тарихи өзгерістерінің нәтижесінде қалыптасады» [52, 180-б].

Зерттеушілердің пайымдауынша, **сюжеттік тұтастану** ғұмырнамалықтан бұрын болған. Сюжеттік тұтастану эпос үшін үлкен көркемдік қызмет атқарады.

Ғалым С.Қасқабасовтың көрсетуінше сюжеттік тұтастану екі сатыдан тұрады. «Алғашқысы – фольклорлық сюжеттің пайда болып тұтастануы да, екіншісі – тұрақталған сюжеттердің бір кейіпкерге телініп, топталуы. Басқаша айтқанда, белгілі бір оқиға туралы әңгіме, яки өлең жеке бір адамның айтуынан кейін ел ішіне тарап, фольклорға айналу үшін циклге түсуі керек» [66, 13-б].

Эпикалық сюжеттің тұтастануының негізінде әуелгіде батырдың бір ерлігі жырланатын шағын өлеңге басқа да батырлық эпизодтар жалғанып, бәрі бірігіп, жаңа біртұтас шығармаға айналатындығын В.Жирмунский де айтқан [122, 11-б].

Эпос сюжетінің пайда болуы мен тұрақтануының негізінде қайтыс болған батырдың іс-әрекетін сөз ететін жоқтаудың да алған өзіндік орны бар. Бұл жайтты кезінде М.Әуезов те байқап, ол жөнінде пікірін жазған екен. Ғалым бұл құбылысты: «Халық арасындағы әлде бір батырдың қоштасуы және соны жоқтауға байланысты таралған өлең-жырды алғашқыда бір ақын жинап, басын құрауы, сөйтіп тұңғыш эпостық дастанның тууына байланысты негіз қалауы ықтимал. Бір ақынның аузынан екінші ақынға көшкенде дастан толысып, оқиғасы қалыңдап, молыға түсіп отырған. Эпостық дастанның туып, қалыптасуына ақындармен бірге халық та қатысқан, кей нұсқаны қабыл алып, кейбір нұсқаны жақтырмаған. Дастанның бір ақын жырлайтын тұрақты, түбегейлі нұсқасы жасалғанша осылай болған», - деп көрсетеді [94, 35-б].

Жоқтау жырларында, әдетте, қайтыс болған ердің өмірі толық баяндалмайды. Бұндағы сюжет ғалымдардың пікірінше батырдың жүйелі эпикалық өмірбаянынан бұрын пайда болатын нәрсе, оның басты ерлігі туралы сюжет. Бұл сюжет – көп жағдайда тарихи шындыққа негізделеді. Осы сюжетке басқа да сюжеттер қосылу барысында шағын жыр көлемді туындыға айналады. Ғалым

С.Қасқабасов жазып көрсеткендей, «тарихи шындық эпоста көптеген қосымша сюжеттермен, мотивтермен көмкеріледі». Бір-бірімен байланысы жоқ жекелеген эпикалық жырлардағы сюжеттердің басы біріктіріліп, біртұтас шығарма болып шығады. Дербес сюжеттер бір батырдың атқарған іс-әрекетіне, ерліктеріне телінеді [66, 17-б]

Ғалымдардың осы келтірілген эпикалық туындылардағы сюжеттік тұтастанудың жолдары жөніндегі ой-пікірлеріне сүйенсек, бұл құбылыстың белгілері Орхон ескерткіштерінде де бар. Оны, мысалы, Күлтегін жырындағы бірнеше сюжеттің бірігуінен көруге болады. Ондағы сюжеттік тұтастану құбылысы алғашқыда оның ерлік жорықтары, жоқтауы негізінде туып, кейіннен мәтіннің өзге бөліктерінің қосылуы арқылы жүзеге асқан деп шамалауға болады.

Орхон ескерткіштеріндегі дүниенің жаралуы жөніндегі мифтік бастама, Бумын, Істемі қағандардың дәуірінің бейнеленуі, сондай-ақ, Білге, Күлтегіндердің әкесі Елтеріс қағанның билік жүргізген кезіндегі ерлік іс-әрекеттері, жорықтарының баяндалуы, Білге қағанның тағы да ыдырай бастаған түркі тайпаларының тұтастығын қалпына келтіруі, Күлтегіннің ерліктерінен бастап оның қайтыс болғанға дейінгі жорықтарын баяндауға арналған мәтін сюжеттерінен жазбагер Йолықтегіннің бірнеше сюжеттерді біріктіре эпосқа тән сюжет тұтастандыру әдісін пайдалануға талап жасағанын байқаймыз. Бұл жырдағы Күлтегіннің қайтыс болғанын, жорықтарын бейнелейтін сюжеттен басқа оқиғалар сюжеттерінің сол дәуірде халық арасында фольклорлық сюжет ретінде айтылып жүргеніне күмәндана алмаймыз. Мәселен, түркілердің өздерінің жаратылысы жөніндегі мифтерінің шығу мерзімі Күлтегіннің өмір сүрген кезінен бірнеше ғасырлар бұрын пайда болғаны белгілі. Сол сияқты түркілердің өз алдына ірге көтеріп ел болуы, Түркі қағанатының құрылуына бар күш-қайраттарын арнаған Бумын, Істемі қағандардың дәуірі халық арасында аңыз, жыр түрінде кең тарағаны анық. Әрине, Елтеріс, Білге қаған жорықтарының сол кезде фольклорлық сюжет ретінде кең тарамалуы да мүмкін. Қорыта айтқанда, «Күлтегін» жырына бұл сюжеттердің жинақтала біріктіріліп берілуін Йолықтегіннің Күлтегінді, яғни басты қаһарманды дәріптеу, ерлігін аша түсу үшін қолданған әдісі деп қарастыруға болады.

**Ғұмырнамалық (биографиялық) тұтастану** «қаһарманның дүниеге келуінен бастап, оның өмірін толық қамтуды, яғни оның қайтыс болғанына дейінгі жәйтті баяндауды қажет етеді» [66, 33-б]. Тұтастанудың бұл түрі классикалық эпос пен батырлық ертегісіне тән болып типологиялық сипатта болып келеді. Оның көптеген халықтардың фольклорында бар екендігі жөнінде академик В.Жирмунский де кезінде ой-пікірлерін білдірген [122, 38-б]. Бұл

тұтастану перзентсіз ата-ана, болашақ батырдың ерекше тууы, оның тез өсіп жетілуі, алғашқы ерлігі (ойыны), үйленуі, қаһармандық істері, қартаюы сияқты бірнеше кезеңнен тұрады.

Бұл тәсіл бойынша эпоста батырдың туғанынан өлгенге дейінгі өмірінің әр кезеңі баяндалады. Жырларда көбінесе, батырдың ғажайып жағдайда тууы мен ерлік көрсеткен тұстары кең түрде, көтермеленіп суреттеледі.

Эпосты тыңдаушылардың, елдің батырға, оның тууы мен қалай өскендігіне, өміріне қатысты мәліметтерді білуге деген зор ықыласы, ғұмырнамалық тұтастанудың пайда болуын туғызуы мүмкіндігін айта келіп, ғалым С.Қасқабасов: «Тыңдаушыларының осындай ықыласын білген жыршылар, сөз жоқ, бар мүмкіндігінше, олардың талабына жауап беруге тырысқан. Бұл мақсатын жүзеге асыру үшін олар фольклор поэтикасының бар қуатын, ол аз болса көне мифология, ескі нанымдарды пайдаланған, оған қоса дайын тұрған сюжеттерді, мотивтерді, көркем құралдарды қолданған, сөйтіп, батырдың өмірін бір жүйеге түсіріп, әдемілеп, әсірелеп, жыр шумақтарымен баяндап берген. Соның нәтижесінде жыр – батырдың жай өмірбаяны емес, ол туралы поэзиялық ғұмырнама болып шыққан», - деп көрсетеді [66, 22-б].

Орхон жырларында ғұмырнамалық тұтастанудың негізгі, басты белгілері түгелдей көрініс тапқан десек, әрине артық айтқандық болады. Әйтсе де, Орхон жазбаларының ішінде «Күлтегін» жырында ғұмырнамалық тұтастанудың шарттары біршама көрініс тапқан. Бұл жерде Күлтегін жырының толық фольклорлық айналымға түспегенін де ескеруіміз керек.

Десек те «Күлтегін» жырында классикалық эпостардағыдай кейіпкердің ғажайып тууынан (мифологиялық мотивтер) өлуіне дейінгі өмірін түгел қамтитын құбылыстың белгілері бар. «Күлтегін» жыры фольклорлану процесіне толық түспегендіктен, оның өмірбаянының берілуінде өмір шындығы болмысына жақындығы мол.

Ғұмырнамалық тұтастанудың алғашқы бөлігі қаһармандық эпостарда көбінесе кейіпкер тумай тұрғандағы жағдайды баяндаудан басталады. Болашақ батырдың елден ерекше болатыны оның ата-анасының құдайдан, әулиеден сұрап алатынынан немесе анасының өте күшті аңның етіне, бауырына, жүрегіне жерік болуынан байқалады. Кейіпкерді дәріптеу үшін қолданылатын бұл мотивтің көрінісі де Орхон жазба ескерткіштерінде сақталған. Жырдағы Күлтегіннің туылғанына дейінгі оның ата-бабаларының жаратылысының берілуі, Тәңірінің, Ұмай ананың қолдап отыруының баяны осы алғашқы мотивтің қызметін атқарады.



Әдетте батырлық ертегі мен эпоста жас батыр жылдам өсіп, бірінші ерлігін көрсетіп көзге түседі. Құдайдан тілеп алған, ерекше туылған баланың ерекше болатындығы тым жас кезінде-ақ байқалады. Мысалы, «Оғыз қаған» жырындағы Оғыз батыр тажал аңды (қатты), «Қорқыт ата кітабындағы» Бұқаш ойнап жүріп бұқаны өлтіруі, қазақ эпостарындағы Алпамыс, т.б. батырлар балаларды ойнап жүріп өлтіріп қоюы сияқты іс-әрекеттерімен тым жас кездерінде-ақ өзінің алғашқы ерлігін көрсетеді.

Бұл ерлік – ғұмырнамалық тұтастанудың кезекті бір бөлшегі. Қазақтың батырлық жырларына тән бір ерекшелік – қаһарманның қалай, қайтіп батыр болғаны кең айтыла бермейтіні сияқты Күлтегін өмірінің бұл кезеңі:

Әкем қаған өлгенде  
Інім Күлтегін жеті жаста қалды,  
Он жаста Ұмай текті шешем  
қатынның бағына  
Інім Күлтегін ер атағын алды [79, 120-б],

деп бірер ауыз сөзбен ғана беріледі.

Ғұмырнамалық тұтастанудың соңғы бөлшегі – кейіпкердің қайтыс болуы. Қазақтың батырлық жырларында қаһарманның қалай өлгені кең айтыла бермейтіні секілді жырда Күлтегіннің қалай қайтыс болғаны жөнінде деректер берілмейді. Бұл салыстырулар барысында келтірілген ұқсастықтар ғұмырнамалық тұтастану құбылысы белгілерінің Орхон жырларында да орын алғандығына дәлел болады.

Қаһармандық эпосқа тән **шежірелік тұтастану** батырды дәріптеу және ұрпақтардың ынтымақты болуын көксеу мақсатынан пайда болып, жыршы тыңдаушылар қалауына сәйкес бір батыр ғана емес, оның ата-бабасы мен ұрпақтары, інілері жөнінде жырлап, бастапқы бір шығармаға жаңа шығарма қосып, көлемді туынды жасайды.

Қазақ фольклорындағы шежірелік тұтастанудың озық үлгісі болып саналатын, «Қырымның қырық батыры» жырлар топтамасында Аңшыбайдан бастап, бірнеше ұрпақтың қамтылуы бар. Оларда бірінші бабасынан бастап, аталарына мінездеме беріп, оларды үлгі, мақтан етеді. Ерлік істі жалғастыру жырдағы қаһарманның басты борышы, міндеті саналады. Ол аталары, әкелері жете алмаған мақсатқа жетеді.

Шежірелік тұтастанудың жалпы сипаттамасы, жинақтай айтқанда, былай болып шығады: «Батырдың жәй көптің бірі емес екендігін дәлелдеу үшін оның шыққан тегін де мықты етіп көрсетеді». Батырдың ата-бабаларына мінездеме беріліп отырады; батыр әкенің баласы да ата салтымен ерлік өмір кешіп, жорықтарда жүреді. Әке жолын қуып, кегін қайтарады. Ата-баба, әке даңқына кір келтірмей,

олардың ерлік дәстүрін жалғастырады. «Ол үлкендер жеңе алмаған жауды жалғыз өзі жайратады, әкелері жете алмаған мақсатқа жетеді, олар ала алмаған қамалды алады, олар көксеген тыныштықты орнатады» [66, 44-б].

Шежірелік тұтастанудың осы аталған басты сипаттары Орхон ескерткіштеріндегі «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында бар. Қаһармандық жырларда батырдың жай адам ғана емес екендігін дәлелдеу үшін оның шыққан тегін мықты етіп көрсетуі дәстүрлі тәсіл болса, бұл құбылыс «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында Білге, Күлтегіндердің ата-бабалары Бумын, Істемі, Елтеріс қағандардың ел үшін атқарған іс-әрекеттерінің баяндалуынан, ерлік жорықтарының бейнеленуіне орын берілуінен көрінеді, сонымен қатар батырлардың өздерінің сол ата-бабалар жолына адалдығы мен ерлікке толы жорықтары арқылы беріледі. Осы сияқты шежірелік тұтастанудың белгілері «Онгин» жазбасында да едәуір көрініс тапқан [32, Б.145-146].

Ғалымдардың көрсетуінше, тұтастанудың келесі бір түрі – **тарихи тұтастану**, барлық елдердің фольклорында, дәлірек айтқанда эпосы мен аңыздарына тән екен. Бұл құбылысқа А.Н.Веселовский, В.Я.Пропп, В.М. Жирмунский, Е.М.Мелетинский, Б.Н.Путилов сияқты эпос зерттеуші ғалымдар да назар аударған.

Эпостың тарихи тұтастану процесінде «байырғы заманның оқиғалары кейінгі дәуірге көшіріледі, ежелгі дұшпанның орнын кейінгі жау басады, тіпті кейде олар араласып та кетеді. Ал бұрынғы батыр ұмытылып, оның іс-қимылы, ерлігі жаңа шыққан батырға телінеді. Жалпы, тарихи тұтастану кезінде әр заманғы оқиғалар, адамдар ғана араласып кетпейді, сондай-ақ оқиға өткен жерлердің, ру-тайпалардың, батырдың мінетін тұлпарының, оның көмекшілерінің аттары да – яғни, күллі эпостық ситуация да араласып кетеді, тіпті өзгеріске ұшырайды» [66, 45-б].

Эпостағы бұл құбылысты М.Әуезов те байқап, ол жөніндегі ойын: «Ел әңгімесі, ел қиялы тарихтың пәлен жыл мен пәлен жыл арасындағы уақиға деп санайтын өлшеуінен бірде ілгері, бірде кейін кетіп отырады, тарихта дәл болып өткен мезгілді ел әңгімесінің кейде білмей шатастыратыны да болады. Кейде әдейі біле тұра бір сүйген мезгіліне, не есінде ұмытылмастай болып нақ орнап қалған тарихи уақиғаның тұсына ертеде болған уақиғаны, кейінгі заманда болған уақиғаны да түгелімен алып келіп, бір жерге басын қосып, үйіп-төгіп қоятыны да болады. Сондықтан көп жұрттың ескілікті әңгімелері белгілі бір хан мен патшаның айналасына жиналады», - деп жазған екен [96, 67-б].

Батырлық жырларда батырлықты көрсету эпикалық жанрдың өзіндік ерекшелігі екендігі, онда халық тарихы еске алынып, бірақ тарихи факті дәлме-дәл келе бермейтіндігі жөнінде кезінде Н.С.Смирнова да жазып көрсеткен [95, С. 284].

«Күлтегін», «Білге қаған» жырларындағы тарихи деректердің тарихи шындыққа жақындығы жөнінде зерттеушілер еңбектерінде жазып жүр. Әйтсе де бұл жазбалардағы кейбір деректердің тарихи шындыққа сәйкес келе бермейтіні жөніндегі пікірлер де аз емес.

Мәселен, Л.Н.Гумилев Орхон жазбаларын тарихи шежіре ретінде қарастырып отырса да, оның әдеби туынды екенін жоққа шығармай Күлтегін ескерткішіндегі деректердің барлығының бірдей тарихи шындықпен сәйкес келе бермейтіндігін айтады [83, Б. 335-336].

Сол сияқты ғалым Р.Бердібай да «Күлтегін жазуында Елтеріс хан өлген соң оның орнына Могилян – Білге қаған болған делінеді екен. Ал шынында, Елтеріс дүниеден қайтқаннан кейін қағандықтың ежелгі тәртібі бұзылып, бұл биік лауазымға Қапағанның ұлы Бегю ие болады. Күлтегін мен Могилян ел басқару ісінен сырт қалдырылады. Анығы – Қапаған өлген соң Күлтегін қағандық тақты ағасы Білге қағанға күшпен тартып алып берген, өзі әскери қолбасшы болған» деген деректер келтіреді [43, 407-б]. Осы сияқты Орхон жазбалары мәтіндеріндегі кейбір оқиғалардың тарихи деректерге сәйкес келе бермейтіні жөнінде түркітанушы А.Аманжолов та жазады. Ғалым: «қырғыздар мен түргештерге қарсы жорықта қолбасшы болған бірде Білге, бірде Күлтегін, Тоныкөк болып айтылады. Шындығында бұл шабуылдар Қапаған билік құрған шақта (691-716) болған еді», - деп көрсетеді [86, 86-б].

Р.Бердібай Орхон жазбаларында тарихи фактілер ізінің бірталай ретте бұлайша өзгертіле баяндалуын тек автордың «ұмытшақтығынан» деп қарауға келмейтіндігін ескерте келіп, бар мәселе жырдың тарихи «болған» жайларды тізіп айтпай, жыршы, ақын, айтушы өзінің алға қойған мұратына орайлас келетінді ғана таңдап айтқандығын жазады [43, 303-б]. Ғалымның айтуынша, әдетте, «эпоста болған оқиға ғана емес, болуға тиісті, халық аңсаған, арман еткен істер көрсетіледі. Халық қашан да өмірден жақсылықты, әділдікті, шындықты іздейді. Ғасырлар бойында болып өткен сан соғыстардың бірде біреуін эпос шежірелемейді, халық азаттығы мен бақыты үшін күрескен ерлердің идеалдық, асқақ, сом бейнесін жасайды» [43, 408-б]. Эпикалық поэтика заңдылықтарының осы құбылысы Орхон жазуларында да көрініс тапқан.

Эпос табиғаты тарихи оқиғаларды дәл сол күйінде көрсетуді мақсат етпейді. Орхон жазбаларында айтылатын оқиғалардың тарихи шындықпен сәйкес келе бермейтінін, бұлайша бұрмаланып

көрсетілуінің жиі кездесуінің себебі, автордың басты мақсаты тарихи шындықты шежіре ретінде көрсету емес, сол дәуір шындығын әдебиетке тән тәсілмен көркем жеткізуді мақсат еткендігінен, елдің өткендегі ерлік рухын қайта тірілтуді көздегендігінен деп түсінсек болады. Эпостың азаматтық тарихтың көшірмесі немесе тарихи оқиғалардың хронологиялық тізбегі емес екендігі белгілі. Ол халық өмірінде болған елеулі тарихи оқиғаларды эпос поэтикасының шарттарына сәйкес бейнелейді.

Эпикалық дәуірді сипаттаудағы шарттылық пен идеализациялауға орай эпикалық дәуірдің тарихи шындыққа жақын келетіні, кейде одан алшақтайтыны эпос поэтикасымен сабақтас болады.

Эпостық жырларда тарихи оқиғалардың кейбір елестері, эпизодтары сақталған күнде де олар фольклорлық көркемдік жинақтаудың қалыпты шарттылықтарынан жырақ кете алмайтындығы, эпостың түрлі заманның, алуан істерді жинақтай алатын көпстадиялылық қасиеті болатындығы, бір жырдың ішінде нақтылы оқиғалардың көрінісі де, бұрыннан қанықты қайталама, формулалы құбылыстар да, қиял-ғажайып та қатарласа, араласа келе беретіндігі белгілі, яғни, ғалым С.Қасқабасов көрсеткендей «Көнелік сипат пен жаңаның, қиял мен ақиқаттың аралас жүруі – фольклорға тән ерекшеліктің бірі» [1, Б. 25-26].

Ш.Ыбыраев эпостың тарихқа қатысын: «Эпос – рухани сабақтастықтың көрінісі. Эпостағы тарих шындықтың айна қатесіз көшірмесі емес, ол – халықтың шындықты елеп-екшеген концепциясы. Демек, мұндағы тарих – көркемдік ұғымдармен, әлеуметтік түсініктермен астасқан рухани дүниенің меншігі. Эпос – тарихты халық санасы лайық түрлендіріп, оқиғаларды құбылтып, халықтың тағдыр-талайын, әлеуметтік қарым-қатынасын, дүниетанымын тұтас жинақтайтын көркемдік ізденістердің айрықша бір әсем де әсерлі шежіресі», - деп көрсетеді [52, 277-б].

Жоғарыда мысал ретінде келтірілген ғалымдардың деректеріндегі Орхон жазба ескерткіштерінде баяндалатын оқиғалар мен тарихи шындықтың кейде сәйкес келе бермейтіндігінің (Елтеріс қаған өлген соң оның орнына Қапаған отырды деп көрсетпей, Могилян – Білгенің қаған болды деп айтылуы, сол сияқты Қапаған, т.б. қағандар тұсында болған оқиғалар, жорықтар мен жеңістердің Білге, Күлтегін, Тоныкөктерге байланысты болып айтылуы, т.б.) себебін эпосқа тән заңдылық – тарихи тұтастану процесімен байланысты деп түсінеміз.

## 2.3 Көркемдік тәсілдер мен құралдар

Түркі халықтарының жаратылыс болмысын, өзін қоршаған орта мен өмір шындығын тану мен оны көркемөнер туындысына айналдырып бейнелеу тәсілдерінің сандаған ғасырлық тарихы бар. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз құдіретін жоғары бағалаған халқымыздың өмір шындығын өнерге айналдырудағы озық тәсілдерінің ізі де осы сөз өнерінде сақталған. Бірнеше ұрпақтың таным-талғамы мен ой сүзгісінен, өңдеу, сараптауынан өткен көркем бейнелеу құралдарының тәсілдері халық ауыз әдебиеті арқылы сақталып жетті. Әлемге әйгілі көркем шығармалар әкелген атақты сөз зергерлерінің фольклор туындыларын үлгі тұтып, солардың негізінде, оның идеялық нәрімен сусындаумен қатар дәстүрлі көркемдік тәсілдеріне сүйенуінің сыры да осында.

Фольклорлық дәстүр өзінің сипаты жағынан тұрақтылығымен ерекшеленетіндіктен қай кез, дәуірде болса да сөз шеберлері – көркем әдебиет өкілдері фольклорлық дәстүрге арқа сүйеп отырды. Зерттеушілердің Орхон жазбаларының жанры жағынан фольклорға жақындығы жөніндегі ой-пікірлері бұл жазба ескерткіштердің көркемдік сипатының жасалу тәсілдеріне де назар аударуға жетелейді.

Түркі қағанаты дәуірі жазбагерлерінің фольклорлық көркемдеу тәсілдерін қолдану ерекшелігі қандай, дәстүрлі көркемдік тәсіл, құралдарды қалай пайдаланды, оның жазбалардағы көрінісі қандай деген мәселелерге назар аударудың фольклор мен ежелгі жазба ескерткіштер арасындағы дәстүр сабақтастығын айқындауда мән-маңызы аз болмаса керек.

Фольклор мен көркем әдебиет туындыларындағы дәстүрлілік олардың идеясы, тақырыбы, ішкі мазмұнымен қатар сөздік мәтіннің тұрақтылығынан да көрінеді. Фольклордағы дәстүрлі көркемдеу тәсілдері, дәстүрлі шумақтар, сөз тіркестері, оралымдар мен жекелеген сөздер ерте замандағы халықтың көркемдік ойлау, көркем сөз жасау шеберлігімен қатар таным-түсініктерін де аңғартады. Дәстүрлілік – «ұжымдық шығармашылықтың нәтижесі, көне мұраны сақтау мен таратудың көпшілік түрі» [43, 394-б]. Дәстүрлілік әдетте, қалыптасқан мотивтердің қолданысынан байқалады. Мотивтер қызметі сюжетпен ғана шектелмей, түрлі композициялық тәсілдермен де тығыз қарым-қатынаста болады екен. Оларды мотив-мінездеме, мотив-суреттеу деп атайтынына жоғарыда тоқталдық. Бұл мотивтер көбіне композициялық тәсілдермен бірлікте қарастырылып жатады.

Фольклортанушы В.Гацақтың: «Жанр – нақтылы мазмұн мен соған сәйкес көркем құралдар жиынтығының жүйесі», - деп жазып

көрсеткеніндей [123, С. 379] фольклорлық жанрлардың әрқайсысының жанрлық өзгешеліктеріне орай сюжеттен тыс мотивтері – композициялық тәсілдері, жиі қолданылатын өзіне тән қалыптасқан бейнелеуіш сөздері бар. Мысалы, эпос қандай оқиғаны жыр етсе, соған лайық ажарлы сөздер қолданылып көркемделіп суреттеледі. «Кейіпкерлерді тартымды етіп бейнелеуде эпос стилі мен әр түрлі көркемдік тәсілдердің мәні ерекше, себебі көркемдік бейнелеу құралдарының қолданылуы бір жағынан шығарманың жанрлық, идеялық-тақырыптық өзгешеліктерімен байланысты болса, екінші жағынан, олардың сол шығарманың стильдік өрнектерін де айғақтайды» [22, 70-б].

Сонымен қатар эпикалық жырлардың көркемдік жүйесі бас қаһарманды дәріптеуге, мадақтауға, оның дұшпандарын әшкерелеуге бағытталады. Қаһарманды дәріптеу композициялық құрылыспен ғана емес, бейнелеу құралдары арқылы да жүзеге асады, яғни барлық көркемдік бейнелеу құралдары кейіпкерлер образын ашуға қызмет етеді [24, 125-б].

Әдетте батырлық жырлар сюжетінің динамикалық өрбу кезеңдерінде, яғни оқиғаның даму, шиеленісу, шарықтау кезеңдеріндегі кейіпкерлердің белсенді жүріс-тұрысын сипаттайтын мотив-әрекетте көркемдік бейнелеу құралдары айрықша шоғырланылып, іс-әрекет сипатына қарай эпитет, теңеу, құбылтудың (троп) түрлері – ауыстыру, астарлау, алмастыру (метонимия), меңзеу (синекдоха), кекесін, мысқыл, ұлғайту, кішірейту, әсірелеу (гротеск), т.б. үйлесім тауып, ретіне қарай өрнектеліп жатады.

Орхон жырлары эпикалық, ерлік тақырыбындағы туындылар болғандықтан жырдың мазмұнын тереңдей ашу және сыртқы түрін ажарландыра түсу үшін қолданылған көркемдік тәсілдерінде батырлық жырлардағы жоғарыда айтылып көрсетілген көркемдік әдіс-тәсілдермен ортақ белгілері, кейбір түрлерінің жиі қолданылуы байқалады. Фольклортанушы С.Қасқабасовтың жазып көрсеткеніндей: «Олардағы бейнелілік, кейіпкерлердің сипатталуы, қағандардың ерлік іс-қимылдары, олардың астындағы аттарының бейнеленуі – осының бәрі батырлық эпостың поэтикасына лайық» [1, 320-б].

Енді Орхон жырлары мен батырлық жырлар арасындағы көркем бейнелеу тәсілдеріне салыстырулар жасап көрейік.

Батырлық жырлардағы композициялық тәсілдердің бірі – қарама-қарсы қойып суреттеу (контраст). Басты қаһарманды жау батырына қарсы қойып суреттеу де батырлық жырларда тұрақты қалыптасқан дәстүрлі тәсіл.

Батырдың тұлғасын ашып көрсету үшін эпостық жырларда оның жауларын да күшті, қорқынышты етіп бейнелейді. Бұл бейнелеу әдетте, мотив-суреттеу, мотив-мінездеме арқылы беріледі. Осы сияқты Орхон жырларында түркілердің жаулары да осал емес. Олар күші жетпеген кезде астары көп қулыққа көшіп, айлалы «тәтті сөз, асыл дүниесімен», алтыны мен күмісін мол беріп батыр елді алдауына түсіреді.

Түркілердің жаулары жырда:

Өртше жалындап келді,

Соғыстық.

Бізден екі-үш есе артық еді, -

деп бейнеленеді. Жаудың сұсты кейпін «Қорқынышты кісілер, алып кісілер шабуыл жасады», «Жауымыз жыртқыш құстай еді» деп аз сөзбен жеткізеді. Түркі жауларының түрі де соншалықты қорқынышты. Күші де батырлармен тең түсіп жатады. Бұндай қорқынышты жауды батырлардың жеңуі де оп-оңай іс емес.

Эпоста батыр қарсыластарының қажыр-қайрат жағынан аса мықты болуы батырдың батырлығын онан әрі өсіре түсетініндей, түркі жауларының да осал болмай ерекшеленіп берілетін бейнесі де ежелгі түркі батырларының батырлығын дәлелдеу үшін қолданылған тәсілдің бірі.

Батырды өзгелерден оқшау, ерекше етіп даралап көрсету үшін оның іс-әрекетімен қатар, қозғалыссыз қалпын да мотив-мінездеме арқылы бейнелейді. Жырда батырдың тездетіп өсуі оны даралап, айрықша күш иесі етіп бейнелеу де аса маңызды роль атқарады.

Фольклорға, соның ішінде эпикалық жырларға тән көркемдік тәсілдің бірі – *қайталау (формулалылық)*.

Қайталаулар фольклордың көптеген жанрлық түрлеріне тән екендігі белгілі. Олар эпос мәтінінде көлемі мен атқаратын қызметі бойынша түрліше болып келіп, «жекелеген сөз, өлең тармақтарынан бастап тұтас эпизодқа, мотивке дейінгі аралықта қолданылады» екен [52, 265-б].

Ғалым Т.Қоңыратбайдың көрсеткеніндей «Әрқашан да эпосты айтушы ақын, жыршылар эпикалық поэзия стилінің ертеден келе жатқан архаикалық элементтерін бұзбай дәстүрге айналған сипатын сақтауға тырысады. Сонымен бірге формулалық көлемі өте үлкен тексті сақтауды да жеңілдетеді. *Қайталау эпос стилінің тәсілі* болып саналады» [24, 164-б].

Тұрақты фразеологиялық дайын ортақ қайталамалар эпикалық жырлардың ұзақ даму барысында қалыптасқан. Ғалымдардың пікірінше формулалықтың пайда болу себептері поэтикалық шығармалардың ауызша өмір сүру ерекшеліктерінен, мотивтердің

типтік сюжеттік ситуацияда жиі қолданылуы нәтижесінен келіп шығады. Формулалылық, бір жағынан, көлемді мәтінді еске сақтауды жеңілдетсе, екінші жағынан, бұрыннан келе жатқан дәстүрді сақтауға мүмкіндік береді.

Кейіпкерлерді суреттеу тәсілдері, жалпылық пен формулалықтың қатар жүруі фольклорды өнер етіп көрсететін басты белгілер болып саналады [1, 24-6].

Зерттеу еңбектерде «ұқсас жерлер» деп аталып жүрген эпостарда жиі кездесетін эпикалық қайталаулар кейде тұтас оқиғаны бейнелейді. Олар «мазмұны жағынан аяқталған кіші-гірім оқиға болып келеді де, сюжеттегі атқаратын қызметі бойынша мотивтерге өте жақын тұрады» [52, 265-6]. Бұл құбылыстың Орхон жырларындағы көрінісіне жазбалардағы батырлардың жорықтары, шайқастары, соғыс нәтижесі ұқсас болып келіп үнемі қайталанып отыруын мысал ретінде келтіруге болады. Күлтегіннің жау батырларын жеңу әдісінде де бірсарындылық байқалады.

Батырлық жырларда тұрақты құбылыс болып саналатын әр ұрыстың басында беріліп отыратын батырдың жекпе-жек ұрысының көрінісін Орхон жазбаларында да көреміз. Ондағы жырлардағы соғыс суреттері де стандартты жолдармен баяндалады. Мысалы:

...Бір ерін оққа ұшырды,  
Екі ерін найзаға ілді.

... Шабуылға ұмтылды  
Қос батырын найзамен шанышты.

Шабуылға ұмтылды.  
Алты ерін шанышты,  
Жетінші ерін қылыштады.

... Оғыз жағы орданы басты.  
Күлтегін Өгсіз ағын мініп,  
(Қ.Сартқожаұлы «енесіз жетім ағын» деп аударған)  
Тоғыз ерін шанышты.

Бір ерін оққа ұшырды,  
Екі ерін найзаға ілді.  
Қос батырын найзамен шанышты,

Қарлықтарды қырдық, алдық.  
Алты ерін шанышты,  
Жетінші ерін қылыштады,



деген түрде бір сарындас болып келеді. Бұл мысалға келтірілген үзінділер Орхон жырларында да батырлық жырлардағыдай қайталаулардың жиі кездесетіндігін көрсетеді.

Сол сияқты жаудың жеңіліп, олардың ханының өлтірілуі, түркі батырының жеңіске жетіп отыруы, батырдың атының өлуі немесе мертігуі бір жырдың ішінде жиі қайталанады. «Күлтегін» жырындағы осындай көріністер «Білге қаған», «Тоныкөк», «Күүлі – Чор» («Құла Шор») жазбасы, т.б. жырларында да қайталанып отырады.

Тұрақты, дайын формулалар батыр портретін сипаттағанда ғана емес, оның ішкі жан дүниесінде болатын өзгерістерді суреттегенде де пайдаланылады. Қайталанып келетін стильдік формулалар кейде кейіпкердің атымен байланысты келіп, оның батырлық тұлға-бітімін көтере түседі. «Тоныкөк» жырында Түркі қағанатының іштей берік болып тұруына қағанмен бірге ақылгөй Тоныкөктің себепші болғанын автор жырда бірнеше мәрте:

Қағаны алып еді,  
Ақылгөйі білгір еді, -

деп қайталап айтып отырады.

Дәстүрлі қайталаулар қазақ эпостарындағыдай төл сөз ретінде де кездесіп отырады. Мысалы:

Елдігін әлсіреттік,  
Қағандығын қансыраттық.  
Тізеліні бүктірдік,  
Бастыны еңкейттік.

Түн ұйықтамадым,  
Күндіз отырмадым

деген жолдар да ойдың әсерлігін күшейту үшін жиі қайталанады.

Жырдағы осы:

Елдігін әлсіреттік,  
Қағандығын қансыраттық

деген, сол сияқты:

Бек ұлдары құл болды...

деген қайталанып келетін жолдарға орай Т.Қоңыратбай «Өзара салыстыруларға құрылған мұндай синонимдік ұғымдарды А.Бомбачи поэзиялық-ырғақтық жүйе іздеудің көрінісі ретінде бағаласа, оны эпикалық дәстүрге тән поэтикалық формула үлгісі деп қарауға да толық негіз бар. Себебі Орхон жазбаларында ұйқасқа құрылған, қайталанып отыратын өзге де жолдар аз емес», - деп көрсетеді [1, 329-б].

Ғалым Р.Бердібаев фольклордағы формулалықтың тобына қысқаша тілдік тіркестер, тұрақты эпитеттер мен теңеулермен қатар эпикалық сандарды да жатқызады [124, Б. 124-127].

Тіліміздегі қасиетті сандар деп саналатын сандар фольклорлық шығармалар мен көркем әдебиетте көркемдік-эстетикалық, танымдық қызмет атқарып келген. Түркі тілдес халықтардың фольклорында жиі кездесетін сандар жөнінде кезінде В.В.Радлов, Г.Н.Потанин, В.В.Бартольд, Н.Я.Марр сияқты ғалымдар да пікірлер айтқан.

Қазақ ғылымында әдебиетте, тұрмыста жиі қолданылатын қасиетті сандар жөнінде алғаш рет І.Кеңесбаев пікір білдірсе [125, Б. 612-616], олардың этимологиясы, қызметі жайында Р.Сыздықова [126, Б. 134-152], Е.Жанпейісов [127, Б. 76-79], Н.Уәлиев [128, Б. 105-108], С.Кенжеахметұлы [129, 97-б], т.б. сол сияқты тілші ғалымдар да қалам тартты.

Қазақ фольклорындағы мұндай сандардың өзге де түркі тектес халықтардағы сандармен мәндестігін, мағыналық жағынан ортақ ұқсастығын байқауға болады. Р.Бердібай эпикалық жеті, тоғыз, қырық, алпыс, жетпіс, тоқсан сандарының Алтай жырларында жиі қайталанып отыратындығына мысалдар келтіреді [43, 73-б]. Америка үндістерінің, майя, шумер тілдеріндегі кейбір сан есімдердің сәйкес келетіндігі жөнінде зерттеу еңбектерде көрсетіліп жүр [130]. Ғалымдардың пікірлеріне сүйенсек, түркі сан есімдерінің қалыптасуы б.з. б. 4-мың жылдықтарға барады екен.

Халқымыздың тарихын, дүниетанымын, салт-санасын, әдет-ғұрпын терең тану үшін сандардың фольклор мен әдебиеттегі көрінісін танымдық және көркемдік қызметі тұрғысынан зерттеудің маңызы аз болмаса керек.

Әдебиетіміз бен фольклорда жиі қолданылатын ондай сандар төңірегіне шоғырланған сөздер мен фразеологизмдер қазақ әдебиетіндегі сөздік қолданыстың ұлттық ерекшелігін де бейнелейтіндіктен олардың жұмбағы мен қызметін айқындау халқымыздың дүниетанымдық көзқарасының да сырын аша түседі. Халқымыз «Жау үш шапса – жан қалмайды, жұт үш оралса – мал қалмайды», «Төрт тұрманы түгел», «Ер қаруы – бес қару», «Жиен келгенше жеті бөрі жесін», «Тоғыз қабат торқадан тоқтышақтың терісі артық» деп келетін образды тіркестерді шығарып қана қоймай, көп мағынаны аз сөзге жинақтап бере білген.

Фольклорымыздағы осындай сандардың біразы бастапқы сандық мәнінен айрылған. Мысалы, «Үш қайнаса сорпасы қосылмайды», «жеті жұрттың қамын жеді», «Қырық пышақ болды» деген сияқты тіркестерде сандар көп, мол деген ұғымдарды білдіріп тұр.

Қазақ фольклорында жиі қолданылатын сандар деп 3, 4, 5, 6, 7, 9, 40, 47, 100 сандарын айтуға болады. Қазақ фольклоры мен ежелгі жазбаларда да осындай сандардың көркемдік қолданысы үлкен орын алады. Солардың бірі – үш саны.

Ол жөнінде В.К.Пропп: «...үш саны бір кездерде ұзақ уақыт бойы есептің шеті болған. «Үш» бір замандарда «көп, күшті, өте» деген мағынаны берген. Сол себепті іс-әрекеттерінің қиындығы мен табыстары, әркімге деген жоғары ынта, разы болу – осының бәрі үш санымен шектелген қайталаулар арқылы берілген» [131, С. 96], - дейді.

Осы сияқты фольклорда жиі қолданылатын эпикалық санның бірі – тоғыз. Тоғыз санының Саян-Алтай (Хакас, Тува, т.б.) ескерткіштерінде, ежелгі қаһармандық эпикалық аңыздарында (эпостарында) да тоғыз қабат көк, жеті қат жер ретінде де көрініс тауып отырғандығы, қолдануы жөнінде ғалым В.Бутанаев деректер келтіріп, қызықты пікірлер айтады [63, С. 81-89].

Н.Уәлиевтің пікіріне сүйенсек, «Тіпті қазақтың байырғы салт-дәстүрінде тоғыздың «араласпайтын» жері жоқ» [128, Б. 105-108], Бұл тоғыз санының қазақ фольклоры мен Орхон жазбаларында ортақ қолданыстары бар. Мысалы, «Қамбар батыр» жырында:

Алпыс үйлі арықтың,  
Тоқсан үйлі тобырдың  
Қабыл болды тобасы [117, Б. 12-13],

деп, сол сияқты «Алпамыс батыр» жырында Тайшық ханның сөзімен:

Тоғыз жыл мәулет беріңіз,  
Оған дейін шыдаңыз [81, 132-б], -

деп беріледі.

Қалмақтың Қараман батырының сипатын бергенде Гүлбаршын былай дейді:

Тайлы бие, тоғыз қой  
Жеп шықты жаңа тамағын [81, 110-б].

Жыр Байбөрінің байлығын сипаттағанда тоғыз өсімтал формасында:

Байбөрі деген бай шықты,  
Тоқсан мың екен қорасы [81, 88-б], -

деп беріледі.

Гүлбаршынға таласқан қалмақтың «тоғыз жолдың үстінде он тоғыз мың батыры» соғыс салады [81, 15-б]. Байсары Тайша ханның еліне көшкенде тоқсан нарға жүк артады [81, 40-б]. Алпамысты «Тоқсан тоғыз мың машайық» пірлері демеп отырады.

«Күлтегін» жырында батыр мінген жорық тұлпарларының саны да тоғыз болып берілетіндігі назар аудартады. Оның жорыққа мінген

тұлпарларының саны шын мәнінде одан да көп болуы әбден мүмкін ғой.

Сол сияқты жырда Күлтегін өмірінің кезеңдерін (7, 10, 16, 21, 26, 27, 30, 31, 47 жастағы кезеңдері) беруде де тоғыз саны көрініс табады, яғни өмірінің 9 кезеңі беріледі. Бұл құбылыстың ежелгі түркілердің 9 санын қасиетті деп есептеуімен байланыстылығы анық. Мәселен, М.Қашқари «Түрік сөздігінде» тоғыз санына байланысты: «Тоғыз тулы хан, яки хақан». Ханның қол астындағы елі мен жері, қалалары қаншама көбейіп кетсе де, мәртебесі қаншама өссе де, ту тоғыздан асырылмайды. Өйткені тоғыз санына қасиеттеп мән беріледі», - деп түсінік береді [87, 182-б]. Күлтегіннің өміріне, тұлпарына қатысты, Орхон жазбаларының тағы басқаларында да тоғыз санының бұлайша берілуін ежелгі кейбір таным-түсініктердің о бастағы мәні ұмытылып, жалпы қолданысқа түсетін, фольклорда көркемдік тәсіл ретінде пайдаланатын заңдылығымен орайлас деп түсінеміз.

Бұл құбылыстан да жазбагердің фольклорда орныққан дәстүрлі қолданыс арқылы батыр бейнесін жасаудың тәсілі ретіндегі қолданғаны байқалады.

Фольклорда көркемдік қызмет атқаратын эпикалық санның бірі – жеті. «Жеті ғалам» деген ұғым жалпы тіршіліктің көлденеңінен қарастырғандағы төрт бұрышы (Шығыс, батыс, оңтүстік, солтүстік) мен жаратылыс болмысын тігінен алғандағы үш қат әлемнің (жоғары, ортаңғы, төменгі) қосындысын, құрылысын меңзейді екен. Жеті санымен түркі халықтарында астраномиялық терминдер мен түсініктер қалыптасқан. М.Қашқари сөздігінде «жеті қат аспан», «жеті қарақшы» сөз тіркестеріне де түсінік беріледі.

Туыстық қатынастарды білдіретін (жеті ата), жеті қазына, жетісін беру, жеті нан құдайы беру, т.б. «...сан есімдер ұйтқы болған фраземалардың бойында мифтік культуремалардың символдары сақталған. Олардың қалыптасуына халық санасындағы мифтік, магиялық түсініктер мен танымдар әсер еткен» (Авакова Р.) [132, 189-б].

Сонымен қатар жеті саны семантикасымен байланысты туған фольклор сюжеттері, мақал-мәтелдер қазақ фольклорында көптеп кездеседі.

Мысалдарға жүгініп көрейік. Мәселен, «Ер Қосай» жырында Қосай мен Қодар қалмақтарды жеңгенде елу жеті қаласын алады. Сол сияқты Байсары туған құдасы Байбөріден зорлық көріп назаланғанда «Бауырын суық жерге беріп, жеті күн, жеті түн далаға шықпай, қапа болып жатады» [81, 10-б]. Байсары Тайша ханның еліне көшіп келгенде Гүлбаршын жеті жаста болады да, жеті жыл өткен соң оқиға шиеленісе түседі [81, Б. 11-12].

Жыр жолдарында жеті саны:

*Жеті* жыл жаттым мен деймін,  
*Жеті* мың қалмақ өлтірмей  
Сірә де кезек бермеймін.

*Жеті* жылдың ішінде  
Көрінбеді кісіге.

Енділігі *жеті* кез  
Темір үйді салдырды.

«*Жеті* күн мен *жеті* түн  
Қолыма менің бер», - деді.

Отырған орны жер болып  
*Жеті* күн ұдай түнеді,

деген түрде де жиі қайталанып келіп отырады.

Осы сияқты мысалдарды қазақ фольклорындағы өзге де жырлардан көптеп келтіруге болады.

Жеті саны Орхон жазбаларында да едәуір көрініс тапқан. Мысалы: «Әкем қаған он *жеті* ер ертіпті», «Жиылып *жетпіс* ер бопты», «Қосыны *жеті жүз* ер бопты», «Қырық *жеті* рет аттанды», «Әкем өлгенде Күлтегін *жеті* жаста қалды», «Күлтегін қой жылы он *жетінші* күні дүниеден ұшты. Тоғызыншы айдың жиырма *жетісінде* жерледік, Мазарын, ою-өрнегін, жазба тасын мешін жылы *жетінші* айдың жиырма *жетісінде* тегіс аяқтадық. Күлтегін өлгенде қырық *жеті* жаста еді».

«Күлтегін» жыры мен «Алпамыс» эпосындағы өсімтал жеті саны жиі қайталануы жөнінде ғалым М.Жолдасбеков: «Мұның өзі бір жағынан «Алпамыстың» көнелігін дәлелдесе, екінші жағынан «Алпамыс» пен Орхон жырларының шыққан уақытының жалғас, іргелес екендігін, бір дәстүрдің мұрасы екендігін тағы да растайды» [74, Б. 85-86], - деген пікір айтады.

Қорытындылай айтқанда, байқағанымыздай, фольклор мен әдебиетте қайталанып қолданылып отыратын эпикалық сандар да белгілі бір көркемдік қызмет атқарады екен.

Эпостық шығарма тілінің формулалығын қарастыру, салыстырулар барысында фольклор дәстүріндегі қайталаулардың ежелгі әдебиет үлгілеріндегі қолданыстарға сәйкес екенін, олардың бір-біріне өзара әсерін, арасында диалектикалық байланыстың бар екенін байқадық.

Эпикалық жырлардың көркемдеу құралдарында дәстүрліліктің басым болуы фольклорлық шығармаларға тән ерекшеліктің бірі.

Қаһарманды асыра дәріптеу – эпикалық дәстүрге тән тәсіл. Осыған орай эпос қаһармандарын даралап көрсетуде кең қолданылатын көркемдік тәсілдің бірі – *гипербола*. Қаһармандық жырларда батырды өзгелерден ерекше етіп көрсету үшін ұлғайту (гипербола) тәсілімен батырдың іс-әрекеті, күші, соғыс суреттері, батырдың тұлпары, оның шабысы ерекше ұлғайтылып бейнеленетіндігі белгілі.

Гиперболаның ежелден келе жатқан көркемдік тәсіл екендігін В.Я.Пропп: «одним из художественных приемов на ранних ступенях его развития был гиперболизм» [133, С. 54], - деп көрсетеді.

Эпос мақсаты ерлікті дәріптеу, елді қорғау идеясымен ұштасып жатады. Халықтың арман-қиялы жеңілмейтін батырды аңсайтындықтан гипербола тәсілі бас қаһарманды керемет жан етіп көрсету үшін қолданылады. Эпостың мұндай гиперболалық стилі оның көркемдік және идеялық мәнін көтеріп, шығарманың эстетикалық қуатын арттырады [43, 154-б].

Эпикалық жырдың идеялық мақсаты ерлікті мадақтау болғандықтан, жанр табиғатына орай эпосты «дәріптеу поэзиясы» («идеальная поэзия») деп те атаушылық бар (Бахтин М.) [134, С. 95-120].

Гипербола – кең масштабтағы маңызды оқиғаға сипаттама бергенде және батырлардың монументальды образын жасауда жиі қолданылатын, тек қаһармандық жырларда ғана емес, көне жырларда да орын алған эпикалық тәсіл болғандығын байқауға болады.

Орхон жазбаларында да ұлғайтудың эпикалық түрі де кездесіп отырады. Мысалы, Түрік қағандары тарихының дүниенің жаралуынан бері келе жатқан етіп көрсетілуін, жер-жаһанның тірегі секілдендіріп дәріптей, қиялға орын бере баяндалуын эпос заңдылығына орай батырдың бейнесін даралай көрсетудің бір тәсілі деп түсінсек болады.

Эпикалық жырларда батырлардың соғыс кезіндегі күш-қайраты айрықша мадақталып, асыра көрсетіліп, ерлік іс-әрекеттері ұлғайту тәсілімен беруінің қолданысы «Күлтегін» жырында Күлтегіннің Чача Сенүңмен соғысында, сондай-ақ қаптаған жауға жалғыз, жаяу ұмтылатыны бейнеленетін тұстарында көрініс тапқан.

Батырлық жырда батырдың батырлығы астындағы атымен тығыз байланысты болғандықтан, олардың аттардың жүйріктігін, басқа да ерекшеліктерін асыра жырлайтыны белгілі. Бұл әсірелеу эпикалық образ жасауда белгілі дәрежеде қызмет атқарады. «Күлтегін» жырында да батырдың мінген тұлпарлары эпикалық деңгейде суреттеледі.

Жырда Күлтегін Тадықын чурдың Боз аты, Ышбар Ямтардың Боз аты, Сілікбектің торы аты, Байырқының Ақ айғыры, Башқы боз ат, Алып Шалшы ақ, Азбан ақ, Аз қаракер, Өгсіз (жетім, енесіз) ақ аты сияқты тұлпарларымен жауына ұрыс салады. Батырдың жойқын жорықтарына шыдамаған бұл тұлпарлардың біразы өліп кетіп жатса, енді бірі мертiгiп жатады. Соншалықты сұрапыл соғыстарда батыр қажу дегендi бiлмейдi. Жазбагердiң бұлайша бейнелеуiн Күлтегiн образын жасаудағы бiр тәсiлi деп қабылдауға болады. Күлтегiн жырындағы жоғарыдағы келтiрiлген мысалдармен қатар, «Олар бiзден төрт есе артық едi», «есепсiз жау келдi» деген сияқты ұлғайтулар да негiзгi мақсатқа, яғни батыр бейнесiн сомдауға бағыттандырылған.

Десек те Орхон жырларында әсiрелей ұлғайту соншалықты көп емес. Бұл туралы, яғни олардың аз кездесуiнiң себебi жөнiнде айтқан М.Жолдасбековтiң «жырлардың өзiн тудырған тарихи арналармен iргелес, жақын тұрғандығынан әрi олардың шежiре ретiмен келетiндiгiнен болу керек» [74, 104-б] деген ойына толықтай қосылуға болады.

Ұлғайту (гипербола) тәсiлi батырлық жырларда көбiнесе теңеу арқылы жасалады.

Осы сияқты көне түркi дәуiрi жазбагерлерi де кейiпкер бейнесiн «типтiк» сипатқа келтiру үшiн белгiлi бiр дәуiрдiң түсiнiгi мен эстетикалық талап-талғамына сай жасалған көркемдеу құралдарының бiрi – *теңеудi* де пайдаланады.

Фольклордағы көркемдiк құралдардың қолданылуы шығарманың идеялық-тақырыптық және жанрлық ерекшелiгiне де байланысты. Жырдағы әрбiр теңеу көркемдiк-эстетикалық мiндеттi жүзеге асыруға бағытталады. Эпикалық жырлардың тiлi, әсiресе ондағы теңеулер үнемі тұрақты болатындығы белгiлi.

Теңеудiң қызметi батырлық жыр сюжетiндегi мотив-ситуацияда кейiпкердiң түр-тұлғасын суреттеумен, мiнездемесi мен портретiн берумен байланысты болса, сюжеттiң динамикалық iс-әрекеттi бейнелейтiн сәттерiнде теңеудiң денi кейiпкердiң тұлғасы мен жүрiс-тұрысына қатысты болып келедi.

Түркi тiлдес халықтар әдебиетiнде халықтық кейiпкерлердi жыртықшы аңдар мен қыран құстарға салыстыру кең таралған дәстүрлi тәсiл болып саналады. Сан ғасырлық даму жолынан өткен эпос өз бойына түрлi дәуiрлердiң оқиғалары мен наным-сенiм, әдет-салтын сiңiредi. Осыдан келiп эпос көп стадиялық сипат алады. Мұның өзi ғалым З.Сейiтжанұлы көрсеткендей шығарманың құрылысынан ғана емес, оның көркемдiк құралдарынан да байқалады [90, 140-б].

Қазақтың батырлық жырларында батырлардың ғажайып ерлік-күшін көрсету үшін оларды жыртқыш аңдарға, бөрі мен қыран құстарға теңеу үлкен орын алады. «Сұңқардай», «қырандай», «бөрідей», «қасқырдай» деген сияқты бейнелеуіш сөздер жиі қолданылады. Оның себебі ертедегі адамдар мифтік түсінік бойынша көптеген аңдар мен құстарды және жануарларды тотем санағанынан келіп шығады. Кейін келе-келе көзқарас, дүниетанымындағы өзгерістер негізінде, яғни табиғат дүниесін дұрыс түсінетін дәрежеге келген кезде бір кезде тотем болған аңдар мен құстар қаһармандық жырларда батырдың батырлығын көрсететін көркемдеу құралының қызметін атқарып фольклордың тұрақты поэтикалық образдарына айналған. Бұған қарағанда, көркемдеу құралдары белгілі бір түсініктен туып отырған [135, 45-б].

В.Я.Пропштың тұжырымына сүйенсек, эпикалық жырлар халықтың дүние танымына байланысты ұзақ эволюциялық даму жолынан өте отырып, күрделі өнер туындысына айналады. Мифтік сананың алғашқы кездеріндегі кейіпкерлер адам мен жануарлар аралығындағы зоантропоморфтық кейіпте бейнеленсе, «рухани өмірдің күрделене түсуіне байланысты алғашқы мифология ыдырап, оның кейіпкерлері бұрынғы «киелі» қалпын өзгертіп, көркемдік тұлғаға ауыса бастайды» [131, 33-б]. Адамзат қоғамының түрлі даму сатыларының сілемдері сақталған эпикалық жырлар тарихи процестерге байланысты үнемі дамып өзгереді, жаңа сипатқа ие болады. Осыған орай біртіндеп өзгеше көркем бейне жасау тәсілдері қалыптасады.

Бұл көркемдік тәсілдің түркі халықтары эпосында жиі кездесетінін В.М.Жирмунский де байқап, ол жөнінде Орта Азияның түркі тілдес халықтарының эпосында батырлардың ғажайып күші жыртқыш аңдарға дәстүрлі түрде теңелуі арқылы бейнеленетіндігі туралы жазыған болатын [119, С. 54].

Осы дәстүр қазақ эпостарында кеңінен көрініс тапқан.

Мысалы, «Қыз Жібек» жырында Сырлыбайдың ұлдарының бейнесін жасауда:

Сырлыбайдың алты ұлы,  
Алтауы бірдей бөрі еді, -

деп беріледі.

Осы сияқты қазақтың батырлық жырларында, мәселен, «Қобыланды» жырында Қобыландының қырық мың қалмақпен соғысқандағы ерен күшін бейнелеуде:

Жалғыз өзі батырын  
Жойып кетіп барады,  
Қойға тиген қасқырдай



Сойып кетіп барады, [71, 73-б]-  
деп, сол сияқты «Ер Қосай» жырында батырға:  
Қойға тиді бір бөрі  
Бөріктіріп қырады [117, 92-б],  
«Алпамыс» жырында:  
Қойға тиген бөрідей  
Талқандап қуып бөледі  
деген сипатта мінездеме берілсе, Орхон жазбаларында:  
Әкем қағанның қосыны бөрідей,  
Жаулары қойдай болыпты,  
деген, т.б. түрде көрініс тауып сабақтасады.

Келтірілген мысалдардан бұл теңеудің эпикалық көркемдік құрал ретінде эпикалық туындыларында да тұрақты түрде қолданылатындығын байқаймыз. Мұндай теңеулердің қаһармандық эпостарда көп кездесуі, ғалым З.Сейтжанұлының пікірін келтірсек: «Бұл – жанр табиғаты. Яғни эпостың идеялық-көркемдік мақсаты осылай суреттеуді қажет етеді» [90, 139-б].

Эпостық шығармаларда теңеудің көмегі арқылы әрбір кейіпкердің бейнесі, мінез ерекшеліктері, іс-әрекеттері өздеріне лайық бояумен бейнеленеді. Көркемдік құралдар кейіпкерлердің сыртқы түр-тұлғасын мүсіндеуге ғана жұмсалмай, кейде олардың мінез-құлқын көрсетуге де пайдаланылады.

Батырлық жырлардағы кейіпкерге жыршылар портреттік сипаттама бергенде бөрі бейнесі арқылы бірде кейіпкердің көңіл-күйін білдірсе, енді бірде батырдың батылдығын көрсету үшін, тағы бірде батыр жауларының да іс-әрекеттерін ашу үшін қолданады. Мысалы, қалмақ батыры Қараманның мүшкіл халін көрсету үшін оны жағы қарысқан қасқырмен («қасқырдай жағы қарысып») салыстырса, Таймастың жауыздық, тойымсыздыған «аш қасқырдай тоймас ед» деп сипаттайды. Қасқыр образы қаһармандардың әр түрлі сапалық белгілерін ғана емес, кейде олардың ашу-ызасын, психологиялық жағдайларын да көрсетеді.

Орхон жазбаларындағы «Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді», «Әкем қағанның әскері бөрідей бопты. Жаулары қойдай бопты» деген жолдардағы «жыртқыш құстай», «әскері бөрідей», «жаулары қойдай» деген тіркестерден соғыс суреттерін ашу үшін қолданылған теңеулерді көреміз. Жазбагер түркі әскерінің күштілігін, басымдылығын көрсету үшін оларды бөріге, ал жауларын қойға, жыртқыш құсқа теңейді.

Эпикалық жырларда кейіпкерлердің кескін-келбеттері мен іс-әрекеттерін табиғат құбылыстарымен салыстыру, қанды – аққан суға,

өлікті – үйілген төбеге, немесе тауға теңеу батырлық жырларда жиі кездесіп отырады. Мысалы, «Алпамыста»:

Майданнан аққан қызыл қан,  
Сарқырап ақты судай боп.  
Өліктері төбе боп,  
Төскейден шапқан қырдай боп... -

деп қызыл қан сарқыраған суға, соғыста қаза болған адамдар өліктері төбеге теңей берілсе, Орхон жырларында да:

Қаны судай ақты,  
Сүйегі таудай (үйіліп) жатты («Күлтегін»)

деп соғыста төгілген қан – аққан суға, өліктер тауға теңеледі.

Батырлық жырларда жиі қолданылатын «оттай», «өрттей» деген теңеу түрі де Орхон жазбаларында түркі батырлары жауының сұсты кейпін, жау шабуылын бейнелеуде қолданылады.

Қазақтың қаһармандық жырларымен салыстырғанда Орхон жырларының, ондағы баяндалатын оқиғалардың тарихи шындыққа жақындығы, тарихилық сипатының басымдылығына байланысты теңеу түрлері көп қолданыла бермейтіндігімен ерекшеленетіндігін байқауға болады.

Орхон жазбаларындағы бейнелеу құралдарының ең молы – *эпитеттер*.

Көшпелі түркілердің қысы-жазы өмір өткізетін мекені табиғат аясы, ашық аспан асты болғандықтан қоршаған жаратылыс-табиғат құбылыстарына, сонымен қатар шаруашылық кәсібіне байланысты туған *қара құм, қара жер, қасиетті жер-су, көшпелі ел, қара көл, боз ат, ақ айғыр, торы ат, қаракер ат* сияқты эпитеттермен қатар, жырдың мазмұнына нәр беріп, ажарландыра түсу үшін қолданылған *жасырын сөз, сары алтын, ақ күміс, темір қақпа, тәтті сөз, асыл қазына, жаман сыйлық, жақсы сыйлық, біліксіз адам, әдепсіз қылық, қырағы көз, кексіз түрк, жырақ халық, ақылды кісі, өш адам* деген сияқты заттың түр-түсін, кейіпкерлердің мінез, кескін-келбеттері мен іс-әрекеттерін беретін эпитеттер де бар.

Жазбалардағы эпитеттер де Орхон жырларының жанрлық ерекшелігін танытады.

Әдетте шығармадағы бейнелі сөз қоры шығарма идеясымен, айтайын деген негізгі ойымен, шығарма мазмұнымен тығыз байланысты болатындығы белгілі. *Білге қаған, батыл кісі, кедей халық, ақылды кісі, өш адам, біліксіз адам, кіріптар бектер, жетім халық, ұлы қаған, жалтақ қаған, бек ұл, пәк қыз, шағын қол, аш-жалаңаш халық, бейшара, мүсәпір халық, қызыл қан, атты әскер* деген эпитеттер жазбаларда негізгі идеяны ашу, айқындай түсу мақсатында қолданылады.

Орхон жазбаларында *көк тәңірі, ұлы қаған, жалтақ қаған, бек ұл, пәк қыз, қасиетті жер-су, аш-жалаңаш халық, терең ақыл, атты әскер* сияқты эпитеттер әлденеше рет қайталанып келіп отырады.

Қаһармандық эпос пен Орхон жазбаларының тақырыптары мен оқиғалардың ұқсас болуы композициялық заңдылығына орай оларда ортақ тілдік – бейнелік қайталаулар туғызған. Мысалы, *қарулы жау, қызыл қан, қара тер, тәтті сөз* деген тіркестер қазақтың эпостық жырларында да жиі қолданылады. Жоғарыдағы мысалдардың ішінен көне түркі дәуірінде жасалған бейнелеуші тіркестердің біздің дәуірімізге фонетикалық жағынан көп өзгеріске ұшырамай жеткендерін де көруімізге болады.

Орхон жазба ескерткіштері мен қазақ эпостарындағы эпитеттерді салыстыру нәтижесі олардың арасындағы дәстүр байланысының тағы бір қырын айқындай түседі.

Батырлық жырлардағы сияқты Орхон жазуларында да бейнеленіп отырған көріністерді ажарландыра, құбылта түсу үшін троптың бір түрі – *метафора* да қолданылады. Метафоралар Орхон жазуларының ішінде «Күлтегін», «Білге қаған», «Тоныкөк» жырларында, т.б. жазбаларда да кездеседі.

Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді,  
Біз жемтік едік [79, 130-б].

Қара көлде соғыстық.  
Жауымыз тегіс жыртқыш  
Құстай еді.

Тәңірі қуат берген соң  
Әкем қағанның әскері бөрідей бопты.  
Жаулары қойдай бопты [79, 130-б]

деген жолдардағы *қара көл, жауымыз жыртқыш құстай, әскері бөрідей, жаулары қойдай* деген метафора көріністері де [23, 59-б] бұл жазбалардың фольклорлық сипатын көрсететін белгілер.

Фольклорлық туындыларда айтатын ойды астарлап, *тұспалдап*, ишаратпен ойды өрнектеп, бейнелі түрде жеткізу тәсілінің үлкен орын алатыны белгілі. Бұл тәсіл жоқтау, мысалдардан бастап, эпостық жырлар мен аңыз, ертегілер сияқты эпикалық жанрлар ішінде де кеңінен қолданылып отырады.

Осы дәстүрлі тәсілдің қолданысы Орхон ескерткіштерінде де кездеседі. Мысалы, «Күлтегін» жырында ел іші астан-кестен аласапыран болып кеткенін:

Қаладағылар таулапты,  
Таудағылар індепті [79, 113-б], -

деп, екі жол арқылы автор оқырманға тұспалдап жеткізеді.

Ал Түркі қағанатының күш-қуаты артып, жері барынша кеңіді, ел тұрмысы түзелді дегенді:

Осынша қондырдық, осынша еттік.  
Ол шақта құл – құлды болған еді,  
Күң – күнді болған еді.  
Інісі ағасын білмес еді,  
Ұлы әкесін білмес еді, - [79, 117-б]

деп бейнелі түрде береді [50.3].

Тоныкөктің «Егер Құтлығты хан етсем, ел ішіндегі жақсы мен жаманды, күйлі мен күйсізді ажыратып, соның бәрін өштестірмей біріктіріп отыра алар ма екен деген ойға келуі» [74, 106-б], яғни, түркі халқын азаптан құтқарар жолды іздеудегі толғанысы жырда:

Арық бұқаның,  
Семіз бұқаның,  
(Артта) барын білсе де,  
Семіз бұқаны,  
Арық бұқаны  
Айыра алмас – дедім.  
Осылай ойладым [79, 129-б], -

деп тұспалдап суреттеледі.

Жоғарыда аталған бейнелеу құралдары сияқты троптың бір түрі – сөз образдылығы мен ойды ықшамдау мақсатында қолданылатын *метонимияның* қолданысы да фольклорда аз емес.

Метонимия аңыздар мен фольклорлық әңгімелерде үлкен орын алады. Кейбір аңыз әңгімелерде түгелге жуық әдет-ғұрыпқа, діни ұғымға байланысты сөздер алғашқы өз атауымен аталмай, басқа сөздермен ауыстырылып қолданылатын құбылыстар да кездеседі.

Осы сияқты Орхон жазуларында белгілі бір зат, құбылыстың орнына оның ерекше қасиетін көрсететін сөздерді қолдану – метонимия көріністері де бар. Мысалы, «Алтын, күміш, ісігті, құтай бұнсыз анча бірүр табғач будун *сабы сүчиг, ағысы йымшақ* ерміс» (Алтынды, күмісті, дақылды, жібекті соншама шексіз беріп жатқан табғаш халқының сөзі тәтті, бұйымы жұмсақ еді), «Бірікі будунның *от-суб* қылмыдым» (Біріккен халықты от-су қылмадым), «*Тулуғ, сабуғ* алу олур тіді» (Тіл, сөз алып отыр деді) деген сөйлемдердегі «тәтті», «жұмсақ», «от-су», «тіл, сөз» деген сөздер заттың, не құбылыстың белгісі тура өз мағынасында емес, басқа бір мағынамен алмастырылып алынған [74, 107-б]. Бұл келтірілген мысалдардағы сөздер де жырды әр жағынан безендіру, көркемдеу үшін алынған бейнелеу құралдары.

Орхон жазбаларының фольклормен байланысын дәлелдей түсетін белгілердің бірі деп осы метонимияның қолданысын да айтуға болады.

Батырлық жырлар сияқты Орхон жазбаларында да жырдың мазмұнын тереңдей ашу және сыртқы түрін ажарландыра түсу үшін дәстүрлі композициялық тәсілдер мен көркем ой көрінісі болып саналатын көркемдік құралдардың жоғарыда мысал ретінде келтірілген кейбір түрлерінің жиі қолданылуы байқалады, яғни Орхон жазба ескерткіштерінің фольклорлық сипатын ондағы қолданылған бейнелі сөздер де айғақтай түседі.

Қорыта айтқанда, қаһармандық эпос пен Орхон жазбаларының идеялары, тақырыптары мен оқиғалардың ұқсас болуы оларда ортақ тілдік – бейнелік құралдар, қайталаулар туғызған.

### **Екінші тарау бойынша тұжырым**

Бұл бөлімде батырлық жырлар мен Орхон ескерткіштеріндегі уақыт пен кеңістік бейнеленулерінің (хронотоптың) ортақ көріністеріне, Орхон жазбаларындағы фольклорлық тұтастану процесінің қолданылу ерекшелігіне, жазбалардың бастамаларындағы фольклорлық дәстүр құбылыстарына, сондай-ақ Орхон жырларындағы фольклорлық дәстүрлі көркемдік тәсілдер мен құралдарға назар аударылды.

Ғалым С.Қасқабасов фольклорды өнер етіп көрсететін басты белгілер ретінде романтикалық әдіс пен типтендіруді, тұтастану процесін, кейіпкерлерді суреттеу тәсілдерін, жалпылық пен формулалықтың қатар жүруін, импровизацияның айрықша көрінуі, шығармалардың тұрақты композициясы мен өзіндік стилі, фольклорлық уақыт пен кеңістік, эпикалық стиль мен тұрақты формулалардың қолданысын, сонымен қатар фольклорға тән ерекшеліктің бірі деп «көнелік сипат пен жаңаның, қиял мен ақиқаттың аралас жүруін» де көрсетеді [1, Б. 24-26].

Орхон жазбаларының біразында ғалым көрсеткен фольклорлық белгілердің бар екендігіне көз жеткіздік.

Бұл бөлімдегі мәселелер бойынша төмендегідей тұжырымдарға келдік. Орхон жазбаларының батырлық жырлармен жанрлық жағынан жақындығы оларда ортақ көркемдеу әдіс-тәсілдері мен құралдардың қолданылуын туғызған.

Орхон ескерткіштерінің ең көлемді де көрнектілері болып саналатын «Күлтегін», «Білге Қаған», «Тоныкөк» жазуларында түркі аңыз-әңгімелерінде, көне эпостарда, батырлық жырларда жиі

кездесетін мифтік, эпикалық уақыт пен кеңістік құбылыстары көрініс тапқан.

Әдетте эпостық туындыда тарихи оқиғалар мен эпикалық жинақтау белгілі дәрежеде алшақ кететіндігі мәлім. Эпикалық туындыларға эпикалық дәуір тән. Эпикалық дәуір, яғни идеалды кезең өзінен бұрынғы да, кейінгі де дәуірлердегі оқиғаларды өз бойына сіңіріп алатын болса, Түркі қағанаты дәуірінің жазбагерлері де эпикалық дәстүрге сәйкес ескілікті де, жаңалықты да тарихтың халықтық тұғырына лайық бейнелеген.

Эпостағы кеңістік пен уақыт бейнеленулерінің дәлме-дәл тарихи шындыққа сәйкес келе бермейтіндігі белгілі жайт. Сол сияқты Орхон жырларындағы мезгіл мен мекендік атауларға қатысты өткен оқиғалардың тарихи шындыққа қаншалықты қатыстылығы әлі де зерттеулерді қажет етеді. Эпикалық дәуір әр заманның қаһармандарын бойына жинақтайтынындай «Күлтегін», «Білге қаған» жырларында Түркі қағанатының алғашқы қағаны Бумыннан бастап ел тәуелсіздігі мен бірлігі үшін күрескен бірнеше қағандардың ерліктері тарихына да тоқталып, деректер беріп отырады.

Фольклордың өзіне тән ерекшелігінің бірі – онда күрделі көркем жинақтаудың (типизация) үлкен орын алатындығы десек, бұл құбылыс та Орхон жазбаларында жоқ емес. Эпосқа тән сюжеттік, ғұмырнамалық, шежірелік, тарихи, географиялық тұтастану белгілері де Орхон жазба ескерткіштерінде бар.

Қазақ аңыз-әңгімелері, дастандар, қаһармандық жырлар бастамалары мен Орхон жазбалары бастамаларында да ортақ белгі, ұқсастықтар бар.

Батырлық жырлардағы мотивтердің бірі – поэтикалық бастама Орхон жырларында да мекен мен эпикалық уақытты бейнелеуден, түркі халқын, ел билеуші қағандарды, батырды ерекше жаралған, Тәңірінің қалауымен қаған, батыр болған деген ойға жетелеп, оларды жаратушы тәңіріне үлкен назар аударылады. Тәңірі түркілерді жаратумен қатар олардың елдігін сақтауға, батырлардың жеңіске жетуіне дем беріп отыратындығы жиі айтылады.

Орхон жазба ескерткіштерінің бастамасынан фольклорлық эпикалық туындылар бастамасымен ортақ белгілермен қатар кейбір өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Сол сияқты эпикалық шығармалардың аяқталуында да дәстүрлі формулалар болатыны белгілі. Қалыптасқан дәстүр бойынша, әдетте қаһармандық жырлар батырдың жауын жеңіп, елге тыныштық, бейбітшілік орнатуымен аяқталса, осы құбылысты, яғни батырлық жырдың аяқталуында қалыптасқан осы дәстүрлі бейнелеулерді Орхон жазбаларынан да кездестіреміз. Бұл құбылыстың Орхон жазбаларында кездесуі

кездейсоқ сәйкестік емес, ол – эпикалық туындылардағы сан ғасырлар бойы жалғастығын тауып келе жатқан әдеби дәстүрдің Түркі қағанаты дәуірі әдебиетіндегі бір көрінісі.

Орхон жазбаларының сюжеттеріне тән ортақ белгі – түркі тайпаларының өзара тартысына, түрлі қақтығыстарына құрылумен, тайпа тарихымен қатар қаһармандық жырлардағыдай батырдың өмір жолына негізделуінде. Әйтсе де Орхон жазулары сюжетінің кейінгі дәуірлердегі түркі эпосының сюжетімен салыстыра қарағандағы өзгешелігі бар. Оның себебі жазбаның толық фольклорлық мұраға айналмағандығынан, сонымен қатар авторы белгілі, жазба әдебиеті үлгісі екендігімен түсінуге болады. «Күлтегін» жыры – ежелгі жазба әдебиет дәстүрі мен ауыз әдебиеті дәстүрі ортасындағы аралық мұра. Сондықтан да жырда фольклор дәстүрінің көрініс табуы заңды да. Қазақтың батырлық жырларына тән негізгі сюжет пен көне түркі жазба ескерткіштері сюжетін мотивтер арқылы салыстыра қарасақ, оларда типологиялық ортақ белгілердің бар екендігін көруге болады.

С.Қасқабасовтың: «Фольклорлық шығармалардың композициясы біртектес болып келеді де, оқиғалар бір кейіпкердің маңайына шоғырланады, сөйтіп іс-әрекеттер бір бағытта өтіп жатады, ал уақыт кері шегерілмейді» [1, 26-б] деп көрсеткеніндегідей фольклорлық сипат Орхон жазбаларына да тән.

Фольклорлық туындылардағы дәстүрлілік олардың идеясы, тақырыбы, ішкі мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар сөздік мәтіннің, көркемдік бейнелеу құралдарының, жиі қолданылу негізінде қалыптасып орныққан сөздердің тұрақтылығынан да көрінетіндігі белгілі.

Орхон жырлары эпикалық, ерлік тақырыбындағы туындылар болғандықтан олардың көркемдік тәсілдерінде батырлық жырлардағы көркемдік әдіс-тәсілдермен ортақ ұқсастықтар мол.

Қорыта айтқанда батырлық жырлар мен Орхон жазбалары – өздерінің идеялық-тақырыптық жағынан ғана емес, сол ойды тиімді де көркем жеткізу мақсатында жасалған көркемдік әдіс-тәсілдерімен, көркем тілдік құралдарымен де өзара байланысып жататын, дәстүрлі сабақтастығы сақталған рухани мұралар.

Түркі қағанаты дәуірінің жазбагерлері де фольклордың дәстүрлі поэтикасы мен өз дәуірінің әдеби дәстүріне сүйене отырып дәуір тынысын, заман шындығын танытатын көркем туындылар жасай білген.

## ҚОРЫТЫНДЫ

Бұл ғылыми жұмысымызды жазуға іздену барысында ХІХ ғасырға дейін қылауы түспей келген жыраулық дәстүрдің, өр рухты Махамбет жырлары мен сырлы сипатты, терең мазмұнды Абай мен Шәкәрім туындыларының, сол сияқты қазақ халқын әлемге танытқан қазақ әдебиетінің әлемдік деңгейдегі жоғары биіктерден көрінер көркем шығармаларының жаралуына – қазақ әдебиетінің әлем әдебиетімен иықтаса дамуына терең тамырлы, алуан түрлі бай фольклорлық мұраларымызбен қатар ежелгі, орта ғасырлардағы жазба әдебиетіміздің үлкен әсері болғандығы айқындала түскендей болды.

Зерттеу барысында түркі халықтарына ортақ, соның ішінде қазақ әдебиетінің қайнар бастауларының бірі болып саналатын Түркі қағанаты дәуіріндегі тарихи, рухани мұраларды танып-білу, зерттеу мақсатында біршама іргелі жұмыстардың жүргізілгеніне көз жеткіздік. «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында «Орхон ескерткішінің толық Атласының» жарық көруі, Күлтегін ескерткіші көшірмесінің Астана төрінен орын алуы, түркітану орталықтарының ашылуы, түркітану мақсатында арнайы халықаралық конференциялар мен конгрестердің жүйелі өткізілуі, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым академиясы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты жазып дайындаған қазақ фольклоры тарихы бойынша жаңаша көзқарас тұрғысынан жазылған ғылыми еңбектің жарық көруі, ежелгі әдеби жәдігерліктер енгізілген жиырма томдықтың көпшілікке ұсынылуы, «Бабалар сөзі» деген атпен фольклорлық мол мұралардың жүз томдық болып жариялануы сияқты іс-шаралар бұл бағыттағы маңызды істердің жолға қойыла бастағанын көрсетеді.

Бұл зерттеу жұмысымызда Орхон ескерткіштерінің фольклормен байланысына, ол жазбалардағы фольклорлық дәстүр көріністеріне, олардағы дәстүр жалғастығын ғылыми негізде дәлелдеуге көңіл бөлініп, бұл мәселе еңбегімізде көптеген деректер, талдау-саралау негізінде жан-жақты сөз етілді. Орхон ескерткіштеріндегі фольклор мәселесі, фольклорлық дәстүр арнайы қарастырылғандықтан, бұрын-соңды зерттеушілер назарынан тыс қалып келген жайттар назарға алынып, талдаулар жасалды.

Іздену барысында зерттеу нысанымызға алынған Орхон ескерткіштерінің зерттелуі, мәтіндері, олардың жариялануы, аударылуына қатысты еңбектерді [137], [138], [139], сонымен қатар олардың жанрлық сипаты, әдеби мәні, Орхон жазба мұраларының фольклорға қатысы жөнінде жазылған материалдарды жинақтап, саралау жұмыстарын жүргіздік. Нәтижесінде Н.Базылхан [18],



Қ.Сартқожаұлы [32], т.б. сол сияқты түркітанушы ғалымдардың еңбектерінде көрсетіліп жүргеніндей Орхон жазба мұраларының қазіргі кезде мәлім болып танылғанынан басқа, әлі де тануды, зерттей түсуді қажет ететін ескерткіштер, жазба үлгілерінің аз еместігіне көз жеткіздік.

Орхон әдеби ескерткіштері мен фольклордың арақатынасын айқындауда, осысы мәселелерді мәтіндер негізінде талдауда бұрын-соңды айтылған, жазылған байыпты тұжырымдарға, зейінді зерттеулерге кеңінен орын берілді.

Орхон жазбаларында бейнеленетін Түркі қағанаты дәуіріндегі өмір шындығын, ежелгі түркілердің наным-сенімдері мен дүниетанымын бейнелеудегі туындыгерлердің шығармашылық ерекшеліктерін, фольклор мен әдебиеттің өзара байланыстарының арақатынасын саралау, яғни шығарма авторлары фольклорлық жанрларды, дәстүрлі көркемдік тәсілдерді қалай пайдаланды, қолдану ерекшелігі, оның жазбалардағы көрінісі қандай? деген мәселелер жұмыстың негізгі мазмұнын құрады.

Орхон жазба ескерткіштері мәтіндерін фольклорлық үлгілермен салыстырып, олардың фольклормен байланысы жөнінде ертелі-кеш айтылған ой-пікірлерді еске ала отырып, ойды жүйелей келе, мынандай бірнеше түйінді байламдар жасадық:

*Біріншіден*, Орхон жазбалары дәуір шындығын танытатын, жазбагерлердің өзіндік қолтаңбалары бейнеленген, сонымен қатар өз дәуірінің әдеби дәстүріне негізделіп жазылған мұралар.

*Екіншіден*, Орхон жазба ескерткіштерінің жанрлық ерекшелігі туралы көптеген ғалымдардың ертелі-кеш айтқан ой-пікірлері әр түрлі сипатта болғанын байқадық. Бұл мәселе әлі де жан-жақты қарастыруларды қажет етеді.

*Үшіншіден*, қай кез, дәуірде болса да сөз шеберлері – көркем әдебиет өкілдері фольклорлық дәстүрге арқа сүйеіп отырған. Бұл құбылыс Орхон ескерткіштерінде де кеңінен көрініс тапқан.

Орхон ескерткіштері стилінде өзіне тән ерекшеліктер бар. Оларды фольклормен, оның ішінде эпостық жырлармен жақындастыра түсетін басты белгілерінің бірі – олардағы стиль жақындығы. Халық ауыз әдебиеті жанрларының стилі Орхон жазбалары авторларының стиліне негіз болғандығы олардың халық поэзиясының дәстүрлерін игеруінен, көркемдік ойлау жүйесінен де байқалады.

*Төртіншіден*, Орхон жазбаларындағы фольклорға тән ерекшеліктің бірі – оларға синкреттілік те тән. Олардағы идеологиялық синкретизм әр дәуір наным-сенім, ұғым-түсініктері мен танымдарының бейнеленуінен көрінсе, жанрлық синкретизм

мифтермен, ежелгі аңыздармен байланысынан, көне эпос, батырлық жырлармен және тағы басқа фольклорлық жанрлармен – жоқтау, арнау, толғау, мақал-мәтел, шешендік сөздер үлгілерінің қолданылуымен көрініс тапқан.

Түркі халықтары жырларының ежелден белгілі бір сазбен орындалатындығы жөнінде ғалымдар жазып келген болса, жақында монғол археологтары Монғолияның Қобда аймағындағы көне қорғандағы қорымнан тапқан мәйіттің жеке қымбат бұйымдарымен бірге көмілген, жиегі көне түркі жазуларымен бедерленген қазақ домбырасына өте ұқсас домбыраның табылуы қазақ домбырасының тарихын тереңдете түсіп, ауыз әдебиетіміздегі жыршылық, жыраулық дәстүрдің көне замандардан бастау алғанына дәлел болады. Ғалым Н.Базылханның айтуынша, бұл мұра VII-VIII ғасырлардағы көне түркілер дәуіріне тиесілі [136, 15 б]. Бұдан Орхон жырларының белгілі бір әуенге қатыстылығы болғанын да шамалауға болады.

*Бесіншіден*, қазақтың қаһармандық жырларымен ортақ ұқсастығы мол. Орхон ескерткіштерінің ішіндегі «Білге қаған», «Күлтегін», «Тонкөк» жырлары қаһармандық жырларға жақын, эпикалық ежелгі жыр дәстүрінде жазылған туындылар. Орхон жырларының негізгі арқауы – ел тәуелсіздігі. Оларды ерлік жырларына, қаһармандық эпостарға жанрлық жағынан мынадай белгілері жақындастырады:

- идея бірлігі;
- тақырып ортақтығы;
- сюжетіндегі, композициясындағы ұқсастықтар;
- кейіпкердің идеализациялануы, дәріптелуі;
- образдардың жасалу ерекшелігі. Батыр мен тұлпар образының қатар келуі;
- қайталаулардың жиі ұшырасуы;
- стиліндегі дәстүрлі ортақ қолданыстар;
- фольклорлық шағын жанрлардың эпикалық туынды бойында

кездесуі;

- ежелгі таным-түсініктердің аралас жүруі;
- көркемдік бейнелеу әдіс-тәсілдерінің ортақтығы, т.б;

*Алтыншыдан*, Орхон жазба ескерткіштерінде фольклорлық эпикалық дәстүрге сәйкес эпосқа тән көпқабаттылық та белгілі дәрежеде көрініс тапқан. Фольклорда күрделі көркем жинақтау (типизация) үлкен орын алады. Фольклордағы жинақтау – тұтастану құбылысына негіз болады. Қазақ фольклорындағы тұтастану – батырды дәріптеу үшін қолданылатын көркем құрал, поэтиканың заңдылығы. Тұтастану түрлерінің белгілері Орхон ескерткіштерінде де бар. Олар басты қаһарманды дәріптеу, ерлігін аша түсу мақсатында қолданылған.

Қазақтың батырлық жырларына тән негізгі сюжет пен көне түркі жазба ескерткіштері сюжетінде де типологиялық ортақ белгілер бар. Ол жыр басындағы мезгіл мен мекен, ру (тайпа, ата-ана, ата-баба) туралы баян, алғашқы ерлік, батырлар мінген аттың сипаты, батырлардың жаумен соғыстарының баяны, т.б. мотивтердің оларға ортақ екендігінен байқалады. Осы сияқты қаһармандық жырлар бастамалары мен Орхон жазбалары бастамаларында да ортақ белгі, ұқсастықтар бар. Жырдың аяқталуындағы дәстүрлілік белгілерін де Орхон жазбаларынан кездестіреміз.

*Жетіншіден*, Орхон ескерткіштерінің фольклорлық дәстүрмен сабақтастығының көрінісі фольклорға тән айшықтарды, яғни тіл байлығын пайдалануынан да көрініс тапқан.

Көркемдеу құралдарында дәстүрліліктің басым болуы фольклорлық туындыларға тән ерекшеліктің бірі. Фольклор мен көркем әдебиет туындыларындағы дәстүрлілік олардың дәстүрлі шумақтар, сөз тіркестері, оралымдар мен жекелеген сөздерді қолданысынан да көрінетін болса, Орхон жырлары эпикалық, ерлік тақырыбындағы туындылар болғандықтан олардың көркемдік тәсілдерінде батырлық жырларына тән болып келетін көркемдік әдіс-тәсілдер бас қаһарманды дәріптеуге, мадақтауға бағытталады, көркемдік бейнелеу құралдары кейіпкерлер образын ашуға қызмет етеді.

Фольклорлық шығармалардағы дәстүрлі қайталаулар да Түркі қағанаты дәуіріндегі әдебиет үлгілерінде кеңінен қолданылғанын байқадық.

Орхон жазбаларында эпос қаһармандарын даралап көрсету мақсатында қолданылатын көркемдік тәсілдер бұл жазбалардың фольклормен байланысын айқындай түседі.

Салыстыра қарастыру барысында батырлық жырлар мен Орхон жазбалары өздерінің идеялық-тақырыптық жағынан ғана емес, ойды тиімді де көркем жеткізу мақсатында жасалған көркемдік әдіс-тәсілдерімен, көркем тілдік құралдарының қолданысындағы ортақтығымен де, ұқсастығымен де өзара байланысып жататындығына көз жеткіздік.

Ойымызды жинақтай, қорытындылай айтқанда, Орхон жазба мұралары – ежелгі дәуірлердегі халықтың көркем танымындағы ізденістерінің негізінде туып қалыптасқан фольклорлық жанрлар дәстүрлерін бойына сіңіре отырып жазылған, тарихи, шежірелік те сипаты бар көркем туындылар. Олардың негізгі белгі, сипаттары осыған келіп саяды. Орхон жазбаларының алуан сырлы, көп қырлы ерекшеліктерінің бірі, бірегей тұстары фольклормен байланысы, дәстүр жалғастығымен сабақтастығы деп санаймыз.

## ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ әдебиетінің тарихы. Он томдық. – Алматы: ҚазАқпарат, 2008. – 1-т. – 812 б.
- 2 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркем әдебиет баспасы, 1962. – 426 б.
- 3 Стеблева И.В. Поэзия тюрков VI-XII веков. – М.: Раритет, 1993. – 167 с.
- 4 Жұмалиев Қ. Қазақ эпосы мен әдебиет мәселелері. – Алматы: Қазмемкөркем әдебиет баспасы, 1958. – 1-т. – 403 б.
- 5 Кенжебаев Б. Қазақ өлеңінің құрылысы: Түрлері // Әдебиет белестері: Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: Жазушы, 1986. – Б. 78-95.
- 6 Аманжолов А. Асыл мұра // Қазақ әдебиеті. – 1985 ж., 27 декабрь.
- 7 Мұсабаев Ғ. Көне тілдің көрікті қазынасы. Күлтегін ескерткіші // Жұлдыз. – 1963, – № 3. – Б. 158-160.
- 8 Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
- 9 Қоңыратбаев Ә. Қазақ эпосы және түркология. – Алматы: Ғылым, 1997. – 368 б.
- 10 Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: Ғылым, 1990. – 220 б.
- 11 Сүйіншәлиев Х. Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Санат, 1997. – 928 б.
- 12 Өмірәлиев Қ. VIII-XII ғасырлардағы көне түркі әдеби ескерткіштері. – Алматы: Мектеп, 1984. – 127 б.
- 13 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1986. – 352 б.
- 14 Келімбетов Н. Қазақ әдебиетінің бастаулары. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 256 б.
- 15 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 264 б.
- 16 Тебегенов Т. Халық ақындары шығармаларындағы әдебиет пен фольклор дәстүрі. – Алматы: Білім, 2001. – 332 б.
- 17 Мырзахмет М. Афрасиябтан Абайға жалғасқан өлең желісі // Абай. – 2001, – № 3. – Б. 5-9.
- 18 Базылхан Н. Көне түркі бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас) // Қазақстан тарихы түркі тілді деректемелерде. – Алматы: Дайк-пресс. 2005. – II т. – 252 б.

- 19 Бердібай Р. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Рауан, 1995. – 380 б.
- 20 Бердібай Р. Эпос мұраты. – Алматы: Білім, 1997. – 320 б.
- 21 Бердібаев Р. Көне түркі әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы // Түркология. – 2003. – № 1. – Б. 75-84.
- 22 Ибраев Ш. Қазақ эпосы. – Алматы: С.М.Киров атын. Еңбек Қызыл Ту Орденді Қазақ мемлекеттік университеті, 1987. – 76 б.
- 23 Қоңыратбай Т. Түркі қағанаты кезіндегі фольклор (VI-VIII ғ.ғ.) // Түркология. – 2004. – № 4. – Б. 44-46.
- 24 Қоңыратбай Т. Ел мұрасы. – Алматы: МерСал, 2003. – 356 б.
- 25 Қорғанбеков Б. Түрік халықтары қаһармандық эпосының тілін зерттеудің өзекті мәселелері // Екінші халықаралық түркология конгресі: Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан: Тұран, 2006. – Б. 151-158 .
- 26 Қорғанбеков Б. «Шора батыр» эпосы және оның ұлттық варианттары (Генезис, тұтастану, тарихилық мәселелері): филол. ғылым. кандидат. ... диссер. – Алматы: ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 1998. – 195 б.
- 27 Тұрғанбаев А. Көне түркі жазба ескерткіштеріндегі эпикалық дәстүрдің зерттелуі жайында // Көне түркі жазуларының зерттелуі: бүгіні мен болашағы. – Астана: Ер-Дәулет, 2004. – 232 б.
- 28 Бомбачи А. Тюркские литературы. Зарубежная литература. – Москва: Наука, 1986. – 267 с.
- 29 Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1983. – 11-т. – 424 б.
- 30 Марғұлан Ә.Х. Қазақстан халықтары мен тайпаларының VI-XII ғасырлардағы мәдениеті. Қазақ ССР тарихы. – Алматы: Қазақ мемлекеттік баспасы, 1957. – I т. – Б. 85-122.
- 31 Бернштам А.Н. Социально-экономический строй орхоненнисейских тюрок VI-VIII вв. - Москва, Ленинград, Известия АН СССР. 1946. – 207 с.
- 32 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 1-кітап. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.
- 33 Кызласов И.Л. Итоги и перспективы тюркской рунологии // Түркология. – 2002. – № 2. – Б. 3-18.
- 34 Дяконов А. Ленско-прибайкальские рунические надписи // Түркология. – 2003. – № 2. – Б. 12-16.
- 35 Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности. – Москва-Ленинград: Изд-во Академии наук СССР, 1952. – 452 с.
- 36 Щербак А.М. Енисейские рунические надписи. К истории открытия и изучения // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1970. – 287 с.

- 37 Васильев Д.Д. Графический фонд памятников тюркской письменности азиатского ареала. – М.: Наука, 1983. – 160 с.
- 38 Кызласов И.Л. Рунические письменности Евразийских степей. РАН. – М.: Восточная литература, 1994. – 323 с.
- 39 Кызласов И.Л. Новости тюркской рунологий. – М.: 2003. – Вып. I. – 112 с.
- 40 Мырзахметұлы М. Тараз ой-толғаныстары. – Түркістан: 2005. – 238 б.
- 41 Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 232 б.
- 42 Жолдасбеков М., Сартқожаұлы Қ. Орхон ескерткішінің толық Атласы. – Астана: Күлтегін, 2005. – 360 б.
- 43 Бердібай Р. Бес томдық шығармалар жинағы. Эпос – ел қазынасы. – Алматы: Қазығұрт, 2005. – Бірінші том. – 464 б.
- 44 Бердібаев Р. Кәусар бұлақ. – Алматы: Жазушы, 1989. – 360 б.
- 45 Далгат У. Фольклор и литература народов Дагестана. – М.: Изд-во Восточной литературы, 1962. – 207 с.
- 46 Далгат У.Б. Литература и фольклор. – М.: Наука, 1981. – 303 с.
- 47 Ғабдуллин М. Қазақ халқының ауыз әдебиеті. – Алматы: Санат, 1997. – 368 б.
- 48 Медриш Д.Н. Литература и фольклорная традиция: Вопросы поэтики. – Саратов: Изд-во Саратовского университета, 1980. – 296 с.
- 49 Каскабасов С. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // Известия АН КазССР. Серия филол. – 1984. – № 3. – С. 19-24.
- 50 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 480 б.
- 51 Мелетинский Е.М. О генезисе и путях дифференциации эпических жанров // Русский фольклор. М.-Л.: Изд-во Акад. Наук СССР, 1960. – Т.5. – 471 с.
- 52 Ыбыраев Ш. Эпос әлемі. – Алматы: Ғылым, 1993. – 296 б.
- 53 Ыбыраев Ш. Қазақтың мифтері мен мифтік аңыздары туралы // Қазақтың мифтік әңгімелері. Құрастыр.: Ыбыраев Ш., Әуесбаева П. – Алматы: Ғылым, 2002. – Б. 3-11.
- 54 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы. – Алматы: Ғылым, 1984. – 272 б.
- 55 Мелетинский Е.М. Поэтика мифа. – М., 1976. – 217 с.
- 56 Валиханов Ч.Ч. Собр. соч. в 5-ти т. – Алма-Ата: 1961. – Т. I. – 480 с.
- 57 Абуов А.П. Религиозное представление древних тюрков // Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, 2001. – Б. 216-218.

- 58 Алтын Арыг. – М., Наука, 1988. – 589 с.
- 59 Гоголев А.И. Истоки мифологии и традиционный календарь якутов. – Якутск: Изд-во ЯГУ, 2002. – 145 с.
- 60 Лебедева Ж.М. Архаический эпос эвенов. – Новосибирск: Наука, 1981. – 158 с.
- 61 Алпамысұлы М. Қытай жазбаларындағы ежелгі түркі мифтері // Екінші халықаралық түркология конгресі. Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан: Тұран, 2006. – Б. 176-185.
- 62 Рахмонов Н. Некоторые вопросы взаимосвязи древнетюркских памятников и тюркских эпосов // Екінші халықаралық түркология конгресі: Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан: Тұран, 2006. – Б. 82-87.
- 63 Бутанаев В. Мироздание и пантеон божеств в бурханизме тюрков Саяно–Алтая // Түркология. – 2003. – № 2. – Б. 81-89.
- 64 Неклюдов С.Ю. Образ Гесера в фольклорно-мифологических традициях Центральной Азии и Южной Сибири // Эпическое творчество народов Сибири Дальнего Востока: Материалы Всесоюзной конференции фольклористов. – Под ред. Р.И.Емельянова, В.Т.Петрова. – Якутск, 1978. – С. 40-44.
- 65 Пухов И.В. Героический эпос тюрко-монгольских народов Сибири. Общность, сходства, различия // Типология народного эпоса. – М.: Наука, 1975. – 327 с.
- 66 Қасқабасов С. Тұтастану – фольклор поэтикасының заңдылығы // Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – Б. 8-62.
- 67 Цепон В.Д. Шакабпа. Тибет: Политическая история. – С-Петербург: Изд-во Нартанг, 2003. – 428 с.
- 68 Төлеубаев Ә.Т. Ғұндар мемлекеті – түркі мемлекетігінің бастауы // Байырғы түркі өркениеті: Жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, 2001. – 584 б.
- 69 Ежелгі дәуір әдебиеті. Хрестоматия. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 280 б.
- 70 Бичурин Н.Я. Собрание сведений о народах, обитавших в Средней Азии в древние времена. Часть – I-II. – М.–Л., 1950. – 382 с.
- 71 Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1986. – Бірінші том. – 264 б.
- 72 Манас. Қырғыз халқының батырлық дастаны. – Алматы: Қазмемкөркемәдеббас. 1961. – Бірінші кітап. – 274 б.
- 73 Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Астана: Елорда, 2001. – 224 б.

- 74 Жолдасбеков М. Асыл арналар. – Алматы: Жазушы, 1990. – 351 б.
- 75 Banarlı N.S. Resimli Türk Edebiyatı Tarihi. C.I. – İstanbul: Milli Eğitim Basımevi, 1998. – 639 б.
- 76 Hüseyin Nihâl Atsız. Türk Edebiyatı Tarihi. – İstanbul: 1992. – 179 б.
- 77 Şükrü Elçin. Halk Edebiyatına Giriş. 6. Baskı. – Ankara: Akçağ, 2000. – 763 б.
- 78 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар. – Алматы: Жазушы, 1985. – 268 б.
- 79 Күлтегін. Тоныкөк. – Алматы: Өлке, 2001. – 144 б.
- 80 Рахымов Б. Тарихи жырлардағы түрік шежіресі // Екінші халықаралық түркология конгресі. Қазіргі заманғы түркология: теориясы, практикасы және алдағы міндеттері. – Түркістан: Тұран, 2006. – Б. 31-35.
- 81 Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1986. – Екінші том. – 288 б.
- 82 Щербак А.М. Соотношения аллитераций и рифмы в тюркском стихосложении // Народы Азии и Африки. – 1961. – № 2. – С. 142-153.
- 83 Гумилев Л.Н. Көне түріктер. Ғұндар. – Алматы: Білім, 1994. – 480 б.
- 84 Әуезов М. Шығармалар. – Алматы: Жазушы, 1969. – 11-том. – 534 б.
- 85 Кенжебаев Б. Түркі қағанатынан бүгінге дейін. – Алматы: Ана тілі, 2004. – 344 б.
- 86 Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: Санат, 1996. – 128 б.
- 87 Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 3-том. – 600 б.
- 88 Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құрастырған З.Ахметов, т.б. – Алматы: Ана тілі, 1996. – 384 б.
- 89 Дәдебаев Ж. Ежелгі әдебиет және халық танымы // Қазақ әдебиеті: ежелгі дәуір. – Алматы: Қазақ университеті, 2002. – Б. 3-18.
- 90 Сейітжанұлы З. Қаһарманды суреттеу принциптері // Қазақ фольклорының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 2001. – Б. 124-164.
- 91 Қоңыратбай Т. Қазақ эпосының этникалық сипаты: филол. ғылым. докт. ... диссер. – Алматы: ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2002. – 370 б.
- 92 Қазақ фольклорының тарихилығы. – Алматы: Ғылым, 1993. – 432 б.
- 93 Путилов Б.Н. Героический эпос и действительность. – Ленинград: Наука, 1988. – 223 с.



- 94 Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазмемкөркем әдебиет баспасы, 1962. – 426 б.
- 95 Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1960. – 1-т., 1-кіт., – 740 б.
- 96 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 97 Әдеби жәдігерліктер. Жиырма томдық. Көне дәуірдегі әдеби ескерткіштер. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2007. – 1-т. – 504 б.
- 98 Путилов Б.Н. Мотив как сюжетообразующий элемент // Типологические исследования по фольклору. – М.: Наука, 1975. – 165 с.
- 99 Ибраев Ш. Қазақ-оғыз эпостарындағы тегі бір желілер және олардың өзгеруі // Қазақ фольклорының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1981. – 308 б.
- 100 Интизор. Нурали. – Тошкент, 1964. – С. 25-296.
- 101 Рахмонов Н. Некоторые особенности зачинов Орхонских памятников // Түркология. – 2006. – № 1. – Б.3-7.
- 102 Кормушин И.В. Текстологические исследования по древнетюркским руническим памятникам // Тюркологический сборник. – М.: Наука, 1967. – 250 с.
- 103 Лихачев Д.С. Поэтика древнетюркской литературы. – М.: Наука, 1979. – 359 с.
- 104 Абылқасымов Б. Телқоңыр. – Алматы: Атамұра–Қазақстан, 1993. – 160 б.
- 105 Матыжанов К. Сөзбен сомдалған құлпытас: Жоқтау // Ақиқат. – 2005. – №1. – Б.73-74; №2. – Б. 65-70.
- 106 Матыжанов К. Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры: филолог. ғылым. докт. ... диссер. – Алматы: ҚР ҰҒА М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, 2004. – 263 б.
- 107 Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. – Алматы: Жазушы, 1971. – 164 б.
- 108 Уахатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
- 109 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. – Алматы: Атамұра, 2005. – 336 б.
- 110 Боздағым (Қазақтың жоқтау жырлары) – Алматы: Жазушы, 1990. – 304 б.
- 111 Стеблева И.В. Ритм и смысл в классической тюркоязычной поэзии. РАН. – М.: Наука, 1993. – 180 с.
- 112 Махмұт Қашқари. Түрік сөздігі. – Алматы: Хант, 1997. – 1-том. – 592 б.
- 113 Досмұхамедұлы Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 176 б.

- 114 Қыраубайқызы А. Ежелгі әдебиет. – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 140 б.
- 115 Бекжан О. Көне түркі руналық жазба ескерткіштері тілін зерттеудің көкейтесті аспектілері // Түркология. – 2004. – № 1. – Б. 59-71.
- 116 Иолығтегін. Күлтегін. – Алматы: Жазушы, 1986. – 78 б.
- 117 Батырлар жыры. – Алматы: Жазушы, 1987. – Үшінші том. – 304 б.
- 118 Мыңжан Н. Қазақтың қысқаша тарихы. – Алматы: Жалын, 1994. – 400 б.
- 119 Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос. – Ленинград: Наука, 1974. – 727 с.
- 120 Мелетинский Е.М. Введение в историческую поэтику эпоса и романа. – М.: Наука, 1986. – 186 с.
- 121 Садырбаев С. Фольклор және эстетика. – Алматы: Жазушы, 1976. – 152 б.
- 122 Жирмунский В.М. Народный героический эпос. – Москва-Ленинград: Гослитиздат, 1962. – 435 с.
- 123 Гацак В. Восточнороманский героический эпос. – М.: Наука, 1967. – 452 с.
- 124 Бердібаев Р. Қазақ эпосы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 232 б.
- 125 Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1977. – 712 б.
- 126 Сыздықова Р. Сөздер сөйлейді. – Алматы: Санат, 1994. – 126 б.
- 127 Жанпеисов Е. Этнокультурная лексика казахского языка. – Алматы: Изд-во Наук КазССР, 1989. – 304 с.
- 128 Уәлиев Н. Жұмбақ сандар // Жалын. – 1988. – № 4. – Б. 105-108.
- 129 Кенжеахметұлы С. Жеті қазына. – Алматы: 1997. – 132 б.
- 130 Ахметов Ә. Америка үндістерінің шығу тегіне тарихи және нәсілдік көзқарас // Тіл және аударма. – Үрімжі, 1997. – № 3. – Б. 105-108.
- 131 Пропп В.Я. Фольклор и действительность. – М.: Наука, 1976. – 325 с.
- 132 Авакова Р. Қазақ тіліндегі сандық фразеологизмдердің символдық бейнелік мағынасы // Бірінші халықаралық түркология конгресі: Қазіргі заманғы түркология ғылымының өзекті мәселелері және алдағы міндеттері. – Түркістан: Тұран, 2002. – Б. 183-196.
- 133 Пропп В.Я. Русский героический эпос. – М.: Ленинградский университет им. А.А.Жданова, 1958. – 551 с.

- 134 Бахтин М. Эпос и роман // Вопросы литературы. – 1970. – № 1. – С. 95-122.
- 135 Уақатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 б.
- 136 Қазбадан қазақ домбырасы табылды! // Ана тілі. – 2008. – № 38. – 14 б.
- 137 Ескеева М. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. - Астана: Сарыарқа, 2011. – 319 б.
- 138 Сартқожаұлы Қ. Орхон мұралары. 2-кітап. – Алматы: Елшежіре. 2011. – 340 б.
- 139 Салғараұлы Қ. Ұлы Дала. – Астана: Фолиант, 2013. – 518 б.

## МАЗМҰНЫ

<b>КІРІСПЕ</b> .....	3
<b>1 ТҮРКІ ҚАҒАНАТЫ ДӘУІРІНДЕГІ ӘДЕБИЕТ ҮЛГІЛЕРІ, ОЛАРДАҒЫ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ЖАНРЛАР КӨРІНІСІ</b>	
1.1 Орхон жазбаларының қысқаша сипаттамасы мен мазмұны.....	13
1.2 Мифтер мен аңыздардың іздері.....	24
1.3 Эпос сарындары.....	43
1.4 Сюжеттер мен мотивтер.....	64
1.5 Орта көлемді және шағын жанрлармен байланысы.....	78
<b>2 ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФОЛЬКЛОР ПОЭТИКАСЫ</b>	
2.1 Уақыт пен кеңістік.....	102
2.2 Тұтастану үдерісінің көрінісі.....	109
2.3 Көркемдік тәсілдер мен құралдар.....	117
<b>ҚОРЫТЫНДЫ</b> .....	136
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР</b> .....	140

**Алтынбеков Қосай Сұлтанұлы**

**ОРХОН ЖАЗБАЛАРЫ МЕН ФОЛЬКЛОРДЫҢ АРАҚАТЫНАСЫ**

**Редакторы – *А.Мамыт.***

**Техникалық редакторы – *Л.Байырбекова***

Қалыбы 60x90 1/16

Қаріп түрі «Times New Roman»

Есептік баспа табағы 6,2.

Таралымы 500 дана.

Тапсырыс № 1240

Шымкент қаласы. «Әлем» баспасы.